Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

ӘОЖ 373.091.12:159.9(043.3) Қолжазба құқығында

ПАРИДИНОВА БОТАГОЗ ЖАППАРОВНА

Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамыту

6D010300 – Педагогика және психология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілері:
Майгельдиева Шарбан Мусабековна
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор
Аяганова Алмагуль Жандилдаевна
психология ғылымдарының
кандидаты

Шетелдік кеңесші:
Кирьякова Аида Васильевна
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор
Орынбор мемлекеттік
университеті (Ресей)

Қазақстан Республикасы
Қызылорда, 2026

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР..... 4
АНЫҚТАМАЛАР..... 7
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР..... 9
КІРІСПЕ..... 10
1 БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ РУХАНИ ДҮНИЕТАНЫМЫН ТҰЛҒАЛЫҚ-БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ДАМЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ..... 31
1.1 Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың алғышарттары..... 31
1.1.1 Рухани дүниетанымды дамытудың нормативтік алғышарттары..... 33
1.1.2 Рухани дүниетанымды дамытудың әлеуметтік алғышарттары..... 34
1.1.3 Рухани дүниетанымды дамытудың психологиялық-педагогикалық алғышарттары..... 39
1.1.4 Рухани дүниетанымды дамытудың басқару-ұйымдастырушылық алғышарттары..... 45
1.1.5 Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастыратын және дамытатын факторлар..... 48
1.2 Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың әдіснамалық тұғырлары..... 56
1.2.1 Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың жүйелік тұғыры..... 59
1.2.2 Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың тұлғалық тұғыры..... 61
1.2.3 Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың мәдениет-танымдық тұғыры..... 62
1.2.4 Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың аксиологиялық тұғыры..... 63
1.2.5 Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың акмеологиялық тұғыры..... 64
1.2.6 Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың герменевтикалық тұғыры..... 66
1.2.7 Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың философиялық-антропологиялық тұғыры..... 68
1.3 Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудағы тұлғалық-бағдарлы оқытудың әлеуеті..... 72
1.3.1 Руханилық пен рухани дүниетаным аясындағы тұлға түсінігі..... 73
1.3.2 Тұлғалық-бағдарлы оқытудың тарихи алғышарттары..... 75
1.3.3 Тұлғалық-бағдарлы оқытудың негізгі тұжырымдамалары..... 80
Бірінші тарау тұжырымы..... 91

2 БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ РУХАНИ ДҮНИЕТАНЫМЫН ТҰЛҒАЛЫҚ-БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ДАМЫТУДЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ..... 94
2.1 Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың психологиялық ерекшеліктері..... 94
2.1.1 Теориялық бағыттарды салыстырмалы талдау..... 95
2.1.2 Психологиялық ерекшеліктер факторлары..... 102
2.2 Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі..... 110
2.2.1 Модель түсінігін талқылау..... 111
2.2.2 Тұжырымдамалық-теориялық блок принциптері..... 119
2.2.3 Тұжырымдамалық-теориялық блок компоненттері..... 123
2.3 Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамыту технологиясы..... 129
2.3.1 Технология ұғымының түсініктері..... 131
2.3.2 Педагогикалық технология ұғымының түсініктері..... 137
2.3.3 Тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиялары ұғымының түсініктері..... 141
2.3.4 Диалогтық оқыту технологиясы..... 147
2.3.5 Өзін-өзі дамыту технологиясы..... 148
Екінші тарау тұжырымы..... 151
3 БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ РУХАНИ ДҮНИЕТАНЫМЫН ТҰЛҒАЛЫҚ-БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ БОЙЫНША ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫС БАРЫСЫ..... 153
3.1 Тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуға бағытталған тәжірибелік-эксперименттік жұмысты ұйымдастыру..... 153
3.2 Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуға арналған әдістеме..... 168
3.3 Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері..... 188
Үшінші тарау тұжырымы..... 200
ҚОРЫТЫНДЫ..... 202
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ..... 206
ҚОСЫМШАЛАР..... 241

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық зерттеу жұмысында келесі нормативтік құжаттарға сілтеме жасалды:

Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. - 2017. – 12 сәуір.

Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ: Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2014. – 18 қаңтар.

Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік: Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2017. – 31 қаңтар.

Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары: Мемлекет басшысы Қ-Ж.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Egemen Qazaqstan. – 2023. – 2 қыркүйек.

Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм: Мемлекет басшысы Қ-Ж.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Egemen Qazaqstan. – 2024. – 3 қыркүйек.

Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу: Мемлекет басшысы Қ-Ж.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Egemen Qazaqstan. – 2025. – 9 қыркүйек.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың I отырысында сөйлеген сөзі [Электрондық ресурс] // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. – Қолжетімділік режимі: https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaydyn-i-otyrysynda-soylegen-sozi-165458.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзі [Электрондық ресурс] // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. – Қолжетімділік режимі: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaydyn-adiletti-kazakstan-adal-azamat-atty-ekinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1752959.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзі [Электрондық ресурс] // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. – Қолжетімділік режимі: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaydyn-adal-adam-adal-enbek-adal-tabys-atty-ushinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1525727.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында сөйлеген сөзі [Электрондық ресурс] // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. – Қолжетімділік режимі: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaydyn-tortinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-14242.

Білім туралы Қазақстан Республикасының Заңы [Электрондық ресурс] // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – Қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_.

Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы [Электрондық ресурс] // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – Қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің бұйрығы [Электрондық ресурс] // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – Қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бұйрығы [Электрондық ресурс] // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – Қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031.

«Мәдени мұра» стратегиялық ұлттық жобасының 2009-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы [Электрондық ресурс] // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – Қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P080001016_.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы [Электрондық ресурс] // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – Қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000247.

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы [Электрондық ресурс] // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – Қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы [Электрондық ресурс] // Мәдени мұра. – Қолжетімділік режимі: https://web.archive.org/web/20161231115925/http://www.madenimura.kz/kk/government-program-madenimura/legal-acts-madenimura/legal-act-1277.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын ұлттық жаңғыру кезеңіне көшіру жөніндегі 2022-2024 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі // «Әділет» Қазақстан Республикасы

нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – Қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/R2100000167.

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық зерттеуде келесі анықтамалар қолданылды:

Абсолютті рух - табиғаттың объективтілігі және адамның субъективтілігін өзгертетін құбұлыс.

Адами рух - қоғам мүшелерінің дүниені танытатын адамзат тәнінде қалыптасатын тұлғаның денесіз бөлігі.

Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымының дамуы - заманауи әлеуметтік-мәдени трансформациялар шарттарында объективті, субъективті және әлеуметтік факторлар ықпал жасайтын болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымының дамуы кәсіби және моральдық ұстаным қалыптастыруда маңызды фактор саналады және құндылықтар бағдарлары, рефлексивтілік және педагогикалық қызметке жауапкершілік деңгейінде көрінеді.

Дүниетаным - адамның рухани даму деңгейі мен тұлғалық қалыптасу үдерісінің көрсеткіші.

Құндылықтар бағдарлары - адам өміріндегі мақсаттары мен сенімдері, маңызды және ұнамды деп есептейтін қағидаларымен шешімдер мен мінез-құлқындағы басымдықтарды анықтайтын процесс.

Рух - жан бітіретін адамзаттың материалдық емес өмірлік қағидасы.

Рухани азық - болмысты түсінуге ұмтылыс жасайтын нәр.

Рухани әлем - адам тұлғалылығын өрбітеді.

Рухани әрекет - пайымдаулар мен эмоциялар, көріністер мен танымның ақыл-парасаттағы миссиясы.

Рухани байлық - үйлесімді дамыған адамның моральдық және физикалық жағынан өсуіне жәрдемдесетін құбылыс.

Рухани бастау, руханилықтың қайнар көзі - тұлға руханилығын арттыратын, білімін ұлғайтатын жан дүниесі байлығының көрсеткіштері.

Рухани бейне - тұлғаның күнделікті өмір-салтында рухани дамуына жағдай туғызатын үрдіс.

Рухани болмыс - заттық және интеллектуалдық мөлшердегі сана талпынысы.

Рухани бірегейлік - адамның өмір сүретін қоғамда орнын табуы және құндылықтар жүйесінде дербес мінез-құлқы мен дүниеге көзқарастары.

Рухани даму - шығармашылық қабілетімен астасатын құбылыс.

Рухани денсаулық - тұлғаны рухани күйзеліс пен тоқыраудан құтқаруға мүмкіндік беретін ішкі жан дүниесінің тұрақтылығы мен қуаты.

Рухани дүниетаным - адамның өмірлік іс-әрекеті мен мінез-құлқын идеалдық-мәдени құндылықтарға сүйеніп ұйымдастыратын, дүние, қоғам және өзін тану, түсіну, бағалау және қатысу тәсілдері мен қағидаларының біртұтас жүйесі.

Рухтың жоғарылығы - тұлғаның сыртқы қауіптердегі жан мен рух сабырлығын қорғау қабілеті.

Рухани жүйе - адам руханилығы, танымы, қабілеті мен дағдыларын түзеді.

Рухани интеллект - адамгершілік ұстанымдар, кәсіби әрекет және тұлғалық дамуды айқындайтын ұғым.

Рухани капитал - әлеуметтік, адами, зияткерлік және мәдени капиталдың құрылымдық бөлігінде әрекет жасайды және дүниетаным аумағын қамтиды.

Рухани кеңістік - адам мен қоршаған орта қатынастарынан туындайтын құбылыс.

Рухани көмек - әрбір адамның мұқтаждығына рухани жәрдем беру.

Рухани күш - сенімділік пен өз қабілетін пайдаланудың тірегі.

Рухани қажеттіліктер - қоршаған дүниемен байланыстарды тану, өмір мағынасы ізденістері, адамгершілік кемелдікке ұмтылу түсініктері.

Рухани құндылықтар - адамның даму межесі, тұлғалық кемелденуін тұғырлайды.

Рухани мәдениет - қоғамның рухани өмірінің өзегіндегі философиялық, дүниетанымдық, педагогикалық, психологиялық, ғылыми, құқықтық, экономикалық және адамгершілік мәдениеттің ұштасуы.

Рухани мүдде - өмірлік ұстанымдарды тереңдетіп, тұлғалық әлеуетті күшейтуге бағытталған, ой-өрісті жетілдіретін дербес даму сатысы.

Рухани мұра - атақты бабалардан мирас болған рухани байлық жиынтығы.

Руханилық - адамның дербес шектеулі ой-пікірлерінен арылып, тұлғалық құндылықтарын күшейтетін құбылыс.

Рухани орта - пікірлері мен көзқарастары, жан дүниесінің рухани әлемі, қажеттіліктері мен құндылықтары ортақ тұлғалар тобы.

Рухани өмір - білім, сенім, сезім, күйзеліс, мұқтаждық, қабілеттілік, талаптанушылық, адамдар мақсаттары көрінетін құбылыс.

Рух тазалығы - әлеуметтік ортамен бірге әрекеттестік және адамның сапалық деңгейі.

Рухани тазару - адам баласының рухани түсініктерге жат қасиеттерден арылу үрдісі.

Отаншылдық рух - патриотизмді қалыптастыру, еңбек әлеуетін Отан мен халыққа пайдалану, рухани дүниетанымын дамытуда қайратын жұмсаумен шектеседі.

Тұлғалық-бағдарлы оқыту - тұлғаның өзіндік қалыптасуы сұранысында әрекеттерді жүзеге асыру, бейімделу, қоршаған ортада өзін-өзі ұстай білу, дамыту, тәрбиелеу секілді қоғамдық маңыздылығы басым тетіктерді студенттерде қалыптастыру жолы.

Тұлғалық даму - әлеуметтік ортаға бейімделу дағдыларын дамыту мен ішкі әлеуетті арттыруды жеделдетуді көздейтін процесс.

Ұлттық рух - жетілу айырмашылықтарындағы халықтың көңіл-күйі.

Халықтық рух - ұлттың жан-дүниесі мен салт-дәстүрлерің сүйеніші.

Ізгілендірілген оқыту - тұлғаны ізгі моральдық-адамгершілік құндылықтар, адамгершілік мінез-құлық пен әлеуметтік жауапкершілікке тәрбиелеуге бағытталған оқу-тәрбие процесі.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР	Қазақстан Республикасы
ЮНЕСКО	Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, Ғылым және Мәдениет жөніндегі Ұйымы
ЕЭЫДҰ	Еуропа экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
ЮНИСЕФ	Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар Қоры
ЖОО	жоғары оқу орны
БӨЖ	білім алушылардың өзіндік жұмысы
БАОӨЖ	білім алушылардың оқытушымен өзіндік жұмысы
ЭТ	эксперименттік тобы
БТ	бақылау тобы
б., бб.	бет, беттер
т.б.	тағы басқалар
жж.	жылдар

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық жұмыста болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздеріне талдау жасалды, педагогикалық-психологиялық тұжырымдамалық негіздері айқындалды, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар нәтижелерінде ұсыныстар берілді. Зерттеу болашақ мұғалімдердің рефлексивті рухани көзқарастары, құндылық бағдарлары және кәсіби рухани құзыреттіліктерін дамытудағы модель тиімділігін растауда теориялық талдау, дамыту диагностикасын әзірлеу және тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды біріктіреді.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Заманауи жаһандану шарттарында қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени кеңістігінде ауқымды өзгерістер жүріп жатыр. Ақпараттық-цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы, нарықтық қатынастардың күшеюі, тұтынушылық бағдардың өсуі тұлғаның рухани дүниесіне жанамасыз әсер етуде. Бір жағынан, дербес еркіндік, таңдаудың көптігі, кәсіби бәсекелестікке ұмтылыс күшейсе, екінші жағынан, құндылықтар тұрақсыздығы, рухани дағдарыс, немқұрайлық, агрессия, суицид, әлеуметтік жатсыну сияқты жағымсыз құбылыстар кең таралып отыр. Осы жағдайда жас ұрпақтың рухани дүниетанымын қалыптастыру, адамгершілік құндылықтарға негізделген саналы өмірге бағыттау білім берудегі стратегиялық міндет.

Қазіргі заманғы педагогикалық білім жоғары кәсіби құзыреттілік және әлеуметтік өзгерістерге жауап беретін тұрақты, этикалық тиянақталған дұрыс дүниетанымға ие мамандарды даярлау қосарлы міндетіне тап болды. Жаһандану және заманауи цифрландыру дәуірінде әлеуметтік-мәдени ортадағы мұғалім тұлғасының рухани өлшемі (құндылық бағдарлары, азаматтық және моральдық жауапкершілік) тұрақты білім беру нәтижелеріне қол жеткізудегі шарттары барған сайын артуда. Қазақстанға ұқсас көпмәдениетті контексттерде болашақ мұғалімдерді даярлау процесіне ұлттық, мәдени және этикалық ресурстарды сақтау және енгізу сүбелі басымдық саналады. Педагогикалық жобалау орталығына студенттің дербестігі, құндылықтары және ішкі түрткілерін қоятын тұлғалық-бағдарлы оқыту болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын жүйелі дамытуға перспективалық жол ашады. Дегенмен, тұжырымдамалық ықпалдастық, эмпирикалық негізделген әдістер және контекстке тәуелді құралдар әлі де дамымаған. Аталмыш кемшіліктер зерттеудің өзектілігі мен әлеуметтік маңыздылығын арттырады.

Сондықтан болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамытуды педагогикалық және психологиялық талдаудың өзектілігі келесі себептермен байланысты.

Біріншіден, жаһандану мен ақпараттық кеңістік қарқынды дамыған заманда қоғамдағы адамгершілік құндылықтарының қайта құрылуы, пікірлер қарама-қайшылықтары, жастардың бірегейлену мәселелері болашақ мұғалімдерден жоғары деңгейдегі рухани-адамгершілік дайындық талабын қояды. Мұндай контекстте болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымы дербес

тұлғаның ішкі дүниесі, жоғары мектеп оқу-тәрбие процесі сапасын анықтайтын стратегиялық факторы саналады.

Екіншіден, тұлғалық-бағдарлы оқыту парадигмасы білім беру процесінде студенттің жеке қасиеттері, құндылық бағдарлары, өзіндік рефлексиясы және мотивациясын дамытуды көздейді. Сондықтан осы парадигманы болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастырудың теориялық және тәжірибелік контекстіне енгізу инновациялық мұқтаждық. Парадигма педагогикалық процесті нәтижеге қарағанда, тұлғалық-бағдарлы өлшемде түрлендіреді және рухани-этикалық компонентті оқыту мақсаттарына кіріктірудің тиімді тетіктерін ұсынады.

Үшіншіден, мұғалімдер даярлауда рухани-бағдарлы компоненттің енгізілуі білім беру ұйымдарының адамгершілік-құндылық климатын жақсартады, оқу-тәрбие процесінің тиімділігін арттырады және студенттердің тұлғалық қалыптасуына оң әсер етеді. Сонымен қатар, білім саясатындағы мемлекеттік құндылықтарды сақтау, азаматтық жауапкершілік пен рухани ұлттық сананы қалыптастыру мақсаттары болашақ мұғалімдердің рухани дайындық деңгейін жоғарылатудағы қоғамның ұзақмерзімді әлеуметтік-мәдени тұрақтылығына ықпал жасайды.

Төртіншіден, мәселені теориялық және тәжірибелік жағынан зерттеу тұлғалық-бағдарлы оқытудың рухани дүниетанымға әсер ету тетіктерін ашу, әдіснамалық негіздерін нақтылау және педагогикалық тұжырымдамаларды жаңартады. Зерттеулерде жаңа концептуалдық модельдер, диагностикалық критерийлер және педагогикалық технологиялар ұсынылады, нәтижелер ғылыми білімге үлес қосады.

Бесіншіден, теориялық-әдіснамалық негіздер, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар практикалық әдістер мен технологияларды әзірлеуге бағытталады. Процесс білім беру мазмұнын жаңарту және болашақ мұғалімдерді рухани дайындау сапасын бақылау жүйесін жетілдіру мақсатында қолданылады.

Әлемдік деңгейде болашақ мұғалімдерді даярлауда рухани және адамгершілікті жетілдіру мағынасында қарау жиілеп барады. ЮНЕСКО [1], ЕЭЫДҰ [2] және ЮНИСЕФ [3] сияқты халықаралық ұйымдар білім берудегі тұрақты дамудағы гуманистік құндылықтарды басшылыққа алатын, мәдени әралуандылықты көрсететін және рефлексивті талдауды жүзеге асыратын мұғалімдер мүмкіндіктеріне назар аударады. Жаһандық білім беру саясаты тенденцияларының есептерінде ұстаздардың білім алушылардың құндылықтар бағдарларын қалыптастыру және жеке дамуын қолдау қабілеті қазіргі заманғы кәсіби стандарттардың міндетті компоненттеріне айналғаны айтылады [4-5]. Осы контексте тақырып жаһандық деңгейде маңызды.

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев 2025 жылғы Жолдауында ел дамуының маңызды факторы мәнінде білім берудің тәрбиелік, рухани-адамгершілік және құндылықтар бағдарларын қалыптастыру міндеттерін күшейтуді ерекше атап өтті. Экономиканы жан-жақты цифрлық жаңғырту жұмыстарындағы адами капиталды дамытудағы жаңа міндеттер жүктемесінде білім беру саласының

өзгеше рөліне тоқталды. Білім экономикасына көшіп жатқан елімізге ғылыми нәтижелер, білім беру жетістіктері және инновациядағы басқару құралдарын құрылымдық біріктіру идеясын айтты [6]. Сондықтан білім берудің жетекші мақсатына біліммен қатар, жан-жақты дамыған, рухани бай, жауапты, адамгершілігі жоғары ұрпақ тәрбиелеу жатады.

Мемлекет басшысы Жолдауларында білім беру мазмұнын ізгілендіру, жас ұрпақтың мәдени-рухани иммунитетін күшейту, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды оқу-тәрбие процесіне енгізу міндеттері қойылады. Талаптар болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығында тұлғалық-бағдарлы оқытуды күшейту, студенттердің рухани дүниетанымы, құндылық бағдарлары, азаматтық жауапкершілігі, адамгершілік ұстанымдарын қалыптастыруды сұрайды.

Бүгінгі мұғалім пәндік білімді жеткізетін рухани-адамгершілікке тәрбиелеуші, мәдениетті таратушы, құндылықтар бағдарын қалыптастырушы тұлға болуы тиіс. Сондықтан болашақ мұғалімдер даярлауда студенттердің рухани дүниетанымын дамыту кәсіби құзыреттіліктің маңызды компоненті, мәдени және адами жауапкершіліктің негізі.

Білім беру парадигмасының тұлғалық-бағдарлы бағытқа ауысуы, «өмір бойы білім алу» ұстанымының алға шығуы мұғалімнің білімді жеткізуші міндетінен бөлек, оқушы тұлғасының рухани дамуына жағдай жасайтын, құндылықтар таңдауына ықпал жасайтын кәсіби субъект есебінде қарастыруды міндеттейді. Тұлғалық-бағдарлы оқытуда білім мазмұны, әдістері мен формалары білім алушының дара ерекшеліктері, ішкі рухани дүниесі, өмірлік тәжірибесін ескеруге бағытталады. Алайда, оқу процесін формалды жаңарту рухани дүниетанымды дамытуға әрқашан кепіл бола бермейді. Мазмұн мен технологиялар алшақтығы болашақ мұғалімдердің рухани-адамгершілік әлеуетін толық аша алмайды. Сондықтан тұлғалық-бағдарлы оқытуды болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың пәрменді құралына айналдыру ғылыми-педагогикалық зерттеу арнайы зерделеуді талап етеді.

Заманауи жоғары білім беру кеңістігінде болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау көбіне құзыреттілік, нәтижеге бағдарланған тәсілдер аясында қарастырылады. Кәсіби құзыреттілік құрылымында пәндік білімдер, әдістемелік шеберлік, ақпараттық және коммуникативтік дағдылар толыққанды сипатталса да, рухани дүниетаным, құндылықтар бағдарлары, кәсіби-этикалық ұстанымдар көбіне декларативті деңгейде қалып отыр. Нәтижесінде студенттер теориялық педагогикалық құндылықтарды меңгергенімен, өз тәжірибесінде тұлғалық мәнде қабылдап, тұрақты өмірлік ұстанымға айналдыруда қиындықтарға кездеседі. Қиындықтар болашақ мұғалімдердің кәсіби бейнесінде рухани тұтастықтың жеткілікті қалыптаспауына әкеледі.

Әдеби шолу. Бүгінгі таңда әлемдік академиялық қолданыстағы рухани дүниетаным түсінігін талдау философия, дінтану, антропология, педагогика және психология сияқты т.б. қоғамдық, гуманитарлық ғылымдар саласын қамтиды. Педагогикалық және психологиялық мәселелерді діни тәжірибе,

аспектілер мен тәсілдерге сүйенген еңбектерді көп кездестіреміз [7-11]. Демек, кейбір зерттеулерде дін мен рухани дүниетаным бірге зерделенеді.

Ф.Е. Гебелейн [12] мұғалім рухани дүниетанымының тиімділігі оқушының дүниетанымын анықтаумен байланыстылығына сенді. П. Адо [13] ежелгі және қазіргі қоғамдағы жүйелі және практикалық білім беру және өзін-өзі қанағаттандыру, өзін-өзі түсіну, өзін-өзі қамтамасыз ету, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі тану, өзін-өзі басқару, өзін-өзі бақылау, медитация, өзін-өзі жүзеге асыру және жетілдіру («рухани жаттығулар») қағидаларына ерекше назар аударады. Ғалым философияны өмір салты деңгейінде түсінеді. Ол философияның рухани жаттығу екеніне сенімді, бірақ философияның міндеті біліммен дүниені қабылдауды өзгерту.

Сыни рухани педагогика үш басты ұғымға негізделген оқыту әдісі: руханилық, ізгілік және билік. Зерттеушілер студенттердің қазіргі ахуалға қанағаттанбауы олардың руханилығы нәтижесінде қоғамдағы қарсылық пен сыни ойлаудың артуына әкеледі деп санайды. Рухани білім қауымдастық ойлары мен іс-әрекеттерімен өзара әрекеттесумен күшейтіледі және қабылдауды жақсартады [14].

Р.Х. Нэш [15] адамның философиялық көзқарастарының дүниетанымдық мазмұны анықтамасын негіздеді. Ғалым пікірінше, адам дүниетанымы Жаратушы табиғатын тану, шынайылығы, білімі, адамгершілігі және адами қадір-қасиетіне байланысты. Сондықтан адам ойлары мен іс-әрекеттері рухани дүниетанымның негізі саналады.

Э. Либерт пен А.Д. Дрейчер [16] мұғалім шәкіртіне руханилық, тәжірибе, қарым-қатынас, әлеуметтік-тарихи контекст және тұжырымдарды түсіндіретіндігіне сенді. Олар руханилықты дұрыс және қисынды үйретуге болады деп санайды, бірақ «дұрыс» ұғымының не екенін нақты түсінуі керек. Авторлар мәселені түсіндірудің үш тәсілін ұсынады: руханилықты оқыту, руханилық туралы оқыту және руханилықты қасиетті сенім аясында оқыту.

Жоғарыдағы әдеби шолу және өзге де әдеби талдаудағы деректерді бұрын жарияланған зерттеуімізде сараптадық [17]. Зерттеуде болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымы адамзат өмірінің әмбебаптығымен негізделетіндігі дәйектелді. Рухани дүниетаным болашақ мұғалімдердің тұлғасы, маңыздылығы, тұтастығы және бірегейлігін көрсетеді. Өзін-өзі дамыту, тұлғалық өзін-өзі жетілдіру және құндылық бағдарлары болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымының көрсеткіштері. Сондықтан қазіргі білім беру жүйесі болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуға қолайлы педагогикалық жағдайлар жасауы керек. Өйткені, болашақ мұғалімдердің дамыған рухани дүниетанымы олардың кәсібилігін көрсетіп қана қоймай, педагогикалық әрекеттесуде тұлғалық-бағдарлы оқыту қағидаларын қалыптастырады.

Батыс ғылыми дәстүрлеріндегі рухани дүниетанымның педагогика және психологиядағы теориялық және эмпирикалық зерттеулерімен салыстырғанда, отандық академиялық кеңістікте мәселені зерделеу қалыптасу үстінде. Отандық зерттеушілер этнодизайн технологиясын қолданып, көркем білім беру

мамандықтары студенттерінің рухани дүниетанымын қалыптастыру [18] және техникалық мамандықтар студенттерін даярлаудағы рухани дүниетаным құрамдасындағы аксиологиялық білім берудің маңыздылығын [19] сараптайды. Осы ғылыми бағыттағы ізденістер болашақ мұғалімдердің рухани даму әлеуетін заманауи педагогикалық әдістермен ұштастыру мұқтаждығын көрсетеді. Бір жағынан, ұлттық-мәдени ресурстарды оқу-тәрбие процесіне енгізудің жаңа тәсілдерін талап етсе, екінші жағынан, рухани дүниетанымды тұлғалық даму мен кәсіби қалыптасу компонентінде арнайы педагогикалық қолдау қажеттілігін дәлелдейді. Нәтижесінде жоғары мектепте рухани-аксиологиялық мазмұнды күшейту, практикаға бағытталған оқу технологияларымен біріктіру және болашақ мұғалімдердің құндылықтар бағдарларын дамытуға арналған ғылыми негізделген әдістемелерді қалыптастыру өзекті міндетке айналып отыр.

Әдеби шолу зерттеу нысанының түрлі интерпретацияларын жүйеледі. Зерттеулер теориялық базаны анықтап, зерттеу пәнінің мазмұнын айқындауға көмектесті. Тақырыптың зерттелу деңгейінде зерттеу пәні мен нысанының ғылыми контексті мен шешілмеген тұстарын негіздейміз. Ізденіс диссертацияның ұғымдық аппараты мен зерттеу таңдауының іргесін қалайды.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамыту мәселесіне арналған ғылыми талдаулар көпқырлы және пәнаралық сипатқа ие. «Рух», «руханилық», «дүниетаным», «рухани дүниетаным», «құндылықтар бағдарлары», «тұлғалық даму», «ізгілендірілген оқыту» секілді рухпен байланысты т.б. ұғымдар философия, педагогика және психология ғылымдары тоғысында қарастырылады.

Конфуций ілімдерінің «Ұстаз айтады» [20] деп басталуы рухани дүниетанымды дамытудағы тұлғалық-бағдарлы ұстанымды аңғартады. «Ipsa scientia potestas est» [21], «білімнің өзі – күш» тұжырымы Ф. Бэкон еңбегінде кездеседі. Ж-Ж. Руссоның оқыту өнеріне арналған «Эмиль немесе тәрбие туралы» [22] роман-трактаты тұлға мен қоғамның іргелі саяси және философиялық сауалдарын шешуге тырысады. Рухани дүниетанымды дамытатын Қ.А. Ясауидің (Иассауи) «Диуани хикмет» [23], А. Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» [24], Абай Құнанбайұлының «Қара сөздері» [25] секілді т.б. еңбектер тікелей тұлғаға бағдарланған.

И. Кант алғаш рет 1790 жылы «Пайымдау қабілетіне сын» ұғымын қолданды [26]. Философ руханилыққа сүйенетін дүниетанымды сұлулық пен ұлылық сезімдерін зерттеу деп анықтайды. Г.В.Ф. Гегельдің [27] «Рух феноменологиясы» еңбегінде «адамгершілік дүниетанымы» ұғымы қолданылады. «Адамгершілік дүниетанымы» түсінігінің мағынасы «рухани дүниетаным» ұғымы мәніне жақын. В. Дильтей барлық түсініктің ішкі уақытшалығын атайды және адам түсінігі өткен дүниетаным, интерпретациялар және жалпы дүниеге көзқарастарымен байланысты [28, 117-118 бб.]. Философ дүниетаным көзін өмірден көрді, дін, поэзия және метафизикадан түрлі дүниетаным типтерін анықтады. Ғалым метафизикадағы дүниетаным түрлерін

натурализм, бостандық идеализмі және объективизммен ажыратты [29, 80-109 бб.].

Қазіргі заманғы тұлғалық-бағдарлы оқыту теориясы мен әдіснамасы батыстық гуманистік тұжырымдамалар, ресейлік педагогикалық дәстүр және соңғы жылдардағы қазақстандық педагогикалық зерттеулермен жалғасады. Батыстық бағыт Дж. Дьюи [30-31] мен адамгершілік-гуманистік психология классиктері А.Х. Маслоу [32], К.Р. Роджерс [33] зерттеушілер идеяларына сүйенеді. Шолу және эмпирикалық зерттеулерде тұлғалық-бағдарлы оқыту тәжірибелерінің білім берудегі психо-әлеуметтік және академиялық нәтиже [34], үздіксіз білім беру қызметіне [35] әсері талданады.

Ресейлік ғалымдар тұлғалық-бағдарлы оқытуды іс-тәжірибе және педагогикалық технологияларға ықпалдастыруға зор үлес қосты. Осы бағытта Г.К. Селевконың «Энциклопедия образовательных технологий» [36] еңбегінен тарайтын тұлғалық-бағдарлы технологияларға көзқарастар, Л.В. Занковтың дамыта оқыту жүйесіндегі бес қағидасы [37], Д.Б. Эльконин-В.В. Давыдов мектебінің [38] тәжірибелік әзірлемелері жеке тұлғаны дамытуға бағытталған әдістемелер. Классикалық зерттеулер қатарындағы Н.А. Алексеев [39], В.В. Сериков [40], Е.В. Бондаревская [41-42], И.С. Якиманская [43], М.Е. Кузнецов [44], Е.Н. Степанов [45], В.А. Сластенин, В.А. Беловолов, Е.В. Ильенко [46] еңбектері және соңғы жылдарда зерделенген А.В. Кирьякова [47], С.Г. Добротворская, Е.В. Муравьева, Л.Н. Горина [48], М. Напсо [49], А.Н. Цепкова [50], И.Р. Карамян, И.Х. Минигалеев, А.А. Коназенко [51], Н.Е. Тиханова, М.Г. Сергеева [52] мақалалары тұлғалық-бағдарлы оқытудың теориялық негіздерін жүйелендіріп, жоғары және орта мектептегі тәжірибеде іске асыру жолдарын талдайды.

Қазақстандық ғалымдар соңғы онжылдықта тұлғалық-бағдарлы оқытуды ұлттық контекст, рухани құндылықтарды мұғалімдер даярлауға енгізу шарттарында зерттеп келеді. Отандық зерттеушілер тұлғаның рухани дүниесін қалыптастырудағы білім парадигмалары, мәдени мұра, зерттеушілік мәдениетті талдап, жоғары оқу орындарындағы болашақ мұғалімдерді тұлғалық-бағдарлы оқытумен кәсіби даярлау әдіснамасы мен тәжірибелік моделдерін ұсынуға көмек береді. Бұл бағыттағы зерттеулер арасынан Ш.Т. Таубаева [53-54], З.Б. Мадалиева [55], Н.С. Әлқожаева [56-57], С.Т. Иманбаева, Ш.М. Майғаранова [58], А.С. Магауова [59], Ғ.М. Құсайынов, С.С. Мнайдарова [60], А.К. Дүйсенбаев [61], Ж.Ж. Бейсенова, А.К. Қулымбаева [62] еңбектерін ерекше атауымызға болады.

Жоғарыда аталған аспектілерге сәйкес зерттеулерді бірнеше негізгі бағыттарға да топтастыруға болады:

- рухани дүниетанымның философиялық-антропологиялық, аксиологиялық және психологиялық негіздерін қарастырған ғалымдар. Топтағы зерттеушілер адамның рухани болмысының мәні, құндылықтар жүйесі, дүниені түсіну тәсілдері, тұлғаның жалпыадамзаттық бастауларын айқындады. Рухани дүниетанымды теориялық-философиялық категорияда түсіндірген зерттеушілер В.С. Библер [63], Д.И. Дубровский [64], Г.В. Залевский [65], Г.Е. Залесский

[66], В.В. Знаков [67], И.А. Ильин [68], М.С. Каган [69], Б.Т. Лихачев [70], Д.С. Лихачев [71], В.И. Свидерский, А.С. Кармин [72], А.И. Яценко [73] және т.б. Ғалымдар зерттеулері рухани дүниетанымның құндылықтық және мәндік негіздерін ашып, тұлғаның рухани дамуының философиялық-антропологиялық, психологиялық моделін жасауға мүмкіндік береді;

- рухани-адамгершілік тәрбие, тұлғаның рухани қалыптасуы және ізгілендірілген оқыту мәселесін қарастырған педагог-ғалымдар Ш.А. Амонашвили [74], Е.А. Исаев [75] С. Қалиев [76], К.Ж. Кожахметова [77], Э.А. Орынбасарова [78], Н.М. Романенко [79], М.З. Сейдина, Ж.С. Бекбаева, Ж.Т. Махамбетова [80], Р.К. Төлеубекова, Г.О. Мугауина [81], С.А. Ұзақбаева [82] және т.б. Зерттеушілер еңбектерінде этнопедагогикадағы рухани-адамгершілік тәрбие қағидалары, білім алушылардың ғылыми-зерттеу қызметі, эмоционалдық және рухани ахуалын ескерудің маңыздылығы атап өтіледі;

- білім беруді ізгілендіру, педагогикалық шеберлік пен жүйетану, медиамәдениет, инновациялық іс-әрекет, педагогикалық үдерістің тұлғаға бағытталуы, студенттің ішкі әлеуетін ашу, еркіндігі мен жауапкершілігін дамыту мәселесін қарастырғандар А. Альчимбаева, Ж. Ташкеева [83], А.А. Бейсенбаева [84], А.А. Булатбаева [85], М.К. Бұлақбаева [86], И.А. Зимняя [87], А.Т. Искакова, Л.Р. Тайтелиева [88], А.Н. Каримов [89], Г.Ж. Менлибекова [90], Ә. Мұханбетжанова, С. Бахишева, А. Кемешова [91] және т.б. Зерттеулер оқу үдерісінің гуманистік сипаттары, диалог пен қарым-қатынастың тұлғалық дамуға әсері, құндылыққа бағдарланған білім берудің басымдылығын негіздейді;

- болашақ мұғалімдер біліктілігінің қалыптасуы, рухани мәдениеті, құндылықтар трансформациясы, педагогикалық құзыреттілігі және тұлғаның кәсіби бағыттылығы мәселесін зерттеген авторлар А.С. Амирова [92], Қ.Б. Жанадилова, А.Е. Жумабаева [93], С.Ә. Жүзеев, А.Қ. Мошқалов, М.К. Жайлауова [94], Б.Т. Кенжебеков [95], Н.В. Кузьмина, Л.Е. Паутова, Е.Н. Жаринова [96], С.С. Қоңырбаева [97], Ш.М. Майгельдиева [98], А.П. Сейтешев [99] және т.б. Ғалымдар еңбектері мұғалім тұлғасының рухани-адамгершілік қыры кәсіби шеберлікпен өзара байланыстылығын дәлелдейді;

- тұлғалық-бағдарлы оқытудың әдіснамалық негіздері, технологиялық қырлары, дидактикалық және әдістемелік ерекшеліктері отандық педагогикада жан-жақты қарастырылған. Мәселеге Қ. Аймағамбетова [100], Ж.Т. Қайыңбаев [101], Т. Оспанов, Ш. Құрманалина, С. Құрманалина [102], С. Рахметова [103], Қ.А. Сарбасова [104], А.Т. Туралбаева, З.З. Асемжанова [105] және басқа да зерттеушілер өз еңбектерінде түрлі қырынан тоқталған;

- отандық ғалымдардың тұлғалық-бағдарлы оқыту ерекшеліктерін ағылшын тілінде жан-жақты талдаған, атап айтқанда, студенттердің оқу дағдыларын дамыту (А.Б. Медешова, Г. Амантурлина, Е. Сумьянова [106]), үлгерімі мен ынтасын арттыру (А. Махамбетова, Н. Жиенбаева, Е. Ергешева [107]), жоғары мектептегі инновациялық технологиялардың құзіреттілікті ілгерілетуі (А.Ж. Сапарғалиева, А.С. Шыныбекова, Ж.М. Молбасынова, Р. Тасболатова, Т.Т. Нұржанова [108]), цифрлық ортадағы болашақ

мұғалімдердің кәсіби даярлығын ұйымдастыру (У. Әбдіғапбарова, Н. Жиенбаева [109]) мәселелері де өзекті. Аталмыш зерттеулер нәтижелері тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың теориялық және тәжірибелік негізін нығайтады;

- зерттеу жұмысының тақырыбына жақын Батыс, Ресей және Қазақстанда қорғалған диссертациялар: G. Birrell [110], H. Wason [111], А.И. Ахметова [112], Ғ.М. Әлжанов [113], Ә.И. Булшекбаева [114], Н.И. Джегутанова [115], С.А. Касенова [116], В.А. Макарова [117], А.Н. Миронова [118]. S. Jenkins [119] және E. Engelbrecht-Aldworth [120] диссертацияларында «Education Research International» журналында жарияланған «Future teachers' spiritual worldview formation factors» [17] зерттеу мақаласына бірнеше рет сілтемелер берілген. Аталған диссертациялар болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамыту тақырыбының халықаралық және аймақтық деңгейде өзекті, ғылыми негізделген бағыт екендігін көрсетеді;

- соңғы жылдары отандық философия (Г.Ж. Нұрышева, А.Е. Аккулиева [121-122], Ә.Ө. Өмірбекова [123]), әлеуметтану (Г.С. Абдирайымова [124]) және саяси ғылымдарда (Г.Ө. Насимова, Г.Т. Илеуова, Б.К. Рахимбекова [125]) жарық көрген еңбектердің мәселені зерттеудегі академиялық және қолданбалы маңызы зор. Бұл зерттеулер тұлғаның рухани дүниетанымын зерделеуге теориялық-әдіснамалық негіздер мен эмпирикалық материалдармен қамтамасыз етіп, диссертацияның ғылыми негізділігін күшейтеді. Нәтижелерді тәжірибелік педагогикалық шешімдерге айналдыру білім берудегі рухани-адамгершілік тәрбиені жетілдіруде қосымша мәнге ие.

Қазіргі отандық педагогика мен психология ғылымдарында руханилық, дүниетаным, құндылықтар бағдарлары, мұғалімнің рухани мәдениеті мәселелері әр қырынан зерттелгенімен, болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамыту арнайы кешенді нысан аясында әлі де жеткілікті зерделенбеген. Рухани дүниетанымның философиялық-әлеуметтанулық түсіндірмелері мол болғанымен, нақты педагогикалық жағдайлар, жоғары мектептің оқу-тәрбие процесі, әсіресе тұлғалық-бағдарлы оқыту негізінде жобалау мен жүзеге асырудың теориялық-әдіснамалық негіздері мен практикалық тетіктері толық айқындалмаған.

Болашақ мұғалімдер оқушының рухани дүниесіне тікелей ықпал ететін тұлға. Егер мұғалімдер рухани дүниетанымы жеткілікті деңгейде қалыптаспаса, құндылықтар бағдарлары тұрақсыз болса, тұлғалық-бағдарлы оқытудың да шынайы мазмұны жүзеге аспайды. Керісінше, рухани дүниетанымы бай, рефлексиясы дамыған, құндылықтар ұстанымы берік мұғалім әрбір оқушының жеке тәжірибесі, ішкі дүниесі, сезімін құрметтейтін, рухани өсуге жетелейтін білім беру ортасын құра алады. Сондықтан болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дәл студенттік кезең, кәсіби қалыптасудың алғашқы сатыларында мақсатты дамыту білім беру сапасын арттыру, ұлттың зияткерлік және рухани капиталының өсуінің маңызды факторларының бірі.

Осыған байланысты зерттеу проблемасының өзектілігін күшейтетін келесі қарама-қайшылықтарды айтқымыз келеді:

– қоғам, мемлекеттік білім беру саясаттының болашақ мұғалімдердің жоғары рухани-адамгершілік деңгейі, дүниетанымдық дайындықты қажет етуі мен жоғары оқу орындарындағы кәсіби даярлықта рухани дүниетанымды дамыту мәселесі жеткілікті дәрежеде ұйымдастырылмайды;

– тұлғалық-бағдарлы оқыту идеяларының теорияда кеңінен насихатталуы мен оқу-тәрбие процесінде болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамыту құралы шеңберінде мақсатты қолданылмайды;

– руханилық пен дүниетанымның философиялық, педагогикалық және психологиялық зерттеулерде жинақталған ғылыми қоры мен сол білімдерді болашақ мұғалімдерді даярлау бағдарламаларының мазмұнына тұлғалық-бағдарлы тұрғыда кіріктірудің әдістемелік негіздері жеткіліксіз.

Қарама-қайшылықтарды шешу қажеттілігі болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындап, педагогикалық шарттары мен әдістемелік тетіктерін жасап шығудың ғылыми-практикалық өзектілігін дәлелдейді. Аталған қарама-қайшылықтардан туындаған зерттеу мәселесі бізге тақырыпты **«Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамыту»** деп таңдауға негіз болды.

Зерттеудің мақсаты: болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамытудың теориялық-әдіснамалық тұғырларын айқындау, жүзеге асыруға арналған әдістемені әзірлеу және тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыспен дәлелдеу. Диссертациялық зерттеу мақсатынан туындайтын негізгі **міндеттер:**

1. Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың теориялық-әдіснамалық тұғырларын терең талдап, бұл бағыттағы ғылыми көзқарастарды жүйелендіру және осы негізде рухани-адамгершілік даму құбылысын педагогикалық ғылым контекстінде жаңаша пайымдау.

2. «Рухани дүниетаным», «тұлғалық-бағдарлы оқыту» және «болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымының дамуы» ұғымдарының мазмұнын көпдеңгейлі талдау арқылы нақтыланып, олардың құрылымдық-компоненттік моделін ғылыми негізде айқындау.

3. Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастыру мен дамытуға ықпал жасайтын ішкі және сыртқы факторларды кешенді сипаттап, олардың өзара байланысы мен ықпалдасу тетіктерін анықтау.

4. Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту негізінде дамытуға арналған құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеу, теориялық тұғырлары мен педагогикалық шарттарын анықтау.

5. Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуға арналған әдістемені әзірлеп, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстармен тексеру және ғылыми негізделген практикалық ұсыныстар дайындау.

Зерттеу нысаны: жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамыту процесі.

Зерттеу пәні: болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымының дамуына ықпал жасайтын тұлғалық-бағдарлы оқытудың педагогикалық шарттары, әдістері мен құралдары.

Зерттеу сұрақтары:

1. Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымының негізгі компоненттерін тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы студенттердің жеке ерекшеліктері, құндылықтық бағдарлары және кәсіби мотивациясын ескеріп, қалай тиімді жүзеге асыруға болады?

2. Құрылымдық-мазмұндық модельге және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларға негізделген тұлғалық-бағдарлы оқыту студенттердің рухани дүниетаным көрсеткіштерін дәстүрлі білім беру жүйесімен салыстырғанда қаншалықты жақсартады? Осы кезеңде құндылықтық, когнитивтік және рефлексивтік дамудың қай аспектілері айқын көрінеді?

3. Тұлғалық-бағдарлы білім беру бағдарламаларын енгізу барысында студенттердің рухани дүниетанымындағы өзгерістерді сенімді түрде анықтайтын диагностикалық құралдар мен әдістер қандай және осы өзгерістерді жеке және топтық деңгейде қалай бақылауға болады?

4. Тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы рухани дүниетанымды дамытуға қандай контекстік, педагогикалық және әлеуметтік факторлар ықпал етеді, қандай факторлар кедергі келтіруі мүмкін және оқу бағдарламаларын жобалау кезінде оларды қалай ескеру қажет?

Зерттеу сұрақтарына сай дербес гипотезалар:

1. Құрылымдық-мазмұндық модель негізінде жүзеге асырылатын тұлғалық-бағдарлы оқыту болашақ мұғалімдердің рухани және идеологиялық көрсеткіштерін стандартты білім беру бағдарламасы бойынша оқитын бақылау тобына қарағанда, тестілеуге дейінгі және кейінгі кезеңдерде айтарлықтай арттырады.

2. Белсенді оқыту әдістері, практикалық бағытталған және рефлексивтік тапсырмалар сияқты арнайы педагогикалық технологияларды енгізу студенттердің когнитивтік көрсеткіштерімен қатар, аксиологиялық, эмоционалды-мотивациялық және рефлексивтік көрсеткіштерін де арттырады. Бұл педагогикалық модельдің құндылықтық және мотивациялық құрылымына әсерін көрсетеді.

3. Тұлғалық-бағдарлы оқытудың рухани дүниетанымды дамытудағы тиімділігі дамытушы және тәрбиелік факторлар, студенттердің жеке психологиялық тәжірибесі мен құндылықтық бағдарларының өзара әрекеттесуіне байланысты. Ал оң өзгерістер айқын түрде рефлексия, ішкі мотивация және тұлғалық өзін-өзі анықтауды ынталандыратын қолайлы оқу ортасында байқалады.

Осы гипотезаларға сәйкес, болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамыту білім беру процесінде функционалды-мақсаттылық, тұжырымдамалық-теориялық, мазмұндық-тәжірибелік, қорытынды-бағалау блоктарын қамтитын және арнайы әзірленген педагогикалық технологиялар мен әдістемелік

материалдарды енгізу арқылы жүзеге асырылатын тұлғалық-бағдарлы оқытудың құрылымдық-мазмұндық моделі шеңберінде сәттілігі жоғарылайды. Бұл ретте процесті жүзеге асырудың тиімділігі рухани дүниетанымның қалыптасуы және дамуымен өзара байланысқан факторлар жиынтығы, білім алушылардың психологиялық тәжірибесінің даму дәрежесі және олардың құндылықтар бағдарларымен анықталады.

Зерттеудің болжамы: *егер*, болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамыту мен қалыптастырудың мәні, құрылымы және теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалып, тұлғалық-бағдарлы оқытуға негізделген құрылымдық-мазмұндық моделі жасалса, әзірленген әдістеме оқу-тәрбие процесінде жүзеге асырылса, болашақ педагогтердің рухани дүниетанымы жоғары деңгейде қалыптасады. Өйткені жоғары оқу орындарында тұлғаның рухани дамуы, құндылықтар бағдарларының қалыптасуы және кәсіби-адамгершілік сапаларының жетілуіне қолайлы педагогикалық жағдайлар жасалады.

Зерттеу әдістері. Зерттеуде сапалық және сандық тәсілдерді біріктіретін аралас әдіс қолданылды:

1) теориялық әдістер: рухани дүниетаным, тұлғалық-бағдарлы оқыту, гуманистік педагогика және тұлға құндылықтарының дамуы аясындағы философиялық, педагогикалық, психологиялық және әдістемелік әдебиеттерге салыстырмалы-талдамалық шолу; ғылыми ақпаратты жинақтау және жүйелеу; контент-талдау; түсіндірмелі және сипаттамалық талдау; ұғымдарды нақтылау; ғылыми тұжырымдау; модельдеу; логикалық-құрылымдық талдау; аргументтеу және аналитикалық интерпретация;

2) эмпирикалық әдістер: болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымы деңгейін анықтау мақсатында сауалнама, әңгімелесу, педагогикалық бақылау, диагностикалық әдістемелерді қолдану; оқыту жағдайларын талдауға негізделген ойша эксперимент; тұлғалық-бағдарлы оқыту элементтері енгізілген практикалық-эксперименттік жұмыстар жүргізу; рухани-танымдық тапсырмалар мен оқу жағдаяттарының тиімділігін анықтау; педагогикалық модельді тәжірибеде сынақтан өткізу;

3) статистикалық әдістер: эксперимент нәтижелерін математикалық және статистикалық өңдеу, алынған мәліметтерді сандық және сапалық талдау, динамиканы бағалау және нәтижелердің дәлдігі мен сенімділігін анықтау.

Зерттеудің жетекші идеясы: болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуға бағытталған тұлғалық-бағдарлы оқыту технологияларын тиімді қолдану кәсіби қалыптасудағы рухани-адамгершілік, құндылықтық және тұлғалық сапалардың дамуын қамтамасыз етеді. ЖОО-дағы педагогикалық процесіне рухани-танымдық мазмұн, диалогтық және рефлексивтік тәсілдер, құндылыққа бағдарланған оқыту мүмкіндіктерін енгізу болашақ мұғалімдердің кәсіби-рухани әлеуетін арттырып, тұлғаның біртұтас дамуына жағдай жасайды.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы.

- Зерттеуде «рухани дүниетаным» ұғымының әдіснамалық негіздері айқындалып, руханилықтың философия, педагогика және психология ғылымдарындағы түсініктері жүйеленді.

- Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуға ықпал ететін жүйелік, тұлғалық, мәдениет-танымдық, аксиологиялық, акмеологиялық, герменевтикалық және философиялық-антропологиялық тұғырлар теориялық жағынан негізделіп, мұғалімнің кәсіби-тұлғалық қалыптасуындағы маңызды факторы деңгейінде дәлелденді.

- Рухани дүниетанымның құрылымдық мазмұны, компоненттік элементтері және болашақ мұғалімдердің кәсіби дамуындағы орны жүйеленіп, теориялық модельмен бекітілді.

- Жасалған құрылымдық-мазмұндық модель рухани дүниетанымды дамытудың теориялық алғышарттары, негізгі бағыттары мен құрылымдық бөлімдерін анықтап, педагогикалық ғылымды толықтыратын теориялық база дәрежесінде ұсынылды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы. Зерттеуде болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамытуға арналған әдістемелік жүйе әзірленіп, оқу үдерісіне енгізуге бейімделді. Оның құрамына «Рухани дүниетанымның мазмұны мен технологиясы» атты элективті курс, «Мәдениеттану» және «Педагогика» пәндерінің жаңартылған мазмұны, студенттердің кәсіби-рухани дамуын көрсететін жеке рефлексиялық портфолио жатады. Материалдарды студенттердің рухани өсуі, құндылықтар бағдарлары, рефлексивтік дағдыларын жетілдіруге бағытталған оқу тапсырмалары, жағдаяттық талдаулар және жобалық жұмыстарды оқу-тәрбие процесінде қолдануға мүмкіндік мол. Зерттеу нәтижелерін жоғары мектепте болашақ мұғалімдердің кәсіби-тұлғалық және рухани-адамгершілік дайындығын жетілдіруде дәріс және тәжірибелік сабақтарда, педагогикалық практикада және әдістемелік семинарларда пайдалануға болады.

Диссертациялық жұмыстың теориялық және әдістемелік негіздерін пәнаралық тәсілдер және шетелдік, отандық зерттеушілер ғылыми еңбектері құрайды: тұлғалық-бағдарлы педагогика және гуманистік психология (өзін-өзі өзектілендіру және дербестікке назар аудару), конструктивистік оқыту теориясы (әлеуметтік өзара әрекеттесумен қалыптасқан білім мен құндылықтар), трансформациялық оқыту теориясы (оқыту басымдықтарын өзгерту көзқарастары), құндылық-теориялық тәсілдер (тұлғалық-мазмұндық компонентті анықтайтын М. Рокич және Ш.Х. Шварцтың рухани өлшемдерге бейімделген құндылықтар тұжырымдамасы) және қазақ дәстүрлеріне өзекті этнопедагогикалық теория. Әдістемелік жағынан зерттеу аралас әдістер дизайны қағидалары, психометриялық құралдарды әзірлеу стандарттары және тәжірибелік-эксперименттік зерттеулердің заманауи тәжірибелеріне сүйенеді.

Зерттеу көздері. Зерттеуде руханилық, рухани дүниетаным, тұлғалық даму, тұлғалық-бағдарлы оқыту, адамгершілік тәрбие, гуманистік педагогика, рухани-адамгершілік құндылықтарды оқу-тәрбие процесіне енгізуге қатысты

шетелдік және отандық ғылыми зерттеулердегі тұжырымдар құрайды. Басымдық қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласындағы рецензияланатын журналдар мен монографиялар; эмпирикалық зерттеулер мен шолулар берілді. Ресми нормативтік құжаттар, рухани-адамгершілікті дамытуға бағыттатталған бағдарламалар пайдаланылды. Құжаттар қатарына Мемлекет басшысының жыл сайынға Қазақстан халқына Жолдаулары, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламалары, Қазақстан Республикасының білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары, жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламалары жатады. Сонымен қатар, педагогикалық озық тәжірибелерді салыстыру, автордың зерттеу нәтижелерін алуда далалық зерттеулерде жиналған бастапқы сандық және сапалық деректер пайдаланылды.

Зерттеудің базасы: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда «Болашақ» университеті.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы.

1. «Рухани дүниетаным» ұғымының философиялық, психологиялық және педагогикалық категориялары кешенді түрде концептуалды талданды, құрылымдық және функционалдық элементтері анықталды, сондай-ақ, болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығындағы орны мен рөлі алғаш рет жүйелі түрде ғылыми зерттелді. Талдау түрлі ғылыми тәсілдерді интеграциялау және педагогикалық тұлғаның рухани дамуын зерттеуге арналған біртұтас әдістемелік іргені құрды.

2. «Рухани дүниетаным» және «тұлғалық-бағдарлы оқыту» ұғымдарына авторлық ғылыми анықтамалар беріліп, қазіргі педагогикалық және психологиялық ғылыми сөздік қорды байытты және ғылыми айналымға енгізілді. Ұғымдар білім беру технологияларын әзірлеу және болашақ мұғалімдердің кәсіби дамуын бағалауда әдіснамалық негіз шеңберінде қолданылды.

3. Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастыру және дамыту процесіне әсер ететін факторлар анықталып, жүйелендірілді. Оларға жеке тұлғалық, әлеуметтік-мәдени, педагогикалық және білім беру компоненттері, сондай-ақ, студенттердің құндылықтар бағдарлары мен мотивациясы әсері ескерілді. Факторлардың өзара байланысы мен интеграциясын көрсету арқылы болашақ мұғалімдердің рухани әлеуетін кешенді дамытуға мүмкіндік беретін модель жасалды.

4. Рухани дүниетанымды дамытуды анықтайтын жүйелік, тұлғалық, мәдениет-танымдық, аксиологиялық, акмеологиялық, герменевтикалық және философиялық-антропологиялық әдіснамалық тұғырлар айқындалып, өзара байланыстары мен интеграциялық тетіктері алғаш рет кеңінен сипатталды. Процесс болашақ мұғалімдердің кәсіби қалыптасуында жеке және әлеуметтік контекстілерді ескеретін көп деңгейлі және серпінді құбылыс аясында қарастырылады.

5. Тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуға арналған құрылымдық-мазмұндық модель жасалды. Модельдің функционалды-мақсаттылық, тұжырымдамалық-теориялық, мазмұндық-тәжірибелік және қорытынды-бағалау блоктары ғылыми негізделіп, әдістемелік тұтастығы, практикалық қолданылуы және түрлі оқу жағдайлары мен студенттік топтарға бейімделу мүмкіндігі қамтамасыз етілді.

6. «Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамыту» ұғымының мазмұны нақтыланып, рухани дүниетанымның негізгі бағыттары жүйеленді (құндылықтық-мағыналық, танымдық, рефлексивтік, мінез-құлықтық және басқа компоненттер). Нәтижесінде «Рухани дүниетанымның мазмұны мен технологиясы» элективті курсы енгізіліп, «Мәдениеттану» және «Педагогика» пәндерінің мазмұнына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Шешім рухани-бағдарлы білім беруді қазіргі оқу бағдарламаларына тиімді интеграциялау және болашақ педагогтың кәсіби тұлғалық жетілуінде практикалық маңыздылығын арттырады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар.

1. Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымы бірыңғай діни және әлеуметтік мәселелер шеңберінен тыс және педагогикалық кадрларды кәсіби даярлау жүйесінде қызмет ететін педагогикалық категория шеңберінде негізделеді. Қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени трансформациялар шарттарында болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымының дамуы олардың кәсіби және моральдық ұстанымын қалыптастыруда маңызды фактор саналады және құндылықтар бағдарлары, рефлексивтілік және педагогикалық қызметке жауапкершілік деңгейінде көрінеді. Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымы құндылықтар бағдарлары, сенімдері, өмірлік мәндері, рухани-адамгершілік көзқарастары және рефлексивті тәжірибесін қамтитын интегративті дербес тұлғалық қалыптасу аясында анықталады, бұл оның құрылымы мен даму деңгейін эмпирикалық диагностикалауға мүмкіндік береді. Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамыту тұлғалық-бағдарлы оқыту негізінде жүзеге асырылатын, ішкі рухани әлеует, кәсіби-адамгершілік қасиеттер және рефлексия қабілетін қалыптастыруға бағытталған мақсатты және жүйелі педагогикалық процесс аясында қарастырылады. Аталған қағидалар мен олардың құрылымдық компоненттері болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамыту процесінің ғылыми-әдіснамалық негізін құрайды және жүргізілген педагогикалық эксперимент шарттарында тексерілді.

2. Тұлғаның рухани дүниетанымы адамның дүние, қоғам және дербес өмірлік қызметіне қатысуы, өмірлік белсенділігі мен мінез-құлқын идеалды және мәдени құндылықтар негізінде ұйымдастыратын таным, түсіну, бағалау әдістері мен қағидаларының біртұтас жүйесін ұсынады. Рухани дүниетанымның құрылымдық түп-тамырын теориялық талдау және эмпирикалық диагностика деңгейінде ажыратылған идеалдық-мәдени, когнитивті, эмоциялық-мәртебелік және прагматикалық компоненттер құрайды. Тұлғалық-бағдарлы оқыту болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын жүзеге асырудың жетекші педагогикалық қағидасы шеңберінде негізделген,

өйткені бұл олардың дербес қалыптасуы, әлеуметтік бейімделуі және білім алушыларды құндылық-мағыналық, рефлексивті және кәсіби маңызды білім беру қызметіне жүйелі түрде енгізудің кәсіби-адамгершілік өсуінің шарты саналады. Бұл ретте рухани дүниетаным өмірлік бағдарлар бағыты, дүние және өзін-өзі түсінуді анықтайтын тұлғаның ішкі құндылық-мағыналық негізі, ал тұлғалық-бағдарлы оқыту болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау процесін өзектендіру және тәжірибелік іске асырудың педагогикалық тетігінде қызмет атқарады.

3. Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымының анықталған және теориялық негізделген қалыптастыратын (18) және дамытатын факторлары (13) функционалдық бағытымен ерекшеленеді және құндылық-мағыналық негіздерді бастапқы игеруден саналы интериоризациялануы мен кәсіби-педагогикалық қызметтегі тұрақты көрінісіне өтудің кезеңдік логикасын көрсетеді. Факторлар кәсіби дайындықтың алғашқы кезеңдерінде педагогикалық мамандықтар студенттерінің рухани-адамгершілік түсініктері, құндылықтар бағдарлары және өмірлік мағыналарының пайда болуы мен бастапқы құрылымдалуын қамтамасыз етеді. Рухани дүниетанымды дамыту факторлары жүйелі рефлексивті және кәсіби бағдарланған қызмет шарттарында болашақ мұғалімнің дербес және кәсіби бірегейлігіне құндылық-мағыналық білімдер тереңдеуі, пайымдауы және ықпалдастығын анықтайды. Анықталған факторлар жиынтығы материалдық емес сипатта және болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымы деңгейіне ықпалы құндылықтар бағдарлары, рефлексивтілік пен кәсіби-адамгершілік құрылғылар динамикасымен эмпирикалық түрде белгіленуі мүмкін педагогикалық, әлеуметтік-мәдени және дербес шарттардың жүйелі тобын құрайды.

4. Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамыту жүйелік, тұлғалық, мәдени-танымдық, аксиологиялық, акмеологиялық, герменевтикалық және философиялық-антропологиялық тұғырларды интегративті қолдану шарттарында тиімдірек, олардың әрқайсысы дербес әдіснамалық функцияны орындайды. Жүйелік тұғыр рухани дүниетанымның даму процесінің тұтастығын қамтамасыз етеді; тұлғалық және аксиологиялық дербес құндылықтар мен мағыналарға бағытталуды қамтамасыз етеді; мәдени-танымдық және герменевтикалық тұғыр рухани тәжірибені мәдени шартты құбылыс контекстінде түсінеді; акмеологиялық және философиялық-антропологиялық тұғыр болашақ мұғалімнің тұлғалық және кәсіби өзін-өзі дамытуына бағдар береді. Аталған әдіснамалық тұғырларды интеграциялаудың тиімділігі бақылау және эксперименттік топтардағы білім алушылардың рухани дүниетанымы деңгейіндегі айырмашылықтарды эксперименталды түрде анықтауға мүмкіндік беретін мақсаттар, мазмұн, педагогикалық тетіктер және бағалау критерийлерінің келісілген жүзеге асыру кезеңінде көрінеді.

5. Әзірленген болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі рухани даму мақсаттары, әдіснамалық және дидактикалық қағидалары, мазмұндық блоктар, мотивациялық-рефлексиялық тетіктер және қалыптасу деңгейлерін

қамтитын өзара байланысты компоненттердің біртұтас жүйесі. Модель рефлексивті, құндылық-мағыналық және кәсіби бағдарланған білім беру тәжірибелерін жүйелі қосу шарттарында студенттердің рухани-адамгершілік дамуына мақсатты әсер етуді қамтамасыз ететін педагогикалық құрал аясында жұмыс істейді. Модельдің өлшемді-бағалау блогы эмпирикалық тексеру және нәтижелерді салыстыруды қамтамасыз ететін болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымының даму деңгейлері көрсеткіштерінің жиынтығына (құндылық, когнитивтік, эмоционалды-адамгершілік және мінез-құлық) негізделген объективті диагностикалауға жағдай туғызады.

6. «Рухани дүниетанымның мазмұны мен технологиясы» элективті курсы, «Мәдениеттану» және «Педагогика» пәндерінің жаңартылған мазмұны, сондай-ақ жеке рефлексиялық портфолионы қамтитын әзірленген әдістемелік материалдарды енгізу педагогикалық ЖОО-ның білім беру процесінде құрылымдық-мазмұндық модельдің тәжірибелік жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. Аталған педагогикалық құралдарды қолдану болашақ мұғалімдердің рухани-адамгершілік қалыптасуына тұрақты педагогикалық шарттар қалыптастыру, құндылықтар бағдарларын дамыту, тұлғалық рефлексия және кәсіби миссияны түсінуге ықпал жасайды. Әдістемелік материалдарды енгізудің тиімділігі эксперименттік оқыту шарттарында студенттердің рухани дүниетанымы көрсеткіштерінің жағымды динамикасымен расталады, бұл алынған нәтижелерді ғылыми тексеру және эксперименттік растауға мүмкіндік береді.

Зерттеу кезеңдері:

Бірінші кезең (2017-2019 жж.): зерттеу тақырыбымен байланысты ғылыми және әдістемелік еңбектерге талдау жасалып, рухани дүниетаным мен тұлғалық-бағдарлы оқыту мәселелері сарапталған шетелдік және отандық тәжірибелер зерделенді. Кешенді әдеби шолу, тұжырымдамалық модельдеу, құрылымдар мен индикаторлар анықталды. Зерттеу мәселесінің теориялық-әдіснамалық негізі айқындалып, ғылыми аппарат нақтыланды. Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымының бастапқы деңгейін анықтауға бағытталған анықтаушы эксперимент жүргізілді.

Екінші кезең (2019-2021 жж.): болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамытуға арналған құрылымдық-мазмұндық модель әзірленді; компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлері белгіленді. Әдістеме құрамына енгізілген элективті курс бағдарламасы («Рухани дүниетанымның мазмұны мен технологиясы»), рухани-танымдық мазмұндағы тапсырмалар мен әдістемелік материалдар дайындалып, тәжірибеге енгізілді. Қалыптастырушы эксперимент жүзеге асырылды

Үшінші кезең (2021-2025 жж.): эксперименттің қалыптастыру кезеңіндегі мәліметтер жиналып, нәтижелерге салыстырмалы талдау жүргізілді. Шыққан қорытындылар математикалық-статистикалық өңдеуден өткізіліп, әдістеменің тиімділігі дәлелденді. Диссертацияның мәтіні ғылыми талаптарға сәйкес рәсімделді, зерттеу нәтижелері жарияланды. Әрбір кезеңде зерттеудің

этикалық стандарттары сақталды, валидтілігі және сенімділігі, қорытындылар дұрыстығын қамтамасыз етуде әдіснамалық талаптар ескеріліп жүзеге асырылды.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және тәжірибеге ендіру. Зерттеу нәтижелерінің тиімділігі арнайы әзірленген эксперименттік бағдарламамен сынақтан өткізу арқылы дәлелденді. Бағдарлама зерттеу пәнінің ерекшеліктеріне сәйкес әдіснамалық және теориялық қағидаларға сүйеніп ұйымдастырылды және тұлғалық-бағдарлы оқытуға негізделген әдістер, рефлексиялық портфолио жүргізу, «Рухани дүниетанымның мазмұны мен технологиясы», «Мәдениеттану» және «Педагогика» пәндерінің жаңартылған мазмұнын тәжірибеде қолдануды қамтыды. Бастапқы және қорытынды диагностикалық көрсеткіштерді салыстыру болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуға бағытталған әдістеменің нәтижелілігін дәлелдеді және білім беру тәжірибесіне енгізудің тиімді екенін көрсетті.

Зерттеу нәтижелерінің апробациялануы және жариялануы. Автор диссертациялық жұмыс нәтижелерін 26 еңбекте жариялады, оның ішінде «Web of Science» және «Scopus» деректер базасында индекстелетін шетелдік басылымдар, ҚР ҒЖБМ ҒЖБСҚК ұсынған журналдар, Халықаралық және республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары, отандық ғылыми журналдарда жарияланымдар бар.

«Web of Science» және «Scopus» деректер базасында индекстелетін шетелдік басылымдардағы жарияланымдар:

1. Paridinova B.Zh., Nassimov M.O., Maigeldiyeva Sh.M. Development of the spiritual worldview of future teachers: Basic concepts, essence and problems // Psychology and Education. – 2019. - №56 (2). - P. 93-104.
2. Nassimov M.O., Paridinova B.Zh., Maigeldiyeva Sh.M. The concept of spiritual security in science // Perspektivy nauki i obrazovania – Perspectives of Science and Education. – 2019. - № 40 (4). - P. 10-20. https://doi.org/10.32744/pse.2019.4.1
3. Paridinova B., Kaldybay K. Importance of spiritual worldview for future teachers // Bulletin of National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. – 2020. - №3 (385). – P. 211-218.
4. Paridinova B., Sapartayeva, L., Tungatova, N., Tulepbergenova, A., Kassymbekova M. Future teachers' spiritual worldview formation factors // Education Research International. - №2023. - Article ID 9972903. - 17 pages. https://doi.org/10.1155/2023/9972903
5. Paridinova B.Zh., Nassimov M.O., Boranbayev A.S., Yessenova R.K., Ayaganova A.Zh. The spiritual worldview of future teachers: Connection with identity, knowledge, experience, and well-being // Philippine Journal of Science. – 2025. - №154 (4). – P. 1015-1031. https://doi.org/10.56899/154.04.20

ҚР ҒЖБМ ҒЖБСҚК ұсынған басылымдардағы жарияланымдар:

6. Паридинова Б.Ж. Болашақ мұғалімдерді даярлау барысындағы тұлғалық-бағдарлы оқытудың өзекті мәселелері // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Педагогика ғылымдары сериясы. – 2017. - №4 (56). – 32-38 бб.

7. Майгельдиева Ш.М., Паридинова Б.Ж. Педагогика және психология ғылымдарының зерттеу әдістері: мәні, түсінігі және түрлері // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Педагогика. Психология. Әлеуметтану сериясы. – 2018. - №1 (122). – 183-191 бб.

8. Паридинова Б.Ж. Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастырудағы рухани құндылықтардың орны // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Педагогика. – 2018. - №2 (57). - 208-211 бб.

9. Паридинова Б.Ж. Педагогикалық құндылықтардың болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудағы маңыздылығы // Қазақ білім академиясының баяндамалары. – 2018. - №2. - 93-99 бб.

10. Паридинова Б.Ж. Тұлға философиялық, педагогикалық және әлеуметтік-психологиялық түсінік ретінде // әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Хабаршысы. «Педагогикалық ғылымдар» сериясы. – 2018. - №2 (55). – 4-14 бб.

11. Паридинова Б.Ж. «Рухани дүниетаным» ұғымының құрылымы мен мазмұны // Педагогика және психология. – 2018. - №2 (35). – 215-221 бб.

12. Паридинова Б.Ж. Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымының психологиялық мәселелері // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – 2018. - №3. - 94-98 бб.

13. Паридинова Б.Ж. Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытатын факторлар // Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының Хабаршысы. – 2019. - №3 (89). – 99-107 бб.

14. Насимов М.Ө., Паридинова Б.Ж. Рухани қауіпсіздік және оның негізгі түсініктері // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы. Әлеуметтану және саяси ғылымдар сериясы. – 2019. – №3 (67). – 15-22 бб.

15. Паридинова Б.Ж. «Рухани дүниетаным», «руханилық» категорияларының педагогикалық және психологиялық ұғымдары // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2020. – №3 (117). – 161-174 бб.

16. Paridinova B., Boranbayev A. Historical background of personality-oriented education // Pedagogy and Psychology. – 2023. - №3 (56). – P. 5-15. https://doi.org/10.51889/2960-49.2023.15.3.015

Халықаралық және республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарындағы еңбектер (тезистер, баяндамалар):

17. Майгельдиева Ш.М., Паридинова Б.Ж. Сананы жаңғырту шарттарында тұлғалық-бағдарлы оқытудың мәні // «Рухани жаңғыру: ұлттық білім беру жүйесі және әлемдік тәжірибе» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Шымкент: Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты, 2017. – 189-194 бб.

18. Майгельдиева Ш.М., Паридинова Б.Ж. Жоғары оқу орындарындағы рухани-адамгершілік тәрбие берудегі тұлғалық-бағдарлы оқытудың мәні // Materials of the III International Scientific-Practical Conference «Quality Management: Search and Solutions». In two volumes. Volume II. – Kuala Lumpur, Malaysia: Regional Academy of Management, 2017. – P. 168-173.

19. Паридинова Б.Ж. Рухани жаңғыру ұғымының ғылыми түсініктері // «Қазақ халқының ұлттық дәстүрі мен мәдениетінің қалыптасуының рухани және тарихи негіздері» атты республикалық ғылыми конференция материалдарының жинағы. – Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, «Руханият» Ақтөбе облыстық музейі, 2018. – 113-115 бб.

20. Паридинова Б.Ж. Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымы түсінігі // «Әл-Фараби қазақ және әлем философиясы, мәдениеті мен өркениетінде» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы: әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 2018. – 312-316 бб.

21. Паридинова Б.Ж. Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамыту шеңберіндегі рухани бірегейлік түсінігі // «Рухани жаңғыру» концепті идеясын жүзеге асыру аясындағы «Ұлы Дала халқының діни бірегейлігі қалыптасуының рухани қырлары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2019. – 559-565 бб.

22. Паридинова Б.Ж. Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастыру мен дамытудың өзекті мәселелері // «Жаңартылған білім беру мазмұнының инновациялық бағыттары мен даму перспективалары және педагог мәртебесін көтеру мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. - Алматы: Қазақ университеті, 2019.- 105-111 бб.

23. Paridinova B.Zh. Spiritual worldview of future teachers // Матеріали Міжнародної молодіжної наукової конференції «Вектори психології – 2019». - Харків: Харківський національний університет імені В. Н. Каразіна, 2019. – P. 336-338.

24. Паридинова Б.Ж. Педагогическая проблема духовного мировоззрения будущих учителей // Материалы Международной научно-практической конференции «Инновационное развитие и потенциал современной науки». – Прага: Vydavatel «Osvícení»; Нефтекамск: Научно-издательский центр «Мир науки», 2020. – С. 236-239.

Отандық ғылыми журналдардағы жарияланымдар:

25. Паридинова Б.Ж. Жастардың рухани дүниетанымын қалыптастырудың өзекті мәселелері // «Болашақ» университетінің Хабаршысы. – 2019. - №2 (18). – 15-19 бб.

26. Паридинова Б.Ж., Жұмаділда Н.Т. Білім берудегі және діндегі рухани дүниетанымның көріністері // «Болашақ» университетінің Хабаршысы. – 2022. - №1 (23). – 14-17 бб.

Диссертацияның құрылымы. Диссертациялық жұмыс кіріспе, үш тарау, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

Кіріспеде болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамыту мәселесінің қазіргі білім беру кеңістігіндегі

өзектілігі дәлелденеді. Зерттеудің ғылыми аппараты сипатталып, теориялық және практикалық мәні айқындалады.

«Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері» бірінші тарауында рухани дүниетаным феноменінің философиялық, педагогикалық және психологиялық зерттелу тарихы, руханилықтың қалыптасу заңдылықтары, рухани-адамгершілік тәрбиенің ғылыми негіздері қарастырылды. «Рухани дүниетаным» ұғымының мәні нақтыланып, болашақ мұғалімдердің кәсіби тұлғалық қалыптасуындағы құрамдас бөліктерін айқындайтын мазмұны сараланды. Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастыру және дамытуға ықпал жасайтын факторлар дәйектелді. Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамыту процесін ұйымдастыруда жүйелік, тұлғалық, мәдениет-танымдық, аксиологиялық, акмеологиялық, герменевтикалық және философиялық-антропологиялық әдіснамалық тұғырлар ғылыми негізделді. Сонымен қатар, болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудағы тұлғалық-бағдарлы оқытудың әлеуеті зерделенді.

«Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамытудың тұжырымдамалық негіздері» екінші тарауында болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың психологиялық ерекшеліктері қарастырылды. «Модель» ұғымының ғылыми анықтамалары мен мазмұндық ерекшеліктері, модельдеудің философиялық-әдіснамалық қағидалары дәйектеліп, болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді. Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамыту технологиясына назар аударылды.

«Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамыту бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысы» үшінші тарауында тұлғалық-бағдарлы оқыту негізіндегі әдістеменің тиімділігі эксперименттермен тексерілді. Тарауда болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын диагностикалау критерийлері, бағалау көрсеткіштері мен сапалық-сандық өзгерістер динамикасы талданды. Тәжірибелік-эксперимент жұмысында рефлексиялық портфолио жүргізу, рухани-танымдық жаттығулар, жобалық жұмыстар және арнайы ұйымдастырылған оқу жағдаяттары қолданылды. Зерттеу нәтижелері ұсынылған әдістеменің болашақ мұғалімдердің рухани-адамгершілік дамуы, құндылықтар бағдарлары, өзіндік рефлексиясын және кәсіби-тұлғалық өсуін қамтамасыз етуде тиімді екенін көрсетті. Жоғары оқу орындарындағы оқу-тәрбие процесі «Рухани дүниетанымның мазмұны мен технологиясы» элективті курсы, «Мәдениеттану» және «Педагогика» пәндерінің жаңартылған мазмұнымен байытылып, студенттердің рухани әлеуетін дамытуға бағытталған жаңа тәсілдер енгізілді.

Қорытындыда болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамытуға жасалған ғылыми-әдістемелік зерттеу нәтижелерінің қорытындылары мен ұсыныстар тұжырымдалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеуде қолданылған ғылыми және әдістемелік еңбектерді қамтиды.

Қосымшада зерттеуде қолданылған және алынған нәтижелерді нақтылайтын материалдар берілген. Материалдар жұмыстың ғылыми дәлдігін арттырып, нәтижелерді айқындауға септігін тигізеді.

Диссертациялық жұмыс көлемі 314 беттік басылымдық мәтінді құрайды.

1 БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ РУХАНИ ДҮНИЕТАНЫМЫН ТҰЛҒАЛЫҚ-БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ДАМЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың алғышарттары

Бүгінде адамзат қызметінің іргелі салаларында салмақты құрылымдық және мазмұндық өзгерістер орын алуда. Қоғамдық өмірдегі өзгерістер тұлғаның қоршаған ортамен қарым-қатынасын күрделендіріп, өзіндік дамуы, әлеуметтік белсенділігі және кәсіби бәсекелестікке бейімділігіне жанама ықпалын тигізеді. Жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға өтуде қалыптасқан қатынастар қоғам мүшелеріне жоғары жауапкершілік, кездейсоқ ахуалдарға жылдам бейімделу, кәсіби біліктілігін арттыруды көздейді.

Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамыту рухани құндылықтарға бағытталған оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізетін кәсіби-педагогикалық қызметтің құрамдас бөлігі. Кәсіби-педагогикалық қызметтің әлеуметтік және ғылыми мәнділігі қазіргі білім беру жүйесінде алынған теориялық нәтижелерді тәжірибеге енгізудің өзектілігін күшейтеді. Әлеуметтік мағыналылық кәсіби қызметтегі рухани, адамгершілік құндылықтар мен қатынастардан көрінеді. Ғылыми мәнділік мұғалімнің рухани жағынан байлығы мазмұнын тануға бағытталады. Нәтижесінде тәжірибеде қолдану оқушылардың рухани әлеуетін дамытудағы педагогикалық әдістер мен тәсілдер қалыптастырады және тәрбие беру әрекетін жасауға мүмкіндігі бар мұғалімдерді даярлауда байқалады.

Рухани дүниетаным тұлғаның құндылықтар жүйесі, когнитивтік, эмоционалдық және волютивтік компоненттерінде байқалатын кешенді феномен. Рухани дүниетаным болашақ мұғалімдердің кәсіби-этикалық ұстанымдары мен педагогикалық әрекетінің түбірін құрап, білім беру процесінде рухани-адамгершілік компоненттерді тиімді іске асыруға жағдай жасайды. Дүниетаным болашақ мұғалімдердің рухани болмысының құрамдасы [126], ұлы ойшылдар мұрасы [127] мен педагогикалық тұжырымдары [128] рухани дүниетанымды дамытудың тірегі. Әр елдің рухани-адамгершілік құндылықтарын өлшеу әдістерінде өзгешеліктер бар [129]. Сондықтан бұл параграфта рухани дүниетанымды дамытатын нормативтік, әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық және басқару-ұйымдастырушылық алғышарттары қарастырылады. Ғылыми әдебиеттерде педагогикалық ортадағы діни көріністер, ұлттық дәстүрлер мен жалпыадамзаттық құндылықтар үйлесімі, білім беру бағдарламаларының тұлғалық-бағдарлы сипаты, мұғалімнің жан-жақты рухани жетілгендігі және оқыту әдіснамасының гуманистік және тұлғааралық қатынастарға негізделген тәсілдері аталады. Алғышарттарды кешенді талдау болашақ мұғалімдердің рухани-моральдық әлеуетін арттыруға бағытталған тиімді стратегиялық шараларды айқындауға жол ашады.

Заманауи жоғары білім беруде қоғамның әлеуметтік, саяси және экономикалық өзгерістеріне орынды жауап беретін, кәсіби және рухани өлшемде дамыған, әлеуметтік процестерге белсенді қатысатын мұғалімдер кадрын дайындау күрделі түйткіл болып отыр. Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамыту жеткілікті деңгейде зерттелмеуі бағыттағы бірқатар қиындықтардың туындауына себеп болды. Педагогика және психология салаларында болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың мақсаттары мен әдістерінің тұжырымдамалық тұғырлары оңтайлы мөлшерде реттелмеген. Педагогикалық білім студенттердің кәсіби құзіреттілігі мен шеберлігі дағдыларын иеленуге септігін тигізеді. Алайда, қазіргі кезеңде болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымы, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарын дамыту кедергілеріне қанағаттанарлық дәрежеде көңіл бөлінбейді.

Қазіргі таңда отандық педагогика мен психология ғылымдарында болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын кешенді зерттеуге лайықты деңгейде назар аударылмай келеді. Осыған орай, болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың алғышарттарын зерделеу келесі бірқатар себептерге байланысты ғылыми және практикалық аспектіде өткір тақырыпқа айналды.

Біріншіден, ең алдымен көзімізге түсетіні, рухани дүниетанымды анықтайтын категориялық және түсініктік аппаратының болмауы, мағыналық кеңістіктің жоқтығы. Рухани дүниетанымның мазмұнын ашатын ғылыми-педагогикалық және психологиялық көзқарастарды кешенді қарастыру сұранысы туындап отыр.

Екіншіден, бүгінгі таңдағы материалды және рухани құндылықтар үйлесімсіздігі материалды дүниелердің қадір-қасиетін арттырды. Салыстырмалы түрде қоғамда ой бәсекелестігіне қарағанда, салтанат құру бәсекелестігі үдеп барады. Сондықтан рухани құндылықтар мағынасын ұрпақ бойында қалыптастыру маңызды.

Үшіншіден, қоғамдағы зұлымдық, қылмыс жасау, тәртіпсіздік, мейірімсіздік, суицидке бейімділік қасиеттерінің кең таралуы адам руханилығының төмендеуінің салдары. Төмендеу адам өмірінің құнсыздануына әкеледі. Адамзат руханилығының кемуі дүниенің тікелей өліміне әкелмесе де, қоғамның рухани, саяси және әлеуметтік-экономикалық салаларын күйзеліске ұшыратады. Демек, болашақ мұғалімдер шәкірттерінің адамзат құндылықтарына жат құбылыстардан аулақ болуға үйретеді.

Төртіншіден, рухани құндылықтар адамның ішкі түрткісі шеңберінде жан дүниесіндегі сұраныстар, мүдделер, мақсат пен міндеттер, нұсқаулар мен пікірлерді біріктіреді. Адам өміріндегі құндылықтар алға қойылған міндеттер, әрекеттер мен келісімдерді таңдаудың қайнар көзі. Құндылықтар адамның ойы, әрекеті мен ішкі рухани өмірін жүйелендіретін құбылыс. Сондықтан адамзат баласының рухани және адамгершілік қағидалары әрекетке қарағанда, құндылық бағдарларына жақын.

Бесіншіден, адам құндылықтарындағы индивид, адамзат әрекеттерінің орны әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар салаларында зерттелуде. Құндылықтар тұлғаның рухани дүниетанымын қалыптастыратын базалық факторлардың бірі. Сондықтан мәселе педагогикалық және психологиялық зерттеулерде байыпты орын алады.

1.1.1 Рухани дүниетанымды дамытудың нормативтік алғышарттары

Нормативтік алғышарттар болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудағы заңнамалық, бағдарламалық және ұйымдастырушылық тіректерін анықтайтын компонент. Біріншіден, заңдар [130-131], ұлттық білім беру стандарттары [132-133] және тұжырымдамалармен [134-135] бекітілген нормалар рухани-моральдық құндылықтарды енгізуге негіз қалайды. Құжаттар пәндік мазмұнды рухани сегменттермен байытып, педагогикалық процесс сатыларында тәрбиелік мақсаттардың орындалуын заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз етеді. Екіншіден, педагог мамандықтарына қойылатын кәсіби этикалық талаптар мен ықпалдастыратын кәсіби стандарттар болашақ мұғалімдердің мінез-құлқы, педагогикалық іс-әрекеті және кәсіби үздіксіз дамуда рухани бағдарды тұрақтандырады. Нормативтік құжаттар адамгершілік қағидаларды ұдайы сақтау, тұлғаның рухани жетілуін қадағалау және кәсіби қауымдастықтың бағыттаушы идеяларын ұстанудың өзегі [136]. Үшіншіден, білім беруде діни және философиялық аспектілерді қарастыратын мемлекеттік бағдарламалар [137] рухани дүниетанымды дамытуға қоғам тарапынан көрсетілетін институционалдық қолдауды білдіреді. Құжаттар рухани-моральдық тәрбиенің маңызын мемлекеттік, саяси, әлеуметтік бастамада жариялап, педагогикалық тәжірибеде жүзеге асырылады. Сондықтан нормативтік алғышарттар болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуда құрылымдық тұрақтылық, мақсаттылық және сабақтастықты қамтамасыз етеді. Нормативтік алғышарттардың болмауы, әлсіздігі педагогикалық процесте міндеттердің айқындылығы, тәрбие мазмұнының стандарттылығы және рухани-моральдық құндылықтардың сабақ бағдарламаларынан шеттеп қалуына әкеледі. Сондықтан жоғары білім беру ұйымдары мен академиялық сапа комитеті нормативтік базаны жетілдіріп, рухани дүниетанымды дамытуға бағытталған педагогикалық тәсілдердің ғылыми негізделуін және сапасын құрауға жәрдемдеседі.

Қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени кеңістікте адамның ішкі рухани әлемінің әлсіреуі, құндылықтардың тұрақсыздығы, ізгілік ұстанымдарының кемуі және дүниетанымдық бағдарлардың бұлыңғырлануы өріс алып отыр. Сондықтан рухани дүниетанымды дамытудың алғышарттарын талдау ерекше мәнге ие. Мемлекеттердің даму келешегі мен халқының өркендеуі азаматтардың рухани дүниетанымдық деңгейіне тікелей тәуелді. Келешектің өркениетті дамуы қоғамның рухани және материалдық игіліктерін тұтынуды жетілдіруімен сабақтасады. Халық әлеуметтенуінде рухани факторлардың рөлі үлкен. Үкімет жауапкершілігі биік тұлғаларды дамытуда қоғамдағы салауатты рухани ортаны құруға бағытталған шараларды жүзеге асырады. Мемлекет қабылдаған түрлі бағдарламаларға қарамастан, қоғамдағы рухани күйзеліс

актуалды күйінде қалып отыр. Мәселен, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» [138] атты бағдарламалық мақаласында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев табысты болудың түпкі факторына білімді жатқызады. Сондықтан қазіргі жастардың құндылықтар бағдарларында білімге басымдық беру жетекші талаптардың бірі болуы тиіс. Нәтижесінде бағдарлама ұлттық жаңғыру кезеңіне трансформацияланды [139].

Елімізде рухани дүниетаным мен сананы жетілдіруге бағытталған бастамаларға «Мәңгілік Ел» идеясы [140], «Интеллектуалды ұлт - 2020» жобасын [141] айтуымызға болады. Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы халыққа Жолдауынан [142] мемлекет дамуындағы сүбелі қимылдар жоспарын көреміз. Ұлт жоспары – «100 нақты қадам» базасында өткізілетін үшінші жаңғыру бес басымдықты айқындады. Адами капитал сапасын жақсарту төртінші басымдықта айқындалған бағыттардың бірі. Білім берудегі жаңаша пайымдау және оқу бағдарламаларын студенттердің сыни ойлау қабілеті, өздігінен білім алу дағдыларын дамытуға бейімдеу талабы көкейкесті. Қазақ тілінің басымдығын сақтап, үш тілді оқуға кезең-кезеңімен көшу ұсыныстарын әзірлеу тапсырылды. Сондай-ақ, Мемлекет басшысының Жолдауларында сапалы білім алу [143] және ұстаздардың интеллектуалдық дәрменіне [144] назар аударылады.

2022 жылдан өтіп жатқан Ұлттық құрылтай отырыстарында талқыланатын кейбір мәселелер рухани дүниетанымды дамытуды жоспарлауға бейім. Мемлекет басшысы Қ-Ж. Тоқаев I отырыста сөйлеген сөзінде адал қызметті әжуа қылып кемсіту жастар дүниетанымына тосқауыл қоятындығын мәлімдеді [145]. «Адал азамат» идеясында келешек ұрпақ санасындағы заманауи онтологияны білім, ғылым және мәдениет үштігі дамытады. Мемлекет басшысының пайымдауынша, тұрғындардың дүниетанымы мен күнделікті тұрмыс-салтындағы ережелердің ауысуы заңды құбылыс. Идеологиялық маңызы жоқ көзқарастардан арылып, парасатты қоғамдағы дүниетанымызға қайшы келетін құбылыстарға төтеп беруіміз қажет [146]. Президент тұрғындардың, атап айтқанда, жас ұрпақтың көреген, дүниетанымы терең болғанын тілейді [147]. Сонымен қатар, интеллектуалды буынды жетілдіруде білім мен тәрбие ұдайы бірге жүруі қажеттілігін айтады [148].

1.1.2 Рухани дүниетанымды дамытудың әлеуметтік алғышарттары

Педагогика және психология ғылымдарында рухани дүниетанымның «ассиметриялы» көзқарастары қалыптаспаған. Педагогика және психологияда діни пайымдаулардан бөлек, зайырлы қоғам мағыналарымен жарасымды пікірлер ұсынылады. Ғылыми еңбектерде рухани дүниетаным адамгершілік тәрбиесі аясында зерделенеді. Адамның рухани дүниетанымы мен адамгершілік сезімінің әрекеттестігі тұжырымы жасалады. Рухани және адамгершілік тәрбие тұлғаның мінез-құлқын реттейтін әдеп пен қалыптасқан дүниетанымдық ұстанымдарға сүйенеді [149, 163 б.]. Тұжырымымыз болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың әлеуметтік алғышарттарын анықтауға түрткі.

Ғылымда рухани дүниетаным терминімен бірге, адам руханияты мен руханилығы категориялары да зерттеу нысанында қарастырылып келеді. Руханият өзін-өзі танумен пайда болатын адамның бірегей тұлғалық тәжірибесі. Руханилық адамның дербес шектеулі ой-пікірлерінен арылып, тұлғалық құндылықтарын күшейтеді. Руханият адам өмірін табиғи тіршіліктен ажыратып, өміріне әлеуметтік сипат береді. Адам рухани байлығымен өмір сүреді және келешегін түйіндейді. Сондықтан адам руханилығы өзін-өзі тану, өмірдің мәнін түсінуге көмектеседі [150, 208-209 бб.].

Руханилықты әр сала өзіндік қырынан қарастырып, түрліше интерпретация ұсынады. «Рух» пен «руханилық» ұғымдары көне заманнан бастау алып, тарих, ғылым және мәдениеттің бай мазмұнымен толыққан. XX ғасырдың 1990-жылдарынан бері ғылымда ұсынылған біршама анықтамалар мәні қайта қаралып, түсіндірмелері жаңартылды. Кеңестік кезеңде гуманистік және ғылыми-рационалды көзқарастар басымдық иеленіп, кейбір категориялар дербес ғылыми мәртебесінен айырылып, идеологиялық қызмет атқаруға бейімделді. Е. Шагардинова [151] зерттеуде тұлғаны тәрбиелеудің педагогикалық және психологиялық аспектілеріндегі руханилық феноменінің генезисін сараптайды. Мәселені дәйектеуде Платон, И.А. Ильин, Б.Т. Лихачев, Е.И. Рерих, Ш.А. Амонашвили, Н.М. Романенко тұжырымдамаларына сүйенеді.

Адам рухы мен руханияты позитивті руханилық (шынайы, әділ) пен негативті руханилыққа (бояма мен рухсыздық) бөлуді көздейді. Позитивті руханилық рухтың жақсылық пен сүйіспеншілік, биіктік пен әсемдік, ар-ұждан мен қайырымдылық, білім мен сенімді аңсау, адамдармен татуластықты сақтау, табиғатпен ілтипатты қатынаста болу сезімдерін қамтиды. Руханиятты білім мен/немесе сенім, мәдениеттің зайырлы мен/немесе діни жүйешіктері иелік ете алмайды. Шығармашылық ұмтылыстарындағы негативтілікті жеңу мен позитивті руханилықты бекіту бірлескен әрекеттермен жүзеге асады [152, 83-84 бб.]. Рухани даму болашақ мұғалімдердің шығармашылық қабілетімен астасады. Үдеріс көп оқу, ізденісті қажетсінеді және мұғалімнің рухани байлығын арттыруға жағдай жасайды.

«A Sociology of Spirituality» еңбегі руханилық құбылысының әлеуметтанулық мәніне ғылыми баға береді. Еңбектің бірінші тарауында [153 23-42 бб.] руханилықтың кейбір пәнаралық басымдықтарын талдауда ұғым анықталады және күрделілігі түсіндіріледі. Заманауи руханилықтың академиялық пәндердегі қалыптасуын психология, медицина және денсаулық сақтау, дін, антропология, білім беру, әлеуметтану, бизнес және коммерциялық әлем салаларымен салыстырады. Тарауда автор руханилықтың үш өзгерісін атайды [153, 36 бб.]. Біріншіден, шіркеуде руханилық анықтамаларының ауқымы әрқашан кең болған, бірақ түсініктер дербес «рухани өмірге» бағытталған. Заманауи адамдарға мұндай руханилық біртұтас, азат етуші форманы іздейтіндерге жансыз және нәтижесіз көрінеді. Басқа да бірқатар себептер дәстүрлі діни анықтамаларды тарылтады және шектейді. Дегенмен, академиялық және кәсіби пәндерде дәстүрлі христиандық анықтамаларға қарсы

тұратын жаңа ұғымдардың тұтас кешені бастау алады. Жаңашылдық салдары кең ауқымды болмақ.

Екіншіден, түрлі академиялық пәндердегі руханилықты зерттеудің нәтижесінде кейбір салалардың «руханиланып» жатқаны, кейбіреулері қарсылық білдіретіні белгілі болды. Тенденцияның тағы бір салдары, руханилық қазіргі өмірдің оң сапасында қабылданатындықтан, руханилық дамымаған пәндер екінші дәрежелі санатқа айналады. Джон Дрейн рухани дәуірде зайырлы шіркеудің қалыптасуын көріп отырғанымызды атап өтті.

Үшіншіден, кейбір ойшылдар руханилыққа қызығушылықтың біркелкілігін атап, салаларды «руханилық» туының астына біріктіруге ұмтылды. Осылайша, ғалымдар жеке пәндер ауқымында тамырлас, ортақ «руханилық» тақырыбына ие жаңа өріс түрін жасауға ұмтылады. Мүмкін, кейбір ғалымдар инстинктивті түрде тәртіп орнатқысы келеді және жаңа саланы реттеуге тырысады. Бірақ таяу жылдарда біз табысты интеграция, бірыңғай анықтама немесе «руханилықтың» жаңа, біртұтас саласының қалыптасуын көрмейтінімізді болжаймыз. Біз бірқатар академиялық пәндер мен кәсіби салалардың «рухани» болып жатқанын, кейбір түсініктер біріктірілгенін, бірақ жекелеген салаларда ортақ даму үрдісі жалғасып жатқанын көреміз.

Рухани дүниетаным адамның әлем, қоғамда орын алған үдерістер мен қатынастарды тізбектейтін көзқарастар мен қағидалардың әлеуметтік жүйесі. Рухани дүниетаным адамның өмірлік ұстанымдарын реттеу, құндылық бағдарын қалыптастыруға дем береді. Рухани дүниетанымның әлсіздігі тұлғаның ой-санасын күйзеліске ұшыратып, рухани дағдарыс пен психологиялық тұрақсыздықтың туындауына себеп туындатады. Дүниетаным құрамдастары рухани дүниетаным тармақтарын құрайды [154, 95 б.]:

Танымдық: халық орта және жоғары мектептегі білім алуын үзсе де, ұмырын іліммен арттырады. Білім құрылымы табиғаты мен мазмұнына қарай бөлінеді, соның ішінде тұрмыстық, ғылыми және діни білім кең тараған. Тұрмыстық білім адамның күнделікті өмірлік тәжірибесінде қалыптасатын, бейсаналықпен жинақталатын және тәжірибелік әрекеттерді орындауда қолданылатын білім түрі. Күнделікті тәжірибедегі тұрмыстық білім қоршаған ортамен әрекеттесуге және бейімделуге мүмкіндік береді. Алайда, мұндай білім мазмұны шашыраңқы, субъективті сипатта, дәлелділігі мен бірізділігі жеткіліксіз, қателіктер мен қарама-қайшылықтарға бейім. Ғылыми білім логикалық дәлелдер, объективті деректер және зерттеу әдістеріне негізделіп, нақтылық пен бірізділікті қамтитын, тәжірибе жүзінде тексерілген білім түрі. Білім түрі рухани дүниетанымды қалыптастыруда сенімді танымдық түпқазық қызметін атқарады. Діни білім теологиялық мәтіндер, имандылық догмалары және діни дәстүрлерге сенімді, ақиқатпен қабылданатын діни қағидаларды тану мен түсінуге бағытталады. Адамның рухани дүниетанымын дамытудағы моральдық бағдарлар мен өмірлік ұстанымдарды бекітеді.

Құндылықты-нормативтік бөлшек тұлғаның дербес құндылықтары, арман-мұраттары мен сенімдері, өзара әрекеттестікті реттейтін әлеуметтік нормалар мен мінез-құлық ережелерін қамтиды. Құрылымның тұлғаның рухани

дүниетанымын бекітудегі қызметі іс-әрекеттерге бағыт-бағдар берумен өлшенеді.

Эмоциялық-еріктік құрамдас. Азаматтар күнделікті өмірде ағзаны нығайтуда дене қозғалысының маңызы, үлкендерге құрмет көрсету талабы, жол қозғалысы ережелерін сақтау (көшені бағдаршамның жасыл жарығы жанғанда кесіп өту), сұхбаттастың сөзін бөлудің әдепке сай еместігін ұғынады. Ережелер мен ұстанымдар тұлғаның әлеуметтік тәжірибесіне айналып, мәдениеттілік, рухани кемелдену және әлеуметтік ортаға бейімделуін бейнелейді.

Тәжірибелік. Әрекеттердің жүзеге асырылу маңыздылығы және қажеттілігін ұғыну тұлғаның мақсатқа жетудегі алғашқы қадамы. Қимылдар тиісті әрекетпен ұштаспаса, адам алдына қойған мақсаттарына қол жеткізе алмайды. Сондықтан саналы әрекет пен ерік-жігерді іске қосу тұлғалық даму мен рухани кемелденудің қайнары. Дүниетанымның құрылымдық құрамдастарын көрсету шартты түрде жүзеге асады. Себебі дүниетанымның әрбір бөлігі жеке-дара қызмет ете алмайды. Элементтер өзара байланыста және тұтастықта әрекет жасаса тұлғаның рухани дүниетанымын қалыптастыруда мән иеленеді [155].

Аталған құрамдастар болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуда психологиялық негізде қызмет атқарады. Ғұмыр бойы үздіксіз ізденіс пен танымдық белсенділік болашақ мұғалімдердің кәсіби шеберлігін нығайтады. Танымдық компонент ұстаздар қауымының сыни ойлау дағдыларын жетілдіреді және рухани әлеміндегі бірізділікті қамтиды. Құндылықтар мен сенімдердің айқын болуы болашақ мұғалімдердің педагогикалық қызметін жинақтайды. Әлеуметтік нормалар мен мінез-құлық ережелеріне сәйкестік этикалық тұтастықты қалыптастырып, әрекеттестікте үлгі болуға мүмкіндік туғызады. Қалыптасқан моральдық ұстанымдар мен саналы эмоционалдық реакциялар болашақ мұғалімдердің мінез-құлқын тұрақтандырып, мәдени-әдептік нормаларды сақтауға жетелейді. Дене қимылдары мен қоғамдық талаптар үндестігін ұғыну рухани кемелдену ұтымдылығын дамытып, педагогикалық әрекеттердегі ерік-жігер мен ынталылықты күшейтеді. Тәжірибеге бағдарлану болашақ мұғалімдердің кәсіби іс-әрекетінен бастап рухани дүниетанымының дамуына дейінгі әрекеттерді қозғайды. Белсенділік пен мақсатқа ұмтылыс педагогикалық тәжірибеде ерік-жігерін іске асыруына жәрдемдеседі.

Дүниетанымның психологиялық портреті нышандарына жатады: 1) мағыналылық және ғылыми негізділік; 2) құрылымдылық пен үйлесімділік; 3) қисындылық пен бірізділік; 4) ортақ сатылану; 5) қылық пен қимылдар әрекеттестігі [156, 833 б.]. Мағыналылық пен ғылыми негізділік болашақ мұғалімдердің кәсіби іс-әрекетін ақпараттың рационалдық іргесіне сүйенуге бағыттайды. Құрылымдылық пен үйлесімділік пәндік материалдар мен оқу процесін жоспарлауға көмектеседі. Қисындылық пен бірізділік педагогикалық үдерістегі логикалық аргументация мен сабақтастықты қамтамасыз етеді. Ортақ сатылану білім беруге тән этикалық-эстетикалық және мәдени құндылықтарды ұстануға кепілдік береді. Қылық пен қимылдар әрекеттестігі болашақ

мұғалімдердің ішкі рухани мотивациясын сыртқы бедел мен іс-әрекетпен үйлестіреді.

Тұлға дүниетанымының төрт аспектісін рухани дүниетанымды дамытудың әлеуметтік алғышарттарында белгілейміз: «Мағыналық аспектісі дүниеде әрекеттенетін тұлғалық заңдылықтары айқын саналы және астарлы жиынтығында аңғарылады. Құндылықтар аспектісі дүниенің болмыс-бітімін табиғи эволюциямен және дамуға бағытталған идеалдық арман мен мұраттарды жеткізеді. Құрылымдық аспект дербес дүниетанымдық пайымдауларды психологиялық жүйелеу мен ұйымдастырудың ерекшеліктерін сипаттайды. Функционалдық аспект шынайылық және әрекеттерді мойындау мен түсінудегі адамның дүниетанымдық құрылымының деңгейі мен қимылдарын айқындайды [157, 173 б.].

Қазіргі таңда білім алушылар әлеуметтік қатынастарда зияткерлік, ерік-жігерлік және соматикалық құндылықтарды мәнді санайды [158, 107-111 бб.]. Білімгерлер қабылдауындағы зияткерлік, өжеттік, жігерлілік, табыстылық және нәтижеліліктің биік көлеміне шоғырлану дене қуатының жоғары деңгейі мен көрікті тұлға сапалық көрсеткіштерге бет бұрды. Мәртебелік жүйеде ибалылық, төзімділік және бірлескен уайым қабілеттері әсершіл, адамгершілік құндылықтар басымдықтары қатарында соңғы орынға ие. Болашақ мұғалімдерде әдеп және әлеуметтік құндылықтардың теріс трансформациясы білінеді [159, 151 б.]. А.Г. Хентоненнің алаңдаушылығы дәлелденген және қисынды. Келешек буын көзқарастарында әлеуметтік құндылықтардың әлсіреуі елдің тұрақты дамуына жетелейді. Алдын алу шараларында жастардың рухани дүниетанымына назар аудару байыпты әрі жауапты қадам.

Әлеуметтік жүйенің құлдырауы санадағы тоқырауды баяндауға мәжбүрлейді. Парасаттылық, сенімділік, креативтілік және ынтызарлық құбылыстарына қарсы тұратын интерпретациялар дәстүрлі түсіндірмелерді мақұлдамайды. Ашық ойлау, жетістікке жету және тиімділікке ұмтылу прагматикалық бағдарлары басымдыққа ие болғанымен, орнын әсіреленген тойымсыздық, тұтынушылық, биліккұмарлық пен кеудемсоқтық құндылықтары басты [160, 13-14 бб.]. Әлбетте, прагматикалық құндылықтармен әрекеттесетін тұлғалар қоғамның тиімді жұмыс істеуі мен дамуындағы әлеуметтік ресурс. Алайда, әрекеттерде жеке мүддені шектен тыс көздеуге жол беру орынсыз. Тұлғаның рухани дүниетаным деңгейінің жеткіліксіздігі адамгершілік құндылықтарына қайшы келетін әрекеттерге ұмтылдырады.

И.Э. Ярмакеев педагогикадағы оқытудың дүниетанымдық әлеуетіне тән өзгешеліктерін айқындап, бекітілген болашақ мұғалімдердің кәсіби-педагогикалық дүниетанымын жетілдіретін бірқатар жүктемелер әлеуметтік алғышарттарды айқындайды [161, 215-216 бб.]:

- болашақ мұғалімдердің педагогикалық ғылымдардың гуманитарлық және антропологиялық түсіндірмелері, осы заманғы қоғамның әлеуметтік-мәдени трансформациясындағы орны, білім берудің дамуы мен тәжірибелік қызметті сезінуі;

- болашақ мұғалімдердің базалық педагогикалық категориялардағы әлеуметтік-мәдени және гуманистік мазмұндары, педагогикалық процесс, құбылыстарды ізгілендіру мен демократияландырудағы бетбұрыстарды аңғаруы;

- болашақ мұғалімдердің білімнің әлеуметтік-мәдени мәнін қоғамдық құбылыс және әлеуметтік өмірдегі қайталанбас түрі, тарихи белгісі, мәдени және қайта өзгерістерді жеделдетудегі адам мен қоғамның орнықтылығы мен тұрақтылығын орнату миссиясын сезінуі;

- болашақ мұғалімдердің білімнің диалектикалық мәнінің педагогикалық жүйесі, тәрбие мен оқытудың біртұтас педагогикалық үрдісі, білім беруде өрбитін тұлғаның құндылықтарды иелену нәтижесін байқауы;

- болашақ мұғалімдердің қазіргі білім берудің ізгілікті және гуманитарлық мінезі, дамушы тұлғаның сұраныстары мен мүдделерін қанағаттандыру талпынысын сезінуі;

- болашақ мұғалімдердің бірізді мәдени қайта құрулары мен білім алушылар тұлғасын дамытатын білім берудің гуманистік, аксиологиялық және мәдениеттанулық беталыстары мен келешегі түсінігін құрылымдау;

- болашақ мұғалімдердің педагогикалық кәсіпті меңгеру тәсілдеріндегі ғылым мен практиканың диалектикалық келісімі мен ықпалын түсінуі, ғылыми және тәжірибелік қызмет үйлесімділігін сезінуі;

- болашақ мұғалімдердің педагогиканың өзге ғылымдармен, әсіресе, философия, әлеуметтану, этика, эстетика, физиология және психологиямен әдіснамалық, теориялық, дүниетанымдық-аксиологиялық ынтымақтастығын ұғынып, мұғалімнің біртұтас кәсіби-педагогикалық дүниетанымын дамытудағы ерекшелігін сезінуі;

- болашақ мұғалімдердің қазіргі ұстаз педагогикалық кәсібіндегі ғылыми, нақты реттелген мазмұны, салиқалы теориялық-әдістемелік әзірлік, ықтиярымен ынталы кәсіби білім алу зәрулігін қабылдауы;

- болашақ мұғалімдердің теориялық білімдерді шынайы және бірқалыпты, келешектегі педагогикалық кәсіпті сәтті орындауда әдістемелік мәдениетті кезектілікпен меңгеру мұқтаждығын ұғынуы.

1.1.3 Рухани дүниетанымды дамытудың психологиялық-педагогикалық алғышарттары

Психологиялық-педагогикалық алғышарттар болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың бағыт-бағдарын айқындап, тиімділігін бекітеді. Алғышарттар ұғымдық-терминологиялық аппаратының нақтылығын, руханилық пен дүниетаным концепттерінің мәнін, білім беру ортасы және оқыту әдістемесінің әлеуетін қарастырады. Осылайша, зерттеу пәнінің шеңберінде педагогика және психология салаларындағы теориялық көзқарастар мен тәжірибелік түсініктерді біріктіріп, болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын жоспарлы дамытудың тұғыры бекітіледі.

Заманауи теорияда «рухани дүниетаным» дефинициясына түрлі көзқарастар бар. Категория философия ғылымдарында кешенді зерттелгенімен, қазіргі таңда педагогика және психология ғылымдарында ерекше мән беріліп

келеді. Өйткені ғылыми әдебиеттерде осы уақытқа дейін рухани дүниетанымның нақты түсініктері берілмеген [162, 95-98 бб.].

Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың психологиялық-педагогикалық алғышарттарын айқындауда ұғымдық-терминологиялық аппаратын талдауымыз тиіс. Рухани дүниетаным концептісін анықтауда «рух», «руханилық/руханият» және «дүниетаным» түсініктерінің мән-мағынасын белгілеген абзал. Айталық, руханилық категориясының әлі де біржақты анықтамасы жоқ [163]. Рухани өлшем күрделі мәнге ие болғанымен, ғылымда руханилықтың бірізді және жалпыға ортақ беделді анықтамасы пісіп-жетілмеген [164].

Мәселе төңірегінде танымал халықаралық және отандық сөздіктер мен энциклопедиялар не дейді? Анықтамаларды екі қосымшада (Қосымша А, Қосымша Ә) жүйелейміз. Талдау анықтағандай, танымал сөздіктерде «рухани дүниетанымға» жеке анықтама берілмейді. Ұғымдарды сұрыптауда рухани дүниетанымды адам санасы, қоршаған әлем және өз орны көзқарастарын айқындайтын кешенді ұғым ретінде қарастыруға болады.

Философия ғылымдарындағы отандық зерттеушілердің дүниетаным туралы көзқарастарын талдау ұғымның мәнін ашуға елеулі үлес қосады. 2013 жылдың 27-28 қыркүйегі аралығында ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты «Қазіргі әлемдегі философия: даму стратегиялары» тақырыбында I Қазақстандық философиялық Конгресс өткізді. Конгресте ғалымдар дүниетаным, рухани диниетаным түйіндерін талдады. Конгресс материалдарынан [165] отандық ғалымдардың дүниетаным туралы пікірлерін кездестіреміз (Қосымша Б).

Педагогика және психология ғылымдары ұстанымында дүниетаным адамның рухани даму деңгейі мен тұлғалық қалыптасу үдерісінің көрсеткіші. Рухани дүниетаным категориясын осы шеңберде айқындаған тиімдірек. Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамыту мақсатында, олардың дүниетанымының мазмұны мен бағытын анықтау ғылыми-әдіснамалық алғышарт. Студенттердің рухани көзқарастарын білу қандай бағытта жұмыс жасайтындығымызды белгілейді. Білімгерлер дүниетанымдық көзқарастарын қалыптастыруда әлем мен дүние түсініктерін айқындап, зерделеуі тиіс. Процесс рухани дүниетанымды дамытудың арқауы [149, 167-170 бб.].

А.С. Панарин ұжым мүддесімен санаспайтын, оңашалықты қалайтын заманауи адамға сипаттама ұсынады: «шынайылық қақтығысына шыдауда нәзік және жүйкесі тозған, «мәңгілік балалық шақ» виртуалды-наркотиктік әлеміне көшу, «бәрі рұқсат етілетін» супермен түйсігін ұстануды көздейді. Осы супермендер қоғамда жөн сілтеушілер болса, соңғысы нео пұтқа табынушы, милитаристік, фашистік келбет иеленеді» [166, 546-547 бб.].

Зерттеуші ұстанымдарымен қоғамда орын алған әлеуметтік ахуалдарды талдау және себеп-салдарын түсіндіреміз. Қазіргі жас ұрпақ қиялға берілген және психологиялық жағынан қызбалыққа көп салынады. Аталған құбылыстың пайда болуына бірнеше факторлардың әсері бар: қоршаған орта экологиясы, азық-түліктердегі консерванттар мен жасанды қоспалар, шамадан тыс көп

ақпарат және т.б. Ата-аналардың бала тәрбиесіне немқұрайлы қарауы, ретсіз баланы еркелетіп өсіруі, балаларымен жеке қатынастарының аздығы, үдеуі жалғасып жатқан виртуалды шынайылық назардан тыс қалмайды. Рухани дүниетаным дамуындағы қателіктер қоғамдық ілгерілеуді тежейді. Сондықтан болашақ мұғалімдер ата-аналармен коммуникацияны жоғарылатып, шәкірттерінің психологиялық ерекшеліктері мен ауытқулары жөнінде әңгімелесіп отыруы қажет. Сонымен қатар, қоғам мүшелері рухани дүниетанымы мен құндылықтарын арттыруға ұмтылғаны жөн.

И.Н. Степанова адамның рухани болмысын сипаттайтын адам әрекетінің бағыттарын ұсынады:

1. Адамның трансценденттік әрекетінде руханилық тегіс қамтылады. Руханилық ішкі және сыртқы дүниеге бағытталған рационалды және эмоционалды-аффективтілік, гносеологиялық-когнитивтілік пен құндылықты-мотивациялық тұстарын енгізеді.

2. Руханилық материалды мазмұнды қатыстырмай дүниені ізгілікті игерудің қорытындысы. Руханият абсолютті сыйымдылық, әмбебап алғырлық пен жаңашылдық туғызу қабілетіне ие. Демек, материалдылық адам, қоғам және табиғатты дамытады.

3. Руханилық адам субъективтілігінің арқауы. Руханилық ішкі, жеке өмірді қалыптастырады және имманентті кеңістік пен адам болмысынан көрінеді.

4. Рухани сала адамның қоғам мен дүниеге қатынасының іргесі. Адамның дүниеге көзқарасы екі түрлі түбегейлі шамалармен топтасады: адамның сыртқы субъективтіліктен бүтіндей айырылған кіршіксіз келбеті мен дүниесі. Тұжырым адам мен қоғамның күрделі кедергілерін аңғартады.

5. Рухани сала адам болмысының детерминантты-императивті компоненті. Адам болмысындағы тіршілік пен өмір сүру жай ғана қайта өсу емес. Адам өмірі шынайылықта әрекет жасайды, өзгертеді және құрады. Бірақ, адам өмірі әрекет ету, әрекетті құру болса, әрекетті басқару, бағыттау, ұйымдастыру, түзеуді қандай күш жүзеге асырады сұрағы туады. Мұндай күшке адамның рухани болмысы жатады. Рухани болмыспен сана, ойлау және рухани құндылықтар қалыптасады [167, 96 б.]. Әрекеттер бағыттары болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың психологиялық-педагогикалық алғышарттарында бірнеше аспектіні айқындайды. Руханият материалдық мазмұннан тәуелсіз ізгілікті игерудегі қоғамдық және табиғи қозғалыстарды дамытудың әмбебап және жаңашыл қозғаушы күшіне айналады. Руханилық адам субъективтілігін қалыптастырып, болашақ мұғалімдердің ішкі дүниесін туа біткен заңдылықтар мен тұлғалық мағыналармен байытады.

Рухани дүниетанымды жиынтықталған жүйешік аясында қарасақ, құбылысқа қоршаған ортадағы түрлі факторлар қозғау салады. Тармаққа адам әрекетінен бастап, түрлі рухани ізденістер, алған білім әсер береді. Адамзат құндылықтарының орны да оқшау. Ғылыми әдебиеттерді шолуда байқайтымыз, қыруар еңбектерде рухани құндылықтарға жатады: жақсылық, әсемдік, ақиқат, өнер, шығармашылық, сүйіспеншілік. Аталмыш рухани құндылықтар адамның

рухани дүниетанымындағы дербес өңдеулерден өтеді. Процесс сана мен ойлау қабілетімен рухани дүниетанымды қалыптастырады. Түрлі факторлардан пайда болған рухани дүниетаным болашақ мұғалімдердің көзқарастары мен пікірлерінде нақтыланады [150, 209-210 бб.].

В. Франкл бағамдауынша, руханилық пенденің шектеулі сипаттамасы емес, стандарттан тыс нышаны. Руханилық тұлға қатынасы мен өмірлік оқиғаларда бейнеленеді. Әлеуметтік тіршілік иесі жаратылысынан «ұғыну мен ынтық болу, бейнесін таныту, ерікті қол үзуге» бейім. Ар-ождан руханилық және құндылық бағыттарының басты эпизоды [168, 100 б.]. Сондықтан болашақ мұғалімдердің мағына ізденісіндегі рухани дүниетанымы біліммен бірге, білім әлеуетін жемісті қолдана білуінде жатыр. Мұғалімнің қоғамдық өмірдегі құндылығы кәсіби және адамгершілік жауапкершілігін сезінуімен пара-пар.

Ғылыми әдебиеттерде мұғалімдердің кәсіби сапалық белгілеріне назар аударылады [169, 312-316 бб.]. Ұстаз балалар ұжымын ұйымдастыру, оқушыларды түсіну, жұмысқа шығармашылықпен қарау, мазмұнды және анық сөйлеуді игеру, педагогикалық әдеп дағдыларын меңгереді. Мінсіз мұғалім адамгершілік (ұқыптылық, бауырмалдық, ашықтық, адалдық), зияткерлік (эрудициялық, ақыл-ой, тапқырлық, білуге құмарлық, оқуға сүйіспеншілік, креативтілік), еріктік (ұстамдылық, табандылық, бастамашылдық, тәртіптілік), коммуникативтік (көпшілдік, жарқын жүзділік, оптимистік), сапалық белгілер мен дидактикалық икемділікпен (материалды түсіндіру, білім беру, жеке тіл табыса білу ептілігі) үндеседі [170, 96 б.]. Мінсіз мұғалімнің кәсіби және адамгершілік қасиеттері болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымының дамуында шешуші қызмет атқарады. Ұстаз кәсіби сапалық белгілер мен дидактикалық қабілеттерді қатаң ұстанғанда педагогикалық жетістікке қол жеткізеді.

Г.Е. Пазекованың айтуынша, Кеңес үкіметі тұсындағы идеологиялық бақылау тұлғаның рухани феноменін психологиялық зерттеуге кедергі келтірген. Зерттеуші «Сананы болмыс билейді» тұжырымы болмыс пен сананың байланысын толық ашпайды деп санайды. Өйткені көзқарас болмыстың санаға кері әсер ету мүмкіндігін назардан тыс қалдырады [171, 77 б.]. Зерттеуде сарапталған рухани болмыс категориясы рухани дүниетаным анықтамаларын құрылымдайды [171, 78-79 бб.]:

«М.М. Бахтин өмір болмысындағы үш мағынаның біртұтастығын атайды: экзистенциялық жағдайдағы болмыс қатысушысының ойлауы, эстетикалық бейнесінің көркемдігі және адамгершілік жауапкершілік. «Дене» индивидтің кеңістік өлшемі, «жан» уақытша өлшем, «рух» мағыналық өлшем. Руханилыққа өзін-өзі жетілдіру, әрекетте шеберлік таныту, таным, адамгершілік және икемділік кіреді. С.Н. Анисимовтың ойлауынша, руханилықтың ішкі мазмұны шынайы моральдық танымды құрады, рухани-адамгершілік сезім сыртқы нышанға жатады. Ю.Г. Буртин руханилықты эмоциялар әлемімен шектесе, рухсыздықты эмоциялық сезімталдық шегінің төмендеуі, сезімсіздік, немқұрайлылықпен байланыстырады. П. Симонов руханилық санадағы «өзге Меннің», яғни, әлемдік құндылықтар өлшеміндегі идеалдылық пен байлық, өзін

төбе санап, осы өлшемдермен ара-қатынастарын тоғыстырады. Руханилық діни және зайырлы түсіндірмелерде дербестендірілген құндылықтар мазмұнын көрсететін «өзге Меннің» бірегейлігі, тұлғаның өзіндік рефлексиясы.

У. Джемс діни қобалжу мен психология байланыстарын анықтауға тырысты. Жетекші тезис: адамның Құдаймен қатынасы түпсаналы тәжірибе деңгейлеріне сүйенеді. К. Юнг «Менді» түсінік шегінен шығып, болмысты көрсететін конструктпен бағалайды. Тең өлшемде «Біздің ішіміздегі Құдай» аталады, жоғарғы ең соңғы мақсат оған ұмтылудан тұрады». М. Боуэн Ішкі Меннің (тұлғалық-орталықтанған тәсілдің рухани аспектілері) сақталғанын түсіндіреді. Ғалымның дәйектеуінше, ақыл-ес шегінен шығатын данышпандық пен білімнің қайнар көзі. Б. Браун ақыл-ойдың материалды субстраттар өндірісінен тәуелсіз дәрежесіне ие энергетикалық болмысы болжамын жеткізеді. Демек, 1) білім мен данышпан қайнар көзі өз ішімізде; 2) ақыл-ой шегінен трансцендентті; 3) қайнар көзге тәжірибенің қол жетімділігі айқындалады.

А.И. Яценко рухани әлемді үш салаға жіктейді: сезімдер әлемі, еріктер әлемі және ойлар әлемі. В.Н. Шердаков руханилықтың үш бастауын мәлімдейді: танымдық, адамгершілік және эстетикалық. Д.И. Дубровский адамның рухани өмірінің бес компоненттерін қарастырады: құндылықтық-мағыналық, интуитивтік, эмоционалдық, мақсатты және еріктік. М.С. Каган рухани әрекеттің төрт аспектісін түйіндейді: шынайылық, таным, құндылықты ұғыну мен қатынасудың өзгеруі».

Ғалым руханилықтың жеті элементін дәлелдейді: «1) жақсылық пен махаббат адамгершілікте бекітілетін моральдық-психологиялық сапа; 2) ойлар мен әрекеттер руханилығына тән идеялық-эмоциялық асқақтық, жаңашылдық, жақсылық және үдемелілікке талпынушылық; 3) әсемдікті түсіну және сезіну; 4) ар-ұждан, ұятты сезіну, өзінің және қоршаған адамдар алдында мінез-құлқының адамгершілік жауапкершілігін түсіну; 5) қайырымдылық, рақымдылық, ортақ мазасындану, аяушылық, қамқорлық; 6) интеллект, ақыл-ой, білім, ғылым, шығармашылыққа ұмтылыс, ақиқатты түсіну; 7) экологиялық құрамдас» [171, 79 б.].

В.В. Знаков пен Г.В. Залевский [172] редакциялауымен жарық көрген еңбекте баяндалғандай, психологиялық зерттеулерде руханилық адамның өзін-өзі жетілдіру және орындау қағидасы, тұлғаны құрылымдаудағы құндылық сатыларына жүгіну шеңберінде қарастырылады. Құндылықтарды мойындау игіліктерді игеру дайындығы қадамы. Әрекет мінез-құлықты ішкі құндылықтармен реттеу белгісі.

Педагогикалық білім беруде руханилық адамгершілік құндылықтарын таңдау және құру қабілетімен анықталады. Түсінік адамның күнделікті өмір салтындағы қарапайым әрекеттер, рухани өзін-өзі жетілдіру және сананың шекарасын кеңейтуге бағытталған белсенді іс-әрекетінің нәтижесінде қалыптасады [173]. Руханилықтың келесі компоненттері анықталады [173, 35-36 бб.]: тұлғаның жаратылыстық белгісіндегі болмыстың жоғары және мәңгі құндылықтарымен байланысуы; өзіне, жақынына, шәкіртіне, адамзатқа,

табиғатқа махаббат; танымға талпынушылық және оқушыларды танымдық әрекеттерге қозғау; ұстаз ұмтылысы, тәрбиеленушілердің үйлесімді дамуына түрткі болу.

Зерттеуші руханилықты сипаттайтын өлшемдер мен көрсеткіштерді түсіндіреді: 1) мейірімділік, адалдық, ашықтық, жомарттық, мәрттік, батылдық, эмоциялық тұрақтылық, ұғыну, еріктік, адамдарға махаббат, аңғарымпаздық, оптимизм, көпшілдік, аяушылық білдіру, ұят (ар дауысы); 2) танымдық қозғалыстар сапасының дамуы: ойлау, жады, сөйлеу, назар аудару, елестету, қабылдау; 3) руханилық құрамдасы жасампаз шығармашылық әрекетке мұқтаждық; қолайлы шығармашылық көңіл-күй: шабыт, қызығушылықтар кеңдігі, жұмысқа әуестік, берілгендік, ойдың саралығы, ізденістегі белсенділік, қуаныш-шаттық, бақытты сезіну, дұрыс энергетикалық әлеует; 4) ішкі еркіндік: қорқыныштан еркіндік, қоғам қойған талаптар, жұмыс пен оқудың міндеттерін саналы және ерікті орындау; ішкі дүниені өзгеріссіз қабылдау; тәрбиеленушілермен әрекеттерде шиеленіс, айыптаудың болмауы, ішкі мәселелер себептерін өзінен іздеу, табиғат (Құдай) заңдарымен өмір сүру, адамға қызмет жасау; 5) тәрбиеленушілермен байытылатын, дамытатын әрекеттерде көрінетін дұрыс мағына; 6) жеткілікті ақыл-ой және физикалық еңбекке қабілеттілік; 7) кәсіби педагогикалық қызметке қызығушылық: танымдық және тәрбие процестері, пәндік даярлық; 8) жеке мүддесіне ғана емес, басқалармен өмір сүруге ұмтылыс; 9) адам (тәрбиеленуші), дүние, табиғатқа гуманизм.

Автор ұстаз руханилығы дене құштарлығы (қарсы тұру, өзіне бағындыру, басқара білу) мен жан талаптары, ынтықтық, бейімдік, ниеттіліктен (жеке «Менге» қарсы тұрудан маңызды іске ұмтылу) еркіндік дәрежесімен өлшенетіндігін айтады. Ұстаз руханилығы жақсылық пен жамандық, қайырымдылық пен немқұрайлылық, ақиқат пен жалған, жеке мен әлеуметтікті таңдайды. Руханилықтың даму дәрежесін педагогтар мен психологтар келесі көрсеткіштердің орын алуымен (орын алмауы) анықтайды [173, 38 б.]: тіршілікке махаббатын көрсету мұқтаждығы (жақындар; тәрбиеленушілер; бөгделер; сізге қастық жасаған адамдар; табиғат; жануарлар); басқалар махаббатының өскенін сезіну; күлімсіреу, ізгі ниеттілік; тұрмыстың әрбір мезеті, тәрбиеленушілер жетістігіне қуана білу; табиғат пен адаммен бірлесуден қанағаттанушылық сезімі; тәрбиеленушілерді бағалау мұқтаждығы, дұрыс жақтарын байқау, алғыс білдіру, жетістіктерін мақтау, өзін-өзі дамытуды алға жылжыту; балаларды боямасыз қабылдау және жақсы қатынаста болу; шиеленіске ықыластың болмауы; өзгелер әрекеттерін талқылау қызығушылығының жетіспеушілігі; адамдарды айыптау қызығушылығының тапшылығы; өз-өзіне жеткіліктілік, сыртқы ахуалдар, адамдардан тәуелсіздік; қорқыныш, өткеннің тәжірибесі мен бөгде адамдар ақылымен емес, дербес қағидаларымен ойлану және әрекет жасау; айналадағылар, тәрбиеленушілерді кешіру ықыласы мен ептілігі; реніш, қызғаныш, қастық белгілерінің тәрбиеленушілерге жоқтығы. Автордың пайымдауынша, оқу орындарында руханилық түсініктерін үйрету білім берумен үндеседі.

В.А. Кротюк пен С.Г. Малярчук [174, 63-64 бб.] руханилыққа тәрбиелеудің мына түйіндерін айқындайды: 1) адамның әлеуметтік жаратылысының қалыптасуы, биік парасаттылық деңгейіне көтерілуі рухани сезім мен адамгершілікке тәрбиелейді. Адамгершілік қоғамдық-тарихи қағидалар мен құндылықтар, қауымдастықтың бағалауына бағытталуды көздейді. Адамгершілікке тәрбиелеу міндеті берілген қоғамда қабылданған қағидалар мен ережелерді ұстанумен өмір сүруге үйрету, яғни әлеуметке бейімдеумен ұштасады; 2) ақыл-ой тәрбиесі: ойлау, танымдық қабілетті дамыту, логикалық тәсілдер, ғылыми таным әдістерін игеру. Ой өзін, ортаны, дүниені жандандыру мен үйлесімділікке бағыттау, жоюдың күші. Сондықтан әрбір адам жеке ойлары, сөздері, әрекеттеріне жауаптылықты сезініп, интеллектуалды дамудың жоғары деңгейіне мұқтаж; 3) ерік тәрбиесі (адамның мінез-құлқы мен әрекетін реттеу). Жоғары межедегі ерік рухани мақсаттар, наным мен идеалдарда байқалады. Ол екі бағытқа ие: сыртқы өмір, табысқа жету және тосқауылдарды еңсеру; ішкі өмір, өзіндік тәртіп, өзін-өзі ұстай білу. Күшті ерік сананың даму деңгейі, қоршаған дүниені түсіну, дұрыс қатынас пен бағдарлану нәтижесі; 4) еңбек пен шығармашылыққа сүйіспеншілік тәрбиесі. Еңбек және талпыныс жоғарылығы шығармашылықтан қашатын адамды өзінің дамуына қарсы жаққа бағыттайды, яғни таза биологиялық жаратылысқа бұрады; 5) саналы өмір сүру мен моральдық заңдармен әрекет ету тәрбиесі. Этика қағидаларын сақтау ішкі өзін-өзі жетілдірумен қатар, әлеуметтің басқа мүшелерімен бірге үйлесімді өмір сүруге қозғау салады. Объективті қызығушылық руханилыққа ұмтылыс және қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

Руханилыққа тәрбиелеудің ұсынылған құрамдастары өмірде рухани дүниетанымды дамыту құралдарымен іске асады. Құралдарды екіге бөлеміз: тікелей, дербес рухани белсенділік есебінен қабылданады; жанама, түпкі сана мен дербес қосымша қайта ойлаумен қабылданады. Рухани дүниетаным құралдарының элементтері болашақ мұғалімдердің өмірлік тәжірибесіндегі мән-мағына ізденісін сергітеді. Бір бөлігі индивидуалды бастаманы күшейтіп, дербес әрекет етуге бағытталса, екіншісі когнитивтік талдаумен ішкі бағдарларды қайта қарастырады. Амалдар адамгершілікті нығайтып, тұлғаның өз-өзімен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіреді. Модель қоғам мен жеке тұлғаның әрекеттестігін үйлестіріп, құндылықтардың дамуын жеделдетеді. Нәтижесінде әдістер жиынтығы субъектінің ішкі түйсігі мен сыртқы қарым-қатынас сапасын біртұтас жүйеде қалыптастырады.

Психологиялық-педагогикалық алғышарттар болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуда ұғымдардың анықтығын түсінуден бастап, жеке тұлғаның ішкі сезімдері мен кәсіби дағдыларын ұйыстыруға дейінгі кең ауқымды аспектілерді қамтиды. Элементтер біртұтастықта әрекеттесіп, оқыту процесіндегі дидактикалық және тәрбиелік үйлесімділікті күшейтеді.

1.1.4 Рухани дүниетанымды дамытудың басқару-ұйымдастырушылық алғышарттары

Әлеуметтік кеңістіктегі құбылыстарды түсіну болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың басқару-ұйымдастырушылық

алғышарттарын реттейді. Басқару мен ұйымдастыру рухани дүниетанымның дамуын биіктеді. Сондықтан білімгерлер ой-өрісін дамытуда басқару-ұйымдастырушылық алғышарттардан тысқары қалмағаны дұрыс. Ғылыми-теориялық тұрғыдан алғанда, рухани дүниетаным адамзат санасы мен танымының өнімі. Рухани дүниетаным санадан туындаған ой, ілімдер мен білім, сенім мен пікір, сезім мен көңіл-күй, ұмтылыс пен үміттер жиынтығы. Құбылыс тұлғаның дүние мен өзін-өзі танудағы бейнесін қалыптастырады, ішкі әлемінде бекітілген рухани дүниетанымының мазмұнын айқындайды. Сонымен бірге, рухани дүниетаным өмірлік және дүниетанымдық қатынас белгілерінде білініп, болашақ мұғалімдер рухани тәрбиесінде орнығады. Басқару-ұйымдастырушылық деңгейдегі тұжырымдар болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуға міндетті алғышарттар ұйымдастырушылық құрылым тұтастығы, білім беру бағдарламасының мазмұндық үйлесімділігі және педагогикалық процестің ақпараттық-коммуникативтік қамтамасыз етілуін анықтауға шарт жасайды.

М. Фуко руханилықтың кемелденуін шеберлікпен ұштастырып, ақиқатпен белгілі болатындығын айғақтайды. Зерттеуші руханилықты адамның ақиқатқа жету жолындағы өзін-өзі түрлендірумен ұғындырады. Құбылыс таным, білік және тәжірибелік дағдылармен жүзеге асады. [175, 286 б.]. Басқару-ұйымдастырушылық алғышарттарда болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуда білім беру бағдарламаларына М. Фуко ұсынған «өзін-өзі түрлендіру» және «шеберлікпен ақиқатқа жету» элементтерін енгізген жөн. Әрекет болашақ мұғалімдердің танымдық және тәжірибелік қабілеттерін біріктіріп, рухани дүниетанымды кемелдендіреді.

С.Б. Токарева руханилық мәнінің әдістемелік үлгілерін жүйелейді. Руханилық мағынасын құрылымдауда үш тәсілді белгілейді: натурализм, метафизика және рухани антропология. Бірінші тәсіл азаматтың руханиептілігіндегі антропологиялық мәнімен бейнеленеді. Екінші тәсілде адам руханилығы қайнар көзіндегі сыртқы идея баяндалады. Үшінші тәсілдегі рухани дамуға талпыныс абсолюттік, трансценденттік құндылықтарға ізденісті меңзейді. [176, 251 б.]. Аталған тәсілдер мазмұны мен педагогикалық міндеттерін нақтылау оқу бағдарламасының әдістемелік идеяларын ұйымдастыруға көмектеседі. Басқару-ұйымдастырушылық алғышарт рухани дүниетанымның антропологиялық, идеялық және абсолюттік трансценденттік компоненттерін қамтитын бірегей әдіснама құрады.

И.В. Востриковтың кандидаттық диссертациясында дүниетаным дүние, табиғат және қоғамды бірлікте, қоғамдағы адамның орны, болмыс мәні жиынтығында анықталады. Жиынтық екі міндеттен көрінеді: дүниетаным адамның өзіндік қоғамдық санасының түрі; дүниетаным әлемді рухани-тәжірибелік игеру тәсілі. Дүниетанымның басты категорияларында «әлем» мен «адам» мойындалады, дүниенің адамға қатынасы және адамның дүниедегі орнын анықтайды [177, 4 б.]. Адамның ішкі рухани дүниесінен мәдени құндылықтарды басқару, жасау, игеру, сақтау және тарату құралады. Ғалымдар пікірінше, адам рухани дүниесінің құрылымы төмендегідей: таным, жан

толғанысы, сезім және дүниетаным. Сәйкесінше, тұлғаның рухани дүниесі құрылымы бөлігінде дүниетаным бар. Білім беру ұйымдарының стратегиялық бағдарламаларында рухани дүниенің құрылымдық бөлімдерін нақты көрсетуді ұсынамыз. Оқу жоспарларына тұлғаның рухани дүниетанымын дамытуға бағытталған модульдер енгізу және сапасын бағалау критерийлерімен үздіксіз мониторинг жүргізуге болады.

А.Г. Заховаеваның тұжырымдамасы болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың басқару-ұйымдастырушылық алғышарттарын нақтылайды: «Фәлсафадағы тәрбие мен білім мақсатында мынадай сұрақ туындайды: сауаттылық мәніне қарай қандай болуы керек, білім идеясы қандай? Тұлға ядросындағы білім изгілік мағыналарын иеленетін оқыту әрекеті тәсілдерінің тұтастығына шақырады. Сонымен қатар, адамның әлеуметтік ортаға икемділігін көрсететін тәрбие адам қасиеттерін ояту, «жанды өңдеу», изгілендірумен түсіндірген жөн. Тәсіл табысы адам руханилығы, шынайы табиғаты шыңына өрлеуіне жол ашады. Руханилық тұлға біртұтастығын қалыптастыратын тірек» [178, 111 б.]. Кешенді педагогикалық тәсілдер болашақ мұғалімдер дамуындағы ұйымдастырушылық әрекетті құрайды. Дербестікке адамгершілік құндылықтарын сіңіру тәрбиенің бірнеше әдістемелік амалдарын үйлестіреді. Әлеуметтік ортаға бейімделу дағдыларын дамыту мен ішкі әлеуетті арттыру тұлғалық дамуды жеделдетеді. Бағдарламалық мазмұнға этикалық компоненттерді енгізу педагогикалық кадрларды дайындауда шешуші рөл атқарады. Ұсынымдар басқару деңгейіндегі ұйымдастыру тетіктерін жаңарту мен қолдауды нығайтады.

С.П. Штумпф [179] пікірінше, руханилық адам өмірінде мақсат, мағыналар құрып, шығармашылық міндеттерін қалыптастырады. Адам санасы жігер мен ерікпен дамитын психологиялық қабілет. Нәтижесінде сана шекарасының кеңеюі және өмірді зерделі түйсіну жүзеге асады. Білім беру менеджментінде дербес шығармашылық мәнін иргелендіруде ақпараттандыру мен интеллектуалдық ізденіс платформаларын енгізу сана өрісінің қозғаушы күштерін нығайтып, болашақ мұғалімдердің қабылдау қабілетін кеңейтеді.

М.П. Данилкованың байқауынша, кемшіліксіз қоғам адамзаттың теңгерімді дамуы мен тәрбиесін құруға тырысқанымен, иргетас этикалық және рухани элементтермен қалыптасады. Тұлғаның жаңа құндылықтары факторларына рухани әрекет, адамгершілік идеалдары мен мұқтаждықтары жатады. Тұлға құндылықтары мәдениет пен мінез-құлық әдеттерінен көрінеді. Шынайы адами құндылықтар рухани байлық әлеміндегі бағалаулардың адамгершілік санасы мен мінез-құлқын құрады [180, 59 б.]. Ұйымдастырушылық тәжірибеде ортақ тәртіптер мен нормаларды бекіту әлеуметтік өзара әрекеттестікті орнықтырып, рухани құндылықтарды ұжымдық психологияда тұрақтандыратын алғышарттарды басқарады.

Н.М. Борытко [181] еңбегінде руханилық өмір сүрудегі мағына ізденісінде дербес мақсат пен құндылықтарды асқақтату ұмтылысымен түсіндіріледі. Зерттеушінің пайымдауынша, руханилық мінездің күш-қайраты және адамгершілік қағидаларымен жүру, адамның өмірде толықтай қалыптасып

танылуына септігін тигізетін ішкі еріктік арқау. Руханилық адамның ұйымдастырушылық сипатындағы рухани дүниетаныммен әрекеттерін анықтайтын және тұлғалық дамуын қалыптастыратын құбылыс. Демек, басқарудағы ішкі ынталандыру элементтерін ескеріп, болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуды қолдайтын мотивациялық модельдер инновациялық белсенділікті серпілтіп, үздіксіз даму ортасын құрады.

Л.П. Литвиновтың пікірінше: «Болашақ мамандардың дүниетанымдық құлшынысын бекіту қоғамдағы ахуал күмәнділігі мызғымастығынан өрбитін лауазым беделдігінің әлсіреуі, әлеуметтік қорғау берік тетіктерінің жетіспеушілігі күрделіліктерге жеткізеді. Моральдық-психологиялық жағдай төмендейді, қызметтік міндеттерді парасатты, үздік орындаудың мотивациясы құлдырайды... ...Айқындалған дүниетанымдық құлшыныс күштерді қолдануды басқару, кәсіби топтар құндылықтары, ниеттер, үлгілер, нормалар мен стандарттар мұқтаждықтарын байыптау және меңгеру, халық шаруашылығындағы әлеуметтік және мемлекеттік міндеттердің моральдық-психологиялық және еңбекке дайындығы, кәсіби өзін-өзі айқындау нығаяды. Білімгерлердің экономикалық, рухани-этикалық өрлеуі танымдық және физикалық қимыл дамуынан шегінсе де, келешек кәсіби функциясы, мамандығын дербес ұмтылысын қанағаттандырудан бөлек, қоғам мен Отан мүддесіне қызметті ақылмен қабылдайды» [182]. Сондықтан болашақ мұғалімдер кәсіби мамандығының әсіре жанкүйері болса да, басқарушылық және ұйымдастырушылық көзқарастарда кәсібінің жемісін де көруі керек.

1.1.5 Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастыратын және дамытатын факторлар

Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамыту түрлі факторлардан тұрады. Күрделі диалектикалық мән факторларды талдаудың көптеген қырларын айқындайды. Факторларды анықтау болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытумен қатар, жетілдіру жолдарын ұсынады. Дүниені өзгертуге мүмкіндігі бар және рухани күшке ие болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымы құндылықтар түсініктерін жаңғыртады.

Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымының дамуына объективті, субъективті және әлеуметтік факторлар ықпал жасайды. Объективті факторлар тұлға, әлеуметтік топ, қоғам әрекетіне бағынбайтын табиғат пен қоғамның қозғаушы күштері. Аталған күштер құбылыс пен үрдістердің объективті мәні мен заңдылықтарын айқындайды. Субъективті фактор қоршаған ортаны өзгертуге бағытталған тұлға, әлеуметтік топ, қоғам әрекетінің көрсеткіші. Фактор дамудың субъективті жақтарына назар аударатындықтан, барлық әлеуметтік институттар қоғамдық қатынастарға сай келетін, көпқырлы және үйлесімді дамыған тұлғаны дамытуды көздейді. Болашақ мұғалімдер даярланатын жоғары оқу орны студенттердің қызметін жүргізуде білікті маман болуымен қатар, тиімді қызмет атқаруға да үйретеді.

Объективті және субъективті факторлар әрекеті тығыз ықпалдастықта жүзеге асады. Қызмет пен әрекет қағидаларындағы факторларды қозғаушы күш және жетілуіне серпін беретін тетік аясында қарастырамыз. Тәжірибеде игеру

мен жүзеге асыру тұлға танымын арттыратындықтан субъективті факторға айналады. Мәселен, студенттерге ұсынылатын оқу материалдары объективті фактор жемісі болса, студенттердің игеруі мен тәжірибеде қолдануы субъективті факторларға ауысады. Сондықтан объективті және субъективті факторлардағы алмасу тұрақты түрде жүреді. Тұжырымдарға сәйкес төмендегідей шешімге келеміз: объективті факторлар тұлға, әлеуметтік топ, қоғам әрекетіне бағынбайды, тұлға санасы мен мінез-құлқы еркін болса да түйінді қозғаушы күш. Субъективті факторлар объективті факторлардан өрбитін салдармен өзгереді және жаңарады.

Әлеуметтік факторлар қоғамның материалдық және рухани қозғаушы күштерін жиынтықтап, екі фактордан өрбіген салдар тиімділігі мен үдемелілігін дамытады. Әлеуметтік факторлардың ішкі қырларына өзін-өзін тәрбиелеу, қоғаммен байланыстан туатын тұлға белсенділігі жатады. Факторлардың сыртқы келбетіне педагогикалық мәселелерден туындайтын тәрбие мен қоршаған орта қалыптастырған мінез-құлық ерекшеліктері кіреді.

Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың алғышарттары аясында рухани дүниетанымды қалыптастыратын және дамытатын факторларды айқындау өзекті. Сондықтан болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастыратын 18 және дамытатын 13 факторлардың педагогикалық процестегі рөлі анықталды. Бір фактор түрлі функциялар атқара береді. Рухани дүниетанымды қалыптастыратын мен дамытатын факторлар саны теориялық зерттеулер мен эмпирикалық деректер нәтижесі. Әрбір фактор кездейсоқ емес, тәуелсіз педагогикалық қызмет орындайды және эксперименттік жұмыспен расталады. Ең алдымен болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастырамыз, кейін дамытуға мән береміз. Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастыруға ықпал жасайтын факторлар алғашқы қалыптасу шарттарын сипаттайды және негізгі мағыналарының пайда болуын қамтамасыз етеді. Дамыту факторлары білім беру және кәсіби қызметте рухани дүниетанымның тереңдетілуі, рефлексивті түсінілуі және тұрақты көрініс табу шарттарын нақтылайды. Қалыптастыру факторлары «рухани дүниетаным қалай пайда болады?» сұрағына, дамыту факторлары «кәсіби қызметте қалай тереңдейді және тұрақты түрде көрінеді?» сауалына жауап береді. Айқындалған факторлар академиялық журналдарда [17; 183] ғылыми тұжырымдармен дәйектеледі. Факторлар бірнеше кеңейтілген топтарға топтастырылған (1-сурет; 2-сурет). Бөлу базалық рухани негіздердің қалыптасуынан дамуына өту логикасын көрсетеді.

1-сурет. Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастыруға ықпал жасайтын факторлар (автор құрастырды)

A тобы. Тұлғалық-психологиялық/ішкі ресурстар (тұлғаның ішкі құрылымы, психологиялық ядросы және тұрақтылығына жауапты)	**B тобы. Бастаулар мен ресурстар (дамуды қамтамасыз етеді және азықтандырады: мағына бастаулары, көмек, «капитал»)**
Абсолюттік рух Рухани интеллект Рухани күш Адами рух Рухани тазару	Рухани көмек Рухани азық Рухани капитал Рухани байлық Рухани бастау, руханилықтың қайнар көзі
Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастыруға ықпал жасайтын факторлар (18)	
C тобы. Әлеуметтік-мәдени контекст (сыртқы орта, кеңістік және мәдени шарттар)	**D тобы. Даму процестері, құндылықтар негіздері және мағына (бастапқы элементтерді тұрақты мағыналар жүйесіне айналдырады)**
Рухани кеңістік Рухани әлем Рухани орта Рухани өмір	Рухани даму Рухани қажеттіліктер Рухани құндылықтар Рухани бейне

Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастыруға ықпал жасайтын факторлар тұлғалық даму мен кәсіби санасының қозғаушы күші. Факторлар тұлғаның рухани кеңістігін құруда шешуші рөл атқарып, ішкі дүниесін рухани құндылықтармен байытады. Нормативтік алғышарттар рухани дамудың құқықтық және идеологиялық негізін анықтап, білім беру үдерісіндегі мақсаттар мен құндылықтар бағдарларын белгілейді. Әлеуметтік факторлар болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қоғамдағы дәстүрлі моральдық нормалар мен қоғамдық қатынастар жүйесінде қалыптасады. Психологиялық-педагогикалық алғышарттар болашақ мұғалімдердің өзін-өзі тануы, рухани интеллектінің дамуы және тұлғалық кемелденуіне жол ашады. Басқару-ұйымдастырушылық алғышарттар білім беру ұйымының рухани орта қалыптастырудағы институционалдық мүмкіндіктерін іске асырады. Факторлар студенттердің рухани қажеттіліктерін қанағаттандырып, рухани даму түрткілерін күшейтеді және білім алудағы құндылықтар көзқарастарын орнықтырады. Рухани интеллект, рухани күш және рухани көмек сынды факторлар болашақ мұғалімдердің кәсіби-педагогикалық қызметінде құндылықтар бағдарын ұстануына алғышарт жасайды. Аталған факторлар болашақ мұғалімдердің кәсіби әлеуетін арттырумен қатар, тұлғалық рухани бейнесін қалыптастырудың іргетасы. Факторлардың ықпалдастығы мен жүйелілігі болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамыту стратегиясының мазмұндық және құрылымдық өзегін құрайды.

Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастыратын факторларға сүйеніп, рухани дүниетанымды дамытуға ықпал жасайтын факторларды анықтадық (2-сурет).

2-сурет. Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуға ықпал жасайтын факторлар (автор құрастырды)

А тобы. Жүйелік-институционалдық және мәдени-тарихи шарттар (институционализация мен мәдениет деңгейінде дамуды тереңдету және қолдауға орта жасайды) Рухани жүйе Ұлттық рух Рухани мәдениет Рухани мұра	**В тобы. Бірегейлік, мағына және түрткілер (болашақ мұғалімдердің өзін-өзі тануы, бірегейлігі және мотивациясын нығайтатын факторлар)** Рухани бірегейлік Рухани болмыс Рухани мүдде
Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуға ықпал жасайтын факторлар (13)	
С тобы. Ұлттық-мәдени-тәжірибелік компонент (құндылықтар (патриотизм, халық дәстүрлері) тәжірибелері мен әрекеттерде көрініс табатын педагогикалық дәстүрлер) Отаншылдық рух Халықтық рух Рухани әрекет	**D тобы. Тазалық, тәртіп және моральдық өзін-өзі басқару тәжірибелері (практикалық тұстары: рух тазалығы, рухани гигиена, рухани өмір салты)** Рух тазалығы Рухтың жоғарылығы Рухани денсаулық

Нормативтік алғышарттар болашақ мұғалімдерді даярлау бағдарламаларына рухани құндылықтарды енгізуді заңнамалық-тәртіптік және кәсіби стандарттар аясында бекітеді. Демек, рухани дүниетаным бағыттарын оқу жоспарлары мен әдістемелік кешендерге ресми талаппен енгізуге мүмкіндік береді. Әлеуметтік алғышарттар білім берудің әлеуметтік-мәдени ахуалы, қоғамның дәстүрлері мен тарихи құндылықтарын анықтайды. Тұрақты әлеуметтік тәжірибе мен қоғамдық қатынастар рухани құндылықтарды меңгерудің катализаторы қызметін атқарады. Психологиялық-педагогикалық алғышарттар болашақ мұғалімдердің рухани құзіреттілігін қалыптастыруға бағытталған даму тетіктері мен оқу-тәрбиелік әдістерін қамтиды. Рефлексиялық жаттығулар, диалогтық оқу және тәжірибелік іс-әрекеттер рухани өзін-өзі тану және саналы ұстанымды дамытуға жағдай жасайды. Басқару-ұйымдастырушылық алғышарттар рухани дүниетанымды дамыту мақсатындағы іс-шараларды жоспарлау мен үйлестіруге жауап береді. Басқару құрылымдары мен сапаны қамтамасыз ету процедуралары ресурстарды бөлу және бағдарламалардың тиімділігін бақылау тетіктері қалыптастырады. Нормативтік, әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық алғышарттар әрекеттестігі рухани дүниетанымды дамытуды қолдау жүйесін интеграциялайды. Жоғары білім ұйымдарындағы тиімді көшбасшылық пен бірлескен басқару тәжірибесі рухани білім инновацияларының тұрақты даму іргесін қалайды.

Қалыптастырушы факторлар құндылықтар, бастаулар және ресурстармен рухани дүниетанымның пайда болуын қамтамасыз етеді; дамытушы факторлар тұрақтылықты қамтып, бірегейлік, әрекет және мәдениетпен байланысты және іс жүзінде өмірде көрінеді. Факторлар рухани дамудың түрлі кезеңдеріндегі қызметтер айырмашылықтарын белгілейді. Қалыптастыру кезеңінде факторлар бастапқы түсінудің шарттары аясында әрекет етеді; даму кезеңіндегі факторлар рухани дүниетанымның тұрақты көрінісі тетіктерінен байқалады.

Факторлардың жіктелуі және негіздемесі В және Г қосымшаларында ұсынылған. Түсіндірмелері және дереккөздерімен қалыптастыру және дамыту факторларының мазмұндық сипаттамалары мен функционалдық айырмашылықтары көрсетіледі.

Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастыратын және дамытатын факторлары ауқымында «рухани дүниетаным» ұғымының қоғам мен оның құрылымдық жүйелеріндегі мәнді орнын анықтап көрсету орынды. Қарастырылып отырған мәселе шегінде жоғары оқу орындары, болашақ мұғалімдер, орта білім беру мекемелері мен оқушыларға өзекті тұстарын айқындауға ұмтыламыз:

1-кесте. Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымының өзектілігі (автор құрастырды)

	Жоғары оқу орындары үшін	**Болашақ мұғалімдер үшін**	**Мектеп үшін**	**Оқушылар үшін**
Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымы	Адамгершілік, зияткерлік, еріктік, пікір алмасуға көңіл бөлінетін болашақ мұғалімдерді даярлау. «Мен кіммін?», «Біз кімбіз?» сауалдарына жауап беретін болашақ мұғалімдер тәрбиелеу. Дүниетанымның танымдық, құндылықты-нормативтік, эмоциялық-еріктік, тәжірибелік құрамдастарын меңгерген болашақ мұғалімдерді оқыту. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардың әдістемелік, теориялық және дүниетанымдық-аксиологиялық байланыстарын үйрету және т.б.	Оқушылардың өмірлік көзқарастары мен ұстанымдары, ой-өрісінің кеңдігі. Оқушылар сыныпта тәртіпті және өздерін мәдениетті ұстайды. Қоршаған орта, қоғамды толық түсінеді. Заманауи мұғалімнің тәжірибелік қызметін сезінеді. Білім берумен қатар, ғылымды бірге алып жүретін маман және т.б.	Өмірге рухани көзқарастармен қарайтын оқушылар. Ізденімпаз, көп оқитын оқушылар. Қоғамға жат құндылықтарға бейімделмеген оқушылар. Жат қылықтардан аулақ, шынайылықты түсінетін оқушы. Жоғары сынып оқушыларының қылмысы мен суицидтің азаюы және т.б.	Балалық еркеліктің тыйылуы. Адамгершілік құндылықтарды түсінуі және моральдық көзқарастарының қалыптасуы. Әдеп сақтауды иеленуі. Қоршаған орта, табиғат, адам мән-мағынасын түсінуі. Сыныптағы қолайлы моральды-психологиялық ахуалдың қалыптасуы.

Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамыту әлеуметтік орта мен тұлғаның толысуындағы маңыздылығы биік алгоритм. Процесте тұлға ішкі әлемімен жұмыс жасап, рухани біліктілігін жетілдіреді. Ішкі дайындық кезеңінен соң тұлғаның өздігінен дамытудағы танымдық-бағдарлық қабілеті жүзеге асады. Сәйкесінше, рухани дүниетанымы жоғары педагогтың келешек өрендерді ізгілендірудегі рөлі айрықша бағаланады.

Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамыту алғышарттарының міндеттері мынадай: дүние, қоғам өмірі, бөгде азаматтар мен дербес өзіңді түсіну; дербес пікірлер мен талпыныстар шиеленісінің тапшылығы; оқиғаны ақиқатпен түйсіну, фантазияларға төзімділік таныту; қолданыстағы тұрмыс-тіршілік, дербес толғамдар мен эмоциялық әрекеттерді қадағалау; рухани дүниетанымның әлеуметтік орта нышандарымен жарасымдылығын тұрақтандыру; беймәлім құбылыстарға құрмет пен қоршаған орта қағидаларын санасына сіңіру.

Таным қызығушылығында болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамыту әрқилы бағыттардағы ғылыми жұмыстар мен философиялық тұжырымдарды оқытудың мәртебесі бірегей. Әлбетте, рухани дүниетаным біршама кітап оқудан тереңдей қоймайды. Рухани дүниетаным ұзақ мерзімді ішкі жұмыс пен өмірлік тәжірибемен қалыптасатын күрделі даму жолы. Болашақ мұғалімдер өзін-өзі бақылап, тиісті сала өкілдерінен кәсіби кеңес алу саналы даму мен тиімді шешім қабылдаудың маңызды шарты.

Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымы адамзаттың жалпыға ортақ құндылықтар жүйесінің құрамдасы. Болашақ мұғалімдердің дербес тұлғалық мағынасы, бүтіндігі және даралығы рухани дүниетаныммен айқындалады. Рухани және интеллектуалдық даму, тұлғалық кемелдікке көтеру және құндылықтар бағдарларының қалыптасуы болашақ мұғалімдер рухани дүниетанымының деңгейін көрсететін жетекші критерийлер. Осы себепті білім беру саласындағы ағымдағы реформалар рухани дүниетанымды жетілдіруге бағытталған ыңғайлы педагогикалық жағдайларды құруы қажет. Себебі болашақ мұғалімдердің рухани дүниесін байыту кәсіби тиімділікті арттырып қана қоймай, тұлғалық-бағдарлы оқыту ұстанымдарын нығайтады.

Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымы келесі болжамдар мен жәйттермен бөлінбес бірлікте қалыптасады: рухани тазалық, когнитивтілік, ынталылық, қарым-қатынастық бейімделгіштігі мен дидактикалық қабілеті; әлем мен болмысты қабылдауы, дүниені түсінуі және мәнін ұғынуы; ішкі жан әлемі; құндылық қасиеттері және адамгершілік жауапкершілікті сезіну; өркениет өкілдерінің басты мұқтаждықтары мен өмірлік сұраныстары; философиялық білімді меңгеру; бірегейлік түрлерін бағамдау; дүниедегі феномендер мен процестерді игеру, ғылыми және гуманистік тұрғыда жеткізу; тұлғаны шыңдау ерен және қайырлы қамқорлығын тану; рухани құндылықтармен ұстанымдар ұйыстыру; руханилық өлшемін растау; ғылыми дүниетанымды рухани дүниетаныммен жарастыру [154, 97 б.]. Берілген әрекеттер мен процестердің болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудағы миссиялары бар:

2-кесте. Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытатын әрекеттер мен процестердің миссиялары (автор құрастырды)

Рухани тазалық, когнитивтілік, ынталылық, қарым-қатынастық бейімделгіштігі мен дидактикалық қабілеті.	Жан-жақты, креативтілікке толы және адамгершілікке арқау болған педагогикалық қызмет сапасын қамтамасыз ету.
Әлем мен болмысты қабылдауы, дүниені түсінуі және мәнін ұғынуы.	Кәсіби қызметтегі көзқарастар мен құндылық бағдарларын айқындайды.
Ішкі жан әлемі.	Эмоциялық тәжірибе, ар-ұждан, рухани қажеттіліктер және өзіндік «Менін» ұғынуымен сабақтасып дамиды.
Құндылық қасиеттері және адамгершілік жауапкершілікті сезіну.	Кәсіби-этикалық ұстанымдар, қарым-қатынас мәдениеті және тәрбие беру үдерісіндегі ұстанымдарды анықтайды.
Өркениет өкілдерінің басты мұқтаждықтары мен өмірлік сұраныстары.	Әлеуметтік жауапкершілікті арттырып, тұлғалық және кәсіби қызметінде ізгілікке дәйектелген ұстанымдарды құрайды.
Философиялық білімді меңгеру.	Дүниеге біртұтас көзқараспен қарау, өмірдің мәні, құндылықтар жүйесі және адам болмысы қабаттарын ұғындырады.
Бірегейлік түрлерін бағамдау.	Этникалық, саяси, мәдени, діни, әлеуметтік және тұлғалық ерекшеліктерді түсіну төзімділік, құрметтеу және әралуандылықты бағалауға тәрбиелейді.
Дүниедегі феномендер мен процестерді игеру, ғылыми және гуманистік тұрғыда жеткізу.	Аналитикалық ойлау, дүниетанымдық көзқарасы және педагогикалық рефлексиясын дамытып, оқушыларға мазмұнды білім беруіне негіз.
Тұлғаны шыңдау ерен және қайырлы қамқорлығын тану.	Кәсіби қызметіне жауапкершілікпен қарап, әрбір оқушының дамуына қолдау көрсетуге ұмтылуын қамтамасыз етеді.
Рухани құндылықтармен ұстанымдар ұйыстыру.	Ішкі сенімдері мен адамгершілік ұстанымдарын нығайтып, педагогикалық әрекеттерінде ізгілік пен мәдени мұраны басшылыққа алады.
Руханилық өлшемін растау.	Жеке тұлғаның ішкі дүниесі, құндылық бағдарлары және адамгершілік ұстанымдарын түсіндіреді, тәрбиелік үдерісте рухани дамуды мақсатты түрде бағыттайды.
Ғылыми дүниетанымды рухани дүниетаныммен жарастыру.	Шынайылықты рационалдылықта түсіндіріп, адами құндылықтарды насихаттау, білім мен тәрбиеде үйлесімді тепе-теңдік орнатады.

Болашақ мұғалімдер дүниетанымы болмысына сай және басқа межелерде кездеспейтін жиынтық. Жиынтық жетілген сайын тұлғаның алдамшылық қасиеті секілді рухани дүниетаным да түрленеді. Мәселен, болашақ мұғалім тәжірибелік сыннан өтпесе, дүние қатынастарына сай келмейтін бейне өріс алады. Сонымен қатар, педагогикалық тәжірибе бір бағытта жүрсе, нәтижесі

басқа жолға ығысады. Сондықтан болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымы алдағы уақытта да өзектілігін жоғалтпайды. Студент жастардың рухани дүниетанымын дамыту түрлі әрекеттер мен қатынастарға белсенді қатысуды міндеттейді. Нәтижесінде болашақ мұғалімдердің тұлғалық қасиеттері дамып, мінез-құлқы өзгереді, әдептілік деңгейі қалыптасады.

Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуда келесі траекторияларда жүйелі жұмыс жүргіземіз: тұлғаның рухани дүниетанымын қамтитын, ұстаздардың рухани дүниетанымын қалыптастыру мен дамыту айырмашылықтарын ашып көрсететін арнайы оқу пәндерін құрастыру; жоғары оқу орындарындағы пәндерде білімгерлердің рухани дүниетанымы құндылықтарын байытуды көздейтін тақырыптармен байыту; мұғалімдер даярлаудағы тұлғалық-бағдарлы оқытуда рухани дүниетаным негіздеріне сүйенетін қағидалар ұстану; ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды насихаттау; рухани-адамгершілік мазмұндағы әдебиеттермен жұмыс жүргізу; рухани тәжірибе мен өзіндік рефлексияны ұйымдастыру; әлеуметтік маңызы бар жобаларға қатысуға ынталандыру; өзін-өзі тану, жетілдіруге жағдай жасау; педагогикалық этика мәселелерін талдау; толеранттылықты қалыптастыратын дінаралық сұхбатты дамыту.

Қорыта айтқанда, модульдік-бағдарламалық, әлеуметтік-когнитивтік және ұйымдастырушылық әрекеттердің кешенді үйлесімі болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын мақсатты түрде дамытуға орта қалыптастырады. Біріншіден, құқықтық-нормативтік негіздер (заңдар, мемлекеттік білім беру стандарттары, тұжырымдамалар) педагогикалық процесте рухани-адамгершілік мақсаттардың орындалуын қамтамасыз етеді. Екіншіден, әлеуметтік ортадағы рухани құндылықтар мен дәстүрлер ықпалдастығы, білім беру бағдарламаларының тұлғалық-бағдарлы сипаты мен ұстаздардың гуманистік әдіснамасы оқу-тәрбие жұмыстарын әлеуметтік мәнмен ширатады. Үшіншіден, психологиялық-педагогикалық алғышарттар ұғымдық-терминологиялық аппараттың айқындығы, білім беру ортасының қолжетімді ресурстары, оқыту формалары мен құралдарының потенциалы, болашақ мұғалімдердің танымдық, эмоционалдық және іс-әрекеттік компоненттерін дамытатын тұрақты платформаны жүйелейді. Аталған шарттар кешенді зерттеліп, біртұтас стратегиялық бағдарға біріктірілсе, жоғары білім берудегі рухани-моральдық әлеует жоғары, әлеуметтік процестерге белсенді қатысатын педагог кадрлар даярлаудың тиімділігі артады.

Алынған нәтижелер шеңберінде рухани дүниетаным түсінігіне өзіндік анықтама ұсынамыз: *Рухани дүниетаным адамның өмірлік іс-әрекеті мен мінез-құлқын идеалдық-мәдени құндылықтарға сүйеніп ұйымдастыратын, дүние, қоғам және өзін тану, түсіну, бағалау және қатысу тәсілдері мен қағидаларының біртұтас жүйесі*. Анықтаманың түп-тамырын қалыптастырды:

- идеалдық-мәдени компонент (рух пен руханилық): адамның ішкі рухани мұраты мен құндылықтары, моральдық-этикалық сенімдері, діни-мәдени дәстүрлері;

- когнитивті компонент (таным): дүниенің мәні, әлеуметтік және тарихи үдерістерін түсіну, философиялық және мәдени идеяларды ұстану;

- эмоциялық-мәртебелік компонент (бағалау): рухани-мәдени құндылықтарды ішкі бағалау, ұстанымға адалдық, мотивация;

- прагматикалық компонент (әрекет): рухани дүниетанымнан туындайтын іс-әрекеттер мен өмірлік шешімдер.

Төрт компонент өзара байланысып, тұлғаның адамгершілік, мәдени және әлеуметтік қатынастарындағы біртұтас дүниетанымдық жүйені құрайды.

1.2 Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың әдіснамалық тұғырлары

Қазіргі заманғы педагогика және психология ғылымдарында тұлғаның рухани дүниетанымын дамыту маңызды зерттеу нысанына айналып отыр. Процесс болашақ мұғалімдерді даярлауда көкейкестілікке ие. Себебі мұғалімдер білім мен тәрбиенің қайнар көзі, жас ұрпаққа өнеге көрсететін рухани тұлға. Сондықтан болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың әдіснамалық тұғырларын зерделеу зерттеуіміздің теориялық іргетасын қалайды.

Ғылыми әдіснама барлық зерттеулердің логикасы мен таным жолдарын реттейтін теориялық білімдер жиынтығы. Әдіснама зерттеудің бағыты, құрылымы, қағидалары, тәсілдері мен әдістерін анықтайды. Күрделі, көпқырлы рухани дүниетаным құбылысын зерттеу кешенді, пәнаралық және жүйелі әдіснамалық тәсілдерге мұқтаж [184-185]. Әдіснамалық негіздер зерттеу нәтижелерінің салыстырмалылығын арттырады, зерттеу дизайнын қолданудағы құбылыстың құрылымдық және трансформациялық аспектілерін толық ашады. Педагогикалық-психологиялық зерттеу жұмыстарының сапасын көтеру, алынған деректер интерпретациясын күшейту және тәжірибелік қолданылуына бағытталған ұсыныстарды әзірлейді.

Педагогика әдіснамасы ғылыми танымда өлшемнің қос жүйесінде айқындалады: білім және әрекет [186, 49 б.]. «Білім-әрекет» өлшемдері болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың әдіснамалық тұғырларының түпкі тірегі. Рухани дүниетаным аудиторияда алынатын біліммен құрылып, әрекетпен нақтыланады және тәжірибедегі бейімделумен әлеуметтік-мәдени контекстте өңделеді. Сондықтан әдіснама білім мен әрекетті өзара толықтыратын, негіздейтін және критерийлерін анықтайтын көзқарастарды талап етеді. Демек, болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың әдіснамалық тұғырларында білім мазмұн мен бағалау базасы, әрекет білімнің әлеуметтенуі мен тұлға ұстанымындарын дамыту тетігі. Педагогикалық әдіснама екі өлшемді үйлестіріп, теория мен тәжірибедегі үздіксіз кері байланысты қамтитын тәсілдер мен құралдарды жинақтайды. Осылайша, рухани дүниетанымның теориялық тұтастығы тәжирибелік трансформацияға әкеледі.

Барған сайын плюралистеніп жатқан қоғамда педагогикалық білім оқыту мен құзыреттіліктерді иеленуден бөлек, білімгерлер тәжірибесін рухани, этикалық және моральдық бағдарлармен қалыптастыратын қадамдар. Ғалымдардың басым бөлігі рухани дүниетанымды рефлексивті қарым-қатынас, өмір және өзіне этикалық көзқарасты тәрбиелеуде болашақ мұғалімдердің дамуына лайық көреді [187-188]. Болашақ мұғалімдерді даярлау аспектісі мәдени және діни әралуандылықтың артуы, студенттердің экзистенциалды және моральдық сұрақтарымен әрекеттесетін оқытушыларға сұраныстың жоғарылауы ахуалында өміршең [189-190].

Руханилықтың мұғалімнің бірегейлігі мен өнімділігінің құрамдас бөлігінде танылуына қарамастан [191], мұғалімдерді даярлаудағы рухани дүниетанымды дамытудың әдіснамалық негіздері әлі де дамымаған және ретсіз қолданылады. Зерттеулердің көпшілігінде мәселе концептуалды және философиялық сипатта [192-193], ал эмпирикалық зерттеулер діни білімге [194-195] назар аударып, азаматтардың психикалық қиындықтарды рефлексия мен медитацияның рухани тәжірибелерімен жеңетіндігі [196] саланы бөлшектейді. Бірқатар зерттеулерде дінаралық диалог [197] және мәдени инклюзивтілік [198-199] дәйектелгенімен, компоненттерді мұғалімдер кәсіби дайындығының кешенді әдіснамалық негіздеріне біріктіретін үлгілер жетіспейді. Алшақтық зайырлы педагогикалық оқытудағы руханилықты анықтау қиындықтарын ұлғайтады. Д. Моулин [190] атап өткендей, инклюзивті, дүниетанымдық көзқарасты ұстанатын педагогикалық тәсілдерді құру әрекеттері философиялық және практикалық қайшылықтарға кездеседі және дінаралық инклюзивтілік парадоксына айналады. Сондай-ақ, библиометриялық талдау рухани дүниетанымның дамуына көпір болатын мұғалімдер сенімі зерттеулерінің бөлшектенгенін және белсенді пәнаралық ынтымақтастыққа қисынсыздығын көрсетті [200].

Дегенмен, зерттеу тақырыбының өзектілігі артып келеді. Й. Кёниг пен әріптестері [201] педагогикалық білім берудің тиімділігін айқындаған зерттеуі мұғалімдер құзыреттілігін дамытуға теориялық және әдіснамалық тәсілдердің қажеттілігін баяндайды. Идеяны рухани дүниетанымды дамыту әдіснамалық негіздерінде пайдалануға болады. Осы сияқты, «Жалпы кеңістік» жобасы [202] және конфессияаралық оқыту үлгілері [203] бірлесіп әзірленетін оқу бағдарламалары, психологиялық зерттеулердегі руханилықты болашақ мұғалімдердің біліміне біріктірудің басымдықтарын көрсетеді.

Диссертациялық жұмысымыздың негіздемесі педагогикалық білім беру және психологиядағы болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуды жүзеге асырудың әдіснамасын нақтылау және тәжірибелік стратегияларды әзірлеу сұранысынан туындайды. Мәселені шешуде зерттеу педагогикалық құзыреттілік, моральдық құндылықтар, кәсіби білімді рухани дүниетаныммен үйлестіретін мұғалімдерді даярлаудың көзқарастарын анықтауға үлес қосуды көздейді. Атап айтқанда, рефлексивті, ізгілікті және этикалық тіректерден рухани дүниетанымды дамытудағы педагогикалық білім берудің

тұжырымдамалық, эмпирикалық және реляциялық оқыту әдістерін қолдану жолдары қарастырылады.

Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың әдіснамалық тұғырларын зерттеуде Ш. Таубаева белгілеген теориялық және нормативтік негіздерге сүйендік. Ғалым тұжырымдамасына сәйкес педагогикалық әдіснаманың 4 теориялық, 6 нормативтік негіздері бар. Негіздер әдіснамалық зерттеудің объективті сипатын суреттейді. Сондықтан педагогика әдіснамасы біріктіретін түсініктерді қамтып [186, 50-51 бб.], мәселенің философиялық, педагогикалық және психологиялық ұстанымдарында әдіснамалық тұғырларды анықтадық.

Философиялық ұстанымдар рухани дүниетанымдағы тұлғаның өмірлік мағына, ақиқат, адамгершілік және құндылықтар түсініктерін сәйкестендіреді. Ұстанымдар философиядағы онтология, аксиология және гносеология салаларымен сабақтас. Рухани дүниетанымды дамыту көзқарастары Аристотельдің «этика» ілімі [204], Жаңа дәуірдегі еуропалық ағартушылар [205], Ибн Синаның рух пен жан ілімдері [206], әл-Фараби [207], Қ.А. Ясауи [208], Абайдың [209] Шығыстық даналық мұраларында ерекше орын алады. Отандық философия ғылымдары өкілдерінің рухани дүниетанымның философиялық ұстанымдарын айқындаған зерттеулері педагогика және психологияның дамуына сүбелі үлес қосады. Әсіресе, қазақ философиясының рухани-адамгершілік құндылықтары, дүниетанымдық іргетасы, логиканың білім беру мен тұлғаны тәрбиелеудегі салмақтылығы дәйектелген [210-212].

Педагогикалық ұстанымдар руханилық пен дүниетанымның тәрбиедегі мағыналық өзегін құрайды. Тұлғалық-бағдарлы оқыту парадигмасы, ізгілік, құндылықтардан басталатын тұжырымдамалар мұғалімдердің кәсіби даярлығында рухани дүниетанымды дамытудың теориялық базасын құрылымдайды. Педагогикалық бағыттарда студенттердің ішкі жан дүниесін байыту, моральдық-этикалық қасиеттерін тәрбиелеу және рухани жәдігерлерді ардақтау мақсаттары жүзеге асады. Тұлғалық-бағдарлы оқытуда әр студенттің қабілеті, өмірлік тәжірибесі мен құндылықтары ескеріледі және өзін-өзі тану мен шығармашылық әлеуетін ашады [213]. Ізгілікті педагогика адам мен қоғамның тұрақты қарым-қатынасы мен дамуын нығайтып [214], оқыту процесі шәкірттің үлгеріміне қарамастан мейірімділік, сенім және сыйластық қағидаларына арқа сүйейді [215]. Құндылықтарға сүйенген білім беру тұжырымдамалары болашақ мұғалімдердің кәсіби іс-әрекетінде әділдік, жауапкершілік, толеранттылық және әлеуметтік белсенділік қасиеттерінің орнығуын қолдайды [216]. Педагогикалық ұстанымдар рухани дүниетанымды дамыту жүйесін құрып, мұғалімдердің кәсіби тұлғалық өсуі және білім алушылардың өмірлік бағдарын айқындайды.

Психологиялық ұстанымдар рухани дамудағы тұлға әлемінің кемелденуі, өзін-өзі тануы мен мүмкіндіктерін жүзеге асыруымен сипатталады. Рухани дүниетанымды түсіндіруде гуманистік психология [217] салмақты орын алады. Гуманистік психологияда рухани даму адамның өзіндік «Менін» ашуы, өмірлік мақсаттарын айқындауы және шығармашылық әлеуетін тиянақтауымен

түсіндіріледі. В. Франклдің логотерапиясы [218] рухани дамуды тұлғаның өмір мағынасын табуы және мәнді өмірге енгізу ресурстарын жұмылдыруымен жалғайды. Э. Эриксонның психоәлеуметтік даму теориясы [219] рухани жетілу тұлға өмірінде кездесетін психоәлеуметтік дағдарыстарды сәтті шешуден қалыптасатын бірегейлік пен тұтастықпен ұштасады. Э. Деси мен Р. Райанның [220] өзіндік детерминация теориясы рухани дамуды адамның автономия, құзыреттілік және тәуелділіктің психологиялық сұраныстарын қанағаттануымен ұштастырады. Позитивті психологияда [221] рухани дамуды тұлғаның күшті жақтарын дамыту, өмірлік қанағат пен үйлесімге ұмтылуында орындалатын үздіксіз жетілу қарастырылады. Психологиялық ұстанымдар тұлғаның рухани дүниетанымын дамытудағы өзін-өзі тану, өмірлік мәнін айқындау, психологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыруды айғақтайды.

Ұстанымдар және әдіснамалық тұғырлардың негізгі әлеуеті сипаттамаларына сай [186, 65-67 бб.] болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың әдіснамалық тұғырларын дәйектейтін тұғырларды белгіледік. Тұғырларды тоғыстыратын әдіснамалық негіздер бірқатар сабақтас теориялар және тәсілдермен жүзеге асады. Бірінші кезекте, *жүйелік тұғыр* түрлі ғылыми теорияларды әдіснамалық негіздерге біріктіріп, ықпалын арттырады. *Тұлғалық тұғыр* білім алушының өзіндік санасы, ішкі сарап және рухани-адамгершілік ұстанымдарын қалыптастыруға бағытталып, философиялық пайым, педагогикалық жетекшілік және психологиялық қолдауды интеграциялайды. *Мәдениет-танымдық тұғыр* этнопедагогикалық дәстүрлер, ұлттық және жалпыадамзаттық рухани мұраларды заманауи білім беру сарынымен ұштастырады. *Аксиологиялық тұғыр* рухани дүниетанымның құндылықтар мағынасын айқындап, педагогикалық мақсаттар мен психологиялық даму заңдылықтарын бірлікте қарастырады. *Акмеологиялық тұғыр* тұлғаның кәсіби және рухани әлеуетін жоғары деңгейге көтеруге құралған өзін-өзі жүзеге асыру және педагогикалық ықпалпен болашақ мұғалімдердің құзіреттілік шыңын қамтамасыз етуді болжайды. *Герменевтикалық тұғыр* рухани дүниетаным элементтерін түсіндіру, тәжірибені интерпретациялаумен студенттердің мағына іздеуі және диалогпен эмпатиялық өзін-өзі тануды қалыптастырады. *Философиялық-антропологиялық тұғыр* білім беруді адам табиғатының мәні, этикалық жауапкершілік пен экзистенциалдық сауалдармен талдап, болашақ мұғалімдердің тұлғалық қасиеттерін теориялық және тәжірибелік өлшемде негіздейді. Тұғырлар қатынастары болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың әдіснамалық негіздерінің біртұтастығы мен тәжірибелік тиімділігін қолдайды.

1.2.1 Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың жүйелік тұғыры

Жүйелік тұғыр заманауи ғылыми парадигманың өміршең құрамдасына айналып отыр. Тұғыр күрделі әлеуметтік, экономикалық және технологиялық құбылыстарды педагогика және және психология құрылымында қарастыруға жәрдемдеседі. Тұғыр бағыттары болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың ішкі және сыртқы факторларының қатынасы мен тәуелділігін жан-

жақты ашып, жаңа сапалық қасиеттерді таниды. Жүйелік көзқарас түрлі ғылыми тәсілдерді педагогика және және психологияда үйлестіріп, күрмеуі қиын түйткілді құрылымдық және функционалдық тұрғыда зерделейді. Мәселен, М.С. Джексон [222] ұсынған сыни құрылымдар тәжірибесінің үлгісі жүйелік талдауды икемдеп, EPIC, яғни зерттеу (explore), өндіру (produce), араласу (intervene) және тексеру (check) кезеңдеріндегі жобалаудың барлық сатыларын қамтиды. Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуды зерттеуде сыни ойлау мен күрделілікті басқару тетіктерін қолдану ұтымды. Пәнаралық коммуникацияны мақсат еткен жүйелік дизайн әдістемесі түрлі ғылым салаларының нәтижелерін біріктіріп, шешім қабылдаудың тиімділігін арттырады [223]. Жүйелік ойлау мен дизайн әдістерінің тоғысуы түйткілдер контекстін ескеруге жағдай жасайды және болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуды модельдеуде көмегін береді.

Трансформациялық оқыту теориясы студенттердің сыни рефлексиясындағы эмансипациялық оқытуға әкелу жолдарын түсіндіреді. Жүйелік тұғыр өзгерген дүниетаным, болмыс және мінез-құлық перспективаларының тұрақты тәжірибелерін анықтайды [224]. Трансформациялық оқыту мен жүйелік тұғыр болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуда бірнеше маңызды нәтижелерге әкеледі. Біріншіден, рухани дүниеге терең үңілу, құндылықтар бағдарларын қарастыруды қолдайды. Екіншіден, тұлғаның ойлау мәдениеті жетіліп, дүниетаным кеңістігі кеңейеді. Үшіншіден, жүйелік көзқарас рухани дамуды оқшауланған үдерісте емес, білім, тәжірибе, қарым-қатынас және мәдени орта ықпалдарының біртұтас өзара әрекеттестігінде қарастырады.

Оқытуды дербестендіру, сыни ойлауды дамыту және тәжірибелік дағдыларды жетілдіру жүйелік тұғыр артықшылықтарын белгілейді [225]. Оқытудың дербестендірілуі тұлғаның педагогикалық тәжірибесі мен қажеттіліктерін меңгеруді демейді. Сыни ойлау тұжырымдарды тексеру, моральдық көзқарастарды аналитикалық бағалау және этикалық ұстанымдарды қалыптастырады. Тәжірибелік дағдылар білімнің меңгерілуі, құндылықтардың нақты іс-әрекетке айналуын жүзеге асырады. Әдіснамалық негіздерде аталған үш элементтің үйлесімі келесі тетіктермен рухани дүниетанымды дамытады: 1) оқу мазмұнының тұлғалық сәйкестілігі: әмбебап және ұлттық құндылықтарды салыстырмалы талдау және студенттердің өмірлік тәжірибесіне енгізу; 2) сыни ойлауды ынталандыратын тапсырмалар: талқылаулар, этикалық кейстер және пәнаралық байланыстар; 3) тәжірибелік-бағдарлы педагогикалық технологиялар: құндылықтарды іс-әрекетпен тексеру ахуалдарын ұйымдастыру; 4) бағалау: рухани және моральдық өзгерістерді ұзақмерзімді бақылайтын иерархиялар мен индикаторларды анықтау. Үш элементтің жүйелік тұғырлары болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың әдіснамалық негізін құрап, теориялық-концептуалдық шегі, оқу-әдістемелік құралдары және тәжірибелік тетіктерді байланыстырады және тұлғаның өзгеруіне мүмкіндік береді.

Тұжырымдар жүйелік тұғырдың қолданбалы әлеуетін дәлелдейді. Тұғыр болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуды зерттеудегі пәнаралық әдіснамалық үйлесімділік, жүйелердегі өзгерістерді тиімді басқару және инновациялық нәтиже алуға бағытталады.

1.2.2 Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың тұлғалық тұғыры

Тұлғалық тұғыр болашақ мұғалімдердің кәсіби және дербес өмірінде жауапты шешім қабылдауын реттейді. Білім беруді ұйымдастырудағы тұлғалық тұғыр білімгерлердің өзін-өзі талдау және бағалау дағдыларын дамыту әрекетін ұйымдастыру, ұстаз тапсырмаларын орындауды ынталанумен ұштасады [226]. Оқу процесіндегі философиялық пайым планета тағдыры мен адамзат келешегі көзқарасының болашаққа бағдарлануын ескереді. Ғалымдар пікірінше, білім беру және әлеуметтенудегі өзгерістер бұрынғы тәрбиелік идеяларды түсінуде табысқа жеткізеді және рухани білімнің маңыздылығын қарастырады [227]. Соңғы жылдары студенттерді психологиялық қолдауға көңіл көбірек аударыла бастады. Пікірімізді университеттердегі психологиялық кеңес беру қызметтеріне сұраныстың өсуі дәлелдейді. Тұғыр жағдайында психологиялық сүйемелдеу адамның өзін-өзі бағалау деңгейін арттырып, сенімділік пен дербестікті құрады [228]. Тұлғалық тұғыр болашақ мұғалімдердің өзін-өзі реттеу қабілетін жетілдіріп, әлеуметтік құндылықтар трансформациясындағы кәсіби іс-әрекетін саналы таңдау жасауына жол береді [229].

Отандық зерттеушілер тұлғаның кәсіби және рухани дамуында этикалық тәрбие және психологиялық-педагогикалық қолдау ықпалдастығын маңызды санайды. Мәселен, біздің ғалымдар болашақ мұғалімдер тұлғасындағы құзыреттілік құрылымына аналитикалық, операциялық және тұлғалық компоненттерді енгізеді [230]. Жастардың әлеуметтік қабылдау тетіктері зерттелген еңбекте эмпатия, қоғамдық пайымдау және каузалдық атрибуцияның әлеуметтік дамудағы тұлғааралық қарым-қатынасқа пәрмені дәйектеледі [231]. Психологиялық-педагогикалық қолдау болашақ мұғалімдердің кәсіби және тұлғалық дамуына берілетін көмекпен түсіндіріледі [232].

Болашақ мұғалімдерді даярлау және кәсіби дамытудағы тұлғалық тұғырды архетиптік рефлексия ашады. Архетиптік рефлексия болашақ мұғалімдерді психодинамикалық мәселелер, бейнелер мен болжамдарды зерттеуге ынталандырады және педагогикалық тәжірибесіне қозғау салады. Архетиптік рефлексия болашақ мұғалімдерге догматизмсіз оқыту мен оқудың рухани аспектілерін анықтауға шарт түзеді. К. Мэйес [233] білім берудегі архетиптік рефлексияның орнын анықтауда психоаналитикалық және объектілік қатынастар теорияларын енгізді. Көзқарастар тұлғалық тұғырдың болашақ мұғалімдердің білім берудегі миссиясын зерделеуге көмектеседі.

Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудағы тұлғалық тәжірибе рефлексия табиғатын ашады. Айталық, ғалымдар жүргізген лонгитюдті сипаттағы зерттеуде мұғалімдерді бастапқы бақылау, педагогикалық тәжірибе және мұғалімдік қызметке кірісу кезеңдері талданады

[234]. Мақсатта мектептегі білім беру, педагогикалық тәжірибе және қызметке кірісу кезеңдеріндегі болашақ мұғалімдердің дербес рефлексиясын айқындау көзделді. Нәтижелер көрсеткендей, тұлғалық тұғыр қоршаған орта, мінез-құлық және құзыретпен байланысқанымен (сыртқы деңгей), кейбіреулері міндеттілікті (ішкі деңгей) көрсетті. Сонымен қатар, қатысушыларды сараптауда рефлексия бастапқыда сыртқы сипатта, зерттеу соңында ішкі бағыт иеленді.

Тұлғалық тұғыр оқу процесіндегі философиялық, жаһандық көзқарас мазмұнын келешекке бағдарлап, рухани білімнің қоғамдық маңызы мен тәрбиелік міндетін айқындайды. Тұлға дамуындағы этикалық тәрбие рухани-бағдарлы педагогикалық миссия ахуалын көрсетеді. Сондықтан тұлғалық тұғыр рухани дүниетаным мен әлеуметтік қабылдауды тереңдетіп, болашақ мұғалімдердің құзыреттілігін тұрақтандырады.

1.2.3 Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың мәдениет-танымдық тұғыры

Мәдениет-танымдық тұғыр білім алушылардың тарихи жадысын серпілтіп, мәдени бірегейлігін бекемдейді және жаһандық құндылықтармен үйлесімді өмір сүру қабілетін межелейді. Тұғырды мәдениет тарихы танымындағы педагогикалық зерттеулер теориясында пайдалану білім беру ісін жетілдіруге ықпал еткендіктен, XX ғасырдың екінші жартысынан бастап бүгінгі күнге дейін сақталып келе жатқан құнды, өзекті және пайдалы дәстүр [235]. Сондықтан мәдени-тарихи психологияда үш парадигма ішінара бір-біріне қарама-қарсы қойылады: қайнар көзі кеңестік-орыс психологиясы мен философиясынан алынатын мәдени-тарихи; американдық, ағылшын және испан психологтарына қатысты әлеуметтік-мәдени; финдік қызмет теориясы мектебінің әрекеттегі мәдени-тарихи теориясы [236, 189 б.]. Л.С. Выготскийдің мәдени-тарихи психологиясы мәннің мағынадағы басымдылығы идеясында жатыр. Мәдени-тарихи психологиядағы оқыту еркіндік пен еріктіліктің қалыптасуы мен дамуын зерттейді [237]. Тұғыр болашақ мұғалімдердің ұлттық болмысты сақтап, пікір алмасу алаңында көпмәдениетті білім беру идеяларын жүзеге асыру, әлемдік білім кеңістігінде бәсекеге қабілетті маман қалыптастыруға мүмкіндік туғызады [238].

Тұғыр түсіндірмелерінде үш бағыттағы идеяларға назар аударамыз: дағдарыстың диалектикалық тұжырымдамасында үстем постмодернистік тәсілдерді сыни талдау; тұғыр іргесін қалаушы әзірлемелер аясында заманауи мәселелерді талқылау; субъективтілік теориясындағы көзқарастармен диалектикалық түсіну жолы [239]. Идеялар мәдениет-танымдық тұғырдың жаңа, баламалы түрлерін кеңейтеді. Сондай-ақ, үш идея зерттеуіміздегі мәдениет-танымдық тұғырды жаңа деңгейге шығарады: сыни көзқарас постмодернистік ықпалдарды талдап, рухани дүниетанымның іргесін бекітеді; заманауи өзгерістермен үйлестіру болашақ мұғалімдердің кәсіби борышын уақыт талабына бейімдейді; субъективтілік пен мәдениет-танымдық диалектика тұлғаның рухани дүниесін мәдени сабақтастықта дамытады.

Мәдениет-танымдық тұғыр педагогика және психология ғылымдарында кең таралған. Дегенмен, тәсілді нейропсихологияда қолдану қиындық

туғызады. Баламаға жүйелі-эволюциялық тәсілді кірістіру тиімді болуы ықтимал [240]. Себебі мәдениет-танымдық тұғырмен рухани дамудың ми қызметіндегі тетіктерін өлшеу және дәлелдеу орынсыз. Жүйелі-эволюциялық тәсіл тұлғаның әрекеті, ойлауы және құндылық таңдауларын бейімдеу нәтижелерімен айналысады. Тәсіл болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудағы жаңа әлеуметтік, мәдени және кәсіби бейімделу қабілетін зерттеуге және қолдауға басымдық береді. Осылайша, мәдениет-танымдық тұғыр тұлғаның рухани дамуын дәстүрлі дүниетаным сабақтастығында ашса, жүйелі-эволюциялық тәсіл бейімделу мен даму серпінін толықтырады. Екеуін үйлестіру болашақ мұғалімдердің әлеуметтік өзгерістерге икемділігін арттырады.

Мәдениет-танымдық тұғыр парадигмалары теориялық диалог пен зерттеу басымдықтарын шоғырландырады. Сондықтан аталмыш тұғыр болашақ мұғалімдердің ұлттық және көпмәдениетті құндылықтарын сақтап, білім беруді жаңғыртады. Нәтижесінде тұғыр идеяларымен рухани дүниетанымды заманауи әлеуметтік-мәдени өзгерістерге бейімдеп, кәсіби икемділігін арттыруға болады.

1.2.4 Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың аксиологиялық тұғыры

Аксиологиялық тұғыр рухани дүниетанымды тұлғаның өмірлік бағдары, моральдық-этикалық ұстанымдары және дүниені қабылдау іргелі құрылымын зерделеу алғышарттарын қалайды. Аксиологиялық тұғыр құндылықтар иерархиясындағы болашақ мұғалімдердің құндылық нұсқауларының педагогикалық қайта құрулар мәні, түпқазығы және бағытын анықтаумен тоғысады [241]. Педагогикалық контексте аксиологиялық өлшем білім беруді құндылыққа бағдарлау, рухани-адамгершілік тәрбиені оқудың орталық компонентіне айналдыру, оқытудың құрылымы мен әдістерін студенттер әлемімен үйлестіреді. Ұтымдылық пен дамыған интеллектпен бірге, моральға сезімталдықты арттыратын және қолдайтын білім беруді қайта құру ұсынылады [242]. Психологиялық даму заңдылықтары тұлғаның жас және дербес ерекшеліктеріне сай эмоционалдық тұрақтылығы, рефлексия қабілеті және өзін-өзі тану дағдыларын жетілдіруге себепші. К.Г. Юнгтің психологиялық даму заңдылықтарындағы көзқарасы міндеттерді құруды саралауда өзімізді және бір-бірімізді, қоғамды түсінуге жол ашады [243].

Аксиологиялық тұғырдың әдіснамалық негіздерін толықтыруда жоғарыда атап өткен трансформациялық оқыту теориясы болашақ мұғалімдердің рухани-этикалық қасиеттерін түрлендіруге бағытталады. Мәселенің әдіснамалық негіздерін төрт фазадан тұратын кезеңдермен анықтаймыз: шығу тегі, бетбұрыс, амбиваленттілік және трансформация. Нәтижелер ұтымдылық пен жедел білім беру саясаты дискурстарына қарсы тұратын ұзақ және қосарлас өрбуді дәлелдеді [244]. Педагогикалық білім беру облысындағы зерттеулерде тұрақты, әлеуметтік әділеттілік және инклюзивті келешектің трансформациялық өзгерістерін қалыптастыру және бағыттау сұранысы айтылады [245].

Рухани педагогика және құндылықтар өзегіндегі білім беру аясында жүргізілген зерттеулер болашақ мұғалімдердің рухани дамуын дербес деңгейдегі рухани-адамгершілік бірегейлікті нығайтудың факторларын дәлелдейді. Жаңа білім беру теориясындағы рухани педагогика мәдени және рухани құндылықтарды аудиториядағы оқыту тәжірибесінде қолдануға бағытталған. Рухани педагогикадағы оқыту тәсілдерін үш типке бөледі: трансмиссиялық, генеративтік және түрлендіргіш. Бірінші тәсіл студенттерді енжар агенттер, оқу материалдары мен нысандарын алушылар шеңберінде қарастырады. Тәсілде мұғалімдер материалдарды жеткізушілер және ұсынушылар, студенттерге оқытушылардың не беретіні және не істеу керектігін тыңдаудан басқа таңдауы жоқ. Тәсіл мұғалімдерді білім қазынасы, студенттерді білім тұтынушылары шегінде бағалайды. Дегенмен, генеративтік тәсіл жасампаздық, ізденімпаздық, ынтымақтастық, серіктестік және жаңалық ашудың теориялық қағидаларына сүйенеді. Студенттерге дербес оқу жолын меңгерту және әрекеттесуде белсенді функция беріледі. Түрлендіргіш тәсіл білім беру мен педагогика шекарасын кеңейтіп, студенттердің сабақта әлеуметтік-бағдарлы білімдерін дамытуға көмектесетін әрекеттерді қамтиды. Түрлендіргіш тәсілді қолдаушылар пікірінше, тиімді білім әлеуметтік мәселелерді қамтуда тікелей контексттер мен қайшылықтар шеңберінен шығады. Тәсіл студенттерді дүние және қоғамдағы әлеуметтік түйткілдерді сыни ойлауға шақырады. Оқыту дербес және түрлендіруші кезеңге айналады [246]. Жоғары құндылықтармен айқындалатын руханилық кеңістіктен айырылған білім тұлғаның қалыптасуына кедергі келтіреді және автономды, транстұлғалық деңгейде рухани бірегейлікке проблемалар тудырады. Ойдан шығатын қорытынды: білім берудегі «техникалық-прагматикалық» тәсілдер неғұрлым көп насихатталса, болашақ ұрпақ өмірінде соғұрлым көп мәселелер бастау алады. Сондықтан базалық білім беру бағдарламасын өзгертсе, жоғары оқу орындары мен мұғалімдер даярлауда өзгерістер орын алады.

Аксиологиялық тұғыр тұлға дүниетанымы, ұстанымдары мен әлеуметтік құндылықтарын білім берудің ажырамас құрамдас бөлігіне айналдырады. Оқытудағы түрлендіргіш тәсілдер болашақ мұғалімдердің құндылықтарын жаңғырту, дербес рухани тұжырымдарын тереңдетеді. Демек, аксиологиялық тұғырға сүйенген білім беру болашақ мұғалімдердің кәсіби дамуын рухани-адамгершілік өлшемдермен ұштастырып, рухани дүниетанымын жетілдіреді.

1.2.5 Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың акмеологиялық тұғыры

Акмеологиялық тұғыр «akme» (шың) және өзін-өзі ұйымдастыру тұлға дамуының нақты сипаттамаларындағы дамытудың оңтайлы моделі байланысымен ұмтылысты білдіретін тұрақты динамикасын болжайды. Акмеологиялық тұғыр шарттарында өзін-өзі дамыту субъектісі шынайы, оңтайлы емес кеңістіктіктен, өзін-өзі ұйымдастырудың идеалды тәсілін ізденеді [247]. Акмеологиялық тұғырды Қазақстанның қазіргі заманғы дамуындағы ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауда қолданудың өзектілігі жоғары. Акмеология жеке жетістіктер және кәсіби педагогикалық қызметте қол

жеткізілген жоғары деңгейді меңгеруді зерттейтін ғылым. Болашақ мұғалімдерді даярлаудың акмеологиялық бағытталған бірізділігі шығармашылық әлеуеті жоғары мамандарды дайындаудың іргелі жұмыс нәтижесі. Кәсіби құзыреттілікті дамытудағы объективті, субъективті-объективті және субъективті акмеологиялық факторлардың орны өзгеше [248]. Демек, тұлғалық-бағдарлы оқыту акмеологиялық тұғырмен бірге рухани дүниетанымды дамытуда жетекші рөл атқарады. Ойымыздың негізгі қағидаларының түсіндірмелері: жүйелілік: білім мен тәжірибені біртұтас жүйеде ұйымдастырады; мағыналылық: оқыту мазмұнын өмір тәжірибесі және ұлттық құндылықтармен байытады; рефлексивтілік: өзін-өзі бағалау және кәсіби құзіреттілікпен ішкі трансформацияны ынталандырады; этикалық тұрақтылық: педагогикалық этика мен моральдық нормаларды сабақтастырады. Қағидалар акмеологиялық факторларды жүзеге асырудың әдіснамалық іргесін құрайды.

Акмеологиялық тұғырдың кәсіби құзіреттілікке ықпалы болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудағы өсу траекториясын модельдейді, шығармашылық әлеуетті өлшейтін критерийлер ұсынады. Жоғарыда аталған акмеологиялық факторлар үш тобының әдіснамалық маңыздылығы айқын: объективті факторлар (теориялық білім, оқу-әдістемелік ресурстар, педагогикалық стандарттар) рухани дүниетанымды түсінуді қамтиды; субъективті-объективті факторлар (оқыту тәжірибесі, әлеуметтік-педагогикалық ахуал, практикалық тапсырмалар) тұлғаның сыртқы көрінісіндегі әрекеттермен мән мен мағынаны қалыптастырады; субъективті факторлар (моральдық-адамгершілік ұстаным, мотивация, кәсіби-эстетикалық ұмтылыс) рухани дүниетанымның қозғаушы күштері көлемінде қызмет атқарады.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби дамуында акмеологиялық тұғырдың бірегей рөлі бар. Отандық ғалымдардың эксперименттік сипаттағы зерттеуінде студенттердің көпшілігі мотивацияны арттыру және жоғары кәсіби тұлғаны дамытуда акмеологиялық тұғырды таңдаған. Эксперимент нәтижелері болашақ мұғалімдердің кәсіби дамуындағы акмеологиялық тұғыр тиімділігін көрсетіп, студенттердің өзін-өзі тануы, өмірлік бағдарлары және педагогикалық кәсібилігі әлеуетіне әсерін растады [249]. Пікірге сәйкес, акмеологиялық тұғыр тұлғалық іс-әрекетті дамытып, рухани-адамгершілік құндылықтарды игеруге серпін береді. Акмеологиялық бағыттағы даму болашақ мұғалімдер әлеуетін ашып, кәсібилігі мен рухани мәдениетін дамытады. Нәтижесінде болашақ мұғалімдер кәсіби жетістігін рухани-адамгершілік кемелденумен сабақтастырып, білім беру үдерісінде шығармашылықпен әрекет ететін маман қалыптасады

Тұлғаның ішкі ресурстарын акмеологиялық тұрғыда зерттеу студенттердің тұлғалық дамуының ішкі белсенділігі, кәсіби даму шыңына өздігінен өрлеу ықтималдығына жүгінуге мүмкіндік береді [250, 152 б.]. Тұлғаның интеллектуалды ресурстарын зерделеу болашақ мұғалімдердің танымы мен кәсіби құзіреттілігін дәйектейді. Процесс кәсіби іс-әрекет, өзін-өзі

жүзеге асыруды жетілдіріп, әлеуетті өзектіге айналдырады. Демек, акмеологиялық негіз болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуда тиімді ғылыми-тәжірибелік тұғыр қызметін атқарады.

Қорытындылай келе, акмеологиялық тұғыр болашақ мұғалімдердің кәсіби-рухани әлеуетін реттеп, өзін-өзі ұйымдастыру және жетілдіру маршрутын нақтылайды. Тұғырдың әдіснамалық рөлі білім мазмұны мен тәжірибені идеялық толықтық және этикалық мызғымастық қағидаларымен байланысып, бағыттау және бағалау тетіктерін күшейтеді.

1.2.6 Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың герменевтикалық тұғыры

Герменевтикалық тұғыр ақиқатты ұқтыру, конформизмды ынталандыратын қайшылықтардың базалық зерттеушілік үмтыластарындағы зиянды дүниетанымдық көзқарастардың когнитивтік үйлесімсіздігін анықтайды. Р.Д. Эллис [251] герменевтикалық тұғырмен моральдық психология эмоционалды артықшылықтарының ықтимал тривиалдануын жоққа шығарады. Ғалым моральдық ойлауға реалистік көзқарас ұсынады. Мәселен, сыни герменевтикамен оқыту интерпретация жасау, мәтіндер мен әлеуметтік контексттерде сұрақ қоюды үйретететін конформизмге бейім тұжырымдарды қарайды. Моральдық ойлауды рационалдық аргументпен шектемей, эмоциялар рөлін танитын және өңдейтін бағдарламалар рухани дүниетанымды түсінуге әкеледі. Оқытушылар идеологияны насихаттамай, оқытудың әдіснамалық құралдарымен студенттердің тәуелсіз моральдық ұстанымын қалыптастырады. Сондықтан болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудағы герменевтикалық дағдылар идеологиялық және эмоционалдық ұқсастықтар, когнитивтік айырмашылықтарды анықтайды. Моральдық тәрбие шешім қабылдау және жауапкершілікке баулумен жүзеге асады.

Р.С. Вебстер [252] руханилық пен денелік өлшемінің бейконструктивті бөлінуі бар және бөліністерді білім берудегі герменевтикалық тұғырмен жеңуге, «сауықтыруға» болатынын дәлелдейді. Ғалым герменевтикалық тұғыр көзқарастарында білім берудегі процестерді физикалық және рухани жағынан қарауды дамыту керектігін баяндайды. Көзқарас руханилықтың физикалық күштермен бейнеленетіндігін айшықтайды. Екі өлшем білім берудегі бірнеше тұжырымдар жасауға түрткі. Біріншіден, герменевтикалық тұғырдағы түсіністік тәсілі мұғалімдер даярлаудағы рухани және денелік тәжірибелердің үйлесімділігін талап етеді. Үйлесімділік рухани дүниетанымды когнитивті деңгейде физикалық әрекеттермен жүзеге асатын тәжірибені қалыптастыруды болжайды. Екіншіден, екі өлшем рухани дүниетаным компоненттерін ықпалдастырады. Оқу мазмұны мен әдістері интерпретациялық тапсырмалар, символдық мәтіндерді оқу мен талдауды үйлестіреді. Үшіншіден, болашақ мұғалімдердің кәсіби ойын дамыту әдіснаманың ядросы болуы тиіс. Герменевтикалық тұғыр идеясы болашақ мұғалімдердің рухани мазмұнды тану, интерпретациялау және диалог құру дағдыларын анықтайды. Бұл ретте педагогикалық қарым-қатынас және этикалық пайым қабілеттері рухани

дүниетанымның қалыптасуына бағытталған кәсіби құзіреттіліктер қатарына енеді.

Түсіністік адамдық қасиетке тән құбылыс. Әрбір адам жұмыс істеу және өмір сүруде өз дүниесін түсіну және зерделеуге тырысады. Дегенмен, герменевтикалық тұғыр күнделікті түсініктен ерекшеленеді [253]. Герменевтикалық тұғыр болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуға бағытталған түсіндіру және интерпретацияны қорытады. Оқу процесі мазмұнындағы талдап түсіндіру сыни ойлауды жетілдіретін ой-пікір диалогтығын құрылымдайды. Мұндағы болашақ мұғалімдердің рөлі даралық биігіне шығатын мағыналық орта құру, оқушылар ой-пікірлерін жан-жақты тексеру және кеңейту. Іс-әрекетті түсіну тұлға трансформациясы, ұстанымдарыныңептілігі және кәсіби жауапкершіліктің объективтілігін көрсететін индикаторларға сүйенеді.

Ортағасырлық ойларда барлық пәндер әмбебап «даналық» ұғымымен бірігеді. Даналық пен өркениет бастауы тарих, дербес және қоғамдық өмір салты, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, мәдениет, дүниетаным, адамгершілік құндылықтары, таным мен сана-сезім деңгейін қамтиды [254, 161-186 бб.]. Тұжырым рухани дүниетанымды анықтаудағы герменевтикалық тұғырды қолдануға болатынын көрсетеді. Рухани дүниетанымды дамыту әдіснамасындағы герменевтикалық тұғыр педагогикалық тәжірибедегі мәселе мәні мен эмпатияның өміршең құбылыстарын мазмұнды талдаумен сипатталады. Басты әдіснамалық тұғыр танымдық және моральдық компоненттерді герменевтикалық қағидада дәйектейді. Педагогикалық қатынастар оқытушы мен болашақ мұғалімдер серіктестігінде құрылып, диалог пен сыншыл талқылау құралдарымен рухани мағыналар ашылады.

Герменевтикалық тұғыр тұлғалық-бағдарлы ғылыми-зерттеулерді түсіну мен жүргізудің бірыңғай әдіснамасы. Герменевтикалық процесс айқын және түзу санайтын дүниеден шығуға ұмтылады. Герменевтикалық тұғыр балама көзқарастарды тануға итермелейді және назарды осы дүниеде адам болуды ұқтыруға аударады [255, 103-113 бб.]. Пікірге сәйкес герменевтикалық тұғыр болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуда келесі әдіснамалық қызметтер атқарады: эпистемологиялық: білім мен құндылықтар түсініктеме, рухани дүниетаным мағынасымен қалыптасады; диалог және субъективтілік: оқу процесі әңгімелесу мен кері байланыспен жүзеге асады; тарихилық қағидасы: педагогикалық қатынастар ұлттық құндылықтарға бейімделеді; бағалау: нарративтік және сапалық тәсілдермен кәсіби рухани дамуға қолдау көрсетіледі.

Соңғы жылдардағы технологиялардың дамуы оқытушыларға қолжетімді әдістерді білім беруде қолдану мүмкіндіктерін тудырып, жаңа міндеттер де қойды. Міндеттер қатарында жоғары мектепте дұрыс педагогикалық пайымдаулар жасайтын мұғалімдер даярлау сұранысы бар. Сыни пайымдауда пәндік терминдерді академиялық дискурсқа енгізу студенттер түсінуін қиындатады. Герменевтикалық тұғырдағы интерпретация терминдер мағынасын университет философиясы мен педагогикасы шеңберінде қайта

қарастыруға көмектеседі. Герменевтикалық тұғыр инновациялық әдіснамалық жетістіктер және технологиялық тәсілдермен жаңа термин-сөздердің тәрбиелік мәнін түсіндіреді [256]. Зерттеу нәтижелері болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамыту әдіснамасы қағидаларын нақтылайды. Біріншіден, пәндік терминология мен академиялық дискурстың интерпретациялық ашықтығын қамтамасыз ету анықтамалық бірлікті педагогикалық контекст пен тұлғаның тәжірибе мәнімен дәйектеледі. Терминдер семантикасы педагогикалық және философиялық интерпретацияларды талдау негізінде болашақ мұғалімдердің сыни пайымдау қабілетін арттырып, тұжырымдарды «жаңсақ» механикалық жаттаудан арылтады. Екіншіден, сабақтарда рухани дүниетаным тәжірибесін сараптау, герменевтикалық шолу, диалогтық талқылаулар, эссе жазу және этикалық-кейс әдістері болашақ мұғалімдердің мән-мағынаға бағытталған эмпатиясын ынталандырып, құндылықтарды теориялық түрде қабылдамай, өмірлік жағдайларда қолдануға даярлайды.

Сонымен герменевтикалық тұғыр рухани дүниетанымның когнитивтік үйлесімсіздіктерін ашып, моральдық эмоциялардың қатып қалған шаблондарына қарсы тұратын теориялық және тәжірибелік құралдармен моральдық ойлаудың реалистік моделін нығайтады. Нәтижесінде герменевтикалық дағдылар болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуды үндейтін индикаторларды жүйелейді.

1.2.7 Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың философиялық-антропологиялық тұғыры

Философиялық-антропологиялық тұғыр жан этикасы мен экзистенциализмінің ерекшеліктерін анықтайтын уақыт шеңберлерінен тұрады [257]. Демек, тұғырдың болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуға бағытталған әдіснамасы психологиялық этика және экзистенциалдық құрамдастарды ықпалдастырып, адам табиғатының тұтастығы мен тұлғаның даму үдерісіндегі мән ізденісін дамытады. Білім беру мазмұны ой қызметі, серпінділік пен өмірлік құндылықтар компоненттерінің кезеңдік біртұтас құрылымында тұлғалық дербестік және этикалық субъектті қалыптастырады. Мәдениетаралық тәсіл рухани дүниетанымды дамытуда мәдени алуандылық пен сенімдерді түсіну мен құрметтеу икемділігін күшейтіп, педагогикалық пікіралуандылықты жүзеге асырады. Жоғары мектептегі оқытудың уақыт шеңберлері адамзат бүтіндігі мен рухани дүниетаным мағынасын таңдауды нығайтуға бағыттайды.

Трансцендентальды философиялық-антропологиялық тұғырға сәйкес әлеуметтік қатынастардағы нормативтік мәдениет мүмкіндігінің шарты және жеке тұлғаның адамзатқа тән болу тәсілі маңызды [258]. Тұғырдың бұл түсіндірмесі тұлғаның жалпылық пен ерекшелік бірлігінің философиялық-антропологиялық сұрақтарын оқыту процесіндегі адам маңыздылығын пайымдауда рухани дүниетанымның аксиологиялық негізін құрайды. Жауаптар келесі элементтік екпіндерге негізделеді: онтологиялық екпін: білім беру адам болмысы, өмір мағынасы және моральдық ұстанымдарды тұжырымдайды; эпистемологиялық екпін: рухани дүниетанымның білім жолындағы сұранысы,

тұлға дамуына қажеттілігі; антропологиялық екпін: адам табиғаты, әлеуметтік қатысуы және тарихи-мәдени тамырларындағы өзін-өзі анықтауды назарға алады.

Философиялық-антропологиялық тұғыр қазіргі қоғамдық қатынастардағы білім алушының тұлғасын бекітуде белсенділікке ие [259]. Тұғырдағы адамның орталық белгісі білім берудегі тұлға сипаты мен рухани дүниетанымы өсуінің мақсатын қарастыратын қағидадан басталады. Рухани дүниетаным ұлттық дәстүрлер мен жалпыадамзаттық құндылықтармен қалыптасатын әдістемелік шешімдердің этнопедагогикалық әлеуетін ескереді. Сондықтан болашақ мұғалімдердің рухани қалыптасуы қоғаммен әрекеттестік және педагогикалық тәжірибемен нығаяды.

Д.И. Дубровский [260] жасанды интеллекттің дамуы және өркениеттің жаһандық дағдарысын сараптаған зерттеуінде қазіргі ахуалды өзгерту түсініктерінде философиялық-антропологиялық тұғыр талап етілетіндігін дәйектейді. Философиялық-антропологиялық тұғыр адамның психикалық және физикалық қасиеттерінің тұрақты кешенінде табиғатты ескеруді қамтиды. Қағидалар мен бірполярлылық тәжірибені жеңу, жаһандық әлеуметтік өзін-өзі ұйымдастыруды өзгерту адам мен адамзат трансформациясының жаңа экзистенциалды басымдықтарын ашуға қабілетті антропологиялық-технологиялық эволюцияның гуманистік кезеңінің шарты. Философиялық-антропологиялық тұғырды әдіснамалық негізге айналдыру болашақ мұғалімдер даярлауда білім мазмұны, оқыту тәсілдері, бағалау және тәжірибені қайта құрастыруды білдіреді. Өйткені, білім беру процесі бағдарында адам тұтастығы, ақыл-ойы, эмоциясы, моральдық және физикалық сипаттарының бірлігі қарастырылады. Қағида тұлғаның рухани әлеуетін ашуға бағытталған оқыту формасы мен әдісін адамға бағытталған критерийлермен бағалауды жүктейді.

Сонымен, философиялық-антропологиялық тұғыр болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын зерттеу мен дамытудың салыстырмалы-тарихи әлеуетін көрсетіп, тұлғалық қасиеттер ырықтылығы мен танымдық компоненттерді тұлғалық тәсілде үйлестіреді. Сондықтан философиялық-антропологиялық тұғырдың әдіснамалық бағдары болашақ мұғалімдерді дайындауда тұлғалық мағына, этикалық шарттар мен педагогикалық әдіс-тәсілдер сенімділігін қалыптастыру арқылы рухани дүниетанымды дамытуға қызмет жасайды.

Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың әдіснамалық тұғырларын талдауда теориялық және тәжірибелік әлеуетті салыстырмалы түрде жүйеге келтіру қажет. Тұғырларды кестелік форматта ұсыну мақсаты, мазмұны мен ұстанымдары, қолдану ерекшеліктерін білім берудегі орнын айқын көрсетеді (3-кесте). Жүйелеу ғылыми ұғымдар жарасымы, зерттеу нысанына кешенді көзқарас қалыптастырады.

3-кесте. Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың әдіснамалық тұғырларын жүйелеу (автор құрастырды)

№	Тұғырлар	Мақсаты	Мазмұны мен ұстанымдары	Қолдану ерекшеліктері
1	Жүйелік	Ғылыми тұғырларды біртұтас құрылымда қарастыру, студенттердің дербес ерекшелігі мен шығармашылығын қолдау.	Педагогикалық және психологиялық құбылыстарды модельдеу, Көпнұсқалылық, өзін-өзі ұйымдастыру, шығармашылық даму.	Пәнаралық коммуникация және жүйелік дизайн әдістемесі, деректерді құрылымдап, интеграцияны күшейту.
2	Тұлғалық	Өзіндік сана, ішкі сарап және кәсіби дағдыларды қалыптастыру.	Өзін-өзі талдау, кәсіби шешім қабылдау, психологиялық сүйемелдеу.	Архетиптік рефлексияны қолданып, рухани аспектілерді тереңдету.
3	Мәдениет-танымдық	Ұлттық және жалпыадамзаттық рухани мұраларды қазіргі біліммен ұштастыру.	Мәдени бірегейлік және көпмәдениеттілікті дамыту.	Көпмәдениетті білім беру идеяларын іске асыру.
4	Аксиологиялық	Рухани дүниетанымның мәні, адам болмысына қатынасын айқындау, құндылықтар иерархиясын қалыптастыру және білім беру мазмұнын құндылыққа бағдарлау.	Өмір мәнін түсіну, іргелі ұғымдарын зерделеу, рухани-адамгершілік тәрбиені оқу процесінің орталық компонентіне айналдыру.	Оқытуды студенттің ішкі дүниесімен үйлестіру, моральдық сезімталдықты арттыру, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды кіріктіру.
5	Акмеологиялық	Тұлғаның өзгермелі қоғам талаптарына икемделіп, тұрақты кәсіби дамуға бағытталған межелер мен кезеңдер жүйесін белгілейді.	Педагогикалық, психологиялық, мәдени және технологиялық білімді біріктіріп, білім беру мазмұнын құрылымдайды.	Болашақ мұғалімдердің кәсіби әлеуеті мен құзіреттілігін арттыру және материалдық ресурстарды реттеу.
6	Герменевтикалық	Кәсіби тұлғалық өзгерістерді ынталандырып білім мазмұнын қоғам талаптарына сәйкестендіру, теорияны педагогикалық тәжірибеге енгізудің кері байланысы, педагогикалық шешімдер тәуекелдерін басқару.	Мінез-құлық индикаторларымен оқу мазмұны, ғылыми-зерттеу жұмыстарын интерпретациялауды қарастырады.	Этикалық диалогты кеңейтіп, болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымының когнитивтік және эмоционалдық құрамдастарын дамытады.

3-кестенің жалғасы

7	Философиялық-антропологиялық	Қоғамдық өзгерістерге икемді, моральдық қағидаларға конструктивті шешім іздейтін мұғалімдер даярлау.	Оқытудың құндылық-прагматикалық ұстанымында адам маңыздылығын пайымдау, таным пәнінде қарастыру.	Теория-модельдеу-практика циклін қолданып, адам табиғатының тұтастығы, тұлғаның дамуын анықтау.

Кестеде жүйеленген нәтижелер әр тұғырдың болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудағы рөлі мен байланыстарын айқындайды. Әдіснамалық тұғырлар болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымының дамуын жоспарлауда кешенді қолданылуы тиіс. Сондай-ақ, тәжірибеге ендіру педагогикалық процесс сарынын толықтырып, кәсіби даярлықтың сапасын арттырады.

Жүйеленген әдіснамалық тұғырлар болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамыту үдерісінің көпқырлылығын бейнелейді. Әр тұғырдың дербес теориясы, мақсаты және тәжірибелік қолдану ерекшеліктері болғанымен, үйлесімділік болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымы әлеуетін ашудың негізін салады. Тұғырлар білім беру мазмұны бағдарын күшейтіп, кәсіби даярлық сапасын арттыру, болашақ мұғалімдер құндылықтары, қабілеттері және әлеуметтік бейімделуін дамытуға септігін тигізеді. Әдіснамалық тұғырлар синтезі рухани дүниетанымды қалыптастырудың тұрақты, үйлесімді және заманауи моделін құруға арқау болады.

Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамыту кәсіби және тұлғалық болмысты тереңдететін, құндылық бағдарын айқындайтын, ішкі әлем дамуын жүйелейтін күрделі құбылыс. Құбылыс білім мазмұнын меңгерумен шектелмей, мұғалімнің моральдық ұстанымдары, өмірлік мақсаты және кәсіби миссиясын саналы түсінуін көздейді. Мұндай даму студенттің интеллектуалдық әлеуеті мен этикалық сезімталдығын жетілдіріп, өзін-өзі тану өзгерістерін ынталандырады. Рухани дүниетанымды қалыптастыру ұлттық және жалпыадамзаттық мәдени мұраларды құрметтеу, әділеттілік пен төзімділік қағидаларын ұстану, көпмәдениетті ортада түсіністік пен сыйластық орнату қабілеттерімен тығыз байланысты. Рухани дүниетаным болашақ мұғалімдердің білім беру кеңістігінде ақпарат жеткізуші, құндылық таратушы, рухани көшбасшы борышын атқаруына жағдай жасайды.

Қорыта айтқанда, болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамыту кәсіби құзыреттілік пен тұлғалық кемелдену өзегіне айналады. Процесс білім беру идеяларын құндылықтармен күшейтіп, оқыту тәжірибесінде мәдени және этикалық өлшемдерді кіріктіруді міндеттейді. Әдіснамалық тұрғыдан алғанда, рухани дүниетанымды дамытудың кешенді амалдары жүйелік, тұлғалық, мәдениет-танымдық, аксиологиялық, акмеологиялық, герменевтикалық, философиялық-антропологиялық тұғырлар тоғысында жүзеге асады және мазмұндық деңгейде ұсынылған тұғырлар үйлесімді синтезін құрайды.

Нәтижесінде, рухани дүниетанымы дамыған болашақ мұғалімдер кәсіби біліктілігі, адамгершілік беделімен шәкірттеріне үлгі болады.

1.3. Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудағы тұлғалық-бағдарлы оқытудың әлеуеті

Білім беру жүйесіндегі жаңғыру құндылықтарының өзекті үдерістеріне серпін беретін тұлғалық-бағдарлы оқыту адамзаттың жалпыға ортақ, уақыт пен кеңістікке тәуелсіз рухани дүниетанымын қалыптастырудың тиімді әдісі. Жетістіктер қазіргі жоғары мектепке жаңа міндеттер қояды: болашақ мұғалімдердің руханилығын зерделеп, гуманистік және кәсіби-этикалық құзыреттілігін дамыту; студенттердің дербес интеллектуалдық және шығармашылық әлеуетін арттыру ауқымында білім сапасын көтеру; ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тұлғалық-бағдарлы оқыту жүйесіне үйлестіру. Талаптар контекстінде тұлғалық-бағдарлы оқытудың теориялық және тәжірибелік аспектілерін саралау, жоғары оқу орындарында пайдаланылатын құралдары мен технологияларын жүйелі қолдану маңызды ғылыми-практикалық міндет. Сондықтан мезгілі өткен ұғымдар, ескірген түсініктерден арылу уақыты келді.

Заманауи қоғамдық дамуда жоғары мектепке студент тұлғасын кешенді дамыту міндеті тұр. Оқыту үдерісі болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастыру мен дамытуға бағытталуы тиіс. Жоғары оқу орындарындағы жаңартылған көзқарастар оқытушыны ақпарат таратушыдан гөрі, студенттер қабілетіне бейімделетін, шығармашылықты дамытатын үйлестірушісі ретінде қарастыруды талап етеді. Оқытудың жаңа технологиялары кеңістігінде тұлғалық-бағдарлы оқытудың танымалдылығы артып келеді. Оқытудың бұл түрі білім сапасын арттыруда тиімді нәтижелерге жеткізеді.

Тұлғалық-бағдарлы оқыту студенттер бейнесі, қасиеттері мен құндылықтары жоғары қойылатын білім беру түрі. Тұлғалық-бағдарлы оқыту құндылықтарын ұстанған оқу-тәрбие процесінде жағымды орта қалыптасып, білімгердің жеке қабілеттері дамиды және дидактикалық жұмыс нәтижесінің алғышарттары құрылады. ЖОО-дағы кредиттік технологиялармен оқыту тәсілі тұлғалық-бағдарлы оқытуды дамытады.

Тұлғалық-бағдарлы оқыту әлеуетіндегі болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың мақсаттары мен шешімін табуы тиіс міндеттері мынадай:

Біріншіден, жаңашыл саяси, экономикалық, әлеуметтік талаптар, бәсекелік күрес, қоғамдық құндылықтар бағдарларындағы өзгерістер инновациялық сұраныстар қалыптастырды. Әлеуметтік-саяси өзгерістер білім саласында демократияландыру қозғалысын бастады. Бүгінгі күнгі өзгерістер шарттарындағы қоғам бастамашыл, әмбебап, терең ойланатын, әрекетіне шығармашылықпен қарайтын, мінез-құлқын бақылайтын мұғалімдерге мұқтаж.

Екіншіден, қоғам қалауларында тұлғаның өз ойын білдіру, интеллектуалды даму, шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруда жаңа талаптар бой көрсетті. Талаптар үдесінен шығу, альтернативті оқыту ізденісінде оқу процесі тиімділігін арттыратын міндеттер қойылды.

Үшіншіден, өзгермелі ақпараттық ағындар қоғамдық өмірдегі деректер алмасуды жылдамдатты. Білім беру бағдарламалары көлемінің ұлғаюы, ақпараттың шектен тыс молдығы педагогикалық процесс мұқтаждықтарын толтыра алмайды. Өйткені, заманауи студенттердің қазіргі иеленген жалпығылыми қоры кейін өзектілігін жоғалтуы ықтимал. Сондықтан студент зәрулігіндегі ілімдер ізденісінде қабілетін қалыптастыру өзін-өзі дамыту мен креативтілік дағдысына тәрбиелейді.

Төртіншіден, профессор-оқытушылар құрамының студенттер қызығушылықтарын қанағаттандыруы мен қабілет әлеуетін ашу ұмтылысы мәселе нәтижелілігін қамтамасыз етеді. Тұлғалық-бағдарлы оқытуға ұстаздар қауымының да ынтасы артып отыр.

Бесіншіден, ақпараттық технологиялардың үдемелі дамуы Интернетпен білім алу алғышартына айналды. Интернеттің үздіксіз ресурстық ашықтығы студенттер әлеуметтенуінің детерминантын көрсетті. Ақпараттық кеңістіктегі қолданушылардың жаһандық өрмектегі мәліметтерге сенімділігі білім берудегі қиындықтар өзектілігін арттырды.

Міндеттер нәтижесінде тұлғалық-бағдарлы оқыту жүйесін әзірлеудің теориялық және эмпирикалық алғышарттарына сүйенетін зерттеу сұрақтары туындайды. Теория тұлғаны педагогикалық және психологиялық ізденістерде зерттеуді назарда ұстаса, эмпирикалық нәтижелер жаңашыл оқытушылар тәжірибесін дәйектейді.

1.3.1 Руханилық пен рухани дүниетаным аясындағы тұлға түсінігі

Тұлғалық-бағдарлы оқытудың басты нысаны – тұлғаның өзі. Тұлға, қоғам және қоршаған ортадағы қатынастар ғылыми қауымдастықты бұрыннан қызықтырады. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдарда тұлға, оның пәні мен міндеттері үздіксіз талданады. Антикалық дәуірдегі зерттеулерде тұлғаның табиғи және әлеуметтік бастауларына назар аударылады. Туындаған даулы жайттар қазіргі таңда да өзектілігін жоғалтпады. Өйткені, тұлға әрқашан табиғат заңдылықтарына бағынады және қоғамдық байланыстарда әлеуметтік қатынастармен кездеседі [261, 33-34 бб.].

Әлемдік дамудағы жаһандану халықаралық интеграция кеңеюімен тұлғаның дамуына қозғау салады. Азаматтардың тұлғалық дамуы елдің экономикалық және әлеуметтік міндеттемелерін қалыптастыратын елеулі фактор. Тұлға теориясы жоғарыда айтылғандай, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдарда өзгеше дамуда. Тұлға теориясы идеяларының педагогикалық және әлеуметтік-психологиялық түсіндірмелері әр алуан. Сондықтан тұлға теориясы эволюциясының қағидаларын салыстыру бірінші дәрежелі қадам. Түсініктерді нақтылауда сала өкілдерінің көзқарастары мен идеяларын қарастырамыз [262, 4-7 бб.].

Тұлғаның теориялық динамикасы талпыныстарын Н. Льюис [263] ғылыми жұмысынан танысамыз. Оқыту мен білім берудегі тұлға үлесіне шолу жасалған зерттеуде жеке адам мен интеллект, ынталандыру мен жетістіктер қатынастары талданады [264]. Тұлға феноменін зерделеуде ғылымда түрлі пәнаралық бағыттағы зерттеулер белсенді жүргізілуде. Оқытуды психология ғылымдары тікелей зерттемесе де, мұғалімнің оқу процесіндегі тұлғалық сипатын айқындайтын түсініктер ұсынады. Тұлғаны зерттеуде психологияның негізгі міндетін К.М. Эванс [265] айқындайды. Мұғалімдердің білім берудегі тұлғалық сапасын түсіндіруде оқыту психологиясы тұлғаның даму теориясына сүйенеді. Тұлғаның бесфакторлы құрылымы мұғалім тұлғасының психологиялық теориясын дәлелдейді [266].

Руханилық адам тұлғасын қалыптастырушы және адамгершілік белгісі. Оқу-танымдық іс-әрекеттегі рух, руханилық, дін, мораль түсініктерінің теориялық зерттеулері «руханият» пен «адамгершілікті» педагогикалық көзқарастарда үйлестіреді. Сондай-ақ, руханилықтың қалыптасқан категориялары психологиялық сараптау жүргізуге септігін тигізеді [267].

«Тұлға», «әлеуметтену», «тұлғаның әлеуметтенуі» ұғымдарына негізделген зерттеуде әлеуметтенудің құрылымы, кезеңдері мен әрекет ету тетіктері баяндалады. Тұлға әлеуметтенуіндегі философиялық, әлеуметтанулық, психоэкологиялық, құқықтық және моральды-этикалық түйткілдері қарастырылады. Авторлар бағалауынша, бүгінгі күн шарттарындағы әлеуметтену өркениеттің мәдениет сахнасында дамып, ұлттық және этникалық мәдениет қимылдары мен кірігуімен қосылады [268].

Әлеуметтік және мінез-құлық ғылымының халықаралық Энциклопедиясының екінші басылымында тұлғалық бірегейлік сауалдары екі теорияда зерделенеді: жан теориясы дене және мида шоғырланады; психологиялық үздіксіздік пен қисындылық реляциялық теорияларда зерттеледі. Әлеуметтік зерттеулер бірегейліктің субъективті сезімін тексереді. Постмодернистік теориялар адам бірегейлігін теріске шығарады. Бірігейлікті тұрақтандыруда эмпирикалық мәліметтер енгізіледі [269].

Жеке айырмашылықтар және тұлға талданған монографияның төртінші бөлімі [270] индивид дамуын зерттеу көзделген. Ғалым ізденісінде тұлға өмірі сатыларындағы өзгерістерді қамтиды. Балалар тұлғасы өлшемдері жіктеліп, ұзақ мерзім сақталатын жас шамалар айқындалады. Психология мен этика алшақтығы тұлғалық бұзылуды оңтайландырған зерттеуге әкелген. Біріктірілген көзқарас тұлғалық бұзылуды зерттеуді байытады және кеңейтеді. Тұлғалық бұзылудың психоэтникалық салдары зерттелген мақалада ерік білдіру өлшемдерінің моральдық шешімдердегі психологиялық қабілеттерді әлсірету ахуалы сарапталып, үдемелі ауытқушылықтарға әкелетін қозғаушы күштер анықталады [271].

Білім берудегі оқыту психологиясы тұлға теориясындағы мұғалімнің кәсіби-психологиялық бейнесін айқындауға мүмкіндік береді. Нәтижелері айқындалған ізденісте психологиямен сабақтас салалардың бес тобы сыни сарапталады: мұғалім типологиясын жүйелеу; мұғалімдер мұқтаждығы мен

функционалды емес кемшіліктерін бағамдау; ұстаздардың кәсіби мінез-құлқы және студенттерге жасалатын түрткілерін зерделеу, кәсіби бірегейлігін талдау; тұлға теориясында мұғалім тұлғасын дәйектеу [272]. Тұлға қозғалысы психологиясын сараптаған еңбек озық беталыстарға сүйенген нәтижелер ұсынады. XIX және XX ғасыр сарапшылары растаған нәтижелерді шешуде ғылым тұлға құрылымы мен қозғалысын түсіндіреді. Зерттеуде тақырыптың теориялық және әдістемелік базасы да қарастырылған [273].

Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардағы зерттеулер көмегімен кедергілер мәнін табу әлеуеті жеткілікті. Қазіргі қоғам жағдайында тұлға феноменінің өзекті сипаттарын негіздеп, төмендегі пікірге мән береміз: «Бүгінде де, келешекте де терең толғанатын, өзгелермен бірлескен қимылдар атқаратын, салдар нұсқаларын талқылайтын, баламалы шешімдер білдіретін және креативтілігі басым азаматтарға сұраныс артады» [274].

1.3.2 Тұлғалық-бағдарлы оқытудың тарихи алғышарттары

Тұлғалық-бағдарлы оқытудың тарихи алғышарттары педагогика және психология ғылымдарда алатын орны өзгеше [275]. Антикалық гносеологияда педагогикалық ізденіске орын табылды. Түрлі мектептер пікірталастарына қатысқан антикалық ойшылдардың көпшілігі педагогтар еді. Сократ адам баласында жасырылған білімді шебер жетекші сауалдар қою жолымен табылатын әдіс майевтиканы ашты. Афинада академия ашқан Платон танымды денеге бірігуге дейінгі жанның идеялар анамнезисінде (еске түсіру) қарастырды. Идеялар адам сүйіспеншілігіндегі рухани өрлеу ізденісінің түрткісі. Платонның шәкірті Аристотель таным құралы логиканы ашып, силлогистиканың негізін қалады [276, 4 б.].

Орта ғасырлардың діни эстетикасына әсемдік және дене бітіміне сай дамыған тұлғаға сұраныс болмады. Антикалық грек-рим білімдарлығы оң бағаланып, дәуірдің педагогикасы адамгершілік, рухани, Інжілдік бастауларға басымдық берді. Оқушы тұлғасына бағыттау сословиелік моральға тарту, ортағасырлық бірлестік тәжірибесі білім беру жүйесін қалыптастырды. Осылайша, тәрбие мен білім үйренушілік тәжірибесімен айқындалды: мұғалім тәрбиеленушінің анықталған сословиелік қауыммен бірігетін шынжыр түйіні. Орта ғасырлық университеттегі мұғалім (профессор) оқушыға жауапкершілік алды; бірақ, студенттердің апта сайынғы пікірталастар өткізу еркіндігінен «азат етілді». Ерекшелік «ұстаз – оқу процесі – оқушы» қатынастары парадигмасына қозғалыс туындатып, мұғалімнің когнитивтік құзыреттілігіне әкелді. Сөйтіп, тұлғалық бағытталу шамасы мұғалімге ығысса да, оқушыға да еркіндіктер берілді [277, 10 б.]. Әрине, орта ғасырларда діни көзқарастардан алшақ ойлауға мүмкіндік берілмеді. Сондықтан тұлғаға бағытталған ілімдер шектелуін осы ахуалмен түсіндіреміз.

XV ғасырдағы Батыс Еуропаның әлеуметтік-экономикалық өміріндегі қоғамдық өзгерістер тарихи кезеңге Қайта Өрлеу атауын берді. Кезеңнің идеологиялық жүйесі діни құндылықтардан құтылып, қауымның табиғи мұқтаждықтары мен мүдделеріне зейін қойыла бастады. Ренессанс дәуірінде таралған гуманистік тәрбие тұжырымдамасының түпкі мақсаты адам

болмысының рухани және физикалық бастамаларын үйлесімді дамытуға бағытталды. Орта ғасырлық педагогикада ұрпақ ересек адамның кішірейтілген көшірмесінде бағаланса, Қайта Өрлеуде табиғи дербестігі танылады. М. Монтень түсінігінше, оқушы иеленген білімімен тұлғаға айналады, сыни ой-пікірлер білдіру дарынымен танылады. Реформация дәуіріндегі дербестік қағидасы тәрбие мен білім берудің тұлғаға бағытталған педагогика нәтижелерін иеленді [277, 10 б.].

Жаңа дәуір гносеологиялық ізденістері өмірдің мәнін анықтауда ерік еркіндігі мен ақыл-ойдың танымдық мүмкіндіктерін негізге алды. Гегель дамудың бастапқы тамшысын адамның өзін-өзі тануындағы дүние рухы бейнесі байлығын игеру қабілетінде байыптады. Гегель ашқан диалектика, логика және таным теориясының тұтастығы нормаларына марксизм классиктері жүгінді [276, 4 б.].

Я.А. Коменскийдің педагогикалық көзқарасында білім беру балалардың жасы және дербес психологиялық ерекшеліктерімен жоспарланып, оқыту мен тәрбиелеу тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталады. Әрекеттерді педагогикалық бақылау жүйесімен тиімді пайдалану ұсынылады [278, 25-31 бб.].

Тұлғалық-бағдарлы оқыту әлеуетінің тарихи қарқыны ұстаз бен шәкірт қатынастары триадасында аңғарылады: «Жаратылыс (Әлеуметтік орта) ↔ Шәкірт тұлғасы ↔ Ұстаз тұлғасы». Ж.-Ж. Руссо тұжырымдауынша, ұстаздың бірінші орындағы міндеті тұлғаны адамгершілікке тәрбиелеу. Тұлға құрылысы талабындағы ізгілік пен зұлымдықты іріктеу бостандығын дуализммен тоғыстырды (адамгершіліктен ажыраған қоғам тұлғаны бүлдіреді). Көзқарас бұрынғы педагог-гуманистер идеяларының логикалық жалғасында триада екпіндерін қозғады: «Әлеуметтік орта (Жаратылыс) ↔ Шәкірт тұлғасы ↔ Ұстаз тұлғасы».

XIX ғасырда педагог-демократтар И.Г. Песталоцци, А. Дистервег, И.Ф. Гербарт француз ағартушыларының педагогикалық идеялары жетекшілігінде тәрбиенің гуманистік ағымдарын дамытады. Тұлға феноменін философиялық иррационализм мүшелері өзгеше сипаттайды: С. Кьеркегор, А. Шопенгауэр, Ф. Ницше. Сынға тәуелсіз ой-пікірлер және ептілікпен қарайтын «дербес адамдарды» тәрбиелеу (Кьеркегор), тұлғаның табиғи болмысы өзгерістерін жоққа шығаратын, бірақ, жақсылық ұмтылысын ынталандыратын пайым (Шопенгауэр), адамгершілікке тәрбиелеу (Ницше) идеялары диаданы келесі тарапқа ығыстырды: Тұлға ↔ Ұстаз [277, 11 б.].

Ұлтымыздың педагогикалық ойлары тарихын талдауда тұлғалық-бағдарлы оқыту міндеттері көзқарастарын Ш. Уәлиханов [279], Ы. Алтынсарин [280], А. Құнанбаев [281] еңбектерінен де табамыз. Ш. Уәлихановтың ағартушылық ұстанымдарында қоғамдық ілгерілеу шешуші сипатқа ие. Ғалым халық құқықтарын қорғауға тырысып, елдің тарихи келешегіне сенді және ілгерілеуді ағартушылықпен ұштастырды. Ғалым пікірінше, білім адамға күш сыйлайды және халық әл-ауқатын көтермелейді. Қазақ педагогикасында орны бөлек Ы. Алтынсарин білім беруді жеке бастың қамына емес, әлеуметтік

ортаны өзгертудегі құрал аясында қарастырды. Ағартушының ойынша, оқушы тұлғасындағы ақыл-ойдың дамуы мен адамгершілік жетілдіруде шынайы білім қажет. А. Құнанбаев қазақ ағартушылары арасынан алғаш рет балаларды тәрбиелеуде жас және психологиялық ерекшеліктерін назарға алынылуын айтты. Ақын өз бақылаулары, педагогикалық ойлардың озық қағидаларына сүйеніп оқыту мен тәрбиелеудің теориялық және тәжірибелік көзқарастарын білдірді. Туындыларында адамгершілік, мораль тақырыптарын көтергенде жақсылыққа апаратын қасиеттер мен жамандық нышандарын белгіледі.

Н.Н. Никитинаның [282, 3 б.] редакциялық басқаруындағы зерттеуде көрсетілгендей: «Жаңа мыңжылдық алдында тұрған адамзатқа технократизм дәуірімен салыстырғанда, рухани еркіндік пен тұлғаның тұтастығы ізденісін иелену жүреді. Бүгінде қоғам мен мәдениет дағдарысынан шығу жолына білім беру дағдарысын еңсеру, жаңа құндылықтар мен мақсаттарды жүзеге асыру құралдарын айқындау жатады. Сын-тегеуріндерге пайда болған жауап білімнің тұлғалық-бағдарлы парадигмасы жаңа пайымдауларын өрбітіп, гуманистік философия, психология, педагогика идеяларын жаңа сатыға көтерді».

Тұлғалық-бағдарлы оқытудың қайнар көзі бихевиоризм мен психоанализ бағыттарына өздерін қарама-қарсы есептеген психология ғылымдарының саласы гуманистік психологияда жатыр. Ойларымызды түйіндеуде психологиядағы аталмыш ағым бастамашылары А. Маслоу мен К. Роджерс идеяларымен талдаймыз [282, 6-12 бб.].

А. Маслоу қалыптастырған тұлға теориясы гуманистік психологияға тән идеялар мен ойлар бейнелейді: адам өмірінің жоғары ұмтылыстарын түсінеміз: өсу, өзін-өзі таныту, денсаулық, реттеу, тиімді қызметке талпыну, бірегейлік пен дербестік ізденісі, кереметті аңсап «жоғарыға» ұмтылу, дамуға тұлғалық әлеуеттің болуы. А. Маслоу түсінігінше, нақты мезгілде және кеңістікте адам болмысының бірегейлігін түсінеміз. Әрбір адам өмірін мағынамен толықтырады. Шиеленіс мазмұны адам әрекетіндегі таңдау жауаптылығында жатыр. Ғалым тұлғаның өзін-өзі өзектілендірудің сипаттамаларын ұсынды: риясыздықты ұтымды мақұлдау; ішкі әлем, өзгелер дүниесін және жаратылысты бекіту; дербес болмыстылық, кішіпейілділік және жаратылыстық; кедергілерге кешенді талпыну; егемендік, оқшаулыққа мұқтаждық; автономиялық мәдениет пен қоршаған ортадан егемендік; мойындау тазалығы; шарықтау шегіне жеткен тылсым қобалжу; әлеуметтік мүдде; ойлы өзара коммуникация; демократиялық мінез; тетіктер мен міндеттерді құрылымдау; әбестік күлкіге айналатын әзілді философиялық сезіну; креативтілік; мәдениетке баулуға қарсылық.

К. Роджерс адам табиғаты байламдарын ескеріп, мақсаттарға жетудегі алға жылжу, ұтымдылық, шынайылық пен сенімділік бағыттарға ойларын шоғырландырды. Гуманистік психологиядағы белсенді жаратылыс иесі адам мақсаттарына ұмтылыс жасау қабілетіне ие. Ғалым зерттеулерінде бес тұлғалық мінездеме айқындалды: уайымшылдыққа жариялылық; тіршілік мәніндегі өмір кейпі; тәндік жауапкершілік; эмпирикалық дербестік; ой ұшқырлығы [262, 9 б.].

К. Роджерс кезекті еңбегіндегі [283-284] көзқарастар тұлғалық-бағдарлы оқытуды зерттеуде әлі де көкейкестілігін жоғалтпады. Ғалым ұстазға қойылатын жеті сауал жауабын іздейді: «1. «Бағдарламаға сәйкес емес» оқитын бала дегеніміз кім? 2. Өзімнен сұрар едім: егер оқушыларым ештеңе білмейтінін, ойларының ауытқитындығын, қателесетін, ізденісте жүретіндігін білсе, оқушыларымнан жабық ұстануға тырысар ма едім? Мұндай тәуекелділікке барамын ба және белгісіздік маған не береді? 3. Оқушыларымды не қызықтырады? 4. Баланың білуге құмарлығын қалай сақтауға және қолдауға болады? 5. Еркін таңдауымды қамтитын, тек өзім игеретін, түрлі бейімділік пен қабілетке жауап беретін материалдар көріктілігі мен тартымдылығын оқушыларыма қалай ұсынамын? 6. Оқушыларымның шығармашылық идеяларына көмек беруде батылдығым мен шыдамдылығым жеткілікті ме? Тітіркендіретін, жалықтыратын, жиі кездесетін қарсылықтар, шығармашылық идеяларда туындайтын ерсі қылықтарды жиі көтеруге шыдамым мен адамшылығым жете ме? Шығармашылық адамына кеңістік бере аламын ба? 7. Оқушыларымды таным саласында дамытып қана қоймай, сезімін қамтамасыз ете аламын ба?

Тұлғалық-бағдарлы педагогиканың келесі ұстанымдарын ескереміз:

- жекелеген адам ауыспалы әлем орталығында жүретіндіктен, тұлғаның қоршаған шынайылық дүниесіндегі орны өткір проблема; ішкі әлем сырттан соңына дейін танылмайды;
- адам қоршаған шынайылықты дербес мақұлдау мен түсіну аралығында қарастырады;
- адам өзін-өзі танып-білу және танытуға ұмтылады; адам ішкі жетілуді кемелдендіру мұқтаждықтарын иеленген;
- тұлға өзара тіл табысу қатынастарымен дамиды;
- дербес жетілу, даму бөгде адамдармен өзара қимылдарда жүзеге асады. Рухани бағалау адамның өзін-өзі тануындағы елеулі қадам, тікелей және жасырын қарым-қатынастармен орындалады [285, 126-127 бб.].

Жоғарыда сарапталған идеялар тұлға теориясының педагогикалық және әлеуметтік-психологиялық түсіндірмелерінің қысқа бөлігі. Тұлға теориясының концептуалды байламдарын қарастыру ұсынылған пікірлер деңгейін кеңейтеді. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардағы ортақ пікір - тұлғаның еркін дамуымен ерекшеленеді. Сондықтан тұлғаның сипаттамалық белгілерін тұтастай қарау және әлеуметтік әлеуетін анықтауға басымдық ұсынады. Әрине, сол замандарда тұлғалық-бағдарлы оқыту нақтыланбаса да, тұжырымдық идеялар қазіргі білім беру жүйесінің дамуына қозғау салады. Демек, тұлғалық-бағдарлы оқытудың тарихи алғышарттары ұзақ тарихи кезеңдерді қамтыды:

1. Ежелгі дүниеден бастап тұлға дамуының табиғатпен ықпалдастығы айтылады. Пікірге қарама-қарсы ойлар да қалыптасқан. Адамның тұлғалық дамуын табиғат жетелейді және табиғаттан тыс жүреді қағидаларының күресі ежелден бастау алды. Ежелгі дүние мен ортағасырлардағы көзқарастар тұлғаға бағытталған түсініктерді қамтыды. Антика дәуірінде тұлға өзін-өзі тәрбиелеу бағдарында танымын дамытатындығы дәйектелсе, орта ғасырларда тұлғаның

дамуына руханилық ынталандыратындығы мәлімделді. Қайта Өрлеу дәуіріндегі көзқарастар діни құндылықтардан арылып, мүдде бөлек ескерілді, гуманистік тәрбие көшбасшы құндылыққа айналды.

2. Қазақ педагогикасында тұлғаға ағартушылықпен білім беру қолдау тапты. Еңбектерде балаларға дербес тұлға қарауға басымдық беріледі. Тарихи алғышарттар гуманистік психологияны дамытып, тұлғалық-бағдарлы оқытудың іргетасын қалады.

3. Тарихи шолудағы әрбір кезең ұстанымдарына қарамастан қоғам құндылықтарын ұстанатын тұлғаны дамытуға назар аударылады. Тұлғаны дамытудағы мектеп миссиясы жоғары бағаланады. Ұстаз бен шәкірт коммуникациясы әрдайым өзгеріске ұшырайтындығы көрініс тапты.

4. Оқу мен тәрбие қатар жүретін қозғалыс. Ойшылдардың басым бөлігі білім беруде тәрбиені бірінші орынға қояды. Ойшылдар қарастыратын тәрбие салалары да өте көп: гуманистік, физикалық, адамгершілік, ақыл-ой, эстетикалық, еңбек, отбасы және т.б.

5. Оқыту білім алуға ғана емес, тұлғаның қалыптасуы мен шығармашылық әлеуетін дамытуға қажет. Түрлі әрекеттерде адам баласы иеленілетін, жеке және әлеуметтік қасиеттерден тұратын тұлғаны жетілдіру факторларына генетикалық артықшылықтар, қоршаған орта, мәдени және әлеуметтік түрткі, дербес тәжірибе енеді. Шығармашылық қасиеттерді дамыту символдары мыналар: инновациялық идеяларға мұқтаждық; күдіктенумен баламаларды орнықтыру шеберлігі; басталған жұмысқа үмітпен қарау; ұсынылатын нысанды жаңа қырынан көрсету бейімділігі.

6. Оқушының білім алудағы ішкі түрткілері, мүдделері мен машығын зерттеу. Оқушының білім алуы танымдық және әлеуметтік түрткілерден тұрады. Білім алудағы мүдделер жалпылама, нақты және пәндік нышандарға сүйенеді. Рухани дүниетанымды арттыруда алғыр ойлау, қиялдардың шынайылыққа айналуы, ішкі түйсіктердің дамуы, жеке идеялар ұсыну дағдыларын иеленуге мән береміз.

7. Оқыту мазмұнын танымдық міндеттермен толықтырамыз. Танымға Ежелгі дәуірден назар аударылып келеді. Оқу процесінде оқушыларға танымдық тапсырмалар беру ойлау дағдысын дамытады.

Өткен кезеңдердің ойшылдары мен ғалымдарының көзқарастарын зерттеу педагогика мен психологиядағы концептуалды, идеологиялық қателіктерге жол бермейді. Ғылым мен шығармашылық үйлесімділігінде педагогика және психология ғылымдары мен білім берудің даму ізденістерінде тың жаңалықтар пайда болады. Тұлға құрылымы төмендегі құбылыстарды біріктіреді: сана мен дербес сана, ерік және әрекетке икемділік. Бөлшектер диалектикалық бірлік сақтайды және тұлғаның әлеуметтік табиғатын нақтылайды [261, 34 б.].

1. *Адам санасы* жеке тұлға риясыздығын көрсету қуаты, әрекеттерін бақылайтын тұлғалық құрылым бөлшегі. Адамның дербес санасы жойылса, тұлғаны айтудың мәні жоқ. Мәселе табанды психикалық ауруларға тірелсе, тұлға жөнінде айта алмаймыз.

2. *Ерік* тұлға құрылымы құрамдасындағы орындалуы тиіс қызмет, дербес жігер модельдерін таңдау икемділігі. Түсіндірмеде сана мен қызметке жүктелмейтін амалдар айтылады. Ерік мінез-құлқы мақсат, жету құралдары, дәлелдер күресімен (таңдау амалдары) жүретін шешімді байыптау мен іске асыруды кіріктіреді. Ерік мақсатқа жетудегі кедергілер мен қиындықтарды жеңуге жәрдемдеседі.

3. *Әрекет* көзделген мақсат, айқындалған нәтижеге жетуге бағытталған зияткерлік және физикалық күш, арнайы құралдарды қолданатын тұлға құрылымындағы құрамдасы [286, 81-82 бб.].

XX ғасыр соңында тұлғалық-бағдарлы оқыту ұстанымдары қалыптасып, келесідей қағидаларды бір арнаға тоғыстырды: білімгер тұлғасының еркіндік шеберлігі қағидасы; әлеуметтену және дараландырудағы татулық қағидасы; білімнің табиғи және мәдени бірегейлік жарасымдылығы қағидасы; өмірді құру мен одақтастық қағидасы; дербестік қағидасы («сананы танытатын субъективтілік»); қосалқалық қағидасы (ескі қарама-қайшылықтарды синтезбен алу); оқу-тәрбиедегі жариялылық қағидасы [287, 23-24 бб.].

Жоғары білім берудегі тұлғалық-бағдарлы оқытудың рухани дүниетанымды дамытуы білімгерлердің жеке қабілеті өзгешеліктері мен психологиялық ахуалын есепке алатын тұлғаны өркендету жүйесі. Сондықтан рухани дүниетанымды дамытуда тұлғалық-бағдарлы оқытудың әлеуеті жетекші рөлге ие. *Біріншіден*, жоғары мектептегі тұлғалық-бағдарлы оқыту студенттің жеке қасиеттері, білім игерудегі әлеуетті алғышарттар қалыптастырады. *Екіншіден,* қоғамдағы тоқтаусыз өзгерістер, даму мен жаңғыру білімгердің рухани бай, креативті ойлайтын, отансүйгіш, ортада шынайы бейнесін айшықтайтын тұлғаны танытады. *Үшіншіден,* қазіргі заман жастары прагматикалық шеңберде ойлайды, бейімделгіш және құқықтарын қорғай біледі. Ахуал оқытушылардың кері байланысында жаңа тәсілдер мен әдістерді қолдануға итермелейді. *Төртіншіден,* заманауи құндылықтар өзгерістерінде рухани-адамгершілік тәрбие беруге мұқтаждық байқалады [288, 169 б.].

1.3.3 Тұлғалық-бағдарлы оқытудың негізгі тұжырымдамалары

Тұлғалық-бағдарлы оқытудың педагогика және психология ғылымдарында түрлі тұжырымдамалық көзқарастар қалыптасқаны анықталды және алынған тәжірибелік нәтижелер зерттеулерге арқау. Ғалымдар тұлғалық-бағдарлы оқытумен бірге технология, тәсіл, білім беру түсіндірмелерін қатар талдайды.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби жетілуі оқытуды сезіну дәрежесімен айқындалған, алға қойған мақсаттарға жетудің тиімді тәсілдері мен құралдарын анықтау икемділігі, нәтижелерді мақсатымен салыстыратын оқу қызметін ұйымдастырумен тоғысады. Қадамдар тізбегі тұлғалық-бағдарлы құрамдастағы жүйешіктердің біріккен, ашық, динамикалық жүйесін ұсынады: аксиологиялық жүйе тұлғалық-бағдарлы оқыту деңгейлерінде құндылықтар бағдарларын таңдауда студенттерге көмек береді; когнитивтік жүйе педагогика мен психологиядағы жеке әдістемелерде ғылыми білімдермен қаруландырады, білімгерлермен жұмыс жасауда педагогты даярлау тәжірибесі шеберлігін

ұштастырады; тұлғалық жүйеде рефлексивті қабілеттер, өзін-өзі тану мен басқару, анықтау сынды тәсілдер дамиды; қызметтік-шығармашылық жүйеде педагогикалық жауапкершіліктегі жұмыстарды орындаудағы шығармашылық икемділіктер, қызмет тәсілдері кемелденеді. Жүйелер түсіндірмелеріндегі ұсынымдар тұлғалық-бағдарлы оқытудағы студенттің қуатты дербес және кәсіби құзіреттілігін қолдайды.

Тұлғалық-бағдарлы оқытуды қолдану келесі тәсілдермен жүргізілгені ұтымды: 1) педагогикалық үдеріс қатысушыларының тәуелсіздік қарқынын ұлғайту және студенттің оқу стратегиясын қалауынша таңдауына шарттар құру; 2) оқыту жүктемесін ахуалдық жобалау, субъекттік-мағыналық қимылдардан алынатын студенттердің тұлғалық тәжірибесін қолдану; 3) оқу процесін жоспарлауда диалогтық, имитациялық ойындар технологияларына жүгіну; 4) тұлғалық-бағдарлы кәсіби қызметке руханилық міндеттерін енгізу; 5) оқытудың ашық элементтерімен дербестікті қалыпқа келтіру; 6) оқыту идеясына блоктық-модульдық тұжырым, тәсілдер таңдау, игерілген білім нәтижелерін талдау, оқу және ғылыми-зерттеу жұмыстарында кеңес беру мен есептерін тыңдау; 7) болашақ кәсіби қызметті педагогикалық квесттермен модельдеу; 8) психологиялық ахуал бағдарларымен жетістіктерді ынталандыру, өзін-өзі өзектілендіру, реттеу қарама-қайшылықтарын шешетін оқытушылар мен студенттер қатынастарын басқару [261, 34-35 бб.].

Тұлғалық-бағдарлы оқытудағы жеке сценарийлерді анықтау білімгерлер оқуын ұйымдастыруда келесі кезеңдерден өтеді: 1) білім беру саласы, бөлімі қызметтерін анықтауда студенттердің даму деңгейі мен тұлғалық сапалық дәрежесін тексеру; 2) студент, оқытушының пәнді тануын белгілеуде білім беру саласындағы іргелі нысандарды бекіту; 3) білімгер тұлғалық қатынастар жүйесін білім беру саласы мен тақырыптарын игеруде аргументтеу; 4) дербес және іргелі білім беру нысандарында білімгердің тұлғалық білім алу қызметін құру; 5) қызметті студенттердің дербес және ұжымдық білім алу бағдарламаларын бір мезгілде ресімдеу; 6) қызметтің жеке білім беру өнімдерін жариялау мен ұжымдық талқылау; 7) рефлексивті бағалау [289, 140 б.].

Е.Н. Шиянов докторлық диссертациясында болашақ мұғалімдерді даярлаудағы тұлғалық-бағдарлы оқыту тәсілдерін әзірлеуде тұлғалық гуманистік бағыттылығын үйымдастыру жоғары мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарына мынадай міндеттер қояды: студенттердің адамзат тұлғасын құндылықтардың гуманистік бастамалар тасымалдаушысы, қайталанбас дербестігі мен шығармашылық болмысын сезінуі; білімгерлер тұлғасын үйлесімді дамыту мақсат пен педагогикалық қызмет бағытында мойындау; студенттердің педагогикалық мамандықты қанағаттануына әкелетін және өмірлік мәні мен бақытын құрайтын қоғамдық борышты саналы және эмоциялық түрде қабылдауы; болашақ мұғалімдердің педагогикалық миссияның шығармашылық табиғатын рухани шығындар, үздіксіз дербес жұмыс жасаудың дидактикалық қатынасын түсінуі; студенттердің кәсіби-этикалық мәдениетті стандарттар кешенінде игеруі: ішкі болмыс пен сыртқы мінез-құлық тұтастығы, адами қарым-қатынастардағы сұлулық пен

көріксіздікті түсіну, эмпатия, кішіпейілділік, ілтипатшылдық, келешекке үмітпен қарау және т.б. [290, 219-220 бб.]. Қағидалар болашақ мұғалімдердің міндетті құзіреттіліктерін иеленуге септігін тигізетіндігіне назар аудару қажет.

Е.В. Бондаревская тұлғалық-бағдарлы оқытудағы «тұлға» ұғымын «мәдениет адамы» байыбында алмастырады және гуманистік, рухани-адамгершілік позицияда бейнелейді: мәдениет адамы әдеп әлемінде өзін-өзі табатын ықтиярлы пенде; мәдениет адамы парасаттылығы шексіз субъект. Адамгершілік адамдарға махаббат, тіршілікке қайырымдылық, ізгі ниеттілік, жақын және алыс адамдарға көмек қолын созушылық, адам құндылығы мен қайталанбайтындығын түсіну, өмірге қол сұқпаушылық, бейбіт келісімге ұмтылу, адамдар нәсілі, ұлты, діни сенімі, қоғамдағы орны, дербес қасиеттеріне қарамастан шыдамдылық таныту ізеттіліктерін біріктірген инабаттылық шыңы; мәдениет адамы рухани және тұлғалық таным, рефлексия, сұлулық сұраныстарымен тәрбиеленген индивид: «Тұлға білімі – руханилық негізі» [291, 11 б.]. Демек, сипатталған адам шығармашылық қызметке бейім, кең көлемде ойланатын, күмәнмен сенімді оятатын, жасампаздыққа ұмтылған ізденімпаз тұлға [261, 34-35 бб.].

И.С. Якиманская [292] тұлғалық дамуға бағытталған оқу бағдарламаларына қойылатын талаптарды талдаған еңбегінде шәкіртті оқу-тәрбие процесінде жетекші тұлға аясында көру тұлғалық-бағдарлы оқыту белгісі. Білім алушыны оқу процесінің шынайы субъектісіне айналдыруда оқыту технологияларын өзгерістерге ұшыратуды дәйектейді. Мұғалімнің оқытуды ұйымдастырудағы міндетіне оқушының субъекттік тәжірибесін ашу көзделетіндігін айқындайды. Ғалымның бағамдауынша [292, 72-74 бб.], «субъекттік тәжірибе **мазмұнын** құрайды: 1) бұйымдар, ұғымдар, түсініктер; 2) әрекеттерді орындаудағы операциялар, тәсілдер, ережелер (ақыл-ой және тәжірибелік); 3) эмоционалдық кодтар (тұлғалық мағыналар, нұсқаулар, стереотиптер). Құрамдастар түрлі ұсынылуы мүмкін, бірақ мазмұндар ара-қатынасы өзара сабақтас.

Субъекттік тәжірибе **құрылымы** енуші бөлшектер ықпалдастығы, иерархиясымен анықталады. Білімгердің дербес тәжірибесінде жалғыз, бірнеше бөлшектер үстем болуы ықтимал. Даму деңгейі бір-біріне ұқсамайды. Сондықтан шәкірттің субъекттік тәжірибесін анықтау, жағымды және жағымсыз тұстарын көрсету шешуші қадам. Мысалы, субъекттік тәжірибе құрылымында ғылыми көзқарастар, қоршаған дүниеге білім үстемдік жасайды; немесе, студенттің субъекттік тәжірибесіндегі білім қорына арнайы түзетулерге мұқтаж дүние көзқарастары басымдық иеленеді.

Білімді игерудегі субъекттік тәжірибенің **қызметі** болмысты дербес қарауды қамтитын, талғам шынайылығымен қабылдау тәртібін орнату ұстанымында жүзеге асады. Субъекттік тәжірибе болашақ мұғалімдерді қайталанбас тұлға жасайды. Тұлғалық-бағдарлы оқытудың мақсаты өзгешеліктерді жою емес, барынша ашуды көздейді.

Субъекттік тәжірибенің **қайнар көздері** де әрқилы: білімгердің жеке биографиясы (отбасы, ұлттық, әлеуметтік-саяси қатыстылық); күнделікті

өмірдегі, заттар мен адамдар дүниесіндегі шынайы қатынастары; оқыту қорытындылары. Оқыту арнайы ұйымдастырылған білім беру ортасында шәкіртке дүниені тану, тәртібін сырттан көруді міндеттейді. Қадам дүниені жеке тәжірибеде қабылдауға қызықтырады және тиімді меңгеруге ықпал жасайды».

Адамның жеке тәжірибесін субъекттік тәжірибеде қарастырамыз. Кез келген адам қоршаған ортадан берілетін ақпаратты өз субъекттік тәжірибесінен өткізеді. Болашақ мұғалімдер ақпаратты аудиториядан тыс, отбасы, достары, әлеуметтік және мәдени ортадан алады, деректер қабылдауына әсерін тигізеді.

И.С. Якиманская тұлғалық-бағдарлы оқыту технологияларын әзірлеуде түрлі әдістерге сүйенеді. Модель жасауда автор психологиялық дамудың дербес қайнар көзінде оқушының субъективті тәжірибесін негізге алады. Тұлғалық-бағдарлы педагогика модельдерін шартты түрде ауқымды үш топқа жіктейді: әлеуметтік-педагогикалық; пәндік-дидактикалық; психологиялық.

Әлеуметтік-педагогикалық модель әлеуметтік тапсырыс тұжырымдаған қоғам талаптарын орындады: алдын ала ұсынылған артықшылықтар мен кемшіліктер аясында тұлғаны тәрбиелеу. Қоғам білім институттарымен тұлғаның типтік моделін қалыптастырады. Мектеп міндетіне оқушының есею мөлшеріндегі модельге сәйкестігі, нақты тасымалдаушысын қалыптастыру жатады. Тұлға типтік құбылыс, «орташаландырылған» нұсқа, бұқаралық мәдениеттің тасымалдаушысы мен білдірушісі деңгейінде түсіндірілді. Тұлғаға берілетін әлеуметтік талаптар: жеке мүдделерді қоғамдық мүдделерге бағындыру, конформизм, құлақ салу, ұжымшылдық және т.б.

Білім берудегі оқушыға жоспарланған нәтижеге жету ортақ шарттар құруға бағытталады (жалпыға бірдей он жылдық білім, екі жыл бір сыныпта қалушылықпен «күрес», мінез-құлқында ауытқушылық бар балалармен жұмыс, психологиялық дамуында бұзылыстар бар балаларды оқшаулау және т.б.). Білім беру технологиясы педагогикалық басқару идеясы, оқушының жеке дамуының (өзін-өзі оқыту, тәрбиелеу) белсенді жасаушысы субъекттік тәжірибесін есепке алмай және пайдаланбай тұлғаны «сырттан» қалыптастыру, түзетуге негізделді. Аталмыш технология бағыттылығын былайша бейнелейміз: «маған қазір сенің қандай екенің қызық емес, бірақ, сенің қандай болатыныңды білемін және осы нәтижеге қол жеткіземін». Осы мезгілде танымал педагогикалық оптимизм, авторитарлық бағдарламалар, әдістер, оқыту түрлерінің біркелкілігі, жалпы орта білімнің жаһандық мақсаттары мен міндеттері (жан-жақты үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу) шығады.

Пәндік-дидактикалық модель әзірлемесі дәстүрлі жүйенің пәндік құрылымын есепке алып, білім ғылымилығын ұйымдастырады. Қалыптан тыс пәндік бөлініс оқытудағы жеке тәсілдерді әзірлейді. Оқыту құралдарын тасымалдаушы, дамытушы оқушы емес, білімнің өзі дараландырады. Білім объективтік қиындық, жаңашылдық, олардың бірігуі, игерудің рационалды тәсілдерін назарға алу, материалдарды ұсыну, қайта өңдеу және т.б. дәрежесіне қарай құрылды.

Дидактика негізінде анықтауға бағытталған пәндік жіктелу жатыр: 1) түрлі пәндік мазмұндағы материалдармен жұмыс жасаудағы оқушы ықыласы; 2) терең оқуға қызығушылық; 3) оқушының пәндік (кәсіби) қызметтің түрлі себептеріне бағытталуы. Пәндік жіктелу технологиясы оқу материалының (қиындық деңгейлеріндегі жаттығулар) күрделілігі мен көлемін бағамдап өңделеді. Пәндік жіктелуде факультативтік курстар, арнайы мектеп бағдарламалары (тілдік, математикалық, биологиялық) жасалады, оқу пәндерін кеңейтіп үйретететін сыныптар ашылады: гуманитарлық, физика-математикалық, жаратылыстану; пәндік-кәсіби қызмет түрлерін игеруге шарттар жасалады (политехникалық мектеп, оқу-өндірістік комбинат, қоғамдық пайдалы еңбекпен оқытуды үйлесімді пайдалану).

Оқытудың ұйымдастырылған вариативтік түрлері жіктелуге қозғау салды, бірақ білім беру идеологиясы өзгермеді. Өйткені, тұлға үйретуші ықпалдар өнімі, демек, жіктелу қағидасымен ұйымдастырылады. Білімді ғылыми бағыттар, күрделілік деңгейімен (бағдарламалау, мәселелік оқыту) ұйымдастыру тұлғалық-бағдарлы оқытудың қайнар көзіндей мойындалды. Педагогикалық жәрдем жіктелуі түрлерімен (пәндік білімдер ұйымдастыру) ахуалдар жүйеленіп, тұлғалық дамудың мазмұнын айқындады.

Тұлғалық-бағдарлы педагогиканың **психологиялық моделі** соңғы уақытқа дейін түрлі танымдық қабілеттерді генетикалық, анатомды-физиологиялық, өзара әрекеттер мен әсерлердің әлеуметтік себептері мен факторларының күрделі психикалық түзінділері тетігінде түсіндірілді. Білім берудегі танымдық қабілеттер оқытудан көрінеді және білімді игеру дербес икемділікпен айқындалады. Психологиялық ұстанымдағы білім берудің мақсаты: оқытуды танымдық икемділікте дамыту, түзету; деңгейін бағалау (жоғары-төмен оқыту); дарынды балалардың қалыптасуы және дамуындағы өзгерістерді талдау [292, 31-33 бб.]. Құбылыстың барлық аспектілері жоғарыда келтірілген тұжырымдармен сабақтасады.

И.С. Якиманскаяның ғылыми редакциясында жарық көрген зерттеуде тұлғалық-бағдарлы оқытудың философиясы қорытындыланады [261, 36-37 бб.]: бала өзінің дербес көріністерінде уникалды және теңдессіз; шәкірт оқыту жетегінде тұлға болмайды, ол баяғыдан тұлға; мектеп білім, бейімділік және біліктермен қаруландырмау керек, осы құралдармен оқушы дербестігін дамытып, шеберліктерін жетілдіруде жағымды шарттар жасайды; мектеп оқушы тұлғасын зерттеп, айқындап дамытады [293, 13-14 бб.]. Сондықтан болашақ мұғалімдерді тұлғалық-бағдарлы оқытуда аталған мәселелерге назар аударамыз.

В.В. Сериков тұлғалық-бағдарлы оқыту түсіндірмелеріне үш бағытта қарайды: білімгердің білім беру бағыты, оқу жоспары, оқу орны, құқықтары мен бостандықтарын сыйлайтын гуманистік құбылыс; тұлғаны тәрбиелеу ұмтылысындағы мақсат, педагогикалық қызмет бағдарламасы; «тұлғаның қызметі мен дамуы тетіктерін қосатын» білімнің арнайы түрі [294, 16-17 бб.].

Демек, білім берудің басты мақсатына тұлға енеді. Ғалым тұлғалық-бағдарлы оқыту тұжырымдамасы іргесін қалайтын қағидалар жиынтығын

ұсынды: «ынтымақтастық педагогикасындағы» ұстаз бен тәрбиеленуші коммуникациясының этикалық-гуманистік қағидасы; тұлғаның білім берудегі үстемдік таңдау, тұлғалық тәжірибесін үйымдастырудағы дербестік қағидасы; ұжымдық оқытудағы баламалық білім берудегі дербестік қағидасы; индивидтің дамуы мен тұлғалық нышандарын дербес дамытуға бағытталған педагогикалық процесс құру [295, 19-20 бб.].

Оқу-тәрбие тізбегіндегі тұлғалық-бағдарлы конъюнктура жиынтығын анықтаймыз: білімгерлердің дербес қасиеттері мен қимылдарын жіктеуді меңзейтін шарттар (мақсат қою, қимылдар таңдау, жауапкершілікпен қабылдау); әлеуметтік ортаның жаратылыстық сипаты мен шынайылығы; оқу топтарындағы бастамалардың бейсинхрондылығы; оқытушы мәжбүрлеуі және бағалау түрткісінің жоқтығы; оқу материалдары құрылымын мағыналық міндеттерде ұсыну; тілдесу зәрулігіне сай орта мен шарттар түзу; өмірлік шиеленістерді ойындық еліктемелермен таңдау және сыннан өткізу.

Білімгерлер қимылына қойылатын критерийлер: ұмтылыс пен оқытылатын тақырыпқа зейінділік; ой-пікірлер дербестігі, көзқарастарды дәйектеу шеберлігі, зерделейтін материалдардан өзектілерді ажырату қабілеті; танымдық әрекет шапшаңдығы, дербестікке ұмтылу; танымдық қадамдағы рефлексивтілік, алынған білім мен шеберлікке сүйену бейімділігі; ұжымдық жұмыс дағдыларының даму көрсеткіші; қиындықтар мен қарама-қайшылықтарды еңсеретін күш салу амалдарын жүйелеу; табысқа масаттанбау, мадақ пен сынды қабылдау адаптивтілігі; жүзеге асқан жұмыстар мен әрекеттерді сараптау мен таразылау, жіберілген қателерді түзеу; танымдық әрекет қарқынын ұмтылыс өзгерістерімен әлсіретпеу әлеуеті [296, 91-92 бб.].

Л.В. Сгонник мұғалімдердің кәсіби-тұлғалық дамуындағы теориялық көзқарастар айырмашылықтарын айқындады: педагогикалық білімді идеологияландыру моделінен ажырату; сөздік, энциклопедия, оқулықтар, дәрістік авторлық курстарды теория мен тәжірибеде инновациялық ізденістер көрсетілімі мен өрістеуі; мұғалімнің кәсіби-тұлғалық дамуының тар шеңберлі мамандықтан жалпыпедагогикалықпен жалғасуы; педагогиканың ұғымдық және әдістемелік құралдарын күшейтетін философия, мәдениеттану, психология, әлеуметтану, дінтану және өзге де ғылымдармен интеграциялық байланыстарының ұлғаюы [287, 25 б.].

Ғылыми әдебиеттер мен тәжірибелік қызмет талдаулары анықтағандай, оқыту технологиялары келесі міндеттерді шешеді: оқу орны қызметі шарттарына озық педагогикалық тәжірибені модификациялау және машықтандыру; авторлық жобалар мен ғылыми-әдістемелік әзірлемелер енгізу; субъекттердің технологиялық ойларын дамыту; оқу мен дербестік қызметін ұйымдастыру, жоспарлау және жобалау үйлесімділігі мен дағдылар иелену; технологиялық құралдарды игеру көлемінде студенттердің сараптамалық, зерттеушілік біліктілігін жетілдіру; кәсіби және тұлғалық табыстылықта өзін-өзі жүзеге асыру, басқару, шығармашылық қызметтерге қамқорлық жасау [297, 69 б.].

Жоғары мектептегі оқыту студенттердің рухани дүниетанымы мен зияткерлік әлеуетін дамытуды көздейді. Ақпараттық технологиялардың дамуы оқытушылар қауымына бірқатар көлемді ресурстар ұсынады. ЖОО-дағы оқытудың инновациялық тәсілдері қабілеті әралуан студенттерге білім берумен қатар, дәрістер мен тәжірибелік сабақтарда тұлға құндылықтарын бекітетін тұлғалық-бағдарлы үлгідегі шығармашылық орта қалыптастырады. Университеттердегі рухани тәрбиелеу азаматты сыйлау қағидасы мен рухани әлеуетті арттырудағы әлемдік мәдениет жетістіктерін түсіндірумен өлшенеді [262, 10-11 бб.].

Оқытудағы тұлғалық-бағдарлы әдіс педагогтың адам жинақылығына көңіл бөлу, ақыл-парасат, азаматтық жауапкершілікті дамытуға қамқорлық жасау, тұлғаның рухани, эмоционалды, эстетикалық, шығармашылық қасиеттерін дамыту басымдығы. Тұлғалық-бағдарлы оқытудың мақсаты дербес тұлғаның дамуына шарттар жасау қызметтерін атқару себепкерлігін жүктейді: тұлғаның іріктеуге ықыластығы; рефлексиялық үйлесімділік, жеке болмысын бағалау; өмір болмысы ізденісі, жасампаздық; «Мен» образын орнықтыру; «Мен барлығына жауаптымын» ұстанымындағы жауапкершілік; тұлға дербестігі.

Тұлғалық-бағдарлы оқытуда шәкірт білім беру процесінің басты әрекеттегі индивид. Педагог ақпарат бастауы және қадағалаушы, оқушының тұлғалық дамуындағы диагностикалық сарапшы және қолдаушы. Тұлғалық-бағдарлы оқыту білімгерлер ерекшеліктерін ескеріп, білім беру, тәрбиелеу мен дамытуды көздейді: жас ерекшелік, физиологиялық, психологиялық, зияткерлік; білім беру мұқтаждықтары, білімгерге қолжетімді бағдарламалық материалдар күрделілік деңгейіне бағдарлану; студенттік топ өкілдерін білім, икемділігімен саралау; білімгерлерді біркелкі топтарға жіктеу: бейімділігі, кәсіби бағыттары; студентке бірегей дербес тұлға қатынасы [298].

Нәтижесінде тұлғалық-бағдарлы оқыту өмірлік түйіткілдер шешімін табу, кәсіби және әлеуметтік өзін-өзі анықтау, отбасы, қоғамдық, өндірістік салаларда жағымды рухани жетістіктерге жету алғышарттарындағы азаматтың жаратылыстық айырмашылықтары, әлеуметтік сипаттары, адамгершілік-эстетикалық мәдениетіне бейімделеді [299, 34 б.]. Студенттерді тұлғалық-бағдарлы оқытудың дәстүрлі оқытудан айырмашылықтарын кезекті кестемен дәйектейміз [298]:

4-кесте. Дәстүрлі оқытудан ерекшеліктері (ашық дереккөздерден алынды [298])

Болмыстық өрісі	**Шапшаңдық үлгісі**	**Ішкі мұқтаждық**	**Қарапайым талап**	**Қиын-қыстау көрінісінің үлгісі**
Өміршеңдік	Тәннің өмірлік қарекеті	Қанағаттандыру	Тіршілік игіліктерінің бірбеткей шынайылығы	Сезімдік дағдарыс
Оқшау тіршілік ынтымақтастығы	Жігерлілік	Итермелеуші күшті қолдану	Ауырлық	Сәтсіздік
Жан сарайы	Зерде	Ішкі жарасушылық	Қиыншылық	Шиеленіс
Тұтас тіршілік	Төзім	Тіршілік мағынасын қолдану	Ауырлық пен қиыншылық	Дағдарыс

Тұлғалық-бағдарлы оқытудың болмыстық өрісі, шапшаңдық үлгісі, ішкі мұқтаждық, қарапайым талап және қиын-қыстау көрінісінің үлгісі элементтерімен рухани-этикалық ресурстарды дамыту көзделеді. Ұсынылған айырмашылықтар деңгейінде тұлғалық-бағдарлы оқытудың болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудағы әлеуетін негіздейміз:

1. Ішкі мұқтаждық пен жан сарайын дамыту. Тұлғалық-бағдарлы оқыту ішкі ынта, өзін-өзі тану қабілеті мен зерделі ойлау белсенділігін арттырады. Құбылыс болашақ мұғалімдерге рухани сұрақтар төңірегінде рефлексия жасауға, өмірдің мәнін іздеуге басымдық береді. Демек, рухани дүниетанымды қалыптастырудың алғашқы алғышарты қызметін атқарады.

2. Өміршеңдік пен ішкі жарасушылық. Оқытудың бұл моделі студентті «біртұтас тіршілік» аясында қарастырып, төзімділік пен ішкі үйлесімділікті жетілдіреді. Болашақ мұғалімдер өзін-өзі танып, қиыншылықтарды тиімді жолмен еңсереді, рухани-этикалық бағытта үлгі болады.

3. Ынтымақтастық пен жігерлілік. Тұлғалық-бағдарлы тәсіл студенттердің бір-бірімен және мұғаліммен өзара ықпалдастықта қатысуы, ортақ мақсаттарға бағытталуды насихаттайды. Үдеріс болашақ мұғалімдердің руханилық қарым-қатынасын дамыту, әлеуметтік-рухани құндылықтарды тәжірибеде қолдану дайындығын арттырады.

4. Итермелеуші күштің мотивациялық драйвері. Тұлғалық-бағдарлы оқыту ынталандыруды сыртқы талаптарға қарағанда адамның ішкі әрекетшілдігіне сүйеніп құрылымдайды. Нәтижесінде болашақ мұғалімдер рухани-этикалық құндылықтарды ұдайы іздену мен өзін-өзі дамытудың драйверінде қабылдайды.

Осылайша, тұлғалық-бағдарлы оқытудың ерекшеліктері болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастырудағы жеке «мән» мен «руханилық» идеяларымен білім берудің рухани-этикалық компонентін ұлғайту және тұрақты дамытуға мүмкіндік береді.

Дж. Адельсон мұғалімдерді кәсібі, шәкірттері және білім беру ұжымдарын мақұлдау деңгейінде анықтайды. Ұстаздардың бір бөлігі үздік кәсіби дағдымен қаруланған, зор құлшыныспен студенттерге білімді харизмалық дарындылықпен сіңдіреді. Шикі ақпараттанған оқушы мен ұстаз коммуникациясы көңіл көншітпейді. Бітімгер кейпіндегі оқытушы тұлғаға бағдарланған жұмыс жүргізіп, студенттердің өз әлеуетін дамытуына шақырады. Зерттеуші тұжырымдауынша, фасилитаторлық студенттерге қамқорлық пен кәсібіне сенімділік міндеттейді. Ұстаздардың кейінгі категориясы ұжым мен идеялармен келісетін азаматтардан тұрады. Мұғалімдердің бұл типі құндылықтар жүйесін ынтамен білімгерлерге насихаттауы ықтимал. Бірақ, әрекет оқушылардың тосын ахуалдарға дайындығын төмендетіп, жеке пікір білдіру икемділігін тежейді [300]. Ғалым байламдарындағы мұғалімдердің мақұлдау деңгейін сараптауы басты ұтымдылық. Сондықтан, болашақ мұғалімдерді тұлғалық-бағдарлы оқытуда кәсібін мақұлдау дағдысын ұйымдастыруға көңіл бөлеміз.

Бесфакторлы модельдің тұлғалық-академиялық тоғысуы метанализі қорытындылары жоғары білім беру деңгейінде алынған [301]. Ғалым тұлғаның бесфакторлы үлгілерін келесі тетіктермен бағалайды: тілектестік тартымдылық пен бауырластықты айғақтайды; ұждандылық сенім мен жетістікке табандылықты бейнелейді; үрейге қарсы бейімділік эмоциялық тұрақтылықтан тұрады; жұмысқа қабілеттілік пен коммуникативтік икемділік экстраверсияны көрсетеді; әсемдік, пікірлер шексіздігі мен нәзіктілік сезімталдығы ашықтықты білдіреді. Модель болашақ мұғалімдерді оқытуда өнімділігін береді, оқытушы мен студент қатынастарын өзгертеді.

Студенттің дене мәдениетін ілгерілету жобалары мен әдістемелері тұлғалық-бағдарлы физикалық оқыту құрылымының дене тәрбиесі мен салауатты өмір-салтының бүтіндігін нақтылайды. Тұлғалық-бағдарлы физикалық оқытудағы салауатты өмір-салты әдістемелерін пайдалану зерттеу нысанының ерекшеліктерін дәйектейді [302]. Білімгерлер дене дайындығын жетілдіру тұлғалық-бағдарлы оқыту басымдықтары қатарында. Азаматтардың рухани денсаулығынан кінәрат табылмауы физикалық ахуалын да түзейді. Дене қимылы азайған қазіргі заманда болашақ мұғалімдердің дене қозғалысын көбейтуге бейімдеуді ұсынамыз.

Білім берудегі тұлғалық-бағдарлы оқытудың теориялық және әдістемелік тәсілдерін түйсіну, дағдыларды орындау тактикалық деңгейден басым жоспарлардың бірі. Авторлар айтылған кедергілерді зерделеуде педагогика және психология ғылымдарындағы тұжырымдамалық көзқарастарға сүйенеді [303]. Зерттеушілер болжамынша, оқушылармен бірлескен жұмыс жаһанданудағы ашық білім беру кеңістігін құру және білімгерлердің толерантты ойлау шеберлігін қалыптастырады. Заманауи білім беру кеңістігіндегі педагогикалық-психологиялық мәселелерді шешуге ғылымның қатысуы білім беру жүйесін өркендетеді.

Т.В. Смолеусова [304] білім беру парадигмалары өзгерістеріндегі тұлғалық-бағдарлы оқытуды тұлғаның психологиялық теориясымен дәлелдейді.

Зерттеудегі пікірлер тұлғалық-бағдарлы оқытуды атқарудағы әдіснамалық құралдарды ұқыпты таңдауға көмектеседі. Зерттеуші сан алуан мәліметтерді талдап, төмендегідей тұжырым жасайды: тұлғалық-бағдарлы оқыту дараландыру және ізгілендірумен шатастырады; тұлғалық-бағдарлы оқытудың әдістемелік ұстанымдар жүйесі мұғалімдердің сабақта қолданатын әзірлемелерге зәру. Ғалым тұлға нышанындағы үш категорияның біртұтастығын растайды: Дербестік жеке тұлғаның басқалардан айырмашылығы. Тұлғааралық қарым-қатынастар байланыстардағы интердербестік орта. Бастамашылдық тұлғаны анықтаушы мінездеме [304, 10-11 бб.].

Тұлға мен дербестік педагогика және психология салаларында ажырамай қолданылады. Индивид пен тұлға ұғымдары өзара қалай ерекшеленсе, тұлға мен дербестік те мазмұны жағынан өзгеше. Алайда, екі категория кемшіліктерін толықтырып, бірлікте қарастырылады. Нәтижесінде дербестік индивидті бөгде индивидтен даралайтын қасиеттер, психикасы мен тұлғалық ерекшелігі, рухани, мәдени, мінез-құлықтық бірегейлігі жиынтығында түсіндіреміз. Тұлғааралық қарым-қатынастар индивид, тұлға, қауым және отбасы мүдделерін көздемей, қоғам мен ұжым ұмтылыстарын сыйлауы тиіс. Тұлға мен ұжым, қауымдар қатынастарын өршітетін байланыстар адамгершілік құндылықтарымен құрылады. Бастамашылдық тұлға мен құбылыстар қозғалыстарын шоғырландыру, интенсивтілігін айқындайды. Категориялар салыстырмалы талдаулармен межеленеді. Сондықтан болашақ мұғалімдердің қызметтік талпыныстарын дербестік, тұлғааралық қарым-қатынастар және бастамашылдықпен салыстырып нақтылаймыз.

ЖОО-дағы белсенді-бағдарлы ұстанымдарды уақыт талабына сай білім беруде қолдану келесі заңдылықтарға негізделеді: жауапкершілікті орнықтыру бірізділігі студент тұлғасының мінезі; креативтілік әлеуетті дамыту, дербес ойлауға тәрбиелеу; дербес оқу мен даму қабілеттерін бейімдеу [305].

Жауапкершілік әртарапты құбылыс және қоғам өмірінің бүкіл секторларының әлеуметтік әрекеттеріне қатысады. Болашақ мұғалімдер санасын күрделі үдеріс әлеуметтік жауапкершілікке бейімдейміз. Ұйымдастыру шараларына оқыту процесінде жауапкершілікке үндейтін арнайы тапсырмалар мен курстар енгізу, түрлі іс-шаралар, акциялар ұйымдастыру және өткізу педагогикалық шарттарын құрамыз. Болашақ мұғалімдердің креативтілік әлеуетін өркендету мен дербес ойлауға тәрбиелеудегі ұстанымдар сақталады: оқу-тәрбие процесіндегі пәнаралық байланыстар ресурстары шығармашылықтың өрлеуіне әкеледі, танымдық белсенділікті ұйымдастыруда нәтижелерді жүйелейді; аудиториядағы оқытушы мен студент қатынастарына шығармашылық жағдай жасау; білімгерлерді оқу мекемесі оқытушыларымен әріптестікте дамыту; студенттің дербес шығармашылық тұлғасын дамытуға нысаналанған оқытудың инновациялық әдістерін қолдану және т.б. Сондай-ақ, болашақ мұғалімдердің кәсіби жетілуінің құрамдасына өзіндік даму енеді. Өзіндік даму дербес білім алумен жүйеленеді. Болашақ мұғалімдер дағдысына

білім алудағы дербестік пен даму икемділіктерін сіңдіріп, өзіндік даму қажеттіліктерін түсіндіре аламыз.

Ізгілікке сүйенетін педагогиканың тұлғалық-бағдарлы оқытудағы мұғалім алдында тұратын міндетіне адамның тумысынан пайда болатын қасиеттерді өзектілендіру, дамыту және кемелдендіруге жағдай жасау тән. Осыған орай студент рефлексиясы келешекке бағытталған ұмтылыспен астасады. Қатынастар болашақ мамандардың білім мен біліктілігін жетілдіруде сүбелі рөл атқарады [306]. Ғалымдар даму мен кемелдікке жетуді өзектілер қатарына жатқызады. Болашақ мұғалімдерден дамуды табиғат пен қоғамдағы әлдебір позициядан да биік деңгейге өту, дәстүрліден жаңашылдыққа құрылған өзгерістерді түсіні талап етіледі. Талабымыз өзін-өзі кемелдендіруге жол ашады.

ЖОО түлектерінің кәсіби құзіреттілігінің төмендігі жұмыс берушілер көңілін қалдырады. Сондықтан білім алу жолдарын жетілдіру және әдістемелік жүйе өзгерістері айқындаушы қадам. Тұлғалық-бағдарлы оқытудың тиімділігін зерттеу экспериментінде студентке дербестікте қарау кәсіби құзіреттілігін дамытатындығы дәлелденеді [307]. Демек, тұлғалық-бағдарлы оқыту бағдарламаларын жұмыс берушілермен бірлесіп дамытуды жалғастыру заман талабы. Болашақ мұғалімдердің жұмыс берушілері орта мектеп болғандықтан, қарым-қатынас тиімділіктен ажарамауы тиіс.

Материалдарды саралауда жекелеген әдістемелік және мазмұндық қиындықтар туындады. Мәселен, тұлғалық-бағдарлы оқыту ұғымына түрлі көзқарастар мен пікірлер қалыптасқан. Ахуал оқытудың аталмыш түрінің мазмұндық сипатына нұқсан келтіруі ықтимал. Сонымен бірге, отандық жоғары оқу орындары профессор-оқытушылар құрамынан тұлғалық-бағдарлы оқытуды жүзеге асыратын кәсіби мамандар қажеттілігі мәселе болып қала береді.

Сараптама болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудағы тұлғалық-бағдарлы оқытудың келесі әлеуеттерін айқындайды:

- құндылықтық әлеует: оқыту студенттердің этикалық-идеялық бағдарларын қалыптастырады және құндылықтар артықшылықтарын бекітеді;
- танымдық-рефлексивтік әлеует: сыни ойлау және өзін-өзі танумен оқу әрекетін тереңдетеді;
- мотивациялық әлеует: ішкі ізденісті тұрақтандыру кәсіби дамуды ынталандырады;
- шығармашылық әлеует: пәнаралық байланыстар мен тәжірибелік тапсырмалар шығармашылық іс-әрекетті арттырады және кәсіби қызметке дайындайды;
- әдістемелік-технологиялық әлеует: әдістемелік құрылымдар мен технологиялық тәсілдер ықпалдастығы оқу процесінің сапасы мен тиімділігін жоғарылатады;
- бағдарламалық-ұйымдастырушылық әлеует: оқу бағдарламаларының мазмұнын құрылымдау білім беру нәтижелерінің тәжірибелік релеванттылығын күшейтеді.

Жоғарыдағы әлеуеттер тұлғалық-бағдарлы оқытудың рухани дүниетанымды дамытудағы рөлін негіздейді.

Жоғарыда аталған пікірлерге сәйкес ұғымға мынадай анықтама ұсынамыз: *тұлғалық-бағдарлы оқыту тұлғаның өзіндік қалыптасуы сұранысында әрекеттерді жүзеге асыру, бейімделу, қоршаған ортада өзін-өзі ұстай білу, дамыту, тәрбиелеу секілді қоғамдық маңыздылығы басым тетіктерді студенттерде қалыптастыру жолы*. Тұлғалық-бағдарлы оқыту құралдарын пайдалану қоғам мен студенттердің талаптары мен мұқтаждықтарын орындап, болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуды детерминациялайды. Рухани дүниетанымды дамыту студенттердің пәндік қабілеттері, зияткерлік көрсеткіштері мен креативті көзқарастарын қалыптастырады.

Тұлғалық-бағдарлы оқыту әдістерін қолданудың тиімділігі мынадай орталарда көрінеді: заманауи педагогикалық білім беру әдістері мен технологияларын тәжірибеде тиімді пайдалану; өзіндік жұмыстарды орындауда студенттердің танымдық еркін әрекетін қолдау; оқу-тәрбие процесінде студенттер жетістіктерін талдау; студенттердің өзіндік жұмыстарындағы ерекшеліктер, талпыныстар, мұқтаждықтар мен мүмкіндіктеріне мән беру; пән мазмұнын құрылымдылық, мәселелік және ғылыми өзектілік негізінде ұсынуына оқытушыға қолайлы орта ұйымдастыру; студенттердің күрделі өмірлік ахуалдарға психологиялық және танымдық тұрғыдан дайын болуына жағдай жасау [261, 37 б.].

Бірінші тарау тұжырымы

Тарауда болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері қарастырылып, зерттеу проблемасының теориялық-танымдық контексті анықталды, мәселенің ғылыми-когнитивтік шеңбері айқындалды. Адамзаттың рухани дүниетанымы мен құндылықтарының білім беру парадигмасындағы қозғаушы күшін көрсеттік.

Рухани дүниетанымды дамытуға арналған нормативтік алғышарттар (заңнамалық, оқу-әдістемелік және институционалдық құжаттар) талданып, жоғары білім беру жүйесіндегі рөлі мен маңызы көрсетілді. Нормативтік базаның білім беру процесінің мазмұны мен нәтижелерін бағыттаудағы шешуші факторлары дәлелденді.

Әлеуметтік алғышарттар қоғамның мәдени-әлеуметтік құрылымы, отбасылық және қауымдық тәжірибе, ұлттық дәстүрлер мен заманауи өркениеттік процестермен түсіндірілді. Әлеуметтік орта мен рухани-мәдени ерекшеліктердің болашақ мұғалімдердің дүниетанымдық бағыт-бағдарын қалыптастырудағы ортақтығы дәйектелді.

Психологиялық-педагогикалық алғышарттар болашақ мұғалімдердің тұлғалық дамуы, мотивация, когнитивті және эмоционалдық компоненттер өзара әрекетімен рухани дүниетанымның дамуын қамтамасыз ететіндігін

анықтады. Тәрбие мен оқыту әдістері тұлғаның ішкі дүниесін (мотивация, құндылықтар жүйесі, жеке мағыналар) белсенді дамытуға бағытталады.

Басқару-ұйымдастырушылық алғышарттар оқу процесінің құрылымы, кадрлық және ресурстық мұқтаждық, оқу-әдістемелік, тәрбие және ғылыми жұмыстарды үйлестіру тетіктерін қамтитыны анықталды. Білім берудегі институционалдық қолдау рухани дүниетанымды дамытудағы шарт.

Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастыратын және дамытатын факторлар жеке тұлға ерекшеліктері, тарихи-мәдени дәстүрлер, оқу-әдістемелік ықпал, әлеуметтік орта және басқарушылық ресурстар әсер ететіні көрсетілді. Факторлар арасындағы ықпалды ескеру білім беру технологияларын жобалауда әдістемелік негіз аясында ұсынылады.

Жүйелік тұғыр рухани дүниетанымды кешенді, көпдеңгейлі жүйеде қарастыруды ұсынады. Компоненттер мен байланыстар құрылымы, жүйенің тұрақтылығы мен серпінділігін зерттеу тәжірибеде үйлестіруді көздейді.

Тұлғалық тұғыр рухани дүниетанымның дербес тұлғаның ішкі мән-мағыналары, моральдық-әлеуметтік ұстанымдары, өзін-өзі реттеуі мен өзіндік дамуын жоспарлайды. Тұлғалық-бағдарлы оқыту басым педагогикалық стратегия шеңберінде бекітіледі.

Мәдениет-танымдық тұғыр мәдени құндылықтар мен тарихи тәжірибені интерпретациялауда рухани дүниетанымды байыту қажеттілігін айқындады. Тұғыр мәдениетаралық диалог, ұлттық-мәдени компоненттер мен дүниетанымдық білімнің интеграциясын құптайды.

Аксиологиялық тұғыр құндылықтар рөліне назар аударып, рухани дүниетанымның аксиологиялық негізін моральдық-нормативтік бағдарлармен дамыту сұранысын тұжырымдайды. Аксиологиялық компонент оқу мазмұнында және тәрбиелік технологияларда айқын көрінуі тиіс.

Акмеологиялық тұғыр тұлғаның кәсіби және рухани жетілуін тұлғаның жоғарғы деңгейдегі даму көрсеткіштері тетіктерінде қарастырады. Акмеологиялық көзқарас болашақ мұғалімдерді үздіксіз өзін-өзі жетілдіруге бағыттайтын оқу-тәрбие стратегияларын ұсынады.

Герменевтикалық тұғыр рухани дүниетанымды түсіну мен түсіндіру процесінде қолданылады. Педагогикада мәтіндер, дәстүрлер және тәжірибелерді интерпретациялау қабілеттерін дамыту арқылы жүзеге асады.

Философиялық-антропологиялық тұғыр рухани дүниетанымды адам болмысының мәні мен субъектілігі аясында түзеді. Білім беру практикасында бұл адамның тұлғалық автономиясы, моральдық жауапкершілігі және дамуын негізге алу міндеттілігін көрсетеді.

Тұлғалық-бағдарлы оқытудың әлеуеті руханилық пен рухани дүниетаным ауқымында тұлғаның мағыналық бағдарын қалыптастырып, кәсіби құзыреттілік пен азаматтық-әлеуметтік ұстанымды біріктіруде көрінеді. Тарихи және теориялық алғышарттар әдістемелік ықпалдың сабақтас, үйлесімді жүйесін құруға негіз бола алады.

Тұлғалық-бағдарлы оқытудың тарихи алғышарттары мен тұжырымдамалары зерттеліп, қазіргі заманғы педагогикалық теориялар мен

практикалардың рухани дүниетанымның дамуына бағытталған элементтерін синтездеу зәрулігі анықталды. Тарау болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың кешенді теориялық-әдіснамалық іргесін қалайды, зерттеу нәтижелері келесі тараулардағы практикалық модельдер мен педагогикалық технологияларды әзірлеуге негіз болады. Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытатын технологиялар мен ақпараттық ресурстарды қолдану тұлғалық-бағдарлы оқыту әлеуетін ескеріп, рухани-адамгершілік дүниетанымды нығайтатынын айқындадық.

Тараудың қорытынды тұжырымдары ретінде ұсынылады: рухани дүниетанымды дамыту көпаспектілі тұлғалық процесс, жүзеге асыруда нормативтік, әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық және басқару-ұйымдастырушылық шарттарды интеграциялық өрісінде қарастыру қажет; тұлғалық-бағдарлы оқыту осы интеграцияның басты драйвері айналуы керек.

Қорыта айтқанда, жоғары білім беру жүйесінде тұлғалық-бағдарлы оқытудың әдіс-тәсілдерін енгізу болашақ мұғалімдердің рухани-этикалық мәдениетін қалыптастырып, білім сапасын көтеруге ықпал жасайды.

2 БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ РУХАНИ ДҮНИЕТАНЫМЫН ТҰЛҒАЛЫҚ-БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ДАМЫТУДЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

2.1 Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың психологиялық ерекшеліктері

Студенттердің рухани дүниетанымын дамыту психологиялық даму, тұлғалық пайымдау, академиялық және әлеуметтік сын-тегеуріндердегі тұрақтылық, біртұтас білім беру аспектісінде танылады. Заманауи жоғары мектеп дисциплинарлы білім беру, студенттердің экзистенциалды сауалдарға ойлануы, құндылықтарды тұжырымдауы және көзқарастарын рухани дүниетанымға біріктіруді дамытуға ұмтылады [308]. Деректер жоғары оқу орнындағы дүниетанымдық көзқарастардың рухани және экзистенциалдық бағдарларды дамытудағы білім берудің тәуелсіз шешім қабылдау катализаторы бола алады.

Соңғы ғылыми шолулар мен эмпирикалық зерттеулер рухани әл-ауқат пен рухани интеллект құрылымдарының психикалық денсаулық, оқу жетістіктері, тұрақтылық және эмоционалдық реттеумен жақындығын ажыратады [309-311]. Тұжырымдар рухани дүниетаным дамуындағы студенттердің мотивациясы, күрес стратегиялары және өмірді түсіну икемділігіндегі психологиялық ерекшеліктерді қарастыру талабын меңзейді. Сандық зерттеулер рухани тәжірибе күйзелісті азайтады, эмоционалды тепе-теңдік пен өмір мәніне түрткісін растайды [312], кросс-мәдени деректер рухани әл-ауқат пен психикалық денсаулықтың оң нәтижелеріндегі сенімді сабақтастықты айғақтайды [313]. Жиынтықтағанда рухани дүниетанымның психологиялық ресурстарының тәрбиелік мәні бар және студенттер дамуындағы тәжірибелік ізі зор.

Зерттеулер көлемінің ұлғаюына қарамастан, ғылыми олқылықтар әлі де бар. Біріншіден, терминология мен өлшеу әдістерінің сәйкессіздігі пәнаралық салыстыруды қиындатады, білім беру мен психологиядағы «рухани дүниетаным» құрамдастарын түсінудегі айқындылықты шектейді [314-315]. Екіншіден, әдебиеттердің басым бөлігі рухани дүниетанымды діни тәжірибе, әл-ауқат шеңберінде қарастырады және студенттердің рухани дүниетанымының қалыптасуында жатқан психологиялық тетіктерге аз мән беріледі. Сонымен қатар, рухани интеллект, эмоционалдық интеллект және оқу жетістіктерінің корреляциясы дәйектелгенімен [316], білім берудегі даму қиындықтарының студенттердің рухани өмірі өзгерістеріне пәрменін аз білеміз.

Параграфта білім беру ортасындағы студенттердің рухани дүниетанымын дамытудың психологиялық талдау жасау қажеттілігін айқындаймыз. Психология, педагогика және студенттердің дамуын анықтау әдістерін біріктірген зерттеу «рухани дүниетанымның» концептуалды психологиялық ерекшеліктерін дәйектеу, студенттер әл-ауқаты мен академиялық өсуі талаптарын зерттеуге бағытталған. Параграф білім берудің рухани аспектілерін

зерттеудің өміршең талаптарына сай келеді және студенттердің жан-жақты дамуының теориялық, әдістемелік және тәжірибелік тәсілдерін дамытады.

2.1.1 Теориялық бағыттарды салыстырмалы талдау

Мектеп бітірген бұрынғы оқушының университетте оқуы алғашқы бейімделу кезеңдерінде қиын көрінеді. Өйткені, жоғары мектептегі ақпараттық-объективті және әлеуметтік ортадағы жаңарулар студенттердің рухани дүниетанымы, құндылықтары, көзқарастары мен идеалдарын өзгертеді. Осыған орай, студенттердің рухани дүниетанымын дамыту бағалы және өзекті міндетке айналады. Міндет тұлғаның құрылымдық құрамдастары мен рухани трансформацияларының қатынасын дәйектейді.

Рухани қайта құрулар студенттерде қалыптасқан құндылықтар, сенімдер, көзқарастар, мұраттар, мағыналар және түсіндірмелерді құрайды. Студенттердің рухани қайта құруларының құрылымын талдауда психология ғылымдарының орны бөлек. Студенттердің рухани дүниетанымын дамытудың психологиялық ерекшеліктерін зерттеуде мәселенің тереңдігі, күрделілігі, конфликтілігі, серпінділігі, позитивтілігі мен негативтілігі, өзгергіштігі және даралығы анықталады. Нәтижесінде студенттердің рухани дүниетанымын дамыту деңгейлерін жіктей аламыз. Жіктеу субъективтік мәнділік, түсіну деңгейі, білім алуандығы, құндылықтар мен сенімдерді бақылау, таңдау жауапкершілігі критерийлерімен жүзеге асырылады. Дербес рухани өзгерістерді модельдеу дидактикадағы міндеттер аналогында ұсынылады. Модельдеудегі әрбір элемент дербес рухани қайта құрулар әдістемесін әзірлеу құрылымында қарастырамыз. Қоғамдық ортадағы әлеуметтену сол кезеңдегі құндылықтарды игерумен бірге жүреді. Өкінішке орай, көптеген студенттер санасында әлеуметтік орта факторларынан туындаған материалдық құндылықтар маңыздылығының артуы рухани дүниетаным шеңберіндегі құндылықтардың төмендеуіне әкеледі. Процесс құндылықтар деградациясы тенденциясын белгілейді. «Ұлттың мәдени-тарихи мұрасын қалай сақтаймыз, жаһандану мен мәдени экспансияда келешек ұрпақтың өмірлік бағдарын қалай қалыптастырамыз, жоғары оқу орындарындағы оқу-тәрбиені қалай тиімді жоспарлап, жүргіземіз?» сауалын қоғам мүшелері қоюға құқылы. Жоғары оқу орындарында естиярлықтан жетілуге дейінгі қозғалыстар жүріп, рухани дүниетанымда құндылықтардың жинақталуы басталады. Әлеуметтену мен дамуға жүгіну студенттер трансформациясын бастайтын тәрбиелік күштерді анықтау сұраныстарын тудырды. Әлеуметтенудегі отбасы және сыртқы орта, рухани мәдениет пен қоғамның дүниетанымдық құндылықтары тұлға руханилығына жанама түрде енеді. Тұлға бойында туындайтын шиеленістер мен қайшылықтар бірте-бірте жинақталып, ішкі дүние мен руханилықтағы мәдениет, дәстүр, философия мен діндердің құндылықтарына қызығушылықты оятады. Философтар мен психологтар зерттеулерін талдау рухани дүниенің әлсіз ғылыми дамуын көрсетті.

Рухани дүниетаным құрылымындағы психологиялық теорияларды түсінуде бірнеше идеяларды салыстырмалы қарастырған жөн. Руханилық терминінің зайырлы мағынада қолданылғанға дейін өмір сүрген философтар

мен педагогтар адам өмірі мен дамуының рухани қырларын түсінуге үміттеніп, өз аудиториясына да, болашақ ұрпаққа да пікірлерін қалдырған. Еңбектерден психологиялық дамудың табиғаты мен реттілігін түсінеміз. Идеялар қазіргі ізгілендіру мен психология ғылымдарындағы руханилықтың дамуын ұғынуға іргетас. Пікірлерден рухани дүниетанымның өмірдің мәні мен мақсаты ізденісін түсінеміз. Дәстүрлер процесті түсіндіруде рухани дүниетаным аспектілеріне басқаша көңіл аударады. Мәселен, трансперсоналды психология сынында анықтамалардың шексіздігі және терминдердің операцияланбауы сала мазмұнын тұжырымдамалық белгісіздікке әкеледі. Трансперсоналды психологияның нақты философия және дүниетанымммен шектелмейтіндігі зерттеулердегі салалар мен әдістер шатасуын күшейтті. «Трансперсоналды психология» терминінің қолданылуы әрқилы. Нәтижесінде трансперсоналды психологияның мазмұны әр алуан мағына иеленді [317]. Ахуал теориялық және әдіснамалық айқындылықты әлсіретіп, зерттеу нысаны мен әдістерінің аражігін ажыратуда қосымша күрделілік туғызады. Сондықтан мағыналық интерпретациялардағы әралуандылық психологиялық дискурстағы тұжырымдамалық біркелкілікті қамтамасыз етуді ұлғайтады.

Халықтың бақытты болуы мен әл-ауқаты өмірдің мәні мен мақсатының кепілі. Тұрғындардың бақытты болуына әлеуметтік ережелер қозғау салады. Ең бақытты елдерде экономика дамыған, адам құқықтары құрметтеледі, сыбайлас жемқорлық деңгейі төмен, прогрессивті салық пен кірістер қолдау табады, бостандық қорғалады және салауатты табиғи орта бар. Азаматтардың психологиялық, физикалық және экономикалық әл-ауқатын қадағалау, жақсартуға көмектесетін саясат жүргізу тиімді нәтижелерге әкеледі. Шараларға тіршілік ортасын жоспарлау, кірісті қолдау, жасыл кеңістікті жобалау және психикалық денсаулық қызметтерін кеңейту кіреді [318].

В. Франкл мен У. Дэймон тұжырымдарының ұқсастықтары ортақ салютогенді басымдықты қамтып, өмірдің мәні мен мақсаты адам денсаулығы мен дамуын айқындайды. Екеуі де құбылыстардың азаматтарға бағыт-бағдар мен мотивация ұсынатынын баяндайды. Пікірлер алшақтығында У. Дэймон ұзақ мерзімді мақсаттарға бағытталған анықтама ұсынып, даму психологиясының күшін тұжырымдайды. В. Франкл өмір мәнін қиындатады: адам кез келген сәтте мәнді іздеумен айналысады және экзистенциалистік философиялық дәстүрмен адам био-психо-этикалық көзқарасқа сүйенеді [319]. Жоғарыдағы айтылған тұжырымдардың барлығы өзекті және психологиялық теориялар мен тәжірибелерді іздеуге көмек береді. Психологиялық ерекшеліктер мағынасын қалыптастырудың ізденістері мен әлеуметтік қызметі қоғамдық орта тәртібін орнатуды жалғастырады.

В.А. Шимко [320] зерттеуі нәтижелерінде жеке дискурстар қалыптасуындағы айырмашылықтар дүние көрінісі мен қатынастарының басқа факторлармен жанамалылығы анықталып, дүниетанымға әсері тұжырымдалады. Тұжырым студенттердің эмоционалдық тәжірибесі, әлеуметтік ортасы және мәдени-тарихи факторларымен астасады. Дискурстар айырмашылықтарындағы рухани құндылықтарды қабылдау мен түсіндірудің

субъективті ерекшеліктері айқындалады. Ерекшеліктер тұлғаның өзін-өзі анықтау деңгейі, өмірлік мақсаттары мен болашақ кәсіби бағдарын таңдаумен тоғысады. Психологиядағы мағыналық өрістердің ұйымдасуы символдық құрылымдардың орнығуы және әлеуметтік-мәдени нормалармен үйлесімділігін құрайды.

Тұжырымға сәйкес біртұтас, кешенді және үйлесімді дамуда әрбір саланың ілгерілеуіне мән берген жөн. Ретроспективті қарасақ, физикалық, әлеуметтік, эмоционалдық және когнитивтік салалардың дамуына назар аударылады. Сондықтан рухани дүниетаным саласына аз көңіл бөлінеді. Енді «білім беру физикалық, материалдық, экономикалық, әлеуметтік, эмоционалдық және танымдық салаларды дамытуға бағытталу керек пе, әлде «рухани дүниетанымды дамытуға» да көңіл бөлу керек пе?» сауалы туындайды. «Рухани дүниетанымды дамыту» дегеніміз не? Рухани дүниетаным «руханилық» па? Адам дамуында рухани дүниетанымның педагогика мен психология теориясы мен тәжірибесінде маңызы бар ма? Сұрақтарды сыни психологиялық талдап, туындаған күмәндерді сейілту қажет. Рухани дүниетанымды зерттеудің психологиялық ерекшеліктерін анықтайтын бірнеше гуманистік көзқарастарды сараптауға болады.

Психология міндетінде өркендеу мен өзін-өзі жүзеге асырудың балама жолдары ізденісіне талпыныс бар. Гуманистік психология аясында еркіндік тақырыбын қайта қарастырған дұрыс. Еркіндік шектеулер жоқтығынан субъективтілік, жауапкершілік және әлеуметтік қатынастардың күрделі әрекетін құрады. Адам әрекеттеріне араласу және міндеттемелерді бағалаудың төмендеуі еркіндікке теріс көзқарас қалыптастырып, еркіндіктен қашуға ұмтылатын психологиялық парадоксалды жағдайға әкелді. Э. Фромм және басқа да ғалымдар идеяларына жүгінген зерттеушілер адамдармен ерікті қатынастар мен қоғамды қалыптастыруға белсенді қатысатын позитивті еркіндік қажеттілігін атайды [321]. Түсінікке орай, психологиялық және әлеуметтік табысты тұлға өзін-өзі ұғады.

Ағымдағы сандық дәуір білім беру саласына тұлғаның рухани болмысын сақтау және технологиялық прогреске бейімделуде жасанды интеллектті дамыту міндеттерін қойды. Ғалымдар оқытушылар мен студенттердің жоғары психоэмоционалды күйзелісіндегі білім беруді басқарудағы руханилықтың қызметін қайта қарастыруды қалайды [322]. Цифрлық құралдар білім беру пішінін өзгерткендіктен, оқытушылар, студенттер және білімнің гуманистік психологиясындағы рухани дүниетанымммен әрекеттесуінде психологиялық қолдаудың жаңа стратегияларын күтеді. Ұстаздардың психологиялық, кәсіби тұрақтылық және моральдық дербестігін дамытуда қадір-қасиет, еркіндік, ақиқат және жауапкершілік трансценденттік құндылықтарының руханилықта салмағы орасан. Жасанды интеллект этикалық стандарттар, алгоритмдік ашықтық және қоғамдық есеп беруді қамтамасыз етсе, дағдарыстың әлеуетті тұрақтандырушы күшіне айналады.

М. Хайдеггердің білім беру орындарында рационалды-ғылыми атмосфераға қарағанда, руханилықтың басымдылығы тұжырымы

көзқарасымызды жалғайды. Құндылықтар материалдық, экономикалық және ақшалай табысқа емес, ақыл мен рухқа шоғырланады [323]. Технологиялық қоғам қалай десек те, адам ақыл-ойы, рухы және жүрек қалауымен салыстырғанда, физикалық және материалдық құндылықтарды ескереді. Нәтижесінде азаматтар қайырымсыз, тұтыну спиралінің құлына айналады, рухани дүниетаным сұрақтарында аңғалдық танытады. Міндет өзегінде «рухани дүниетанымның» мәнін ашып, педагогикалық және психологиялық тәжірибеге енгізудің маңыздылығын саралау жатыр. Екінші міндетке білім беру және психологиядағы «рухани дүниетанымның» дұрыс дамуы қағидаларын тұжырымдауды көрсетеміз.

Азаматтардың басым бөлігі адам дамуының кейбір аспектілері мен өлшемдерінде физикалық, соматикалық, әлеуметтік, эмоционалдық және когнитивтілік ерекшеліктерін сезінеді. Процесс әдетте рухани даму және жетілумен сипатталады. Дегенмен, ғылым дамудың бұл бөлігін түсіндіру және көрсетуде қиналады. Сондықтан психологиялық шарттарда құбылыстың еленбеуі үлкен қателік. Ғалымдар тұлғалық дамудың түсініксіздігін әлі мойындайды [324]. Олқылықты жоюда К. Роджерстің ағза өзгерістерін бағалаудың тұлғалық даму моделі ұсынылады. Модель тұлғалық дамуды әлеуметтік-когнитивтік айырмашылықтармен түсіндіріп, адам психологиялық қауіпсіздігінен бастап ұзақмерзімді үздіксіз, өзгермелі процесті құрайтын бірнеше психикалық ауысымдарды бастан кешіретіндігі айтылады. Дамудағы психикалық өзгерістер өзін-өзі тану, тәжірибе мен өзгерістерге ашықтық, экзистенциалды батылдық, өзі мен басқаларға жауапкершілік алу және жанашырлықпен жіктеледі. Ауысулар әл-ауқат ілгерілеуін ашады және сәйкестік, үйлесімділік және өмірге қанағаттанумен анықталады. Модельдің психологиялық құрылымдары рухани дүниетанымдағы әлеуметтік жауапкершілікпен қосылады.

Отандық ғалымдар Абай мен А. Маслоу идеяларының мәдени, әлеуметтік және экономикалық айырмашылықтарында гуманистік тұжырымдамалары ұқсастықтары мен ерекшеліктеріне салыстырмалы параллель жүргізеді. Авторлар мақалада Абай еңбектеріндегі ойларды ғылыми психология әдістері мен американдық психологтар еңбектеріне сүйеніп қайта құрады. Адам өз болмысының жаратушысы және болмыс тұлғаны орнықтырады. Ұлы Абайдың гуманистік психологиясының басты концепциясы осы. А. Маслоудың гуманистік психологиясы Абай психологиясына жақын. Абай мен А. Маслоу бірін-бірі білмеді және шығармаларын оқымады. Бірақ, екеуін тұлғаның гуманистік психологиясы біріктірді. Салыстыру гуманистік идеялардағы ұқсастық және олардың экономикалық және әлеуметтік келісімдерден тәуелсіздігін ашты [325]. Студенттердің рухани дүниетанымын дамытуда Абайдың «толық адам» және А. Маслоудың «өзін-өзі өзектілендіру» идеялары толықтырады. Абайдың әлеуметтік-этикалық қағидалары мен А. Маслоудың мотивациялық теориясы түрлі өркениеттік ахуалдарда қалыптасқанымен, тұжырымдарда жалпыадамзаттық рухани заңдылықтар қабылданған.

Заңдылықтар студенттердің рухани дүниетанымын дамытуда мәдени, этнопсихологиялық ерекшеліктерді ескеру қажеттілігін жорамалдайды.

Рухани дүниетаным түсіндірмелері көптігінен екі ұшты жұмбақ ұғым. Қиындықтар рухани дүниетаным дамуындағы сенім түрлеріндегі болмыс, жаратылыс, өмір мен өлім, ғалам нанымдары және эмоционалдық көріністерімен жеңілдейді. Сенімдегі нанымдар мен эмоционалдық көріністер адам психологиялық әл-ауқатының сүбелі аспектілері. Руханилық терминінің ортақ түбірі «рух», яғни рухтың тірі болуы, өмір беруі. Ортақ «рух» түбірінен семантикалық топты шығара аламыз: рухтанған, рухани, көпшіл, тірі, табиғи, сезімтал және руханилық. Шартты түрде рух пен руханилық рухани дүниетанымның мәні, бағыты және мақсатын жүйелейді. Рухани дүниетаным рух пен руханилықтың психологиялық әрекетінен пайда болатын қатысуы. Қатысуды түсіндіруде экзистенциалдық психология тұжырымдарына сүйенеміз.

Қастерлеуге арқа сүйейтін психология Батыс және Шығыс экзистенциалдық психологиясының тарихы мен қазіргі тенденцияларына салыстырудан басталады. Экзистенциалды-интегративті психология және қастерлеудің рухани өлшемі тенденцияларын екі көкейкесті аспектілерде қарастырған жөн. Экзистенциалды-интегративті психология мәдениетаралық және пәнаралық ашықтықты көрсетсе де, өлшем ашықтықтың абдыраған бағалауын сипаттайды. Шығыс тәсілдері болмыс үйлесімділігін қабылдайды, Батыс болмыстың жұмбақ пен шытырман оқиғасына мән береді. Қос дүниетаным бірігуін зерттеу синтездеуге мүмкіндік ашады болжамы бар [326]. Демек, студенттердің рухани дүниетанымын дамыту өзіндік мағыналарды құра білу, құндылықтарды тәжірибеде қайта зерделеуімен ерекшеленеді. Процесте психологиялық қолдау когнитивтік, эмоционалдық-еріктік және аксиологиялық өлшемдерде жүзеге асады.

В.А.П. ван Тилбург және Э.Р. Игу [327] экзистенциалдық психологиялық зерттеулерде өмірді тануды дүниетанымдық көзқарастар қашан және қалай күшейетінін зерттеді. Өлім туралы ойлар секілді, мағыналы өмір сүру ойлары дүниетанымдық лоялдылықты арттырады болжамы жасалды. Зерттеулер өмір мен өлімді сезінудің экзистенциалды және дүниетанымдық ойларының симметриялық әсерін растады. Екінші зерттеу өмірдің мәнділігін мағынасыздыққа қарсы ойлаудың дүниетанымдық тұжырымдарын арттыратынын көрсетті. Сонымен қатар, зерттеу өмір, өлім рефлексиясындағы мәнділіктің дүниетанымдағы үлесін асқақтатты. Зерттеу нәтижелері студенттердің рухани дүниетанымын дамыту үдерісінде айрықша мәнге ие. Өмір мен өлім ұстанымдар мен мағыналық құрылымдар тұрақтылығын қамтамасыз етіп, құндылық бағдарларын қарау және тұлғалық өсуге серпін береді. Өмірдің мәні мен мағынасыздығы ойлары ішкі психологиялық тепе-теңдікті сақтау, эмоционалды-еріктікті нығайту және экзистенциалды дағдарыстарды еңсеруді жоғарылатады.

Гуманистік психология тәжірибесі экзистенциалдық психологияның жетекші міндетін айқындайды. Психологияның зайырлы батыстық

модалдылығы зейін тәжірибесінің үстем когнитивтік мінез-құлық көзқарасын толықтырады. Тарихи көзқарас шынайылық концепциясы мен эпистемиялық қолжетімділіктің кейбір онтологиялық және әдістемелік ұқсастықтарын дәйектейді. Дүниетанымның экзистенциалды гуманизмдегі айырмашылықтары зейінді алдыңғы қатарға шығарады. Мақалада ғалым зейінділік пен экзистенциалды-гуманистік психология диалогында жасырылған толғамдарын ұсынады. Зейінді алаңдаушылық пен стресс белгілерінен азайтуға бағытталған қарапайым әдістер мен стратегиялардан тыс адам өмірі мен әлеуетін ұғындырады [328]. Осылайша, экзистенциалды және гуманистік психологияның әдіснамалық мүмкіндіктері студенттердің рухани дамуын зерттеуде жаңа парадигмалық көзқарас қалыптастырып, тұлғаның әмбебап психологиялық платформасын ұсынады.

Зерттеушілер экзистенциалдық психология тәсілдерін студенттердің білім беру тәжірибесіне мән беруін зерттеуде қолданды. Қатысушылар біліміне экзистенциалды тәжірибеде күмән келтіру және біріктірумен рефлексиялық тәсілді енгізді. Кейін студенттердің дербес тәжірибесі мен мағынасының перцептивтік динамикасы дамыды. Студенттер таңдауы білім беру субъективтілігіндегі шынайылық пен мотивация призмасында қарастырылды. Ғалымдар жоғары білім берудегі зерттеулер мен тәжірибеге рефлексиялық тәсілдердің әлеуетті үлестері мен салдарын талқылайды [329]. Экзистенциалдық бағыттағы психологиялық зерттеулер студенттердің өзіндік болмысын түсінуі, өмірлік мәнге бағдарлануы және кәсіби дамудағы ішкі мотивациясын айқындайды. Тәсілдер тұлғалық ерекшеліктерді ескеріп, студенттердің рухани дүниетанымын дамытуға жетекшілік жасайды. Экзистенциалды талдау тәжірибесі студенттердің болашақ кәсібіне көзқарасы, білімді өмірлік құндылықтармен ұштастыруды күшейтеді. Сондай-ақ, студенттердің рухани дүниетанымын дамытуда эмоциялық тұрақтылық, когнитивтік икемділік және ерік-жігер айрықша рөл атқарады.

Студенттердің рухани дүниетанымын дамытудың психологиялық ерекшеліктерін жан-жақты талдауда әрқилы теориялық бағыттар мен көзқарастарды салыстырмалы жүйелеу қажет. Осыған байланысты төменде ұсынылған кестеде негізгі бағыттар, мазмұндық идеялар және студенттердің рухани дамуына ықпалы жинақталады (5-кесте).

5-кесте. Студенттердің рухани дүниетанымын дамытудың психологиялық ерекшеліктерін жүйелеу (автор құрастырды)

Теориялық бағыт / Ғалымдар	**Негізгі идеялар**	**Студенттердің рухани дүниетанымын дамытуға ықпалы**
Трансперсоналды психология.	Терминдер шексіздігі, мазмұндағы белгісіздік.	Теориялық-әдіснамалық айқындық қажет.

5-кестенің жалғасы

Бақыт психологиясы.	Әлеуметтік келісімдер, әл-ауқат пен бақыттың рөлі.	Студенттердің рухани дүниетанымының дамуына әлеуметтік-экономикалық ортаның әсері.
В. Франкл, У. Дэймон.	Өмірдің мәні мен мақсаты, бағыт-бағдар беру.	Студенттер уәжін қалыптастыруы мен мақсатын айқындауы.
В.А. Шимко.	Дискурстардың субъективтілігі.	Эмоциялық тәжірибе мен мәдени ортаның дүниетанымға әсері.
Гуманистік психология (Э. Фромм, К. Роджерс).	Өзін-өзі жүзеге асыру, еркіндік, жауапкершілік.	Өзін-өзі тану, ішкі үйлесімділікті қалыптастырады.
Цифрлық дәуір.	Технология мен рухани дүниетанымның тоғысуы.	Жаңа этикалық, психологиялық қолдау стратегияларын құрады.
Абай – Маслоу.	«Толық адам» және «өзін-өзі өзектілендіру».	Жалпыадамзаттық гуманистік құндылықтарды біріктіреді.
Экзистенциалдық психология.	Өмір мен өлімді түсіну, мән ізденісі, зейінділік.	Ішкі мотивация, өмір мәні, эмоционалды тұрақтылық дамиды.

Кестеде айқындалғандай, әрбір теориялық бағыт студенттердің рухани дүниетанымын дамытуда өзіндік үлес қосады. В. Франкл мен У. Дэймон идеялары өмірдің мәні мен мақсатына бағытталса, Абайдың «толық адам» тұжырымдамасы Маслоудың «өзін-өзі өзектілендіру» теориясымен үндеседі. Заманауи цифрлық дәуірде рухани дүниетаным мен технологияның тоғысуы білім берудің жаңа психологиялық қолдау стратегиялары сұраныстарын анықтады.

Төмендегі 3-суретте студенттердің рухани дүниетанымын дамыту тетіктерінің құрылымдық моделін ұсынамыз.

3-сурет. Студенттердің рухани дүниетанымын дамытудың психологиялық тұғырларының құрылымдық моделі (автор құрастырды)



Кесте мен суретте ұсынылған жүйелеу студенттердің рухани дүниетанымын дамытудың психологиялық ерекшеліктерін сипаттап, білім беруде қолданудың әдіснамалық негіздерін айқындайды.

2.1.2 Психологиялық ерекшеліктер факторлары

Рухани дүниетаным адамның қоршаған ортадағы орны, өмірдің мәнін түсінуін айқындайтын құрылым. Діни және рухани нанымдар мұғалімдердің кәсіби ойлауы мен тәжірибесінің детерминанттары екендігіне теориялық болжамдар жиі жасалса да, растайтын эмпирикалық дәлелдер аз. Дегенмен, «мұғалімдердің руханилығы маңызды ма?» сауалының басты көрсеткіштері: мұғалімдер діндарлығы мен руханилығы кәсіби сенімдермен қатынасы әлсіз; «өзімен байланыс» кәсіби өзіндік тиімділік сезімін түсіндіреді; «өзгелермен байланыс» идеалистік өзін-өзі бағалауды таныстырады; «өзгелермен байланыс» тұлғалық-бағдарлы көзқарасты сипаттайды; бақылау айнымалылары мен факторлары мұғалімдердің кәсіби сенімдерін жариялайды [330]. Сондықтан психологиялық ұстанымдағы құрылым танымдық, эмоциялық және мотивациялық құрамдастар әрекеттестігінде қалыптасады.

Тұлғалық-бағдарлы оқыту жоғарыда аталған үш компоненттің үйлесімді дамуымен студенттердің дербес рухани көзқарастары, құндылық бағдарлары және өзін-өзі тану деңгейін арттырады. Айнымалыға бағытталған әдістерді

қолдану жүргізілген зерттеулер заңдылықтарын жариялауда «өзгелер тобынан» алынған деректерді пайдаланады. Барлығы біртекті және орташа критерийге лайықты танылса, орташа мән «норма» саналады. Зерттеушілер айнымалыға бағытталған әдістер шектеулерін қарастырып, эмпирикалық мысалдарда тұлғалық-бағдарлы және дербес тұлғаға арналған тәсілдерді баламада ұсынады. Тұлғалық-бағдарлы әдістер адамдардың гетерогенді статистикалық тәсілдерін қолдану үлгілері мен кластерлерінде көріну ықтималдығымен болжанады. Тұлға өзгешелігі мен идиографиялық әдістері адамды таңдау өлшеміне тең дәл модельдеуге бағытталады. Парадигма ауысуының салдары зерттеу сенімділігін арттыру, оқытудағы тұлғалық-бағдарлы айырмашылықтарды түсінуді дербестендіреді [331]. Аталған бағытта студенттердің рухани дүниетанымын дамыту ішкі дүние, өзін-өзі анықтау және құндылықтық-мағыналық жүйені жетілдіреді. Тұлғалық-бағдарлы оқыту студенттердің дербестігін ашып, рухани дүниетанымын дамытудың субъективті факторларын ескереді. Нәтижесінде студенттердің рухани дүниетанымы өмірлік тәжірибе мен мағыналық ізденістерді түзеді.

Танымдық факторлар. Рухани дүниетанымның когнитивтік құрамдасы адам білімі мен өмірлік тәжірибесін рухани құндылықтармен түсіндіруді қамтиды. Процесс студенттердің мағыналық талдау, сыни ойлау және өзіндік рефлексия дағдыларымен жүзеге асады. Оқытудағы рефлексивті тәжірибені ынталандыру тыңдау және анықтау ауқымдылығына назар аударады. Рефлексивті тәжірибені дамытудағы мәлімдемелер [332] өлшемі студенттердің рухани дүниетанымын дамытудың психологиялық ерекшеліктеріндегі танымдық факторлар орнын айқындайды:

- студенттер екі сауалға қызыға жауап береді: сіздің тәжірибеңізді басқару және университетте оқытылатын пәндеріңізге қандай өзгерістер ұсынғыңыз келеді? Сіз тәжірибеңізде қандай өзгерістер енгізуге тырысасыз, не үшін жасап жатырсыз және әсерлер дәлелдерін қалай жинайсыз?
- студенттер тәжірибеден өтіп жатқан мектептердегі кездесулер студент, жетекші және тәлімгер-мұғалім ойларын тоғыстырады. Кездесулер мақсаты тәжірибедегі студенттердің үйренгенін түсіну, көмектесу мен жақсарту. Сондай-ақ, студенттер әрекетін бақылау, тәжірибесі мен сабақ беретін оқушыларына үстемдігін талқылаудың балама тәсілдерін шегелейді.

Тұлғалық-бағдарлы оқытуда когнитивтік даму студенттер тәжірибесі мен кәсіби келешегін рухани мазмұндағы біліммен мағыналандырады. Қиын ахуалға тап болғанда, мұғалімдер қолдау мен күш алуда руханилыққа жүгінеді. Десек те, терминнің жалпы қолданыстағы түсініксіздігінен руханилықтың білім берудегі және ұстаздар өміріндегі орны түсінбеушілік пен дау тудырады. Рухани дүниетаным адамның сенімі мен кім екендігіне қарағанда, не істейтінін білдіреді [333].

Танымдық факторлар студенттердің рухани дүниетанымын дамытудың психологиялық ерекшеліктерінде құндылықтар когерентілігін жинақтайды. Яғни, студент сенімдері мен өмірлік тәжірибесіндегі үйлесімділікті табуға тырысады. Осылайша, танымдық факторлар студенттердің рухани

дүниетанымын дамытудың психологиялық ерекшеліктерінде білім, тәжірибе және құндылықтарды ұштастырады.

Эмоциялық факторлар. Рухани дүниетанымның эмоционалдық қыры адамның өзгелерге мейірімділігі, эмпатиясы, толеранттылығын бейнелейді. Студенттік кезеңде эмоциялық факторлардың артуы рухани дүниетанымды дамытудың қолайлы алғышарты. Тұлғалық-бағдарлы оқытуда эмоционалдық тәжірибе әлеуметтік-педагогикалық жағдайларда ұйымдастырылып, әрекеттер студенттің рухани дүниетанымын нығайтады: бірлескен жобалар, пікірталастар, мәдени іс-шараларға қатысу. Эмоциялық тәжірибе тұлғаның ұлттық дүниетанымымен ұштасып, мазмұнын байытады. Мәселен, халықтың білімі мен тәжірибесі ұлттық дүниетаным элементтерінен көрінеді. Элементтер мәнін ашуда субъективті психологиялық және эмоционалдық факторлардың орны ерекше [334]. Сондықтан ұлттық дүниетанымдағы эмоциялық қабылдау, сезімдік күйзеліс студенттер ішкі құндылықтарында орнығады.

Психология ғылымдарында болашақ мұғалімдердің психологиялық әл-ауқаты эмоционалдық факторлар және өзіндік тиімділікпен сабақтас. Иерархиялық регрессиялық талдау әдісімен алынған нәтижелер білім берудің болашақ мұғалімдердің өзгерістерге бейімделудегі тұрақтылық, шаршау көрсеткішінің эмоционалдық факторлардағы психологиялық әл-ауқатын түсіндіруге үлес қосты [335]. Эмоционалдық интеллект, тұрақтылық және күйзелісті басқару эмоционалдық факторлары бейімделгіш мінез-құлық пен қиын ортада тиімді жұмыс істеудегі маңыздылығымен танылды [336]. Тұжырымдарға сәйкес, болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуда эмоционалдық факторлар ішкі күйзелістерді еңсеретін тетік, шеберлік пен өмірлік ұстанымдарын айқындайтын психологиялық ресурс шеңберінде қарастырамыз.

Эмоционалдық интеллект, өзіндік тиімділік болашақ мұғалімдердің ширақтығын қолдайды. Бұл ретте эмоциялық факторлар студенттердің ілтипатшылдығы мен төзімділігін күшейтіп, ұлттық дүниетаныммен ұштасқан құндылық бағдарларын жетілдіреді.

Мотивациялық факторлар. Рухани дүниетанымның дамуы адамның ішкі уәждеріне тәуелді. Жоғары оқу орнындағы уәждер кәсіби құндылықтарды рухани құндылықтармен ұштастырумен нығаяды. Мұғалім біліктілігі және құзыреттілігі категориялары бес компоненттен тұрады. Біліктілікті болашақ мұғалімдердің университеттегі білім беру жолдарын сипаттайтын бастапқы білімі, үздіксіз, ресми және бейресми форматтардағы кәсіби дамуға бөлеміз. Мұғалім құзыреттілігі кәсіби білім, сенім және мотивациялық факторлардан құрылады [337, 447–468 бб.]. Бес құрамдас ішінде мотивациялық факторлар болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуда шешуші мәнге ие. Мотивацияны дұрыс бағыттау болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытады және кәсіби құзыреттілігін нығайтады.

Ғылымдағы факторлық талдаулар студенттердің мотивациялық ерекшеліктерін анықтайды. Зерттеу деректерінде күндізгі бөлімнің екінші және төртінші курсында оқитын қыздарда «білім алу» мен «мамандықты меңгеру»


мотивациясының басымдығы белгіленді. Сырттай оқитын екінші және төртінші курс студенттерінде «мамандықты меңгеру» ынтасы жоғары [338]. Нәтижелер студенттердің оқу түрі және курс деңгейіне қарай мотивациялық құрылымының түрлі болатынын дәлелдейді. Күндізгі бөлім студенттерінің «білім алу» мен «мамандықты меңгеру» уәждерінің биіктігі кәсіби-академиялық дамуға бағытталғанын байқатады. Сырттай оқитындарда «мамандықты меңгеру» құлшынысының жоғарылығы тәжірибелік сұраныс пен кәсіби өзін-өзі бекітуді түсіндіреді. Айырмашылықтар рухани дүниетанымның дамуындағы әлеуметтік орта және тұлғаның келешекке көзқарасымен реттелетінін айғақтайды.

Педагогикалық бағыттағы студенттердің зияткерлік мәдениетін дамытуда мотивациялық факторлар базалық қозғаушы күш. Мотивациялық факторлар қарым-қатынас, қоғамдық әрекеттестік, өзін-өзі жүзеге асыру мен реттеуде сөйлеу және ойлау әрекеттерін қалыптастырып, студенттің тұлғалық және кәсіби ерекшеліктерін дамытады [339]. Қарым-қатынас студенттердің кәсіби-педагогикалық ортада ойлау әрекетін белсендіріп, кәсіби ұстанымдарын ұйымдастырады. Қоғамдық әрекеттестік ұжымдық іс-әрекетке қатысу, әлеуметтік тәжірибені меңгеру, дүниетанымдық көкжиекті кеңейту және интеллектуалдық қабілеттерін әлеуметтік ортада іске асыруға жағдай жасайды. Өзін-өзі жүзеге асыру тұлғаның ішкі әлеуетін ашу, креативтілігін дамыту және кәсіби шеберлігін жетілдіреді. Өзін-өзі реттеу тетіктері оқу-танымдық іс-әрекетте мақсат қою, жоспарлау және өзіндік бағалаумен рухани дүниетанымның құрылымдық элементтерін қалыпқа келтіреді. Мотивациялық факторлар студенттердің рухани дүниетанымын жетілдіріп, кәсіби-педагогикалық қарым-қатынаста зияткерлік мәдениеттің жоғары деңгейіне кепілдік береді. Мотивация студенттердің рухани дүниетанымын дамытудың тұлғалық, әлеуметтік және кәсіби өлшемдерін үйлестіреді.

Мотивациялық факторлар студенттердің рухани дүниетанымының тұлғалық, әлеуметтік және кәсіби өлшемдерін біртұтастықта сақтайды. Болашақ мұғалімдердің кәсіби құндылықтарын нығайтуда зияткерлік мәдениеттің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді.

Жоғарыдағы тұжырымдармен студенттердің рухани дүниетанымын дамытудың психологиялық ерекшеліктерін үш факторлармен жүйелейміз: танымдық, эмоциялық және мотивациялық (4-сурет).

4-сурет. Студенттердің рухани дүниетанымын дамытудың психологиялық ерекшеліктерінің кезеңдік схемасы (автор құрастырды)



Суретте айқындалғандай, психологиялық ерекшеліктерді үш кезеңмен көрсетеміз: танымдық факторлардағы білім, тәжірибе, рефлексиямен студенттер рухани мазмұнды меңгереді; эмоциялық факторлардағы эмпатия, толеранттылық, психологиялық әл-ауқатпен студенттер рухани дүниесін байытады; мотивациялық факторлардағы құндылықтар, кәсіби даму, өзін-өзі жүзеге асыру студенттер ішкі әлеуетін ашады. Үш кезеңнің ықпалдасуы студенттердің рухани дүниетанымының дамуындағы тұлғалық өсу, кәсіби құзыреттілігі және құндылықтық-мағыналық бағдарының жетілуіне әкеледі.

Студенттердің рухани дүниетанымын дамыту кешенді психологиялық феномен. Құбылысқа этникалық, діни және мәдени факторлар, әлеуметтік және ақпараттық орта әсерін тигізеді. Эмпирикалық зерттеулер көрсеткендей, Қазақстанның көпэтникалық және көпконфессиялық кеңістігінде діни бірегейлік студенттердің өзін-өзі сипаттауында басты орын алмайды. Студенттер діни сенімінің қарқындылығы этникалық топтардағы әркелкілігі байқалады және жастар дербес, кәсіби және этникалық сұрақтарды алдыңғы қатарға қояды [340]. Рухани дүниетаным дәстүрлі дінмен шектелмей, тұлғаның мағыналық бағдары, өмірлік мақсаттары және мәдени-тарихи тамырлануын ескереді.

Ғаламдық ақпарат желісі жастардың мақсаттар қоюына және рухани өмірге қатынасында өзгерістер туғызуда. Дәстүрлі мәдени мұранының мәдени-бағдарлы жобалары негативті ауытқуларды болдырмаудың сенімді құралдарында анықталды [341]. Психологиялық тұрғыда алғанда, студенттердің рухани дүниетанымының дамуы психологиялық денсаулығындағы стресс төзімділігі, икемділік, эмоциялық әл-ауқаты және өмір мағынасын түйістіреді. Шетелде білім алатын және елімізде оқитын студенттердің психологиялық құрылымында төзімділік пен күйзелістің салмағы дәлелденді. Нәтижелер рухани дамудың психологиялық компоненттерін ескеріп, педагогикалық бағдарламалар әзірлеудің маңыздылығын көрсетеді [342].

Ұлттық дәстүрлер мен әлеуметтік-танымдық феномендер жастардың руханилығын қалыптастырып, қазіргі заманғы рухани тәжірибелердегі педагогикалық тәсілдер тиімділігін арттырады [343]. Қоғамдық-гуманитарлық білім беруде оқытушының рөлі ақпарат беруімен шектелмей, студенттің тұлғалық-мәдени бірегейлігі, дүниетанымы және рухани құндылықтарын қалыптастыруға бағытталады. Инновация мен дәстүрлердің теңдестірілген педагогикалық стратегиялары қажет [344]. Зерттеулерде рухани және діни компоненттердің жастардың субъективті әл-ауқатына оң әсері анықталды [345]. Нәтиже оқу процесінде рухани дамуды қолдайтын модульдерде психологиялық құралдарды енгізудің тәжірибелік маңызын дәйектейді. Тұжырымдарға сәйкес, студенттердің рухани дүниетанымын дамыту моральдық-этнографиялық қағидалардағы психологиялық тұрақтылық, мағыналық бағыттылық және қоғамдық сананы бірлесіп қалыптастыруды қалайтын педагогикалық міндет.

Студенттердің рухани дүниетанымын дамытудың психологиялық ерекшеліктерін айқындауда бұрын жарияланған ғылыми зерттеулерім де септігін тигізеді. Мәселен, тұлға ұғымының философиялық, педагогикалық

және әлеуметтік-психологиялық өлшемдері талданған еңбекте адамды әлеуметтік қатынастарда қарастыру жеткіліксіздігі, рухани ішкі дүниені психологиялық түсіну мұқтаждығы дәйектелді [262]. Көзқарас студенттердің рухани дүниетанымын дамытуда еркіндікке жол ашуды психологиялық зерделеу өзектілігін бейнелейді. Студенттердің рухани дүниетанымының көкейкесті міндеттері жеке ғылыми талдау нысаны болған зерттеуде басты психологиялық қиындықтар айқындалып, дамудағы сипаттамалар негізделді. Рухани дүниетанымды дамытудың міндеттері белгіленді [154]. Тұжырымдар студенттердің рухани дүниетанымын дамытуда психологиялық үйлесімділікті сақтауды талап ететінін дәлелдейді. Руханилықпен қатар, рухани дүниетаным санатының педагогика және психологиядағы тұжырымдары сарапталған мақалада түсініктердің ғылыми-теориялық айырмашылықтары мен сабақтастығы қарастырылды [149]. Еңбек студенттердің рухани дүниетанымын дамытудың психологиялық ерекшеліктерін эмоциялық және когнитивтік сипаттарда қарастыруға мүмкіндік береді.

Студенттердің рухани дүниетанымының психологиялық дамуы төрт белгілерден құралатын көпөлшемді тенденция [346]:

(1) студенттер доктринаны қатаң ұстанбай, моральдық толғану, әлеуметтік өзара әрекеттесу және педагогикалық тәжірибемен субъективті түрде құрылатын рухани тұлға;

(2) оқуға мән беретін және студенттердің рухани бейімділігін қалыптастыратын интеллектуалдық және экзистенциалдық бағыттағы білімді үздіксіз іздеу;

(3) білім беру тәжірибесі ішкі ресурстар мен кәсіби қабілеттерді дамытатын физикалық, эмоционалдық және рухани элементтердің бірігуі;

(4) ішкі тыныштық, тұрақтылық және өзін-өзі тәрбиелеумен сипатталатын рухани әл-ауқат күйзелісті жеңілдетеді және оқытудағы этикалық белсенділікті жоғарылатады.

Психологиялық сипаттамалар рухани сезімталдық пен моральдық дилеммалар, тұрақсыздандыратын жағдайларда рухани зақым алу қаупі және құндылықтарды қалыптастырудағы отбасы мен мәдениет орнын аңғартады. Сипаттамалар жиынтығында алынған білім болашақ мұғалімдердің шәкірттерінде күшті рухани дүниетанымдық көзқарастарды дамытып, танымдық мазмұнды мағына құрумен байланыстыратын рефлексиялық тәжірибелер, психикалық денсаулықты қолдау және оқу әрекеттерін біріктіруді байқатады.

Параграфта алынған нәтижелерден қойылған сауалдарымызға жауап беріп көреміз. Ұлттық мәдени-тарихи мұра мен студенттердің өмірлік бағдарын қалыптастыруда оқу-тәрбиелік процесті келесі қағидаларға сүйеніп ұйымдастыруға ұсыныс береміз: этномәдени төзімділік, жаһандық салыстыру, эксперименталды педагогика, тұлғалық-бағдарлы оқыту және қоғамдық біртұтастық қатынастарын дамыту. Тұлғаның мағыналық, құндылықтық және экзистенциалдық өлшемдерін елемеу когнитивтік, эмоционалдық және мотивациялық тұрақтылықты әлсіретеді. Материалдық және когнитивтік

компоненттер рухани және аксиологиялық құрамдастармен ықпалдасуы тиіс. Рухани дүниетаным когнитивтік-аксиологиялық құрылым, руханилық сол құрылымның тәжірибелік және эмоционалдық көрінісі. Яғни, руханилық рухани дүниетанымның құрамдас бөлігінде секулярлы мағыналарды белгілейді.

Рухани дүниетанымның педагогика мен психология теориясындағы негіздері гуманистік, экзистенциалдық және трансперсоналды бағыттардағы мән ізденісінің тұлғалық даму компонентінде қарастырады. Өзін-өзі жүзеге асыру, өмір мәнін табу және моральдық-этикалық құндылықтардың дамуы негізгі детерминанттарда тұжырымдалады. Эмпирикалық негіз рухани әл-ауқат пен компоненттердің психикалық денсаулық, эмоциялық тұрақтылық және оқу жетістіктерімен қатынасын түсіндіреді. Рухани тәжірибе күйзеліс төзімділігін, өмірге қанағаттану және этикалық әрекеттерді нығайтады.

Төмендегі кестеде студенттердің рухани дүниетанымын дамыту деңгейлерін жүйелеп, әр деңгей көрсеткіштерін қысқаша сипаттаймыз. Кесте рухани дүниетанымды диагностикалау және оқу-тәрбие процесінде мақсаттарды жоспарлауға арналған құрылымдық өлшемдерді ұсынады. Өлшемдер білім берудегі деңгейлер басымдығын айқындайды.

6-кесте. Студенттердің рухани дүниетанымын дамыту деңгейлері (автор құрастырды)

Деңгей	**Қысқаша сипаттама**	**Танымдық көрсеткіштер**	**Эмоциялық көрсеткіштер**	**Мотивациялық көрсеткіштер**	**Тәжірибелік мінез-құлық / педагогикалық нәтижелер**
I. Бастапқы (төмен)	Рухани дүниетанымның алғашқы, сырттай байқалатын формасы; құндылықтар мен сенімдер әлеуметтік факторларға тәуелді.	Мағына аз талданады; рефлексия әлсіз; рухани білім шектеулі.	Эмоциялық тұрақтылық төмен; эмпатия мен толеранттық шектеулі.	Сыртқы мотивация (материалдық/әлеуметтік).	Құндылықтар түсінігі қалыптаспаған; этикалық шешім қабылдауда бағытталмаған әрекет.
II. Форматив ті (орташа төмен)	Қызығушылық пен білімнен алғашқы ішкі сұрақтар пайда болады.	Бастапқы талдау мен сыни ойлау байқалады; білім алу әралуандылығы орташа.	Эмоциялар рефлексияланады; тұрақтылық байқалады.	Білім мен болашақ мамандыққа мотивация артады.	Қатысу белсенділігі орташа; педагогикалық тәжірибеде бағыт-бағдар қажет.

6-кестенің жалғасы

III. Даму кезеңі (орташа жоғары)	Рухани дүниетаным да ұзақ мерзімді ізденіс пен ішкі мән айқын.	Мағына құру қабілеті жоғары; рефлексия мен сыни талдау қалыптасқан.	Эмоциялық тепе-теңдік және эмпатия артады; күйзеліспен күресу дағдылары бар.	Ішкі мотивация кәсіби және тұлғалық мән ізденісінің қозғаушы күші.	Сабақ пен тәжірибеде мағыналық шешімдер қабылдайды; құндылықтар сабақтасады.
IV. Интеграцияланған (жоғары)	Рухани дүниетаным кәсіби және әлеуметтік мәнге ие; автономиялы.	Тұтас когнитивті құрылым: білім, тәжірибе, бір-бірімен ұштасады; жоғары деңгейдегі рефлексия.	Тұрақты эмоционалдық әл-ауқат, жоғары эмпатия және моральдық сезім.	Ішкі тұрақты мотивация; кәсіби миссия сезімі; жауапкершілік сезімі жоғары.	Педагогикалық тәжірибеде этикалық шешімдер, өзін-өзі жетілдіру мен басқаларға үлгі болу; рухани тәжірибелер бірігеді.

Кестедегі төрт деңгей студенттердің рухани дүниетанымының психологиялық ерекшеліктеріндегі кезеңдік дамуды көрсетеді. Тәжірибедегі диагностика нәтижелеріне қарай ұстаздарға мынадай іс-шаралар ұсынылады: бастапқы деңгейде құндылықтық ақпарат пен модельдеу, формативті деңгейде рефлексия мен сыни ойлауды дамыту, даму кезеңінде ішкі мотивацияны күшейту мен кәсіби мағынаны көрсету, интеграцияланған деңгейде өзін-өзі жетілдіру және басқаларға үлгі болуға жағдай жасау.

Ақпараттық өркениеттің қазіргі кезеңінде әлем күрделенді және даму жеделдеді. Жаһандану даулар, келіспеушіліктер мен дәрменсіздікке әкелді. Азаматтар жоғары міндеттерге жауап іздеп тұрақтылықты қалпына келтіруге тырысады. Әрекет рухани дүниетаным тұжырымдамасын өзектілендіреді. Рухани дүниетаным элементтері адамзатқа білім, теориялар, гипотезалар мен пікірлер кең ағындарына бейімделуге көмектесті. Рухани дүниетаным болмыс сұрақтарына жауап беріп, өмірлік стратегияға сәйкестендіреді: сіз қайда екеніңізді, қайда бара жатқаныңызды және мұның бәрі неге маңызды екенін білуіңіз керек. Адамның рухани дүниетанымы ойлау процестері, қарым-қатынасы және қызметінің психологиясын анықтайды. Өмір бойы өзгеріп, дамып отыратын рухани дүниетаным әлеуметтенуге айтарлықтай дем береді. Әсіресе, студенттердің жоғары оқу орындарында білім алуына салдары биік. Сондықтан рухани дүниетаным зерттеу нысаны аясында таңдалды. Студенттердің рухани дүниетанымын дамытудағы қоғамдық институттар мен әлеуметтік ортаның психологиялық рөлін зерттеуде түрлі тәсілдер әдістері қолданылды. Алайда, отандық психология ғылымдарында студенттердің рухани дүниетанымын дамытудың психологиялық ерекшеліктерін ашатын зерттеулер жүргізілген жоқ. «Рух» ұғымының дін, философия, әлеуметтану, педагогика және психологиядағы түсіндірмелерінің алуан түрлілігін ескеріп, «рухани дүниетаным» ұғымын кеңейттік. Табиғат, қоғам және адам ойлауы қосындысындағы дүние интеллектуалдық-рационалдық және психикалық

жүйеде дербес адамнан бөлек өмір сүреді. Рухани дүниетаным көрінісі дүние идеяларының сыртқы объективті өзегінде руханилықтың баламалы жұптық мәнін білдіреді. Рухани дүниетаным субъективті болмыс, психика, ойлау және жан корреляциясындағы шынайы дүние нышанында байқалмайды. Рухани дүниетаным аудиовизуалды құралдармен сипатталса да, психологиялық бейнелеу, сипаттау қиынға соғады. Жеке адамның рухани дүниетанымы сенімге негізделген нысандар мен идеяларды қамтиды, құбылысты қатаң және мағыналы түсіндіру қажет.

Параграфта жүргізілген талдау және алынған нәтижелер студенттердің рухани дүниетанымын дамытудың негізгі психологиялық ерекшеліктерін түйіндейді. Біріншіден, рухани дүниетанымды түрлі психологиялық теориялық бағыттар мен ғалымдар көзқарастарымен түсіндіреміз. Тұжырымдарымыз біржақты анықтамалармен шектелмей, бірнеше теориялық сценарийлермен ашылады. Екіншіден, студенттердің рухани дүниетанымын дамытудың психологиялық ерекшеліктері танымдық, эмоциялық және мотивациялық факторлардан тұрады. Факторлардың әрекеттесуі кезеңдік сатыларда өзгереді. Үшіншіден, студенттердің рухани дүниетанымын дамыту деңгейлері психологиялық ерекшеліктерді межелейді. Деңгейлер студенттердің эмоционалдық тұрақтылығы, моральдық бағдары мен өзін-өзі реттеу икемділіктерін нақтылайды, диагностикалауға критерийлер құрады. Төртіншіден, әлеуметтік орта рухани дүниетанымның дамуын күшейтетін және әлсірететін қоғамдық құбылыс. Топтық тәжірибелер студенттер рухани құндылықтарын бекітеді.

Параграфтың ғылыми жаңашылдығы рухани дүниетанымның педагогика және психологиядағы когнитивтік-аксиологиялық түсіндірмелерінің тұжырымдалуы, болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың деңгейлік жіктемеленуі және тұлғалық-бағдарлы оқыту қағидаларын рухани дүниетанымды дамытуға бейімдейтін ұсыныстар жиынтығымен сипатталады.

Қорытындылай келе, параграф нәтижелері студенттердің рухани дүниетанымын дамытудың психологиялық ерекшеліктерін айқындауға бағытталған теориялық және тәжірибелік негіздер ұсынады. Студенттердің рухани дүниетанымын дамытуды оңтайлы ұйымдастыру психологиялық тетіктер, әлеуметтік орта және мақсатты педагогикалық шарттарды үйлестіруді талап етеді. Бағыттағы құрылымдық жұмыс болашақ мұғалімдердің кәсіби және тұлғалық қалыптасуы, қоғамдағы рухани-моральдық тұрақтылық пен азаматтық бірегейлікті күшейтуге үлес қосады.

2.2 Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Қазіргі кезеңде адамзатқа экономикалық және саяси жүйелерді жаңғыртудан бөлек, білім беру саласында да түбегейлі өзгерістер қажет болып отыр. Педагогика ғылымдарының негізгі міндеті жаңғырту өзгерістерінен туындайтын өзекті мәселелерді шешудің тиімді жолдарын іздеу. Сол себепті

педагогикалық мақсаттарға сүйеніп, білім берудің мазмұны мен мақсаттарын айқындайтын, сәйкес әдіс-тәсілдерге негізделген ғылыми-әдістемелік модельдер жасау маңызды.

Заманауи педагогика дамуында болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын жетілдіру, жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру айрықша мәнге ие. Қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайларда тәрбие мен адамгершілікке баулу мәселелерін шешу, рухани-мәдени құндылықтарды орнықтыру жоғары білім берудің әдіснамалық моделінің басты мақсатында қарастырылуы тиіс. Мұндай көрсеткіштер кез келген саяси ұстаным, идеологиялық көзқарас және діни түсінікке тәуелсіз рухани дүниетаным жүйесін қалыптастырады.

Тұлғалық-бағдарлы оқыту студенттердің сана-сезімі, еркі мен қабілетінің қалыптасуындағы дербес және тұлғалық ерекшеліктерін ескеретін, жан-жақты дамытуға бағытталған білім беру процесі. Студенттердің санасы мен психологиялық тұлғасын қалыптастыруда мына мәселелер назардан тыс қалмауы тиіс: студенттердің өз мүдделері мен мақсаттарын таңдаудағы еркіндікті арттыру; студенттердің өз таңдауын анықтау және жеке басының әл-ауқаты, ерекшеліктерін қалыптастыру; демократиялық қоғамға тән моральдық-этикалық құндылықтарды жүйелеу; моральдық, этикалық, құқықтық, салауатты өмір салтын шығармашылық және инновациялық білім беру қызметінде дамыту; білім беру бағытындағы мүдделер, педагогикалық қабілеттер мен таланттарды дамыту мақсатына бағынышты ұзақмерзімді білім беруге жағдай жасау.

Рухани дүниетанымды дамытуда тұлғалық-бағдарлы оқытудың тиімділігі дербес тұлғаның ерекше қажеттіліктері, қызығушылықтары және әлеуетіне бағытталғандығынан көрінеді. Студентті білім беру процесінің «өзегіне» қою әдістің дербес құндылықтар мен сенімдерді анықтау, өзін-өзі тану және дамуды ынталандыруға мүмкіндік береді. Тұлғалық-бағдарлы оқытуды педагогикалық білімге енгізу ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптеу, рухани әдебиеттерді оқуға ынталандыру және рухани тәжірибені жеңілдету секілді түрлі педагогикалық стратегиялармен рухани дүниетанымды дамытуды қолдайтын білім беру ортасын құрады.

Бұл параграфта тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың мазмұны мен моделі қарастырылады. Мұнда ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, дербес ой-пікірлер мен этикалық пайымдаулардың өзара ықпалдастығына назар аударылып, рухани дүниетанымды жетілдірудің теориялық негіздері мен практикалық тәсілдері талданады. Ұсынылып отырған модель заманауи білім беру теорияларына сүйеніп жасалған, болашақ мұғалімдердің жеке даму қажеттіліктеріне сәйкес келеді және рухани дүниетанымын дамытуға бағытталған.

2.2.1 Модель түсінігін талқылау

Педагогикалық зерттеулерде модельдеу ерекше ғылыми-әдіснамалық құрал аясында қарастырылады. Оның маңыздылығы, ең алдымен, зерттелетін құбылыстардың күрделі табиғатын қарапайым әрі түсінікті формада бейнелеу

мүмкіндігімен айқындалады. Модельдеуде нысананың мазмұндық құрылымы, ішкі байланыстары мен даму заңдылықтары жүйелі түрде талданып, зерттеу логикасы нақтыланады. Тәсіл зерттеушіге эмпирикалық деректерді теориялық ұстанымда қорытып, педагогикалық құбылыстың мәнін ашады.

Модельдеудің негізгі мақсатына педагогикалық құбылыстар мен процестерді жүйелі сипаттап, құрылымдық элементтері мен өзара байланыстарын айқындау жатады. Сонымен қатар, модель зерттеуден алынған теориялық тұжырымдарды тәжірибелік қолдануға бейімдеуді көздейді. Модельдеумен педагогикалық жүйенің дамуына ықпал ететін факторларды анықтап, ықтимал нәтижелерін болжауға болады.

Осы ракурста педагогика ғылымдарындағы модельдеу:

- зерттеу объектісінің мазмұнын нақтылау;
- құрылымдық ерекшеліктерін айқындау;
- тәжірибеге енгізілетін практикалық ұсыныстардың негізін қалыптастыру;
- зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалығын дәлелдеу мақсаттарына қызмет етеді. Сөйтіп, модельдеу педагогикалық зерттеудің теориялық және практикалық деңгейлерін өзара байланыстыратын әмбебап әдіс.

Соңғы онжылдықта педагогикалық ғылымдарда жүргізілген зерттеулердің басым көпшілігінде «модель» ұғымына түрлі қырынан талдау жасалып келеді. Этимологиялық жағынан «модель» (лат. modulus – өлшем, үлгі) зерттелетін объектінің қасиеттері, байланыстары мен қызметін көрсететін элементтер жүйесі. Элементтер мәні зерттеу пәні мен модель сәйкестігін қамтамасыз етуде жатыр.

Философиялық аспектіде модельдеудің бастау нүктесі зерттеу нысанының бар екендігі жөніндегі шынайы таным. Модельдеу процесін талдау белгілі бір қағидаларға сүйенеді, ол төмендегі 7-кестеде көрсетілген.

7-кесте. Модельдеудің философиялық-әдіснамалық қағидалары

Қағида	Анықтамасы	Мысалдар
Модель – гносеологиялық бейне	Нақты нысанның танымдық бейнесі, шындықты бейнелеу құралы.	Ғылыми таным, когнитивтік бейне
Модель – гомоморфты көрініс	Бастапқы құрылымды ықшамдап, маңызды аспектілерін сақтайды.	Құрылымдық үлгі, ықшам схема
Модель – таным құралы	Зерттеу пәнін бейнелейтін, жаңа білім алуға мүмкіндік беретін құрал.	Теориялық модельдеу, зерттеу құралы
Материалдық модель	Заттық, табиғи немесе жасанды құрылыммен бейнеленеді.	Табиғи үлгілер, құрылғылар (приборлар), макеттер
Бейнелеу моделі	Нысанның сыртқы түрі, құрылымын кескінмен көрсетеді.	Сурет, график, схема
Идеалдық модель	Түсінік, ұғым, заңдылықтар мен олардың өзара байланысын қамтиды.	Теория, логикалық схема, формула

Модельдеудің теориялық негіздерін айқындау салмақты әдіснамалық мәселе. Көптеген ғалымдар модель ұғымына түрліше анықтама беріп, танымдық, әдістемелік және практикалық қырларын ашып көрсеткен. Төмендегі кестеде модельдеудің мәнін түсіндіруге бағытталған белгілі зерттеушілердің анықтамалары жүйеленді.

8-кесте. «Модель» ұғымының ғылыми анықтамалары мен мазмұндық ерекшеліктері

Автор	Анықтама	Негізгі идея
В.Ф. Паламарчук (1987)	Модельдеу түпнұсқаның сүбелі қасиеттеріне еліктейтін жасанды немесе табиғи жүйелерді (модельдерді) жасауды көздейтін зерттеу (немесе оқыту) әдісі [347, 117 б.].	Модель түпнұсқаның мәнді қасиеттерін бейнелейтін жасанды жүйе
М. Вартофский (1988)	Модель бір жағынан идея көрінісі, екінші жағынан сол идеяны жүзеге асырудың динамикалық аспектісі [348].	Модель идеяны бейнелейтін әрі оны іске асыратын динамикалық құрал
Л.А. Венгер, О.М. Дьяченко (1989)	Модельді қолдану ойлаудың ерекше әдісі [349].	Модель баланың ойлау қабілетін дамытатын ерекше танымдық әдіс
Ш.Т. Таубаева (2000)	Модель бір нысандағы басқа бір нысанның сипатын жүзеге асыратын үлгі; модель мен түпнұсқа арасында ұқсастық қатынас бар, ғылыми танымда модель түпнұсқаны алмастырады [350].	Модель түпнұсқаның ұқсастығы негізінде жаңа білім беретін алмастырушы
А.Н. Дахин (2003)	Модель схема, физикалық құрылым, таңбалы нысан немесе формула түрінде жасанды жасалған үлгі; ол зерттелетін объектінің құрылымы мен байланыстарын қарапайым түрде бейнелейді [351, 22 б.].	Модель объектінің құрылымын қарапайым түрде көрсететін жасанды үлгі
Н.Д. Хмель (2003)	Модельдеу педагогикалық үдерісті жүзеге асырудың маңызды бөлігі; зерттеушіге идеалдық модельді қайта жасау тәсілі, практикке белгілі құбылысты алдын ала ойша қайта құру тәсілі [352, 128 б.].	Модель теория мен практиканы байланыстыратын құрал
М. Элиот және т.б. (2012)	Командалық жұмыс жағдайында жеке студенттің оқу нәтижесін бағалауға арналған концептуалдық модель ұсынған [353].	Модель бірлескен оқыту ортасында жеке оқу жетістіктерін бағалау құрылымы
К. Сёренсен және т.б. (2012)	Модель ұғымы сауаттылықты өлшеу мен түсіндірудің интегративтік жүйесі [354].	Модель ұғымдар мен өлшемдерді біріктіріп, күрделі әлеуметтік-педагогикалық құбылыстарды түсіндірудің интегративтік тәсілі
Д. Черчилль (Churchill D., 2013)	Концептуалдық модель оқыту процесінде түсініктерді нақтылап, білім алушының ұғымдық құрылымын айқындауға арналған оқу нысаны [355].	Модель оқу-үйрену ұғымдарын жүйелеу және визуализациялауға мүмкіндік беретін танымдық құрал

8-кестенің жалғасы

Н. Балашефф (Balacheff N., 2013)	«cK¢» (тұжырым, білім, ұғым) оқу моделі білім алушылардың танымдық үдерісін сипаттайтын теориялық құрал [356].	Модель оқушының түсінігін талдап, танымдық өзгерістерді сипаттайтын теориялық конструкция
С. Гонсалес-Виллора, С. Эванжелио, Дж. Сьерра-Диаз, Дж. Фернандес-Рио (González-Víllora S., Evangelio C., Sierra-Díaz J., Fernández-Río J., 2019)	Түрлі педагогикалық модельдерді біріктіру (гибридтеу) арқылы оқыту сапасын арттыру жолдарын жүйелі талдайды [357].	Модель түрлі оқыту стратегиялары мен әдістерін біріктіріп, оқыту тиімділігін арттыратын интегративті құрылым
К. МакЧесни, Дж. Олдридж (McChesney K., Aldridge J., 2021)	Мұғалімдердің кәсіби дамуының нәтижесін сыныптағы тәжірибеге ықпалы тұрғысынан түсіндіретін жаңа концептуалдық модель ұсынылды [358].	Модель кәсіби дамудың тиімділігін анықтайтын факторлар мен үдерістердің өзара байланысын көрсететін құрылым
К. Дирендонк (Dierendonck C., 2023)	Білім беру тиімділігінің динамикалық моделінде сынып деңгейіндегі өнімділік факторлары бақылаулар немесе оқушылардың жиынтық рейтингтерімен бағаланады [359].	Модель білім беру тиімділігін арттыруға арналған динамикалық құрылым
Н. Чарлтон, Р. Ньюшам-Вест (Charlton N., Newsham-West R., 2024)	Ұсынылған концептуалды модель оқытушылар құрамын бағалау тәжірибесін қолдау, университет бағдарламаларының сапасын жақсарту және студенттерге неғұрлым дәйекті бағалау тәжірибесін береді [360].	Модель оқу бағдарламасының тиімділігін бағалауға арналған құрылымдық құрал
Н.Х. Туан, П. Антунес (Thuan N.H., Antunes P., 2024)	Модель студенттердің шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған оқыту жүйесі [361].	Модель дизайн ойлауды және шығармашылық әлеуетті дамытатын білім беру жүйесі
Н. Тускеллас, Д. Лопес-Вилланueва, Р. Палау, Р. Сантьяго (Tusquellas N., López-Villanueva D., Palau R., Santiago R., 2025)	Концептуалды білім беру модельдері дизайны концептуалды жобалау, концептуалды модельдеу әдістемесі, жобалық-зерттеу және дизайн ғылымын зерттеу қағидаларына негізделген [362].	Модель ғылыми-педагогикалық зерттеулерде инновациялық шешімдерді жобалауға арналған жүйелі әдіс

Жоғарыда берілген ғалымдар анықтамаларын талдай келе, модельдеудің педагогикалық ғылымдағы орны әмбебаптығымен айқындалатынын көруге болады. Бір жағынан, модель зерттеу нысанын қарапайым әрі көрнекі формада

бейнелейтін теориялық құрал, екінші жағынан практикалық іс-әрекетті жоспарлау және тәжірибеге енгізуге мүмкіндік беретін әдістемелік тетік. Демек, модельдеу педагогикадағы ғылыми таным мен нақты тәжірибені байланыстыратын көпір.

Біз Ш.Ш. Онтуғановаңың ұсынған [363] анықтамасын негізге алып, болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамыту моделінің келесі әдістемелік негіздерін белгіледік:

1. Ғылыми-танымдық негіз: модель зерттелетін құбылыстың құрылымы мен қасиеттерін қарапайым әрі көрнекі формада (диаграмма, схема, символдық форма, формула) бейнелейді.

2. Құрылымдық негіз: модель объектінің ішкі байланыстары мен элементтері қатынастарын жүйелейді.

3. Әдіснамалық негіз: модель теориялық пайым мен практикалық іс-әрекетті байланыстыратын жасанды бейне, зерттеу нысанын терең түсінуге жағдай жасайды.

4. Педагогикалық негіз: тұлғалық-бағдарлы оқыту жағдайында модель болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығы, рухани дүниетанымын қалыптастырудың көрнекі әдісінде қолданылады.

5. Дамытушылық негіз: модель болашақ педагогтарды рухани-адамгершілік құндылықтарды игеру, оқыту мен тәрбиелеу процесінде қолдана білуге бағыттайды.

Біз ұсынған «Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық бағдарлы оқыту арқылы дамыту» моделі болашақ мұғалімдердің рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз ететін теориялық және әдіснамалық негіздер интеграциясына сүйенеді. Модельдің құрылымдық-мазмұндық негізі тұлғаның ішкі рухани әлеуетін ашуға бағытталған білім беру үдерісін ғылыми жүйелеуге бағытталған.

1. Функционалды-мақсаттылық блок

Блок модельдің жалпы мақсаттық бағыты, әлеуметтік сұранысқа сәйкестігі және педагогикалық жүйедегі маңызын анықтайды.

Қазіргі қоғамда болашақ мұғалімдердің рухани-адамгершілік сапаларын дамытуға сұраныс артып отыр. Әлеуметтік тапсырыста рухани құндылықтарды бойына сіңірген, адамгершілік ұстанымдары тұрақты, жауапкершілікті сезіне алатын тұлғаларды кәсіби даярлау маңызды міндет. Осыған байланысты болашақ мұғалімдердің рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз ететін өзін-өзі ұйымдастыру тетіктерін жетілдіру өзекті.

Блоктың мазмұны мен рөлін нақтылап, жүйелеп көрсету мақсатында біз құрылымдық негізіндегі төрт басты функцияны айқындадық. Аталған функциялар модельдің мақсаттылық бағыты, ұйымдастырушылық негізі, мотивациялық әсері және реттеушілік тетіктерін сипаттап, болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуға бағытталған білім беру процесінің тұтастығын қамтамасыз етеді.

Бағыттаушы функция рухани дүниетанымға тәрбиелеудің стратегиялық бағытын айқындайды.

Ұйымдастырушылық функция тұлғалық-бағдарлы оқыту жағдайларын жүйелейді.

Мотивациялық функция болашақ мұғалімдердің ішкі рухани ізденісін белсендіреді.

Реттеуші функция оқыту үдерісін үйлестіреді, оқу-тәрбие әрекетінің бірізділігін қамтамасыз етеді.

Осы мақсатта жасалған құрылымдық-мазмұндық модель тұлғаның рухани дүниетанымын қалыптастырудағы оқу-тәрбие үдерісінің мазмұны, әдіс-тәсілдері, ұйымдастыру деңгейлері мен нәтижелерін кешенді сипаттайды. Негізгі функцияларының бірі құндылықтық-бағыттаушы функция. Ол болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастыруда ізгілік, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген педагогикалық бағдар береді. Келесі мазмұнды-ұйымдастырушы функция. Функция тұлғалық-бағдарлы оқыту аясында рухани білім беру мазмұнын құрылымдап, оқу-тәрбие процесінде тиімді қолдануды қамтамасыз етеді.

Ішкі мотивацияны арттырушы функциясы педагог мамандығына ішкі қызығушылық пен жауапкершілікті дамыту, студенттің өзіндік рухани ізденісін қолдауды жүзеге асырады.

Өзін-өзі реттеу және педагогикалық үйлестіру функциясы рухани-адамгершілік бағыттағы білім беру әрекеттерін тиімді басқару және педагогикалық шешімдерді құндылықтық тұрғыдан қабылдау қабілетін қалыптастыруға бағытталған.

Рефлексивті-бағалаушылық функция рухани дүниетанымның қалыптасуын үздіксіз бақылап, өзін-өзі бағалау мен рухани кемелдену деңгейлерін анықтауды жетілдіруді айқындайды.

2. Тұжырымдамалық-теориялық блок

Мақсаты: модельдің ғылыми және әдіснамалық негіздерін жүйелеу арқылы рухани дүниетанымның тұлғалық-бағдарлы оқыту жағдайындағы дамуын теориялық тұрғыдан негіздеу.

Модельдің теориялық негіздері мыналар:

- тұлғалық-бағдарлы оқыту теориясы білім алушының жеке ерекшеліктері, қызығушылықтары және қажеттіліктерін ескеруге бағытталған;
- рухани-адамгершілік тәрбиенің тұжырымдамалық қағидалары тұлғаның құндылықтық бағдарларын қалыптастыруға ықпал етеді;
- педагогикалық модельдеу әдіснамасы зерттелетін құбылыстардың құрылымы, мазмұны және ішкі байланыстарын бейнелеуге мүмкіндік береді;
- когнитивтік даму теориялары студенттердің ойлау мен тілдік дағдыларын жетілдірудің ғылыми негізін құрайды;
- мәдениетаралық және ұлттық құндылықтарға сүйенген білім беру идеялары болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастырудың маңызды шарты. Яғни, модельдің теориялық іргетасы педагогикадағы жалпы әдіснамалық қағидалармен қатар, тұлғаның рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз ететін тұжырымдамаларға негізделеді.

Блок болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастыруға бағытталған ғылыми-теориялық көзқарастар мен педагогикалық тұжырымдарды біріктіреді. Мұнда рухани дүниетанымның құрылымдық-мазмұндық негіздері, тәрбиелік әлеуеті мен тұлғалық дамудағы рөлі қарастырылады.

Зерттеулер көрсеткендей, педагогикалық тәсілдер когнитивтік біліммен шектелмей, студенттің өмірлік мағыналық сұраныстарына философиялық, рухани, мәдени, педагогикалық және психологиялық деңгейдегі ішкі мұқтаждықтарына жауап беруі тиіс. Осындай мұқтаждықтар тұлға мен қоғам арасындағы мәнді өзара әрекеттестікті қалыптастыратын, ашық диалог пен өзіндік ізденісті қажет ететін «кездесу нүктесімен» сипатталады [364; 365, 459-464 бб.; 366].

Осы контексте тұлғалық-бағдарлы оқыту білім алушының рухани дамуы, болмыс пен өмір мәнін тануы, өзінің «Менін» табуына мүмкіндік беретін педагогикалық жүйе шеңберінде қарастырылады. Тұлғалық-бағдарлы оқыту білім беру үдерісін пәндік мазмұнмен қатар, өмірлік мәні бар дүниетанымдық мазмұнмен байытады.

Кәсіби құзыреттіліктің ажырамас бөлігіндегі рухани дүниетаным болашақ педагогтің дүниеге көзқарасы мен сенім жүйесінің қалыптасуы, педагогикалық әрекеттегі моральдық-этикалық шешімдер қабылдау қабілетінің дамуына ықпал етеді.

Теориялық базада Е.В. Бондаревская, Н.Д. Никандров, А.А. Вербицкий, М.Ш. Хасанов және Г.Д. Баубекова сынды ғалымдардың еңбектеріне сүйену ұсынылады.

Е.В. Бондаревская руханилықты тұлғаның мәдени-адамгершілік дамуындағы басты фактор шеңберінде қарастырады және тәрбиенің шешуші нәтижесімен сипаттайды. Ғалым пікірінше, таным мен өзін-өзі тану, рефлексия, сұлулық және шығармашылық қажеттіліктері дамыған адам рухани тұлға саналады. Е. Бондаревская тұжырымдамасында адамды руханилық негізінде тәрбиелеу шығармашылық дербестікті дамыту көлемінде түсіндіріледі [367].

Н.Д. Никандров рухани құндылықтардың әлеуметтік ортадағы тұлға қалыптасуындағы жетекші рөлін әлеуметтендіру мен тәрбие процесінің іргетасында қарастырады. Тәрбие мен әлеуметтендірудің кейбір тәуекелдеріне сипаттама ұсынады [368, 72 б.]:

- антипатриотизм мен Отанға сүйіспеншілікті жоғалту;
- билік, қарулы және қауіпсіздік күштерін сыйламау;
- түрлі көріністердегі ұлтшылдық;
- ашкөздікпен жасалған зорлық-зомбылық қылмыстарының артуы;
- адамдарға немқұрайлылықпен қарау, белсенді жиіркеніш және қатыгездік;
- маскүнемдік пен нашақорлықтың таралуы;
- қартайған және өмірден өткен буынды сыйламау;
- некеге тұру және отбасы құру идеясына немқұрайлы қарау, ретсіз жыныстық қатынастар, сынамалы некелер, әлеуметтік жетімдік және жезөкшеліктің негізгі немесе үстеме кәсіп шартында өсуі;

- адамдар қажеттіліктері мен мүдделеріне үстірт қарау, сәйкесінше осы мәдениетті тұтынушылар тарапынан жауап қайтару.

А.А. Вербицкий тұлғалық-бағдарлы және мағыналық (семантикалық) оқыту моделін ұсынып, білім алушының дүниетанымын қалыптастыруға мүмкіндік беретін білім беру кеңістігін жобалауды ұсынады. Ғалым монографияларының бірінде дәстүрлі білім берудің психологиялық негіздері, классикалық және жаңа білім беру парадигмаларының айырмашылықтары, заманауи оқыту үлгілері, проблемалық оқыту, контекстік оқыту, білім беру іс-әрекетіне тұлғалық енгізу шарттарын зерттейді [369].

М.Ш. Хасанов және В.Ф. Петрова [370] Қазақстан жағдайында білім беру жүйесінің рухани-адамгершілік негіздерін қайта қарауды ұсынып, руханилықты ұлттық құндылықтармен байланыстыра зерделейді. Ғалымдар мәселені отандық білім берудегі мағыналық құндылықтар сауалдарымен ұштастырады. Білім беру саласындағы өзгерістер әлемдік қауымдастықтың қоғамдық-саяси және экономикалық өмірінде болып жатқан процестер, әлеуметтік және мәдени процестердің жаһанануында жетекші трендке айналып жатқан трансформациямен тығыз байланыстылығы дәйектеледі. Зерттеуде отандық білімнің мағыналық құндылықтары мынадай уақыт сынынан өткен құндылықтармен қалыптасатындығы баяндалады: тәуелсіздік, ұлттық бірлік, қазақ қоғамындағы бейбітшілік пен келісім, зайырлы қоғам мен биік руханилық, ортақ тарих, мәдениет пен тіл.

Г.Д. Баубекова, М.Б. Кабылда және Ж.А. Мусина [371] қазақ халқының дәстүрлі рухани құндылықтарының студент жастарды тәрбиелеудегі рөлін зерттейді. Авторлардың пайымдауынша, тұлғаның рухани-адамгершілік қалыптасуы мен дамуын анықтайтын факторларды табиғи (биологиялық), әлеуметтік және педагогикалық категорияларында үш топқа бөлуге болады. Қоршаған орта және мақсатты тәрбиелік ықпалдармен өзара әрекеттесуде тұлға әлеуметтенеді және адамгершілік мінез-құлық тәжірибесін иеленеді.

Тұжырымдарды қуаттап, білім беру жүйесінде жүргізіліп жатқан реформалар болашақ мұғалімдерге жаңа талаптар қойып отырғанын айтқымыз келеді. Реформалар педагогикалық міндеттерді меңгерумен қатар, «руханилық» және «рухани даму» ұғымдарын түсініп, көпмәдениетті білім беру ортасында тиімді әрекеттестік пен сындарлы қарым-қатынас орната білуді үйретеді. Процесс мұғалімнің рухани дүниетанымының жоғары болуын талап етеді. Ғалымдар болашақ мұғалімдердің кәсіби қалыптасуында рухани даму адамның сенім жүйесі, дүниетанымы және адамгершілік қағидаларын қамтитын маңызды фактор екенін дәйектейді. Рухани дамыған тұлға оқыту процесінде білім мазмұнын жеткізіп қоймай, өмірлік құндылықтармен байланыстырып, білім алушылардың рухани әлеуетін ашады [372].

Модельдің әдіснамалық негізін тұлғалық-бағдарлы, аксиологиялық, жүйелі және әрекеттік тәсілдер құрайды. Тәсілдер білім мазмұнын құндылықтармен байланыстыру, студенттің субъектілік рөлін белсендіру және рухани бағдарды тәжірибемен қалыптастыруға бағытталған. Ғылымдағы тұлға, оның қасиеттері мен икемділігіне қызығушылық тұлғалық-бағдарлы оқыту

қажеттілігін арттырады. Мәселеге қатысты еңбектерде дәйектелгендей, тұлғалық-бағдарлы оқыту теорияларында дербес оқыту, шығармашылық қабілеттерді дамыту, студенттердің өсу мүмкіндіктерін қазіргі заман талаптарына сай бейімдеу ерекше мәнге ие [373-375]. Тәсілдер педагогикалық, психологиялық және әдіснамалық технологиялардың кең ауқымын қамтиды. Әрбір адамның тұлғалық дамуында өзіндік сезімталдық бар, ал оқытудағы сезімтал кезең білім алушының жаңа ақпаратты толық игеруі және дамуына ықпал ететін кезеңімен танылады.

Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастыруға арналған ғылыми ізденістерде елеулі теориялық және тұжырымдамалық қор жинақталған. Алшақтық тәжірибелік маңызы бар рухани және құндылықтар білімі дискурсындағы тұлғалық-бағдарлы оқыту мен рухани-адамгершілік тәрбиесінде қолданылатын терминологиядан байқалады. Ресейлік және отандық ғылымда болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастыру мен дамытудың тұжырымдамалық идеялары бар зерттеулер кеңінен таралған [376-377; 18; 126]

Отандық еңбектерде этнопедагогикалық дәстүрлер, ұлттық құндылықтар және рухани құзіреттілікті дамытудағы контекстік тәсілдерге ерекше көңіл бөлінген [378-379]. Сондай-ақ, зайырлы оқу орындарындағы ұстаздардың руханилықты жеткізудегі тәжірибесі де назардан тыс қалмайды: бұл жерде рухани құндылықтар тікелей діни нұсқау емес, қарым-қатынас педагогикасы мен этикалық модельдеумен жеткізіледі [380-381]. Көзқарастар мен тәжірибелердің барлығын зерттеу моделі құрылымына енгізу рухани дүниетанымның педагогикалық және этикалық қолайлылығы, психологиялық негізділігі және практикалық іске асырылуын қамтамасыз етеді.

Зерттеуде адамгершілікке негізделу, субъектілік ұстаным, жүйелілік, даралану мен тұрақты рефлексия сияқты ғылыми қағидалар негізге алынады.

2.2.2 Тұжырымдамалық-теориялық блок принциптері

Модельдің тиімді іске асуын қамтамасыз етуде негізге алынған педагогикалық қағидалар болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамыту үдерісінің ғылыми-әдіснамалық тұғырын айқындайды. Әрбір принцип жеке мақсатқа бағытталғанымен, өзара байланыста біртұтас педагогикалық жүйе құрайды.

1. Тұлғалық-бағдарлылық принципі.

Принцип білім алушыны педагогикалық үдерістің орталық тұлғасы аясында қарастырады. Болашақ педагогтің ішкі рухани әлеуетін тану, қызығушылықтары мен өмірлік ұстанымдарын ескеруге бағытталған. Тәсіл студенттің өзіндік дамуы, тұлғалық рефлексиясы және рухани әлемінің кеңеюіне қолайлы жағдай жасайды. Оқытуда студенттің тұлғалық тәжірибесіне сүйеніп, оның құндылық бағдарын анықтауға мән беріледі.

Тұлғалық-бағдарлылық принципі білім беру процесінде білім алушыны тұтынушыдан бөлек, өзінің танымдық, рухани, әлеуметтік және құндылықтық әлемін қалыптастыратын белсенді тұлғаны қарастырады. Тәсіл білім алушының

жеке тәжірибесі, өмірлік ұстанымдары, ішкі мотивациясын ескеріп, өзін-өзі дамытуына ықпал етеді.

А. Абакиров, Б. Аушахманова, Н. Асипова, А. Раимкулова және С. Ткачева [382] тәсілді тұлғаның әлеуетін ашуға бағытталған кешенді білім беру моделінде сипаттайды: «Тұлғалық-бағдарлы оқыту білім алушының дербестігі, эмоционалдық интеллектісі және құндылықтарға негізделген дүниетанымын көпмәдениетті білім беру ортасында дамытады».

Сондай-ақ, Ш.Н. Ибадуллаева [383] зерттеуінде болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығындағы тұлғалық тәсілдің рөлі анықталады. Автор: «Тұлғалық-бағдарлылық формалды оқыту моделінен студенттің құндылықтық, рефлексиялық тәжірибесіне негізделген модельге көшу», - деп тұжырымдайды.

Ю.А. Качалов [384] еңбегінде тұлғалық-бағдарлы оқытудың диалогтік педагогикамен жалғасы айқындалады: «Тұлғалық-бағдарлы әдістер монологқа қарағанда диалогты жоғары қояды және оқытушы мен студент арасындағы субъект-субъект қатынасын қалыптастырады, бұл өзара даму мен түсіністікті нығайтады». Сондай-ақ, Б. Розпутня [385] дизайнерлік білім беру саласында осы тәсілді қолданып, шығармашылық қабілеттердің ашылуында тұлғалық тәсілдің ерекше тиімділігін дәлелдейді.

2. Аксиологиялық принцип.

Аксиологиялық принцип білім беру мазмұнын рухани-адамгершілік құндылықтарға негіздеп құрастыруды көздейді. Принцип білім беру үдерісінде дүниетанымдық мазмұнды жетілдіреді, студенттердің рухани ізденісін ынталандырады. Ғалымдар білім берудің шынайы мақсатын адамның рухани тұлғасын қалыптасуына көмектесуді атайды [386]. Р. МакГлейзер [387] дәстүрлі білім беру жүйесінде студенттің креативті ойлау мүмкіндігі шектелетінін, ал рухани дүниетанымға бағытталған оқыту олардың өмір философиясын түсінуіне жол ашатынын негіздейді. Сонымен қатар, креативті ойлау құндылықтық негізге сүйенген жағдайда еркін дамитынын дәлелдейді. Ғалым дәстүрлі оқытудың шектеулеріне қарама-қарсы рухани-аксиологиялық білім беру жүйесінің тұлғаның болмысын дамытудағы маңыздылығын бекітеді. Ал Ч. Чу [388] «тұлғаға бағдарланған білім беруді» заман талабына сай трансформациялаудың негізі деп таниды.

Рухани дүниетанымды дамытудың мазмұндық өзегіне құндылықтар жүйесі енеді. Принципке сәйкес білім беру үдерісі студенттің рухани-адамгершілік дамуына негізделіп, мазмұны құндылықтық мағынамен толықтырылады. Адамгершілік, әділет, жауапкершілік, ар-ождан, мейірімділік базалық құндылықтарын игеру болашақ педагогтің кәсіби дүниетанымына тікелей ықпал етеді. Аксиологиялық принцип оқу мазмұны мен тәжірибелік жұмыстарды құндылықтық мағынада құруды талап етеді.

Аксиологиялық принцип білім беру мазмұнын рухани-адамгершілік құндылықтарға негіздеп құрастыруды көздейді. Тұғыр студенттің дүниетанымы, өмірлік бағдары, рухани ізденісі және әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталады. Соңғы жылдары бұл бағытта нақты ғылыми зерттеулер де жарық көруде. Мысалы, Э. Ешенкулова [389]

мақаласында болашақ мұғалімдердің рухани және шығармашылық әлеуетін дамытудың моделі ұсынылып, былай тұжырымдалады: «Аксиологиялық көзқарас мұғалімдерді даярлаудағы рухани және шығармашылық дамудың құндылықтық сипатына байланысты қажет».

Тағы бір маңызды зерттеу К. Мирзаева мақаласы. Автор аксиологиялық тәсілді жоғары білім беруді жаңғыртудың әлеуетінде сипаттап, келесідей атап өтеді: «Жоғары білімдегі оқу үдерісін жаңғыртуда аксиологиялық көзқарастың әлеуеті құндылыққа негізделген оқытуды қамтамасыз етуде маңызды» [390].

Аксиологиялық принцип студенттің тұлғалық және кәсіби дамуына құндылықтық бағдар береді. Тұғыр:

- рухани-адамгершілік тәрбиенің мазмұнын анықтайды;
- адамгершілік, әділет, мейірім, ар-ождан сияқты базалық құндылықтардың игерілуін қамтамасыз етеді;
- болашақ педагогтің кәсіби дүниетанымын құндылықтық деңгейде қалыптастырады;
- оқу мазмұнын мәнділікпен толықтыруды көздейді.

Осылайша, аксиологиялық тұғыр қазіргі білім беру жүйесінің мәндік-идеялық негізін құрап, болашақ мұғалімдерді тәрбиелеуде шешуші рөл атқарады.

3. Ізгілікті бағыттылық принципі.

Принцип білім беру мен тәрбиелеу үдерісін адамға бағыттау, студентке ізгі қарым-қатынас негізінде оқу ортасын құру қажеттігін білдіреді. Болашақ педагогтің тұлғасына құрметпен қарау, сенім білдіру, рухани қажеттіліктерін түсіну ізгілікті ұстанымның негізі. Ізгілендірілген оқу мазмұны мен әдістерімен студенттерде мейірімділік, өзгені түсіну мен қабылдау, жанашырлық қасиеттері қалыптасады.

Ізгілікті бағыттылық қазіргі заманғы педагогикалық парадигманың іргелі тұғырында білім беру үдерісін тұлғаға бағдарлау мұқтаждығын айқындайды. Принцип оқу мен тәрбиелеу үдерісін студенттің жеке тұлғасы, ішкі жан-дүниесі, рухани-адамгершілік құндылықтарын құрметтеуге бағыттайды. Тәсіл студентті білім алушы шеңберінде өзіндік өмірлік ұстанымы, сезімі, қажеттілігі бар біртұтас тұлғада тануға мүмкіндік береді.

Білім алушылармен қарым-қатынаста ізгілік пен сенімге негізделген оқыту ортасын қалыптастыру студенттердің ішкі мотивациясын арттырып, өзін-өзі жүзеге асыруына жол ашады. Қағида болашақ педагогтің тұлғасына құрметпен қарау, рухани қажеттіліктерін түсіну, сенім арту және қолдау көрсетумен жүзеге асырылады. Педагог тарапынан мейірімділік, жанашырлық және эмпатия көрсету білім алушының психологиялық қауіпсіздігін және оқу үдерісіне белсенді қатысуын қамтамасыз етеді.

Ғылыми зерттеулер қағиданың тиімділігін нақты дәлелдермен қолдайды. Мысалы, Л. Цзяньминь және М. Мингю [391] зерттеуінде болашақ мұғалімдердің кәсіби рөлін цифрлық технологиялар мен жасанды интеллекттің қарқынды дамуы жағдайында қайта қарастыруды айтады. Зерттеушілердің пікірінше, қазіргі білім беру жүйесінде технологиялық құралдар мен

автоматтандырылған платформалар кеңінен қолданылғанымен, педагогикалық қызметтің басты өзегі адам арасындағы рухани байланыс, түсіністік пен сенім қала береді. Олардың зерттеуі TPACK (Technological Pedagogical Content Knowledge) моделіне негізделіп, оқытушының технологияны меңгеруімен шектелмей, адамға бағытталған құндылықтармен үйлестіріп қолдануды дәлелдейді. Яғни, оқытушы кәсіби әрекетінде технологияны құрал шеңберінде пайдаланып, басты назарды студенттің тұлғалық дамуы, ішкі дүниесі, рухани-адамгершілік әлеуетін ашуға бағыттауы керек. Зерттеу педагогикалық үдерісте адамилықты сақтау студенттердің белсенділігін арттырып, оқу мотивациясын күшейтетіні, оқытушы мен студенттің өзара сенім мен сыйластықты қалыптастыратынын көрсеткен. Тәсіл жасанды интеллектпен жұмыс істеуде маңызды. Себебі әдіс оқытудың «технократиялық» сипат алу қаупін азайтады.

Бүгінгі білім беру жүйесінде оқушының эмоциялық, рухани және психологиялық ахуалын ескеру барған сайын өзекті бола түсуде. Ізгілендірілген оқыту әдістері (humanized teaching methods) білім алушының жеке тұлғасы, ішкі қажеттіліктері және құндылықтық бағдарын назарға алатын білім беру тәсілінде танылуда.

Ф. Соареш, А. Лопес, К. Серрао және Э. Феррейра [392] зерттеуінде білім беруді ізгілендірудің (humanization in education) мәні кеңінен қарастырылады, оқыту процесіндегі эмоциялық және рухани өлшемдердің шешуші рөлі көрсетіледі. Авторлар пікірінше, оқыту когнитивтік даму шеңберімен шектелмеуі тиіс, адамның ішкі әлемі, сезімдері, рухани ізденісі және тұлғалық мағынасына бағытталуы қажет. Осы аспектіде эмоциялық сана мен рефлексияны дамыту студенттердің психологиялық әл-ауқатын (psychological well-being) нығайтады.

Ізгілендірілген педагогикалық үлгінің негізгі қағидалары ұсынылады:

- эмпатиялық қарым-қатынас: оқушыны түсіну және сезінумен өзара сенім қалыптастыру;
- құндылыққа негізделген мазмұн: адамгершілік және рухани құндылықтарды оқу процесі өзегіне енгізу;
- субъект–субъект өзара әрекеті: оқытушы мен студенттің тең серіктестік диалогына негізделген қатынас;
- рефлексиялық оқыту: тұлғаның өзін, сезімін және іс-әрекетін үнемі талдау қабілетін дамыту.

Ізгілендірілген оқыту пәндік білімнен бөлек, тұлғаның біртұтас дамуын мақсат еткен әдіс. Әдіс:

- психологиялық әл-ауқатты қолдайды;
- эмоциялық қауіпсіздік пен ішкі сенімді қалыптастырады;
- білімгер мен оқытушының сенімге негізделген қарым-қатынасын дамытады.

Әдіс рухани дамуды білім беру процесінің құрамдас бөлігінде қарастырады. Мұндай тәсілдер қазіргі білім беру жүйесінің гуманистік-аксиологиялық негіздерін құрайды.

4. Диалогтық қарым-қатынас принципі тұлғааралық өзара сенімді ортаны қалыптастыруды көздейді. Принципке сәйкес педагогикалық үдеріс студенттің рухани-танымдық ізденісін қолдап, ашық пікір алмасумен жүзеге асады. Оқытуда диалог мәдениетін дамыту тұлғаның рухани және әлеуметтік тәжірибесін кеңейтеді.

Рухани дүниетаным дербес тәжірибе нәтижесінде диалогпен қалыптасатын көпқырлы үдеріс. Принцип оқытушы мен студенттің сенімге негізделген өзара түсіністік пен ашық қарым-қатынасты дамытуға бағытталған. Диалогпен студенттер өз көзқарастарын еркін білдіру, өзгелердің пікірін тыңдау және рухани мағынадағы тақырыптарды терең пайымдауға үйренеді. Процесс жеке рухани ізденіс, дүниетанымдық өсу мен өзіндік сана қалыптастырудың тиімді жолы.

Модельдің теориялық-әдіснамалық негізін анықтап, төмендегі педагогикалық тәсілдер болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын жүйелі дамытуға бағытталған:

- тұлғалық-бағдарлы оқытумен студентті дамытушы субъект шартында қарастыру;
- аксиологиялық тәсілмен мазмұн мен процесті рухани құндылықтармен ұйымдастыру;
- жүйелілік тәсілмен рухани даму факторларын тұтастықта қарастыру;
- іс-әрекеттік тәсілмен рухани бағдарды әрекет тәжірибесінде қалыптастыру.

Ғылымда тұлғаның жеке қасиеттері, икемділігі мен даму мүмкіндіктеріне қызығушылық артып келе жатқандықтан, қазіргі білім беру жүйесінде тұлғалық-бағдарлы оқытуға зәрулік арта түсті. Қажеттілік студенттердің білім алу объектісінен бөлек, біртұтас адам, субъект аясында қарастыратын жаңа көзқарасты талап етеді.

Тұлғалық-бағдарлы оқыту педагогикалық, психологиялық және әдіснамалық технологиялардың көптүрлілігін қамтиды. Ол білім алушының тұлғалық өсуіне жағдай жасап, өзіндік көзқарасы мен дүниетанымын қалыптастыруға ықпал етеді. Оқытудағы бұл тәсіл рухани дүниетанымға негізделген кәсіби құндылықтарды игерудің маңызды құралына айналады.

2.2.3 Тұжырымдамалық-теориялық блок компоненттері

Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамыту моделі ішкі рухани әлеуетті дамытатын үш компоненттен тұрады: тұлғалық-мазмұндық, операциялық-іс-әрекеттік және рефлексивті-бағалаушылық. Әр компоненттің өлшемдері мен көрсеткіштері белгіленген.

1. Тұлғалық-мазмұндық компонент

Компонент болашақ мұғалімдердің рухани құндылықтарға қатынасы мен адамгершілік категорияларды түсіну деңгейін сипаттайды. Өлшемі: рухани құндылықтарға қатынасы және адамгершілік түсініктерін меңгеру.

Көрсеткіштері:

- адамгершілік құндылықтардың мәнін түсіну деңгейі;
- рухани және кәсіби мағыналар байланысын орната алу қабілеті;

- ар, ұят, мейірім ұғымдарын білуі және түсіндіре алуы.

2. Операциялық-іс-әрекеттік компонент

Компонент педагогикалық үдерісте рухани-адамгершілік тәрбиені ұйымдастыру, жобалау және бағалау дағдыларын көрсетеді.

Өлшемі: рухани-адамгершілік мазмұнды тәжірибелік әрекетпен меңгеру.

Көрсеткіштері:

- рухани мазмұндағы іс-шараларды жоспарлау, ұйымдастыру және бағалау біліктілігі;
- студенттердің рухани тәрбиеге бағытталған әрекеттерге белсенді қатысуы мен дайындық деңгейі.

3. Рефлексивті-бағалаушылық компонент

Компонент студенттің өз рухани дүниесіне үңілуі мен тұлғалық дамуына рефлексия жасай білу қабілетін сипаттайды. Өлшемі: рухани дүниетанымдық ұстанымдарды бағалау және өзін-өзі түсіну.

Көрсеткіштері:

- рухани құндылықтар тұрғысынан өз әрекеттерін талдай алуы;
- ізгілік, адалдық, жауапкершілік қасиеттеріне рефлексивті баға беруі;
- рухани дамуға ішкі ұмтылысы мен өзін-өзі жетілдіруге ынтасы.

Модельдің нәтижелілік өлшемдерін бағалау мақсатында әр компонент бойынша үш деңгей белгіленеді: төмен, орта және жоғары. Әр деңгей студенттердің рухани дүниетанымының қалыптасуындағы белгілі бір сипаттамалармен бейнеленеді.

9-кесте. Рухани дүниетанымды тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамыту деңгейлері (автор құрастырды)

Деңгейлер / **Компоненттер**	**жоғары**	**орта**	**төмен**
Тұлғалық-мазмұндық компонент	студент рухани-адамгершілік ұғымдарды терең меңгерген, кәсіби және рухани мағыналарды өзара байланыстырып, өз өмірлік ұстанымымен үйлестіреді. Құндылықтарға негізделген көзқарасы айқын әрі тұрақты.	негізгі рухани ұғымдарды біледі, маңызын түсінеді, бірақ нақты әрекеттерде әрдайым қолдана бермейді. Құндылықтық бағдарларына сенімділігі орташа.	рухани ұғымдар туралы білімі үстірт, мәнін толық түсінбейді, кәсіби және рухани байланыстарды құра алмайды.
Операциялық-іс-әрекеттік	студент рухани мазмұндағы іс-шараларды дербес жобалап, ұйымдастырып және бағалай алады. Басқа студенттерді де бағыттап, тәрбие жұмысында белсенділік танытады.	кейбір тәрбие іс-шараларына белсенді қатысады, ұсыныстар бере алады, бірақ іс-шараны толықтай ұйымдастыруда қиындықтар көреді.	тәрбие процесіне қатысуы пассивті, шығармашылық ұсыныстар мен жобалау біліктілігі төмен деңгейде.
Рефлексивті-бағалаушылық компонент	студенттің ішкі мотивациясы айқын, өзін-өзі тануға және дамытуға тұрақты ұмтылыс бар, рефлексия жүргізуге бейім және жауапкершілігі жоғары.	өзіндік талдау мен ішкі мотивациясы бар, бірақ рефлексия үнемі және жүйелі жүргізілмейді.	өзін-өзі тану, рухани өсуге талпыныс әлсіз, рефлексия дағдылары толық қалыптаспаған.

3. **Мазмұнды-тәжірибелік блокта** болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамытуға бағытталған нақты практикалық шаралар жүзеге асырылды. Шаралар студенттердің рухани-адамгершілік құндылықтарды саналы түрде меңгеріп, кәсіби әрекетте қолдану қабілетін дамытуға мүмкіндік берді.


Басты мазмұндық құралда «Рухани дүниетанымның мазмұны мен технологиясы» атты элективті курс құрылып, арнайы оқу-әдістемелік кешені дайындалды. Аталған пән «6В01101 - Педагогика және психология», «6В01403 - Бастапқы әскери дайындық» және «6В01601 - Тарих» білім беру бағдарламаларында білім алатын 2 және 3 курс студенттеріне арналып оқу жоспарына енгізілді. Курстың негізгі мақсаты: болашақ мұғалімдердің рухани көзқарастарын жүйелеу, құндылықтармен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру және тұлғалық даму ресурстарын анықтау.

Элективті курста студенттер рефлексиялық эссе жазу, рухани пікірталастарға қатысу, жағдаяттық тапсырмаларды шешу, рухани тренингтерге қатысу оқу формаларымен өз ішкі дүниесін тану, рухани категорияларды түсіну және тәжірибеде меңгеруге мүмкіндік алды.

Сонымен қатар, жалпы білім беретін «Мәдениеттану» пәнінің мазмұнына да өзгерістер енгізілді. Аталған пәннің оқу-әдістемелік құрылымына болашақ мұғалімдердің рухани-адамгершілік дамуына ықпал ететін тақырыптар енгізілді:

1. Ұлттық құндылықтар болашақ педагог тұлғасының рухани негізі (қазақы дүниетаным мен рухани құндылықтардың мәдениеттегі көрінісі).
2. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы және оның педагогикалық әлеуеті (жаратылысқа қатынас, адам мен қоғам ұғымдары, дәстүрлік бағдар).
3. Рухани-мәдени мұралар және олардың тәрбиелік мәні (жазба және ауызша мұралар, фольклор, салт-дәстүрлер жүйесі).
4. Педагогикалық идеал және рухани кемелдену мәселелері (мұғалім тұлғасының рухани бейнесі мен мәдениеттегі моделі).
5. Қазіргі білім беру кеңістігіндегі руханилық мәселелері (рухани дағдарыс, құндылықтық вакуум, ізгілендіру үрдістері).
6. Оқу мазмұнына рухани құндылықтарды кіріктіру жолдары (интеграцияланған сабақ үлгілері, рухани контексті қолдану тәсілдері).
7. Тұлғаның рухани рефлексиясын дамыту: тәсілдер мен құралдар (рефлексиялық күнделік, эссе, пікірталас, жобалық жұмыс).

5-сурет. Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі



Мазмұнды-тәжірибелік блок болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамытуға бағытталған оқу-тәрбие мазмұны мен оны жүзеге асырудың нақты әдістемелік тәсілдерін қамтиды. Блок құрылымында студенттердің рухани-адамгершілік құндылықтарды терең ұғынуы, кәсіби қызметінде тәжірибелік тұрғыда қолдануға ықпал ететін білім беру мазмұны мен практикалық әрекеттердің жүйесі қарастырылған.

Қазіргі заманғы жоғары білім беру жүйесінде болашақ педагогтің кәсіби құзыреттілігі мен тұлғалық қалыптасуын қамтамасыз етуде тұлғалық-бағдарлы оқыту басты әдістемелік бағдарда қарастырылады. Тәсіл студенттің жеке тәжірибесі, құндылықтық бағдарлары, қызығушылығы мен қабілетіне негізделіп, оқу процесінің белсенді субъектісін танытады.

«Педагогика» пәнінің мазмұнын тұлғалық-бағдарлы оқыту негізінде толықтыру білім беру процесінің сапасын арттырады. Себебі бұл пән болашақ педагогтің оқу іс-әрекетін ұйымдастыру, тұлғаның дамуын ескеріп оқыту мазмұнын жобалау және оқу ортасын құру іскерліктерін қалыптастыруға бағытталған. Сондықтан курс мазмұнына төмендегідей өзгертулер енгіздік.

1. Тұлғалық-бағдарлы оқытудың теориялық негіздері. Тұлғалық-бағдарлы оқыту тұжырымдамасының тарихи қалыптасуы, отандық және шетелдік ғалымдар еңбектеріндегі теориялық негіздері қарастырылады. Гуманистік педагогика, тұлға теориялары, мотивациялық және құндылықтық бағыттағы көзқарастар жүйеленіп, тұлғаны дамытудағы орны сарапталады. Тақырып болашақ педагог тұлғалық-бағдарлы оқыту қағидаттарын теориялық тұрғыда меңгеріп, практикалық қызметке негіздейді. Бұл студенттердің ішкі әлеуетін ашуға бағытталған педагогикалық әрекетті кәсіби түрде ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

2. Тұлғалық-бағдарлы оқытудың психологиялық-педагогикалық шарттары. Лекция мазмұнында тұлғалық-бағдарлы оқыту жүйесінің негізінде жатқан психологиялық-педагогикалық алғышарттар қарастырылады. Атап айтқанда, жеке тұлғаның даралық ерекшеліктері, даму деңгейі, мотивациялық құрылымы, оқуға ішкі дайындығы және оқыту ортасымен өзара байланысы талданады. Студенттердің жеке ерекшеліктерін ескеріп оқытуға негізделген кәсіби ұстаным қалыптастырылады.

3. Тұлғаны дамытуға бағытталған оқыту технологиялары тақырыбында оқытудың тұлғаны дамытуға бағытталған инновациялық технологиялары: жобалық әдіс, дамыта оқыту, проблемалық оқыту, рефлексивті оқыту, іс-әрекеттік тәсіл негізінде оқыту сипатталады. Субъектілік ұстаным, өзін-өзі тану, өзіндік даму механизмдері теориялық тұрғыда түсіндіріледі.

4. Оқытушы мен студенттің тұлғалық өзара әрекеті. Тақырып мазмұнында оқытушы мен білім алушының субъект-субъектілік өзара әрекет, тұлғалық дамуына әсері, педагогикалық қолдау көрсету тәсілдері, эмпатия мен кері байланыс, рефлексия ұйымдастыру әдістері қамтылады.

5. Тұлғалық-бағдарлы оқытудағы құндылықтық бағыттар тақырыбы мазмұнында тұлғалық-бағдарлы оқыту мен рухани-адамгершілік тәрбиенің өзара байланысы қарастырылады. Құндылықтық бағдар, рухани ұғымдар,

ұлттық мәдениеттегі тұлға мәселелері, дүниетанымдық компоненттер оқыту мазмұнына қалай енгізілетіні баяндалады.

6. Болашақ мұғалімдердің тұлғалық дамуы: оқу процесіндегі мүмкіндіктер. Лекция мазмұнында оқу тапсырмалары, рефлексивті жаттығулар, эссе жазу, жағдаяттарды талдау әдістерімен болашақ педагогтің тұлғалық даму мүмкіндіктері көрсетіледі. Студенттің өзін-өзі тану, бағалау, реттеу дағдыларын жетілдіру жолдары қарастырылады.

7. Конструктивті оқыту мен тұлғалық-бағдарлы оқытудың сабақтастығы. Конструктивті және тұлғалық-бағдарлы оқыту ұстанымдарының ұқсастықтары мен ерекшеліктері қарастырылады. Белсенді оқыту әдістері пікірталас, жобалық жұмыс, топтық талдау арқылы студенттің жауапкершілігі мен рефлексиялық қабілеті дамитыны сипатталады.

Маңыздылығы: болашақ мұғалімдер оқытудың гуманистік бағыттарын біріктіріп тиімді білім беру ортасын қалыптастыру жолдарын үйренеді.

Жоғарыда ұсынылған тақырыптар студенттер тұлғасының ішкі әлемін түсіну, оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде құндылықтық-бағдарлы шешім қабылдау және білім алушының тұлғалық дамуына ықпал ететін педагогикалық технологияларды меңгеруге мүмкіндік алады. Сонымен қатар, рухани-адамгершілік дамуға негізделген мазмұн болашақ мұғалімдердің кәсіби қызметінде ізгілік, жауапкершілік және рефлексиялық ойлауды дамытуға жол ашады.

Тұлғалық-бағдарлы оқыту идеяларын «Педагогика» пәніне енгізу болашақ мұғалімдердің кәсіби-рухани қалыптасуын қамтамасыз етіп, жалпы білім беру жүйесінің ізгілікке негізделген трансформациясына да оң ықпал етеді.

Мазмұндық-тәжірибелік блокта оқытуда қолданылған әдістер де студенттердің рухани дамуын мақсат етті. Атап айтқанда:

- интерактивті әдістер (пікірталас, сұхбат, ми шабуылы);
- проблемалық оқыту (жағдаяттық талдау, рухани дилеммалар);
- ойын әдістері (рөлдік және іскерлік ойындар);
- дамытушы және саралап оқыту тәсілдері;
- сыни ойлау технологиялары (INSERT, RAFT, Venn диаграммасы);
- өнімді оқу мен конспект жасау әдістері;
- бірлескен практикалық әрекет (топтық жобалар, волонтерлік қызмет).

Жоғары оқу орны жағдайында әдістер аудиториялық және аудиториядан тыс оқу формаларымен жүзеге асырылды. Атап айтқанда, дәріс сабақтары оқу материалының логикалық құрылымын меңгерту; практикалық сабақтар алынған білімді қолдану; БӨЖ және БАОӨЖ дербес ізденіс пен рефлексия; ғылыми-зерттеу жұмыстары студенттердің кәсіби рухани қалыптасуы; педагогикалық практика теориялық білімнің нақты кәсіби жағдайда қолданылуына мүмкіндік берді.

Оқу материалын алдын ала меңгеру және өзіндік дайындық студенттерде сыни тұрғыдан ойлау, ғылыми көзқарас қалыптастыру, ізгілікті бағалау және рухани таным процестерін дамытты. Осылайша, мазмұнды-тәжірибелік блок

болашақ мұғалімдердің рухани дамуына бағытталған мақсатты оқу мазмұны мен оны жүзеге асырудың педагогикалық әдістерін бір арнаға тоғыстырады.

4. Қорытынды-бағалау блогы

Мақсаты: модельдің іске асу нәтижелерін талдау және болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымы мен тұлғалық даму деңгейін бағалау.

Блок педагогикалық модельдің тиімділігін бағалау, студенттердің рухани-адамгершілік құндылықтарды меңгеру деңгейі, ішкі мотивациясы, рефлексия және өзін-өзі жетілдіру дағдыларын саралауға бағытталған. Бағалауда оқу процесінде қолданылған әдістер, мазмұн және ұйымдастыру формаларының болашақ педагогтің рухани дамуына әсер ету деңгейі айқындалады.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығында кәсіби міндеттерді меңгеруден бөлек, «руханилық» және «рухани даму» ұғымдарын түсіну де маңызды. Олар көпмәдениетті білім беру кеңістігінде сындарлы қарым-қатынас орнату және құндылықтық бағдарды ұстануға қабілетті болуы тиіс [372].

Осыған орай, рухани дүниетаным тұлғаның адамгершілік мұраттарын жүйелейтін, сенімдері мен көзқарастарының өзегі болып табылатын субъективті-тұлғалық формацияда сипатталады. Көзқарас болашақ педагогтің кәсіби-рухани дамуы мен рефлексиялық ойлау қабілетін қалыптастырады. Модельден күтілетін нәтиже тұлғаның ішкі дүниесінің тереңдігі мен рухани кемелдену деңгейі жоғары, кәсіби қызметінде ізгілік пен жауапкершілік таныта алатын маман бейнесімен үндеседі.

2.3 Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамыту технологиясы

Білім беру саласындағы әлеуметтік-мәдени өзгерістер және педагогикалық тәжірибенің жаңғыруы мұғалімнің кәсіби біліктілігімен қатар рухани-адамгершілік сапаларын қайта қарауға мәжбүрлейді. Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымы құндылық бағдарлары, этикалық сенімдері және өмірлік мағына ізденістерінде көрсетілетін кешенді феномен және оқу-тәрбие процесінің сапасымен ықпалдасады. Тұлғалық-бағдарлы оқыту парадигмасы оқу процесіне дербес субъектіні, оның жеке қажеттіліктері мен құндылықтары, шығармашылық әлеуетін басты орынға қойып, рухани дамуды жүзеге асырады.

Жаһандану, цифрландыру және жасанды интеллекттің жылдам өзгерістері рухани дүниетанымға ауқымды әсер етіп, құндылықтар мен түсініктерді өзгертті, жаңа этикалық және моральдық қайшылықтар тудырды. Процесс рухани дүниетанымға бағытталған дүние, өмірлік құндылықтар мен мақсаттар, өзін-өзі жүзеге асыру жолдарына көзқарасты білдіретін педагогикалық білім берудің жаңа парадигмасын сұрайды. Тұжырымдама көптеген елдер, соның ішінде Қазақстанның білім беру дискурсында барған сайын танымал бола бастады. Рухани және адамгершілік бағытын көрсететін құралдарды болашақ мұғалімдер игілігіне тұтынады. Өйткені ұстаздар өмірдегі құндылықтар, мағына және мақсатты іздейтін болашақ ұрпаққа бағыт-бағдар

береді. Педагогикалық білім беру жас ұрпақтың жоғары сапалы білім алуы, дүниетанымы мен жеке басының қалыптасуын қамтамасыз етуде осы аспектілерге жүйелі және жан-жақты назар аударып, оқу-тәрбиеде көрініс табуын қолдауы керек. Дегенмен, қазіргі педагогикалық білім беруде болашақ мұғалімдердің рухани-адамгершілік-теориялық дүниетанымына жеткілікті көңіл бөлінбейді. Олқылық ұжымдық-корпоративтік, дербес бағдарланған жеке даму траекториясына бағдарлануына кері әсерін тигізеді. Тиісінше, болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастыруда руханилыққа бағдарланған парадигманы дамыту заманауи ақпараттық және білім беру платформалары мен құралдарын пайдаланатын жоғары білім беру және технологиялық біліктілік ортасына сұраныс бар.

Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарындағы педагогикалық білім беру елдегі ұлттық даму мәселелерін шешуде бәсекеге қабілетті мамандарды дайындауға бағытталған. Мақсат ұлттың дамуын анықтайтын моральдық құндылықтар, халықтың тәуелсіздігі мен бірлігі қамтамасыз етілетін және жалпы адамзаттық құндылықтар дамытылатын әділетті қоғам құруды қамтиды. Контекстке сәйкес рухани дүниетанымды нақты көрсететін болашақ мұғалімдерді даярлауға ерекше көңіл бөлінеді. Рухани дүниетаным шынайылық идеяларын білдіретін, адамның өмір, күнделікті істерге көзқарасы, өзін және өзгелерді түсінуіне әсер ететін моральдық құбылыс. Сондықтан ұстаздардан ұлт келешегін тәрбиелеу, ата-аналармен ынтымақтастық жасау және қоғамдағы білім беруді дамыту күтіледі.

Осылайша, болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастырудың өзектілігі күмән тудырмайды. Дегенмен, рухани даму міндеттерін жүзеге асыру педагогикалық білім берудегі рухани өсудің дербес траекторияларының болмауынан қиындық тудырады. Рухани құндылықтарды дамыту жеке және нақты жоспарға сәйкес жүзеге асырылуы тиіс және даму бағдарламалары білім берудің әрбір деңгейінде қажет. Олқылықты жоюда педагогикалық технологияларды қолданып, тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуды зерттеп, талдау қажет.

Заманауи педагогика және психология ғылымдары болашақ мұғалімдерді даярлау пәндік білім мен педагогикалық әдістерден бөлек бейімділік, рефлексивті қабілет және саналы бағдарды дамытуды талап ететінін мойындайды. Рухани дүниетаным аудиториядағы әл-ауқат, этикалық әрекеттер және тұлғааралық қарым-қатынасқа ықпал жасайтын құндылықтар, сенімдер және тәжірибелердің біріктірілген жиынтығын құрайды. Білім берудегі рухани дүниетаным рухани интеллект, рухани құзыреттілік, ойлану және рефлексивті тәжірибе ұғымдарымен тоғысады. Әр түсінік мәселені мағыналық жағынан қарастыру, эмоциялар мен мақсаттарды реттеу және студенттерді эмпатиялық қатысуға тартуды талдайды [393]. Эмпирикалық әдебиеттер мұғалім дамуындағы құрылымдар мен нәтижелер перспективалы басымдыққа ие екендігін көрсетеді: рухани құзыреттіліктер мен мұғалімдер әл-ауқаты, кәсіби өзін-өзі бағалауы және аудиториядағы өнімділік көрсеткіштері дәйектелген

[309; 394]. Мамандар қатысуымен жүргізілген зерттеулерде мақсатты оқыту рухани құзыреттілік, зейін және ойлау тәжірибесіндегі студенттердің эмоционалды интеллектісі мен психологиялық әл-ауқатының жақсаруына әкелу ықтималдығын айқындады [395]. Дегенмен, зерттеулердің көпшілігі шағын іріктемелермен шектеледі.

Сапалық және аралас әдістермен жүргізілген зерттеу дүниетаным, этикалық міндеттемелер, тұлғааралық стиль бейімділіктері және аудиториядағы ахуал, институционалдық қолдаудың рухани аспектілерін оқыту тәжірибесіне енгізілетінін анықтайтын факторлармен сандық нәтижелерді толықтырады [396]. Сонымен қатар, салыстырмалы сандық зерттеулер маңызды ерекшелікті көрсетеді: діншілдік пен руханилық кәсіби сенімдермен ұштаса бермейді, руханилықтың трансценденттік емес аспектілері институционалдық діншілдік өлшемдеріне қарағанда кәсіби сенімдер мен ниеттермен тығыз байланысты [330].

2.3.1 Технология ұғымының түсініктері

К.Дж. Бернардтың [397] зерттеуінде көрсетілгендей, технологиялар қоғамның көптеген салаларын түбегейлі өзгерткенмен, жоғары білімдегі оқыту практикалары өзгерістерге әлі толық бейімделген жоқ. Ахуал оқу бағдарламаларының идеологиялық таңдауы және оқыту парадигмасының ауысуына қатысты шешімдермен байланысты болуы ықтимал. Оқу идеологиялары технологияның аудиторияға енгізілуін болжаумен трансформацияны ынталандырады. Сондықтан оқу идеологиялары мен технологияны қабылдау арасындағы қатынас, тұлғалық-бағдарлы оқытуға көшуге әсер ететін факторларды зерттеу басты мәселе шеңберінде алынып отыр.

Технологияның пайда болуына көңіл бөлу екі себепке байланысты: (1) жаңа технологиялардың ұзақ даму кезеңдеріндегі ерте ескерту көрсеткіштеріне екпін беру [398]; (2) қолданыстағы ахуалды өзгерту [399]. Бірінші себептегі технологиялық өзгерістер оқу траекторияларын бақылау және ерте ескерту көрсеткіштерін анықтаудың оқу-әдістемелік шешімдерін алдын ала үйлестіреді. Тәсіл оқыту мазмұны, оқу нәтижелері және біліктілік стандарттарын еңбек нарығының талаптарына сәйкестендіреді. Алдын ала жасалған педагогикалық болжамдар студенттердің когнитивтік дағдылары, бейімделгіштігі мен оқу тапсырмалары проблемаларын шешу қабілетін дамытуға бағытталған модельдерді енгізеді. Психологиялық аспектілеріне келсек, ерте ескерту көрсеткіштерін ескеру оқу мотивациясы, сенімділігі және болашаққа бағытталған өзін-өзі ұйымдастыру қабілетін қалыптастырады. Технологияның пайда болуына екпін беру білім беруді заман талабына сай бейімдеу және тұлғалық дамуды болжау мақсатындағы стратегияда қарастырылуы тиіс.

Қолданыстағы ахуалды өзгерту шарттарындағы технологиялардың енгізілуі мен таралуы оқу-тәрбие процесінің институционалды контекстілерін түбегейлі қайта жасайды. Өзгерістер оқу орнындағы коммуникация форматтары, тәрбие жұмысының тәжірибесі және оқу процесінің бағалау

жүйелерінде көрінісін табады. Педагогикалық шеңберде қолданылатын технологиялық бағыттар ахуалдағы студенттердің әлеуметтік-коммуникативтік және цифрлық сауаттылықтарын дамытады. Психология саласындағы салдарға ақпараттың жылдам өзгерісі жағдайындағы танымдық жүктемені басқару, медиа-әдеттер мен әлеуметтік желілердің психологиялық әсері жатады. Сондықтан әлеуметтік қолдау, эмоционалдық реттеу, цифрлық стрестің алдын алу секілді оқытудың эмоционалдық-әлеуметтік компоненттерін енгізу маңызды.

Технология грек тілінен аударғанда өнер, шеберлік, икемділікті зерделейтін ұғым. Сәйкесінше, технология қажетті нәтижеге жетуге арналған әдістер мен құралдар жиынтығы; мәлім нысанды қажеттіге айналдыру әдісі; өндіріс әдісі [400]. Технология жұмыс әдістері, жұмыс режимдері және әрекеттер тізбегін қамтиды [401]. Тұжырымдарға сәйкес, педагогика ғылымдарында технология оқу-тәрбие процесін жобалау, іске асыру және бағалауда қолданылатын теориялық қағидалар мен практикалық процедуралар интеграциясын жүйелейді. Білім беру мазмұны мен оқу мақсаттарын айқындап, мақсаттарға жетудегі жемісті әдіс-тәсілдер, құралдар, ұйымдастыру формалары және бағалау тетіктерін нақтылайды. Психология ғылымдарында технология тұлғаның когнитивтік, эмоционалдық және мотивациялық құрамдастарын назарға алып, оқу процесінің ішкі тетіктерін оңтайландыруға бағытталған құралдарды реттейді. Психологиялық қағидалар оқу тапсырмаларының күрделілігін бейімдеу, танымдық жүктеменің деңгейін реттеу, өзін-өзі реттеу мен когнитивтік дағдыларды қалыптастыру аясында оқу тиімділігін арттырады. Педагогикалық технология болашақ мұғалімдердің тұлғалық ерекшеліктері, білімі, мотивациясы және әлеуетін ескеріп, оқу нәтижелерінің болжамдылығы және репродуктивтілігін қамтамасыз етеді.

Ж-Ж. Саломон [402, 117-118 бб.] технология түсінігінің ғылыми айналымға енуін екі ғалыммен ұштастырады. Университет оқу бағдарламасындағы жаңа пәннің натурализациясын ұсынған К. Вольф 1728 жылы жарық көрген «Philosophia rationalisis sive Logica» еңбегінің III тарауында мына тұжырым ұсынған: «Технология дағдылар мен туындылар, немесе адам еңбегі, қолымен жасалған заттар туралы ғылым». Кәсіп ережелері мен өнімдерін зерттейтін сала физикадан кейінгі ғылымдарда ерекше орын алады. Салаға кіретін техникалық кәсіп машиналар пайда болғанға дейін болған және адам қолынан жасалған өнім жалғасында құралдардарды байланыстырылып, тәуелсіз зерттеуге лайық философиялық ойдың жаңа саласы аясында қабылданды. Шынында түсінік университеттік білім беруді біз бүгінде «техникалық мәдениет» деп атайтын құбылысты ашу және ғылыми зерттеу құралдарын осы мәдениетті зерттеуге қолдануды білдірді. Вольф технологияны оқыту физика мен механикаға негізделген математикалық пән шеңберінде қарастырды.

Технологияны «қазыналық ғылымдар», «камералды ғылымдар» шартында анықтаған Дж. Бекман саяси экономия және мемлекеттік басқару саласына ауыстырады. Мемлекеттік қаржыны оқытуды 1727 жылы Галледе I

Фридрих Вильгельм енгізді. Парламенттік жарлыққа сәйкес, оқыту парламент палаталарының мемлекеттік қызметшілерді даярлау қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған. Гильдиялар, корпорациялар, қолөнер мен өнеркәсіпті басқарудағы мемлекеттік қаржыны зерттеу болашақ мемлекеттік қызметшілерді технология негіздерімен таныстырды. 1772 жылдан бастап Гёттингенде осы пәннен сабақ берген Дж. Бекманн 1777 жылы «Amleitung zur Technologie» атты еңбегін жариялады. Еңбекте ғалым технология терминін енгізіп, қолданылу аясын анықтады: «біз физика, механика немесе химиядан туындайтын математикалық пән туралы емес, саяси экономия, қаржы және менеджментті қамтитын қазыналық ғылымдар жайында айтып отырмыз».

Технологияға оқыту қолөнершілер мен инженерлерге өз кәсібі әдістерін үйретуді қамтымады, керісінше әкімшілер, мемлекеттік қызметкерлер және кәсіпкерлерді тәжірибелік жұмысында туындайтын мәселелермен таныстыруға бағытталды: «техникалық мәдениет» пен оқытуды алмастырудың орнына бүгінгі таңдағы бизнес мектептеріндегі менеджмент және саяси ғылымдар аталатын білім берумен толықтырды. Дж. Бекман түсінігіндегі технолог техникалық өнермен айналысатын адам емес, технологияның экономикалық және саяси салдарын түсінетін адам. Технология тоқымашылар, сыра қайнатушылар немесе басқа да қолөнершілерді оқытуға арналмаған. Белгілі бір кәсіпке ие адамдарға көптеген дағдылар мен ептіліктер қажет. Мұны олар дербес еңбек пен тәжірибеден алады.

С.Ю. Кашкин заманауи әлемдегі ғылым мен технологияның тарихы анықталған ғылыми-техникалық дамуды 4 кезеңмен ажыратады [403, 23-24 бб.]:

1. Ең алдымен, өз салаларында техникалық тапсырмаларды орындайтын тәжірибелік-бағдарлы технологиялар дамыды (1822 жылы академик В.М. Севергин технологияның 10 саласын анықтады: металдар, минералдар, ағаш, жанғыш материалдар, қоректік заттар, химиялық өнімдер, жануарларды өңдеу, маталар, қағаз және құралдар).

2. Ғылыми-техникалық революцияның дамуымен ғылымнан ажырамайтын біріктірілген салааралық технологиялар пайда бола бастады (ірі машина жасау, энергетика, микроэлектроника және т.б.).

3. Технологиялар күрделілігінің артуы және ғылыммен ажырамас байланысының күшеюімен салалардан үстем технологиялар пайда болды. Сондықтан қазіргі заманғы жоғары технологиялар саласында технологиялар дүниеге әкелген өнімдер ғылымнан ажырамайды. Мысалы, нанотехнология, цифрлық технологиялар, биотехнология, роботтехника, басқару-құқықтық технологиялар жаңа білім алу әдістерінде, тәжірибеде, әлеуметтік-құқықтық салада қолдану тәсілдерін біріктірді.

4. Қазіргі уақытта ғылым, технология, білім беру және оқытудың түбегейлі жаңа қатынастарын белгілейтін салалардан үстем технологиялардың (NBICS технологиялары) тоғысуы жүріп жатыр. Ғылыми және технологиялық парадигмалардың жылдам өзгерісі нәтижесінде ғылым мен техниканың

келешектің біртұтас ғылыми-технологиялық кешенінде қарқынды интеграция байқалады.

Жоғарыда көрсетілген төрт кезеңнің әрқайсысы ғылым мен технологияның эволюциясымен қатар, педагогикалық және психологиялық процестер мұқтаж трансформацияларды да анықтайды. Әрбір кезеңдегі жаңашылдықтар білім берудің мазмұны мен форматын қайта қарауды міндеттейді. Қазіргі таңдағы қажеттілік технологияны енгізумен бірге, педагогикалық әдістер және болашақ мұғалімдердің психологиялық әл-ауқатын ескеретін білім беруді құруда жатыр.

С. Бурмаоглу, О. Сартенаер және А. Портер пікірінше, «технологиялардың пайда болуы белгілі бір уақытта сапалық жаңашылдық, сапалық синергия, жүйесіз тенденциялар, жоғары функционалдылық пен үздіксіздік аспектілерін көрсететін жоғары креативтік ғылыми желілердегі кезеңдік процесс» [404]. Анықтама аясында ғалымдар технологиялардың пайда болу процесін үш фазалы циклде межелейді: (1) пайда болу негізінің сипаттамасы; (2) технологиялық қалыптасу ізденісі; (3) сенімділікті растау кезеңі. Бірінші кезеңде технологиялардың пайда болуын дұрыс сипаттамай, нәтижелердің кездейсоқтығы мен біркелкілігін жаңа идеялар мен тұжырымдамаларды ойлап табумен болашақ пайымымызды қалыптастырамыз. Екінші кезеңде сапалық жаңашылдық, сапалық синергизм, функционализм, тенденциялардағы тұрақсыздықтың пайда болуындағы сабақтастық аспектілерін көрсететін қасиеттерді табамыз. Үшінші кезеңдегі технологиялардың пайда болуының валидациясы барлау, шолу зерттеу модельдерімен бағаланады. Сондықтан технологиялардың пайда болуы туралы түсініктер қалыптасу базасымен байланыстың бар екендігін көрсетеді. Демек, технологиялардың пайда болуын зерттеу сапалық және сандық тәсілдерді біріктіреді.

Желі теориясына сәйкес Б. Ким [405] ұсынған тұжырымға да назар аударған жөн. Зерттеуші пайымдауынша, ешбір технология оқшау жұмыс істемейді және әрбір деңгейде басқа жүйелер, өнімдермен үйлестіріледі және үйлеседі. Желі теориясынан қалыптасқан тұжырым білім беру процесі мен тәрбие тәжірибесіндегі технологияларды талдауда жүйелік тәсілді қолдану маңыздылығын қолдайды. Әрбір педагогикалық технология оқу-тәрбие процесін пәндік мазмұн, болашақ мұғалімдердің кәсіби әрекеті және оқу ортасының мәдениеті контексттерін қарастырады. Психология саласындағы желілік үйлесім идеясы білім алушылардың танымдық, эмоционалдық және әлеуметтік процестерінің өзара әрекеттестігін көрсетеді. Мысалы, білім беру технологияларының шешімдері когнитивті жүктеме теориясы, мотивация және өзін-өзі реттеу процестерімен үндес болмаса, құралдар оңтайлылығынан айырылады.

Тұжырымға орай И.А. Иванова мен Л Лейдесдорффтың [406] көзқарастарымен келісеміз. Ғалымдар технологияның өмірлік циклі кейінгі буын технологияларындағы платформаларды анықтайтын технологиялық парадигмалар тұжырымдамасымен сабақтасады. Технологиялық парадигмалар

жаңа білім беру құралдары мен тәжірибелерін тудырып, тұлғалық-бағдарлы оқыту идеясымен үйлеседі. Тұжырым жеке тұлғаның жан-жақтылығы, тұрақты өзіндік даму үдерісі және әлеуметтік қатынастарды негізге алады. Үйлесім үш деңгейде көрініс табады. Біріншіден, теориялық деңгейде тұлғалық-бағдарлы оқыту мен технологиялық парадигмаларды байланыстыратын тұжырымдамалық модельдер әзірленеді. Рухани дүниетанымның компоненттері білім беру траекториясы қызметі мүмкіндіктерімен сәйкестендіріледі. Екіншіден, оқыту мазмұны мен оқу тапсырмалары платформалық құралдармен тұлғаның рухани қалыптасуын ынталандыратындай жобаланады. Үшіншіден, әдістемелік-технологиялық деңгейде оқу процесін ұйымдастыру тетіктері платформа мүмкіндіктерін гуманистік қағидалармен үйлестіреді.

Технологияның табиғаты қазіргі қоғамда сүбелі рөл атқаратынына қарамастан, сирек талқыланады. Студенттердің технологияның табиғаты туралы идеяларын талқылау, технологиялық сауаттылығы және қазіргі қоғамға бейімделуін дамыту шешуші қадам. Сондықтан студенттердің технологияның табиғаты түсініктерін бағалау қажет. Осы бағытта «Технологияның табиғаты туралы студенттердің түсініктері» сауалнамасы жасалды. Сауалнама студенттердің технология табиғатын қабылдауын бағалаудың сенімді және тиімді құралы болып шықты. Сауалнама алты шкаладағы 29 сұрақтан тұрады: «Технология артефактілер ретінде», «Технология инновациялық өзгерістер ретінде», «Технологияның қоғамдағы заманауи рөлі», «Технология екі шеті бар сойыл ретінде», «Технология ғылыми негізделген форма ретінде» және «Технология тарихы» [407]. Технология табиғатын студенттердің қабылдауын бағалау тұлғалық-бағдарлы оқыту жағдайында рухани-адамгершілік компоненттерді ықпалдастырады. Сауалнама нәтижелері этикалық және әлеуметтік ахуал деңгейін көрсетіп, оқыту мазмұнын тұлғалық өсуге бағыттайды. Сауалнаманың алты шкаласымен рухани дүниетанымды қалыптастырудың түрлі аспектілерін көрсетуге болады. Әр шкала келесі бағыттарды дамытуға серпін береді: материалдық-мәдени құндылықтарға құрмет, шығармашылық пен жауапкершілік, қоғамдық әділеттілік пен азаматтық белсенділік, технологияның әлеуеті мен тәуекелдерін этикалық талдау, ғылыми көзқарас пен танымдық нигилизмге қарсы тұру, тарихтан сабақ алу арқылы жалпыадамзаттық бірегейлікті нығайту. Тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиялары студенттердің технологияға қатысты ұғымдарын рухани құндылықтармен біріктіріп іске асыруға қолайлы. Тәсіл білім беру процесін тұлғаның моральдық-этикалық қалыптасуы, өмірлік мән-мақсаттарын дамытады. Осылайша, технологияның табиғатына студенттердің түсініктерін бағалауды тұлғалық-бағдарлы оқыту технологияларымен ұштастыру болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын мақсатты дамытудың ғылыми-әдістемелік іргетасын қалыптастырады.

Тағы бір зерттеуде ғалымдар болашақ химия мұғалімдерінің ғылым мен технология табиғатына көзқарастарын анықтайды [408]. Зерттеу Лампунг университетінің 28 студентімен сипаттамалық әдістерді қолданып жүргізілді. Деректер төрт аспектіден тұратын «Ғылым мен техника табиғатының

көзқарастары» сауалнамасымен жиналды: ғылым мен техника анықтамасы, ғылым эпистемологиясы, ішкі ғылым әлеуметтануы және ғылымның сыртқы әлеуметтануы. Зерттеу нәтижелерінде болашақ мұғалімдер ғылымды тұжырымдама, технологияны ғылыми қолданыс шеңберінде анықтайтынын көрсетеді. Ғылым эпистемологиясында болашақ мұғалімдер ғылыми модельдерді нақты объектілерде қарастырады және негіздеудің көптеген жолдарын айтады. Ғылымның ішкі әлеуметтануында ғылыми шешімдер бұрынғы теорияларға, технологиялық шешімдер қоғам әсеріне ұшырайды. Ғылымның сыртқы әлеуметтануында «ғылым-технология-қоғам» қарым-қатынасымен келісетін болашақ мұғалімдер бір-біріне ықпал жасайды.

Технология білімді қолдану ғылымы шарттарында қарапайым және күрделі, дербес және қоғамдық, жаңа және ескі болуы ықтимал. Технологиялар ауысымы қоғам, университеттер және басқа қауымдастықтарға дағдылар, білім, өндіріс әдістері, өндіріс үлгілері мен нысандарын беру тәсілі. Технологиялар мен ғылыми прогресс өндірістің жаңа әдістері мен қосымшаларын дамыта алатындығына көз жеткізуде технологиялар ауысымы мәселесі көтеріледі [409]. Технологиялық даму мен ғылыми прогрестің білім беруге ықпалы кәсіби дағдыларды қалыптастырумен шектелмей, тұлғаның рухани дүниетанымы, әлеуметтік-мәдени құндылықтары және азаматтық ұстанымына да жан-жақты әсер етеді. Демек, болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясымен дамыту түрлі технологиялық өзгерістерге жауап беретін, сындарлы ойлай алатын тұлғаларды даярлаудың тиімді тәсілі. Тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиялары мен заманауи технологиялар үйлесімі болашақ мұғалімдердің кәсіби және рухани әлеуетін ашуға септігін тигізеді.

Ғалымдар технологияны ғылымды қажет ететін әлеуметтік құрал көлемінде қарастырады [410]. Тұжырымды нақтылауда технологияның техникалық және тәсілдік категориясынан бөлек, ғылыми негізделген, зерттелген және әлеуметтік салаларға ықпалы бағаланатын күрделі феномен деңгейінде қарастыру қажет. Технология тиімділігі теориялық базисінің өзектілігі, эмпирикалық зерттеулермен расталуы, қолдану шарттарының институционалдық сәйкестігіне тәуелді. Сондықтан педагогикалық технологияларды енгізу бағдарланған тәсіл, бақылау-бағалау және кәсіби дамыту тетіктерін талап етеді. Сонымен қатар, әлеуметтік құралдардағы технологияның этикалық, құқықтық және әлеуметтік салдары бағаланады. Технологияларды талдау мен енгізудің зерттеу әдістемелерін жүзеге асыру оқытудың тұлғалық-бағдарлы мақсаттарын айқындайды.

Кеңейтілген шынайылық технологияларын дамыту және білім беруде қолдану болашақ мұғалімдерге оқу-тәрбие процесіндегі пәндердің абстрактілі және микроскопиялық материалдарын интеграциялау мүмкіндігін береді. Дегенмен, болашақ мұғалімдер арасында кеңейтілген шынайылық технологияларын енгізу жеткіліксіз. Сондықтан И.А. Ризки, Н. Супрапто, Д.П. Аввалина, В.Т. Ванти және Н.М.Н. Сабрина [411] болашақ мұғалімдердің жаратылыстану ғылымдарын оқыту процесінде кеңейтілген шынайылық

технологияларын енгізуіне әсер ететін факторларды талдайды. Зерттеу нәтижелері бақылау мен оқу мазмұнының мінез-құлық ниеттеріне әсерін, ал көрнекі тартымдылық пен танымдық қабілеттің ешқандай әсер етпейтінін көрсетеді. Назар кеңейтілген шынайылық технологияларын визуалды дамытуға емес, педагогикалық деңгейде жүзеге асыруға аударылатындай. Сондықтан болашақ мұғалімдерді ғылымдар салаларымен оқытуды ұйымдастыруда технология интеграциясын түсінуі қажет болғандықтан, кеңейтілген шынайылық технологияларымен оқытуды ұсынады.

«Технология» ұғымының жоғарыдағы ғылыми түсіндірмелері білім берудің мазмұны мен ұйымдастырылуын дәйектейді. Технологиялық өзгерістер оқыту процесін кешенді, көпөлшемді тәсілмен қарастырады. Технологиялар когнитивтік жүктеме, эмоционалдық әл-ауқат пен әлеуметтік қолдауға бағытталған психологиялық шараларға сүйенеді. Болашақ мұғалімдердің технологияға қатысты түсініктерін бағалайтын құралдар оқу мазмұнын этикалық, әлеуметтік және ғылыми аспектілерде үйлестіреді. Тұлғалық-бағдарлы оқыту парадигмасы мен технологиялар үйлесімі болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігіндегі рухани дүниетанымын дамытуды көздейтін әдістемелік идея қалыптастырады. Технологияны білім беруде қолдану тұлғаның рухани даму мақсаттарына сай үйлесімді тәсілдерімен жүзеге асырылады. Сондықтан «педагогикалық технология» ұғымын анықтап, оның құрамдас элементтерін кеңінен талдаған жөн.

2.3.2 Педагогикалық технология ұғымының түсініктері

И.А. Лешутина, М.А. Давыдова және Е.Н. Стрельчук [412] зерттеуінде «педагогикалық технология» құбылысының ресейлік және шетелдік ғалымдар анықтамалары мен жіктемелері ауқымды талданады. Зерттеушілер «педагогикалық технология» терминінің белсенді қолданылатын ұғымдардың бірі, ғылыми және әдістемелік дискурста түрлі түсіндірмелер мен интерпретацияларға ие екендігін дәлелдейді. Білім беру процесінің қарқындылығын арттыру, жүйелілігі мен тиімділігін ескеру, коммуникативті тәсілге негізделген кезеңді жобалауға бағытталған педагогикалық технологиялардың прагматикалық сипатын белгілейді. Педагогикалық технологияларды енгізуде шәкірттерге ерекше рөл жүктелетіні анықталады: олар оқу субъектілері де, объектілер де.

Педагогикалық технологияларды пайдалану білім беру процесіне қатысушыларды нақты іс-әрекеттерге тартқан кезде тиімді [413, 83-89 бб.]. Біріншіден, педагогикалық технологиялардың тиімділігі оқу-тәрбие процесіне іс-әрекетке бағытталған әрекеттерді енгізуде жүзеге асады. Іс-әрекетке бағытталған әдістер білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырып, теориялық білімді нақты кәсіби және әлеуметтік контекстілерде қолдануға ықпал етеді. Екіншіден, болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуға тұлғалық-бағдарлы оқыту технологияларын ұштастыру педагогикалық жұмыстар мағынасын трансформациялайды. Тұлғалық-бағдарлы оқыту жеке адамның құндылық бағдары, өмірлік ұстанымы және

педагогикалық тұлғасын қалыптастыруға бағытталғандықтан, технологиялар рухани құндылықтарды әрекеттерде қолдануға жағдай жасайды.

Педагогикалық технологияның ерекшелігі, оның жаңашылдығында. Педагогикалық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалану кезіндегі оқушы мен мұғалімнің объективті қызметінің негізгі нәтижесі шәкірттердің білімі, әдептілігі және дүниетанымынан көрінеді [414]. Демек, педагогикалық технология оқыту үдерісін жүйелендіріп, мақсатқа бағытталған әдіс-тәсілдер жиынтығын құрады. Нәтижесінде білім беру пәндік білім көлемімен шектелмей, тәрбие, этика және дүниетанымдық компоненттердің қалыптасуына дейін кеңейеді. Педагогикалық технологиялардың жаңашылдығы дәстүрлі оқытудан шығып, білімді басқару, білім алушының белсенділігі, өздігінен зерттеуі және мағыналық ізденісін қамтамасыз ететін құралдарды енгізуде көрініс табады.

Педагогикалық технологияларды қолдануда оқытушы мен студенттің объективті қызметі әр түрлі, бірақ өзара толықтыратын қызметтерді орындайды: оқытушы - ұйымдастырушы, жетекші, модератор және бағалаушы; студент - белсенді зерттеуші, ізденуші және құндылықтарды қабылдаушы. Процесс нәтижелері болашақ мұғалімдердің ғылыми-танымдық құзыреттілігі, моральдық-этикалық мінез-құлық, құндылық бағдарлары және дүниетанымдық тұтастықтың қалыптасуынан байқалады. Сондықтан технологияның тиімділігі когнитивтік көрсеткіштер, аксиологиялық және прагматикалық критерийлермен бағаланады.

Әдістемелік жағынан тұлғалық-бағдарлы технологияны іске асыру шарттары мен компоненттері мынадай: (1) айқын тұжырымдалған рухани-бағдарлық мақсаттар мен оқу нәтижелері; (2) жеке тұлғаның бастапқы деңгейін диагностикалау мен динамиканы қадағалау; (3) бейімделген мазмұн мен оқыту траекториялары; (4) интербелсенді форматтағы оқу-тәрбие сабақтары; (5) этикалық сценарийлерді шешу көрсеткіштері. Компоненттер кешені мұғалімді ұйымдастырушылық қызметтің тәуелсіз субъектісі аясында сипаттап, шәкірттердің рухани дүниетанымының қалыптасуына жағдай жасайтындығын айқындайды.

Педагогикалық технология оқу-тәрбие процесінің мақсаттары мен мазмұны, әдіс-тәсілдері мен құралдарын жобалау және жүзеге асырудың ғылыми негізделген тәсілі. Тактикалық элементтері нақты оқу жағдайында (жеке, топтық, ұжымдық, бұқаралық және т.б.) «Мұғалім - қоршаған орта - шәкірт» жүйесінің жұмыс істеу заңдылықтарын ескеріп, субъектілердің өзара әрекеттесу, ақпарат алмасу мен реттеу тетіктерін нақтылайды [415, 1015 бб.]. Демек, тетіктер оқу процесінің сипаты және оқу нәтижелерінің алдын ала модельделуін қамтамасыз етіп, білім беру субъектілеріне қарамастан жалпы заңдылықтар мен ортақ белгілерін сақтайды. Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту бағытында технология келесі қағидаларға сүйенеді: субъективтілік пен дербестікті мойындау; мағына мен құндылық арасындағы байланыс; рефлексия мен өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту; оқытудың этикалық компонентін күшейту. Тұлғалық-бағдарлы оқыту

болашақ мұғалімдердің жеке қасиеттері, кәсіби мотивациясы және моральдық-нормативтік ұстанымдарын қалыптастыратын критерийлерге бағдарланады.

Расында да, оқу процесінің технологиялық дамуы қойылған білім беру мақсаттарына сай ұтымды дидактикалық процесті ұйымдастырады. Болашақ мұғалімдердің кәсіби және педагогикалық шеберлігін дамыту олардың оқу-танымдық қызметін технологиялық тәсілмен ұйымдастыруды міндеттейді. Осы мақсатта дидактикамен үйлескен педагогикалық технологияларды жобалау қолданылады. Жобалар педагогикалық тәжірибемен тексеріліп, мұғалімдердің педагогикалық қабілеттерінің даму динамикасы анықталып, қорытындылар жасалады. Ұлттық кадрларды даярлау бағдарламасында «педагогикалық технологияларды» енгізудегі эксперименттік алаңдарды құру білім беру саласындағы зерттеу нәтижелерін енгізу тетігін іске асыруға назар аударады. Әлеуметтік тапсырысты ғылыми шешу мектеп мұғалімдерінің кәсіби және педагогикалық қызметі, жеке қасиеттерін дамытуды мақсатты, бірізді және үздіксіз процеске айналдыруды көздейді. Ұлттық кадрларды даярлау үздіксіз білім берудегі мұғалімдердің кәсіби дамуының пайдалы, қысқамерзімді және тиімді түрі. Білім берудің аталған түрінің өзіндік педагогикалық жүйесі бар. Мәселені зерттеу, мобильділігін анықтау, озық педагогикалық технологияларға негізделген сабақтар тиімділігін арттыру шарттарын анықтау педагогиканың өзекті зерттеу нысаны болып қала береді [416]. Осы тұста, аталған тұжырымдарды болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясымен ұштастыру білім беру процесінің стратегиялық бағытында қарастырылуы тиіс. Жаңа технологиялар білім беру сапасын арттыратын көпөлшемді және эксперименталды сипаттағы педагогикалық, әлеуметтік инновация. Табысты жүзеге асуы технологияның дидактикалық дұрыстығы, табыстылығы, сенімділігі және кәсіби әзірлемелердің институционалдық қолдауымен қамтамасыз етіледі. Зерттеулер технологияның ұзақмерзімді басымдығы, трансформациялық әлеуеті және білім беру контексттеріндегі тиімділік параметрлерін талдауға бағытталады.

Педагогикалық технологиялар көмегімен оқу мазмұны жаңа тәсілдермен жүзеге асырылады, мақсаттарға жылдам қол жеткізіледі және жұмыс өнімі артады. Сонымен қатар, педагогикалық технологиялар оқытуды өзгертіп, жаңа түрлері, әдістері мен құралдарын ұсынады. Қазіргі білім беру ортасына заманауи педагогикалық технологияларды енгізу білім беру процесін барынша дербестендіру, оқыту мен тәрбиелеуді қарқындату, болашақ мамандардың тұлғалық қасиеттерін дамыту, тәуелсіз, креативті және бәсекеге қабілетті дамуына жол ашады. Тұжырымдардың барлығы педагогикалық технологияларды қолдану мен дамытуды дәйектейді [417, 1101-1102 бб.]. Педагогикалық технологиялардың жоғарыда аталған артықшылықтары оқу процесін жаңғыртудың тірегі. Ұстанымды болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамыту міндетінде тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясымен ұштастыру педагогикалық тәжірибе мен теорияның келешегін білдіреді. Тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиялары әрбір студенттің ішкі мотивациясы

және өзіндік рефлексия қабілетін ескеріп, оқу траекторияларын дербестендіру және рухани-этикалық компонентті сабақ жоспарларына енгізеді.

Ғалымдардың бір бөлігі педагогикалық технологияны таңдау сабақтың мақсаты, білім алушылардың дербес ерекшеліктері және құзыреттіліктерімен анықталатынын баяндайды [418, 1-12 бб.]. Тұжырымнан шығатын қорытынды педагогикалық технологияны таңдағанда, болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастыруға қосатын пәрменіне мән беру қажет. Сабақ мақсаты мен білім алушылардың дербес ерекшеліктері басшылыққа алынған тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясын құру болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастыратын қолайлы нәтиже. Оның енгізілуі мұғалімдік тұлғаның кәсіби-этикалық бірегейлігін нығайтып, білім беру нәтижелерінің сапасын арттырады.

Отандық зерттеушілердің шетелдік ғылыми журналдарда педагогикалық технологияның түрлі аспектілеріне арнап жариялаған еңбектері сала теориясы мен тәжірибесіндегі елеулі жетістіктің айқын көрінісі. Атап айтқанда, мұғалімдердің эмоционалдық интеллектісін дамытуға бағытталған технологиялар [419], болашақ мұғалімдердің кәсіби бірегейлігін қалыптастыруға арналған жүйелер [420], орта білім беру мазмұнындағы когнитивтік дамуға ықпал ететін әдістер [421] және жоғары оқу орындарындағы инновациялық оқыту технологияларына [422] арналған зерттеулер білім беру процесін жаңғырту және жоғарылатуға бағытталған кешенді жұмыстар екенін атап өту қажет. Зерттеулер педагогикалық теорияның концептуалдық негізін байытып, болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудағы тұлғалық-бағдарлы оқыту технологияларымен ұштасады. Тұлғалық-бағдарлы оқыту парадигмасы оқу-тәрбие процесін тұлғаның моральдық-этикалық және рухани компоненттерін қалыптастырудың тетігінде қарастырамыз. Сондықтан рухани дүниетанымды дамытуға бағытталған педагогикалық технологиялар эмоционалдық интеллект, кәсіби бірегейлік және когнитивтік дағдыларды қалыптастыратын әдістермен ықпалдасады.

Жоғарыда талданған тұжырымдар негізінде педагогикалық технологияны алдын ала жоспарланған нәтижеге жетуге бағытталған және ғылыми негізделген педагогикалық іс-әрекет моделінде бағалаймыз. Педагогикалық технология тұлғаны дамытуға бағытталған мақсат пен әдіс-тәсілдерді жиынтықтайды. Осы ретте технологияның әдістемеден айырмашылығын анықтаудың маңыздылығы жоғары.

Педагогикалық процесте технология мен әдістеме өзара байланысты, бірақ тұжырымдамалық тұрғыдан әр түрлі категориялар. Технологияға оқу іс-әрекетін ұйымдастыру және жеңілдетуде қолданылатын құралдар, аспаптар және жүйелер енеді. Технологияға техникалық өнімдер, оқу нәтижелеріне қол жеткізуге арналған педагогикалық технологиялар түрлерінің құрылымдық оқыту жүйелері кіреді. Р. Молина-Васкестің [423] айтуынша, технологиялар ауқымды өлшемдерді қамтиды: материалдық артефактілерден бастап, адамдардың өзара әрекеттесуі мен оқу контекстін өзгертетін әлеуметтік және мәдени процестер. Сол сияқты, А. Дойл және оның әріптестері [424] білім

берудегі технологияны технологиялық әрекет ету және ойлау қабілеті көлемінде түсіндіріп, әдістемемен ұштасатын адам шығармашылығы мен мәселелерді шешуге енгізілген тәжірибе түрінде көрсетеді.

Әдістеме оқыту мен оқуды айқындайтын қағидалар, стратегиялар және логикалық процедураларды білдіреді. Әдістеме білім беру технологияларының қалай қолданылатынын және белгілі бір педагогикалық шешімдердің неліктен қабылданатынын анықтайды. Ж.Ф. Матос және әріптестері [425] атап өткендей, әдістеме теориялық және эпистемологиялық ойлауға негізделеді және зерттеу мен оқыту тәжірибесін қалыптастыратын әдістемелік білім мен педагогикалық мәдениетті қамтиды. Білім беруде әдістеме оқыту әдістерін таңдау, дәйектеу және негіздеуге басшылық жасайды, технологиялық құралдарды пайдаланудың педагогикалық мақсаттарға қызмет етуі және білімгердің жеке басы мен дүниетанымын дамыту секілді білім беру құндылықтарына сәйкес келуіне кепілдік береді.

Осыған орай, технология оқу процесінде «не және қандай құралдармен?», ал әдістеме «қалай және неге?» сауалдарына жауап береді. К.В. Ли [426] эмпирикалық түрде аудиториядағы технологияның тиімді интеграциясы оқытушының әдістемелік құзыреттілігімен байланыстылығын дәлелдеді: технология ынтымақтастық пен рефлексияны дамытатын педагогикалық модельге енгізілген кезде, оқуды пассивті ақпаратты тұтынудан белсенді білім құруға айналдырады. К. Бёрте мен С. Лиллежорд [427] педагогикалық жобалаудағы цифрлық құралдар техникалық енгізуден бұрын тиімділігін көрсетеді қорытындысын жасайды және технология педагогиканы емес, керісінше, педагогика технологияны алға «жылжытуы» керектігін дәлелдейді. А. Бозкурт [428] білім беру технологиялары саласындағы зерттеулердің дамуы технологиялық инновацияларды әдістемелің негізділікпен байланыстыру қажеттілігін баяндайды.

Қорытындылай келе, білім берудегі технология оқытуды ұйымдастыратын құралдар мен аспаптардың техникалық және тәжірибелік өлшемі, әдістеме осы құралдарды бағыттайтын ойлау, әдістер және педагогикалық логиканың тұжырымдамалық және процедуралық негізін білдіреді. Технология мен әдістеменің өнімді өзара әрекеттесуі білім беру технологияларының оқшауланған техникалық бөлінуіне апармай, білімгерлердің жан-жақты және рухани дамуына ықпал етуін қамтиды.

2.3.3 Тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиялары ұғымының түсініктері

Жоғарыдағы тұжырымдарға сүйеніп, тұлғалық-бағдарлы оқыту технологияларының педагогикалық логикасы, мәні, қағидалары, тәжірибелік құрамдастары, құралдары мен қолданылатын технологиялық бағыттарына тоқталу қажет. Жалпы тұлғалық-бағдарлы оқыту категориясын ғалымдар түрлі ұғымдармен түсіндіреді. Мәселен, отандық зерттеушілер арасында тұлғаға бағдарланған оқыту деп түсіндіретіндер кездеседі. «Scopus» базасындағы ғылыми материалдарды талдауда ағылшын тіліндегі баламаларда ұғымды түсіндірудегі жан-жақтылықты байқау қиын емес. 2025 жылдың 01 қыркүйегіндегі деректерге сәйкес ғалымдар тұлғалық-бағдарлы оқытуды

зерттеуде қолданатын түйінді сөздер: student-centered learning – 4291; learner-centered learning – 214; learnercentered – 65; person-centered learning – 63; personality-oriented education – 25; personality-oriented learning – 14; personality-oriented training – 8; personal-oriented training - 5. Отандық ғалымдардың зерттеулерде аталмыш сөздерді қолдану көрсеткіштеріне келсек, student-centered learning – 21; personality-oriented education – 4; learner-centered learning – 1; person-centered learning – 1; personality-oriented learning – 1; personality-oriented training – 1; personal-oriented training – 1.

Деректер тұлғалық-бағдарлы оқыту ұғымының көпаспектілігін және түрлі ғылыми дәстүрлер мен педагогикалық бағыттарда түсіндіруге ұмтылыстардың бар екенін көрсетеді. Шетелдік зерттеулерде ұғым білім алушының оқу процесіндегі белсенді субъект рөлін күшейту, жеке ерекшеліктері, қажеттіліктері мен мүдделерін ескеруге бағытталады. Яғни, «student-centered learning» және «learner-centered learning» терминдері оқу үдерісін білім алушының тәжірибесі мен өзіндік танымдық белсенділігіне негіздеуді көздейді. Ал «personality-oriented education» және «personality-oriented learning» терминдері педагогикалық үрдісті тұлғаның рухани, құндылықтық және мәдени-адамгершілік әлеуетін дамытуға бағдарлайды.

Отандық ғылыми кеңістікте бағытты зерттеу соңғы жылдары қарқын алғанымен, әлі де жүйелендіру, теориялық-тәжірибелік толықтыруларға мұқтаж. Тұлғалық-бағдарлы оқыту технологияларының дәстүрлі оқытудан айырмашылығына білімгердің жеке тұлғалық дамуы, рухани-адамгершілік қасиеттері, өзін-өзі тану мен жүзеге асыру қабілеттерін мақсатты қалыптастыруға бағытталуында жатыр. Технологиялар оқу-тәрбие процесін тұлға мен педагогтың тең құқылы өзара іс-әрекетінде қарастырып, білім мазмұны тұлғаның ішкі дүниесі, өмірлік тәжірибесі және болашақ кәсіби қызметімен құрылады.

Осыған сәйкес тұлғалық-бағдарлы оқыту технологияларының педагогикалық логикасы төмендегідей қағидаларға сүйенеді: білімгердің жеке ерекшелігін құрметтеу; оқытудың субъектілік сипатын арттыру; өзіндік рефлексия мен өзін-өзі дамытуға жағдай жасау; оқыту процесінде гуманистік және құндылықтар қатынасын қамтамасыз ету. Қағидалар білім беру технологиясының құралдары мен тәсілдерін танымдық нәтиже алу, білімгердің рухани дүниетанымын байытуға бағыттайды.

Әлеуметтік ғылымдарды оқыту және технологияларды интеграциялауға тән педагогикалық тәсілдерді анықтауда Д. Бек және Дж. Эно 121 рецензияланған мақала, кітап және конференция материалдарын қамтитын әдебиеттерге шолу жасайды [429]. Авторлар әлеуметтік ғылымдардағы педагогика екі негізгі оқыту моделіне негізделгенін анықтады: тікелей оқыту және зерттеуге сүйенген тұлғалық-бағдарлы оқыту. Ғалымдар пікірінше, технологияны екі модельді қолдауда пайдалануға болады, дегенмен технология әлеуеті зерттеуге негізделген тұлғалық-бағдарлы оқытуды қамтамасыз етуде жатыр. Технологиялар тұлғалық-бағдарлы оқыту жолын жеңілдетеді. Профессор-оқытушылардың аудиториялық уақыты аз, сондықтан сабақта

зерттеу жүргізуге мүмкіндік туғызуда ерекше технологиялар қажет. Міндеттерді орындау мен жүзеге асыруға көмектесетін технологиялық құралдар жетерлік. Бастапқы дереккөздер тарихи құжаттарын қазір онлайн-мұрағаттардан оңай және тез табамыз. Қазіргі таңда түсіндіру оқшауланған процесс емес. Әлемнің түкпір-түкпіріндегі оқытушылар мен болашақ мұғалімдер әлеуметтік желілер, блогтар, викилер, форумдар және бірлескен мультимедиамен түрлі тақырыптарда пікір алмаса алады. Процеске жасанды интеллекттің қарқынды дамуын қосыңыз. Студенттер онлайн-серуендер мен симуляцияларға қатысып, иммерсивті тәжірибелермен виртуалды эмпатияны дамытады. Болашақ мұғалімдер тақырыпты түсінгеннен кейін рухани дүниетанымын дамыта алады.

В.И. Байденко [430] тұлғалық-бағдарлы оқыту технологияларын студенттердің белсенді қатысуын айқындайтын жоғары білім берудің негізгі қағидасы шеңберінде анықтайды. Сонымен қатар, тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиялары «нақты бір нәтижеге жетуде студенттерді белсендіру бүкіл педагогикалық процестің негізгі бағыты және білім беру қызығушылықтарын кәсіби және білім беру нұсқауларын қалыптастыруға бағытталады» [431, 57 б.]. Осы ойларға сай рухани дүниетанымды дамыту келесі блоктармен жүзеге асырылуы ықтимал: (1) мақсатты контент: ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, рухани әдебиет пен тарихи-мәдени материалдар; (2) субъектілік-процестік әдістер: диалог, проблемалық және жобаға бағытталған оқыту, рөлдік ойындар, тәжірибелік іс-әрекеттер; (3) рефлексия құралдары: рефлексиялық күнделіктер, портфолио, этикалық талқылау және өзін-өзі бағалау; (4) педагогикалық ахуалдар: сенімді коммуникативтік орта, үлгі көрсетілген тәрбие, менторлық және топтық қолдау. Осы блоктар студенттердің ішкі дүниесімен жұмыс істеу, құндылықтар таңдауын айқындау және кәсіби өмірін қалыптастырады.

В.А. Далингер, Н.А. Моисеева және Т.А. Полякова [432, 1415 б.] жүргізген зерттеуінде экономика мен қоғамдағы прогрессивті цифрландыру шарттарында тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиялары бағытын жақсарту қажеттілігін дәйектеді. Ұсыныстан шығатын басты міндет тұлғалық-бағдарлы оқытуды қазіргі цифрлық орта жағдайында жаңғыртуда рухани дүниетаным элементтерін енгізуде жатыр. Оқу процесін ақпараттық-коммуникациялық қабілеттерге икемдеп, тұлғаның құндылықтар бағдарлары, моральдық сенімдері және рухани құрамдастарымен дамытамыз. Цифрландыру мүмкіндіктерін пайдалану болашақ мұғалімдердің өзін-өзі танып-білуі, ішкі мотивациясы және кәсіби құндылықтарды қалыптастыру құралында қарастырылады, ал технологиялар өздігінен мақсатқа айналмай, рухани және тәрбиелік мақсаттарды жүзеге асыруға қызмет етеді.

С.Г. Добротворская, Е.В. Муравьева және Л.Н. Горина пайымдауынша, заманауи білім беруде білімгерлерге жоғары талаптар қойылады және шарттар студенттердің оқу процесіне жеткіліксіз бейімделуіне әкеледі. Ғалымдар көзқарасына сәйкес, талаптар денсаулықтың физикалық және психологиялық компоненттерін сақтау, студенттердің білім беру және әлеуметтік-мәдени

кеңістікке бейімделуіне ықпал ететін ғылыми дәлелденген және эксперименталды түрде тексерілген тұлғалық-бағдарлы оқыту технологияларының болмауымен байланысты. Оқытушының психологиялық келбетінің студенттер жағдайы, білім беру мекемесі ортасына интеграциялану процесі және оқу нәтижелеріне ықпалын ескеретін тұлғалық-бағдарлы оқыту технологияларын жасауда келесі ұсыныстар береді [48, 97 б.]:

- оқыту технологияларын әзірлеу және енгізуде оқытушы мүмкіндігінше сабақ басында және соңында, семестр басы мен соңында студенттердің функционалды ахуалын бағалауы қажет;
- өзінің жеке және кәсіби қасиеттерін ой елегінен өткізу және түзету;
- сабақта түрлі қолдау нысандарын (проблемалық сұрақтар, форумдар, чаттар және т.б.) пайдаланып, студенттермен кері байланыс орнату;
- білімгерлер қабілеттерін тек оқу нәтижелеріне ғана емес, олардың мүмкіндіктері мен қабілеттеріне сәйкес келетін көрсеткіштермен бағалау;
- оқу нәтижелерінен бөлек, студенттердің дербес қасиеттері, оқу түрткілері және күйзеліске төзімділігін де ескеру қажет.

К.Г. Шанкар және В.К. Шарма пікірінше [433, 549-555 бб.], пандемия аяқталғаннан кейін білім беру саласындағы өзара әрекеттесу, әмбебаптылық және тұлғалық-бағдарлы оқыту технологияларына бағытталған заттар Интернеті, жасанды интеллект және үлкен деректер жаңа тенденциялары пайда болды. Технологиялар пайдалану деңгейіне қарай студенттердің күнделікті өмірінің бір бөлігіне айналды. Технологиялар студенттерге өздерін қызықтыратын ортада білім алуына жол ашады. Жаңа технологиялар көмегімен студенттер оқу ортасында заманауи есептеу қуаты және оның мүмкіндіктерін пайдалану қазіргі заманғы білім беру процестеріндегі деректер көлемінің өсуіне әкеледі. Білім беру мекемелерінде маңызды ақпаратты жоғалтпай, студенттердің оқуын жақсартудың бірегей мүмкіндігі бар. Бұл тұста үлкен деректерді талдау маңызды рөл атқаратыны даусыз. Жоғары білім берудегі үлкен деректерді талдау оқытушылар мен білім беру саласындағы шешім қабылдаушыларға білімгерлер оқуы, бағалау және жетістіктері алшақтығын жою жедел әрекетті қажетсінеді. Сарапшылар болжауынша, Интернеттің барлық жерде, соның ішінде білім беру саласында таралуы 2025 жылдың соңына қарай 55 пайызға жетеді. Жоғары білім саласындағы гибридтелу дәстүрлі әдістер орнына тәжірибелік және дағдыларға негізделген білім беруді ынталандырады. Өзгерістер студенттердің жасырын дағдыларын жаңа технологиялық шешімдермен зерттеуге әкеледі.

Отандық зерттеушілер жоғары білім беруді жаңғыртуда тұлғалық-бағдарлы оқытудың шешуші рөліне назар аударады. Тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиялары студенттердің кәсіби құзыреттіліктері, шығармашылық әлеуеті және өз бетінше оқу ынтасын дамытудың іргетасы. Ғалымдар тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиялары білім беру процесін дербестендірумен қатар, болашақ мұғалімдердің интеллектуалдық, адамгершілік және эмоционалдық дамуын біріктіретінін айтады [106]. Парадигманы сәтті жүзеге асыру ұстаздар дайындығы, әдіснамалық құзыреттілігі және қазақстандық университеттердегі

педагогикалық инновациялардың негізін құрайтын интерактивті және жобалық оқыту әдістерін меңгеруіне байланысты [434].

Сонымен қатар, зерттеушілер цифрлық трансформацияның тұлғалық-бағдарлы оқытуды дамытудағы негізгі факторға айналғанын жеткізеді. Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар интеграциясы білім беру траекторияларының дербестігін арттырады. Дегенмен, көптеген оқытушылар әлі де технологиялық сауаттылық қиындықтарымен кездеседі. Зерттеулер ұстаздардың цифрлық сауаттылығын арттыру студенттерге бағытталған педагогикалық модельдерді тиімді енгізу қабілетімен байланыстылығын көрсетті [435]. Десек те, оқытудың технологиялық құрамдастары цифрлық құралдарды пайдаланумен шектелмей, студенттің дербестігі және шығармашылығын дамытатын педагогикалық ортаны құруды қамтуы керек. Осыған байланысты, өзін-өзі басқару және рефлексивті оқытуға негізделген эвтагогикалық жобалау қағидаларын онлайн білім беруде қолдануға көңіл бөлінуде [436].

Қазіргі заманғы қазақстандық зерттеулерде жоғары білім берудегі құзыреттіліктердің ілгерілеуі дербес және шығармашылық қасиеттердің дамуымен байланыстыру керектігі анықталады. Когнитивті, тәжірибелік және құндылыққа негізделген оқу нәтижелерін біріктіретін тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиялары кәсіби дағдылар, моральдық және рухани бағдарларды дамытудың тиімді құралдарына айналды [108]. Цифрлық білім беру саласындағы зерттеулер сауатты құрылған онлайн оқыту ортасы студенттердің азаматтық санасы мен патриоттық құндылықтарын ұлттық рухани және мәдени мазмұнмен дамытуға ықпал ете алатынын растайды [437]. Дегенмен, ғалымдар ескерткендей, цифрлық және дербестендірілген оқытуға көшу студенттердің психологиялық әл-ауқатына мұқият назар аударуды талап етеді. Себебі инновациялардың жылдам енгізілуі бейімделуде қиындықтар тудырады [109].

Нәтижесінде қазақстандық ғалымдар тұлғалық-бағдарлы оқыту технологияларын педагогикалық білім берудегі когнитивтік, кәсіби және адамгершілік дамуды үйлестірудің маңызды тетігі шеңберінде қарастырады. Зерттеулер нәтижелері саладағы ілгерілеу болашақ мұғалімдерді цифрлық және эвтагогикалық әдістерді біріктіру, дербес өсу мен құндылықтарды қалыптастыруды көрсететін бағалау құралдарын жасаумен үндеседі. Тұлғалық-бағдарлы оқыту технологияларын кешенді енгізу болашақ мұғалімдердің өзін-өзі анықтауы, шығармашылық қабілеттері мен кәсіби дайындығын дамытады және интеллектуалдық, рухани әлеуетінің үйлесімділігін қамтамасыз етеді.

Зерттеулерді жүйелеу тұлғалық-бағдарлы оқыту технологияларының негізгі сипаттамаларын анықтайды: (1) жеке тұлғаның құндылықтары, қабілеті мен мүддесі ескеріледі; (2) диалог пен өзара әрекетке негізделеді; (3) өзіндік таным мен рефлексия дамиды. Бұл ретте қолданылатын технологиялық бағыттарды дәйектеу өзекті. Дамыта оқыту технологиясы, модульдік оқыту технологиясы, диалогтық оқыту (Сократтық әдіс), проблемалық оқыту және өзін-өзі дамыту технологиясы тиімді бағыттар қатарында.

Ғалымдар жоғары білім берудегі тұлғалық-бағдарлы оқыту технологияларына жатқызады: іскерлік ойындар; проблемалық оқыту; саралап оқыту; бағдарламалы оқыту; компьютерлік оқыту; модульдік оқыту [438, 2 б.].

Іскерлік ойындар әлеуметтік-педагогикалық сценарийлермен болашақ мұғалімдердің кәсіби және моральдық дағдыларын жетілдіруге бағытталған технология. Ойындық ситуациялар студенттерге педагогикалық қайшылықтар, этикалық таңдаулар, әлеуметтік жауапкершіліктен туатын шешімдермен бетпе-бет келуге алғышарт туғызады. Рухани дүниетанымды дамытудағы іскерлік ойындар эмпатиялық қабілет, этикалық ойлау, кәсіби-адамгершілік модельдерді қалыптастырады.

Проблемалық оқыту болашақ мұғалімдердің белсенді зерттеушілік ұстанымын қалыптастырып, оқу процесіндегі нақты мәселелер шешімімен білім мен құндылықтар одақтасады. Рухани дүниетанымды дамытудағы проблемалық тапсырмалар моральдық баламалар, әлеуметтік-мәдени қайшылықтар және кәсіби этика мәселелерінде құрылып, студенттердің құндылықтар рефлексиясын ынталандырады, тұжырымдар мен шешімдер қабылдауға үйретеді.

Саралап оқыту әрбір студенттің ерекшелігі, қызығушылықтары мен құндылықтар ұстанымдарын ескеріп, білім беру траекториясын ұйымдастырады. Технология болашақ мұғалімдердің дербес рухани-моральдық белсенділігін тану және педагогикалық қолдауды жүзеге асырады.

Бағдарламалы оқыту оқу материалын блоктарға бөледі, әр блокта студентті бақылап, кері байланысын қамтамасыз ететін технология. Рухани дүниетанымды дамыту контекстінде бағдарламалы модульдер анық құрылымдалған тапсырмалар, этикалық сценарийлер мен оқу-әдістемелік нұсқауларды қамтиды. Технология өзіндік бақылау мен тәртіпті дамыту, тұрақты моральдық-рухани дағдыларды қалыптастыруға көмектеседі.

Цифрлық құралдар білім мазмұнын мультимедиалық тәсілдермен жеткізіп, интерактивті рефлексия және виртуальды тәжірибені жүйелендіреді. Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуда компьютерлік оқыту: (1) рухани және мәдени материалдарға қолжетімділікті кеңейтеді; (2) интерактивті этикалық сценарийлермен тәжірибе ұйымдастырады; (3) оқу жетістігін сандық бақылау және өзін-өзі бағалау тетіктерін қамтамасыз етеді.

Модульдік оқыту мазмұнды тақырыптық блоктарға бөлуді көздеп, кәсіби-тәрбиелік және рухани компоненттерді оқыту курсына кіріктіреді. Әр модульде теориялық бөлім, практикалық іс-әрекет және рефлексиялық тапсырма болады. Технологияда болашақ мұғалімдер білімді өз өмірлік тәжірибесімен байланыстырып, рухани мән-мақсаттарды кәсіби бағдарларымен сәйкестендіреді.

Тұжырымдалған тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиялары болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастырудағы кешенді құралдар. Әр технологияның оқу мақсаты, студенттер ерекшеліктері және оқу-тәрбиелік контекстке сай дифференцияланған түрде қолданылуы рухани-моральдық компоненттердің тиімді ықпалдастығын қолдайды.

2.3.4 Диалогтық оқыту технологиясы

Білім беруде кең таралған цифрландыру трансформациясы гуманитарлық мәселелер, дүниетанымдық компоненттер және процестің әлеуметтік басымдықтарына назар аударуды болжайды. Цифрлық сауаттылық, цифрлық мәдениет және цифрлық білім беру ортасы құбылыстары трансформацияның ерекше өзгерістері. Цифрлық білім беру ортасы жаңа білім беру технологияларындағы үздіксіз оқыту тәжірибесі, үздіксіз кәсіби білім беру және дамыта оқыту технологиясына негізделген дербестендірілген оқу-тәрбие процесі [439, 67-78 бб.]. Сондықтан білім беруді цифрландырудың әлеуметтік-экономикалық салдары, оқытушы мен студенттің дәстүрлі рөлдерін өзгертетін заманауи білім беру ортасының ұйымдастырушылық ерекшеліктерін анықтау маңызды. Заманауи шарттарда дамыта оқыту технологиясын қолданатын оқытушы цифрлық білім беру ресурстарының озық пайдаланушылары болуы тиіс. Студенттер цифрландыру дәуіріндегі білім беру процесінде мобильді және интернет технологияларын мақсатты пайдалану когнитивтік мүмкіндіктерін кеңейтеді. Студенттерге ақпаратты өз бетінше іздеу және іріктеуге тарту, оқытушылар жүргізетін жобалық шараларға қатысу болашақ мұғалімдердің әлеуметтік бейімделуі мен өзін-өзі жүзеге асыруына қажетті құзыреттіліктерді дамытады. Тұлғалық-бағдарлы оқытудағы дамыта оқыту технологиясы сабақ өткізу тиімділігін арттыру, жаңа тақырыптарды игеру және білім қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған цифрлық дәуірдегі талаптар орнын толтырады.

Жоғары білімді басқару саласындағы халықаралық ынтымақтастық студенттер арасында дүниетаныммен алмасуға түрткі болады. Жаһандық әлеуметтік-экономикалық тенденциялар шарттарында туындаған ұжымдық эволюциялық оқыту дербес әдістерді дамытудың негізіне айналды. Г. Ахамер [440, 810-833 бб.] студенттерге бір уақытта шынайылықтың бірнеше деңгейінде әрекеттестіретін бірлескен диалогтық оқыту құрылымын ұсынады: когнитивті, дискурсивті, әлеуметтік, интерактивті және интегративті. А. Купер [441, 419-432 бб.] пікірінше, диалогтық оқыту әлеуметтік айырмашылықтарды жеңуге көмектеседі. Өйткені, технологияда бірнеше көзқарастың бір мезгілде болуына, болашақ мұғалімдердің өздерінің және өзгелердің ұстанымдарын қарастыру мен ой елегінен өткізуге мәжбүр болады. Оқыту және ойланудың осы түрі кейін жеке тұлғаның өзгеруі катализаторын құрады. Э. Брадт [442, 145-155 бб.] Сократтық диалог мақсаттарына қол жеткізетін және қазіргі заманғы студенттердің дүниетанымы мен үміттерін ескеретін тиімді және ізгілікті Сократтық оқыту моделін ұсынады. Ғалым пікірінше, диалогтық оқыту тиімді қолданылса, Сократтық әдіс дәлелдеуді ғана емес, қарсыластар тұжырымдарын құрметтеу, түсіну және тиімді жауап беруге қажетті эмпатияны дамыту құралына айналады.

Диалогтық оқытудың көпөлшемділігі тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясымен үйлескенде болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың ықпалды әдістемелік негізін қалыптастыратынын атап өткен жөн. Диалогтық және Сократтық тәсілдер когнитивтік және эмоционалдық

компоненттер белсенділігін жоғарылатып, тұлғалық-бағдарлы оқыту процеске құрылымды технологиялық тіреу ұсынады. Сондықтан диалогтық оқыту мен тұлғалық-бағдарлы технология синтезі болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымындағы ақиқатты тану, ұстанымдарын қадағалау, өзгеге құрмет пен эмпатияны дамытудағы тұлғааралық және мәдени қатынастар тәртіптілігін қалыптастырады.

2.3.5 Өзін-өзі дамыту технологиясы

Мағынаның табиғи мәнін анықтау білім философиясының міндеттерінің бірі. А.А. Ушаков және әріптестерінің [443, 1046-1055 бб.] зерттеуінде болашақ мұғалімдер іс-әрекетіндегі мағыналарды жіктеу және мағына қалыптастырушы бағдарлар қарастырылады. Ғалымдар дәйектеуінше, болашақ мұғалімдердің өзін-өзі дамытудағы мағына қалыптастырушы бағыттар рухани және адамгершілік тұлғасын қалыптастырудағы үлкен маңызы бар дүниетанымдық ұғымдар. Демек, мағынаның қалыптасуы тұлғалық-бағдарлы оқытумен жүзеге асатын өзін-өзі дамыту технологиясының ядросын құрап, мағыналық бағдарлар тұлға құндылықтарын тұрақтандыруда рухани дүниетанымның негізін қалыптастырады. Сондықтан педагогикалық тәжірибеде мағыналарды қалыптастыруға арналған өзін-өзі дамыту стратегияларын енгізіп, болашақ мұғалімдердің рухани-адамгершілік құзіреттілігін дамытамыз.

Болашақ мұғалімдерді кәсіби қызметке дайындаудың заманауи талаптары студенттердің біртұтас дүниетанымдық көзқарасы, сыни ойлауы, өмір бойы білім алу мен өзін-өзі дамыту қажеттілігін дамытуға мүмкіндік беретін оқыту құралдары мен әдістерін табу ізденістері өзектілігін арттырады. Қазіргі уақытта интерактивтілік және пәнаралық қағидаларға сүйенген түрлі білім беру технологиялары динамикалық өзгермелі әлеуметтік-экономикалық жағдайларда белсенділікке дайындау және жұмыс қызметтерінің көпміндеттілік сипаты шешеді [444]. Қажеттіліктердегі өзін-өзі дамыту компоненттерін оқу стратегияларының орталық элементіне енгізілгенде сапалы кәсіби даярлық пен тұрақты рухани-моральдық негіз қалыптасады.

Өзін-өзі дамытуда өзіңді ұстаз немесе шәкірт ретінде қабылдаудағы интроспектілік ойлану адамға дүние және өзгелер туралы болжамдарына күмән келтіруге үйретеді. Метапедагогикалық тәсіл мұғалімдердің өзін-өзі талдауынан басталатын философия. Технология шәкірттерінің өзін-өзі талдауға ұқсас деңгейіне тиімдірек жетелейді, мәдени айырмашылықтар және түрлі ортадан шыққан адамдарды қабылдауды жетілдіреді [445, 41-51 бб.]. Нәтижесінде тұлғалық-бағдарлы оқыту элементтерімен ұштасқан өзін-өзі дамыту технологиясы болашақ мұғалімдердің кәсіби біліктілігі мен этикалық жауапкершілігін нығайтады.

Өзін-өзі дамыту технологиясы мен болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқытумен дамытудың өзара ұштасуы біріңғай педагогикалық жүйе құрайды. Жүйе компоненттері кәсіби даярлықтың рухани-құндылықтық өлшемін тұрақтандырады.

Тұлғалық-бағдарлы технологиялардың болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудағы ықпалы бірнеше өзара байланысты тетіктермен

жүзеге асады. Технологиялар студенттердің рухани құндылықтарға бойлауы, өзін тануы, ішкі рефлексияға келуі, дүние мен адамдарға қатынасын өзгертуінен байқалады. Рефлексия білім алушының тұлғалық дамуының интегративті компонентінде кәсіби және рухани қалыптасуының алғышартына айналады. Қазіргі зерттеулерде рефлексиямен студенттің құндылықтар құрылымын қарастыру, рухани-моральдық бағдарларын құру жолдары іздестіріледі [446]. Рефлексия теориялық білімді практикалық тәжірибемен байланыстырып, болашақ мұғалімдердің кәсіби дамуына үлес қосады. Дегенмен, болашақ мұғалімдердің рефлексивті қабілеттерін тиімді дамытудағы талдау қиындықтарын ұмытпаған жөн. Қиындықтарды жеңуде мазмұнды рефлексия, тәжірибемен ұштасқан оқу, құндылықтар диалогы және педагогикалық қолдау тетіктері оқу процесі табыстылығына жағдай жасайды. Демек, тұлғалық-бағдарлы оқыту болашақ мұғалімдердің рухани-адамгершілік негіздерін күшейтудің пәрменді жолы өзектілігін жоғалтпайды.

Болашақ мұғалімдерді әлеуметтік тәжірибелер, қоғамдық байланыс және жауапкершілікті іс-әрекетке тарту тұлғалық-бағдарлы оқытудың тағы бір маңызды аспектісі. Мұндай тәжірибелер студенттің рухани дамуын күшейтіп, өзгелерге қызмет ету, эмпатия, альтруистік мінез-құлық қасиеттерін қалыптастырады. Зерттеулерде рухани өлшемдер әлеуметтік-мағыналық тәжірибемен дамитыны дәлелденеді [447]. Талдау тұлғалық-бағдарлы оқытудың болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудағы әлеуетін көрсетеді. Біріншіден, технология студенттердің кәсіби өзіндік санасын тереңдетіп, рефлексиялық қабілетін күшейтеді. Екіншіден, болашақ мұғалімдердің педагогикалық шешім қабылдау мәдениеті дамып, кәсіби әрекет стратегиялары қалыптасады. Үшіншіден, тұлғалық-бағдарлы технология ішкі мотивацияны арттырып, үздіксіз өзін-өзі жетілдіруге бағытталған педагогикалық мәдениетті дамытады. Төртіншіден, мұндай дайындық болашақ мұғалімдердің білім беру ортасында тәрбиелік және этикалық мазмұнды енгізу, ұжымда шығармашылық орта қалыптастыруды нығайтады.

Қазіргі педагогикада цифрлық технологиялар тұлғалық-бағдарлы оқытудың жаңа мүмкіндіктерін ашып отыр. Адаптивті білім беру платформалары, цифрлық рефлексиялық жазбалар, жеке тапсырмалар студенттің дамуын бақылау, дағдыларын күшейтеді. Тұлғалық-бағдарлы педагогикадағы инновациялық технологиялар болашақ мұғалімдердің ішкі даму процесін қолдаудың жаңа түрлерін ұсынады және рухани өзін-өзі дамытуға жағдай жасайды [448]. Сондықтан тұлғалық-бағдарлы технологиялардың нәтижелілігі ұстаздардың жоғары деңгейдегі рухани-этикалық мәдениет, рефлексиялық қабілет және тұлғалық дамуды қолдауға бағытталған кәсібиліктен көрінеді. Тұжырымдар болашақ мұғалімдердің жеке рухани ұстанымы мен кәсіби этикасы рухани дүниетанымын қалыптастыруда шешуші рөл атқаратынын баяндайды.

Д. Лир «The Socratic Method and Psychoanalysis» еңбегінде Сократ тұжырымдары адами ізгілікке тән иронияны ашуға бағытталғанын тұжырымдайды. Д. Футтер [449] Лир түсіндірмесін Платон мәтіндерімен

интерпретациялау және Сократ әдісінің эпистемиялық өлшемін көрсетуде иронияны апориямен байланыстыруды ұсынады. Сократтық диалог әңгімелесушіні зерделеуді жалғастыруға итермелейтін зерттеу түрі. Сократтық диалог надандықты әшкерелеуде пайдаланылады. Сократ сұрақтар қою және жауап берумен білім мен ізгілік ізденісіндегі диалектикалық процесс түсіндірді. Сократтық әдіс жай ғана диалог әдісі емес, адам түсінігінің шектеулігі және философиялық ойлау табиғатын көрсетті [450]. Тұжырымдар Сократтық диалог ізгілік түсінігін саналы ұғынуға жетелейтіндігін дәйектейді.

Ирония әдетте дайын тұжырымдарға күмән келтіретін, өз білімінің шектеулерін ашық көрсететін және сұхбаттасушыны сұрақ қоюға итермелейтін риторикалық-танымдық құрал. Апория шешімсіздік күйі, ол ойлаудың тереңдеуі, балама ұғымдық бағыттар ізденісін ашады. Демек, Сократтық диалогтың логикалық жаттығуы адами ізгілік пен моральдық жауапкершіліктің эмоционалдық деңгейін анықтайтын педагогикалық тетік. Сократтық әдіс мәні білімнің фактологиялық деректері, дәлелдері мен этикалық салдарын субъектінің бойында бағалауда жатыр. Педагогикалық технологияда Сократтық әдісті енгізу мынадай элементтермен жүзеге асырылуы ықтимал: (1) сұрақ қою стратегиясы: ашық және бағытталған сұрақтармен студент өз-өзін зерттеуге ынталанады; (2) апориялық тапсырмалар: алдын ала шешімі жоқ және қарама-қайшы пікір туғызатын педагогикалық жағдаяттар; (3) семинарлар мен шағын топтық талқылаулар: оқытушының фасилитаторлық қызметі сұрақтармен айқындалады, жауаптарды оқу тобы өзі синтездейді.

А.Н. Данилов [451] мақаласында өркениеттік дамудың жаңа түрін қалыптастыру мәселелері қарастырылып, өмірдің мәні мен негізгі құндылықтарды жүзеге асырудың ерекшеліктері мен жаңа технологиялары талданады. В.С. Степиннің «Идеологиялық әмбебаптары» басқа типтегі әлеуметтіліктің базалық гендері түрінде әрекет ететін ерекшеліктері мен өсу нүктелері ашылады. Автор жаңа құндылықтар матрицасының қалыптасуы және өмір мағыналарының жаңаруы өркениеттік дамудың жаңа түріне көшудің шарты екенін және қазіргі заманғы өркениетке айналатындығын дәлелдейді. Өз кезегінде білімді бақылау студенттердің оқу кезіндегі интерактивті мінез-құлқына негізделген білім ұғымдарын игеру дәрежесін анықтап, дербестендірілген білім беру материалдарды бейімделгіш түрде ұсынады. Құндылықтар матрицасы материалдарды меңгеру деңгейлерін жаңартады [452]. Сондықтан құндылықтар матрицасы ішкі дүниетанымдық құрылымдарды тануға жол ашады.

Демек, құндылықтар матрицасының қалыптасуы және өмір мағыналарының жаңаруы білім беру үдерісінде тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясын енгізудің практикалық негізін құрайды. Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамыту мазмұны жоғары технология және әдіс-тәсілдерді құндылықтарға сәйкестендіріп қол жеткізіледі. Ықпалдастық білімнің интерактивті мінез-құлқы, дербестендірілген оқу траекториялары және әлеуметтік жауапты болашақ мұғалімдер даярлығына әсер етеді.

Рухани мазмұндағы жобалық жұмыстар болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын құндылықтар түсініктерін меңгертумен шектелмей, әрекет дағдыларын іздейді. Жобалық жұмыстарда студент рухани-этикалық мәселелерді талдап, әлеуметтік ортада қолдану тәсілдерін табады. Оқытушы жетекшілігімен жүргізілген кез келген процесс болашақ мұғалімдер кәсібилігіне апаратын жол [453, 72-98 бб.]. Рухани мағынаны ұстазбен іздеу, мәнге негізделген кәсіби әрекеттің педагогикалық тетігі. Мұндай тәжірибелік жұмыс болашақ мұғалімдер қабілетін арттырып, рухани құндылықтарды кәсіби ұстанымға айналдырады.

Тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясы рухани мағынаны тәжірибеде күшейтеді. Өйткені технология әр студенттің ішкі рухани ресурстары, дүниетанымдық ерекшелігі және кәсіби-адамгершілік бағдарларын дамытуға бағытталады. Тұлға тәжірибесі мен мағынаға негізделген тапсырмалар студенттің рухани әлеуетін белсендіреді, жобалық жұмыстар әлеуетті әрекеттермен бекітіледі. Нәтижесінде рухани дүниетаным болашақ мұғалімдердің кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруының құрамдасына айналады.

Қорытындылай келе, параграфта алынған нәтижелер рухани дүниетанымның оқу-тәрбие процесіндегі этикалық феномен аясындағы маңыздылығы нақтыланды. Қазіргі жаһандану, цифрландыру және жасанды интеллект ықпалы шарттарында тұлғалық-бағдарлы оқыту болашақ мұғалімдердің рухани-адамгершілік сапаларын мақсатты қалыптастырудағы стратегиялық міндетке айналуы тиіс. Тұлғалық-бағдарлы оқыту парадигмасы рухани дамуды дербес субъектінің қажеттіліктері, шығармашылық әлеуеті мен рефлексиясына сүйенетін әдістемелік-технологиялық негізінде ұсынылады. Уәжделген нәтижелерге сәйкес тұлғалық-бағдарлы оқыту болашақ мұғалімдердің рухани құзыреттілігі, эмоционалдық әл-ауқаты және кәсіби бірегейлігін қалыптастырудың құралы бола алады. Технологияның сәтті енгізілуіне институционалдық қолдау, оқытушылардың әдістемелік-технологиялық біліктілігін арттыру және бағалау-диагностикалық тетіктер қажет. Осылайша, зерттелген тұжырымдар білім беру мазмұнын рухани-мәдени және кәсіби-этикалық өлшемдермен үйлестіріп, болашақ мұғалімдердің тұлғалық және кәсіби қалыптасуына бағытталған оқытуды жаңғыртудың ғылыми-әдістемелік негізін ұсынады.

Екінші тарау тұжырымы

Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымы когнитивтік (білім, сенімдер), аффективтік (құндылықтар бағдары, эмоциялар) және бихевиоралды (әрекеттер мен практикалар) компоненттерден тұратын психологиялық құбылыс. Рухани дүниетанымның қалыптасуы мен дамуы тұлғаның дербес ерекшеліктері және әлеуметтік-мәдени контекстпен тығыз байланыста жүреді.

Рухани дүниетанымды дамытуда мотивациялық компонент сүбелі рөл атқарады. Құндылықтар мотивацияның әлсіздігі ұстаздық қызметтің этикалық және тәрбие аспектілерін төмендетуі ықтимал. Эмоционалдық қабілеттер

(эмоциялық интеллект, өзін-өзі бақылау, эмпатия) рухани-когнитивтік өзгерістердің тұрақтылығына ықпал жасайды. Рухани дүниетанымның дамуына әсер ететін факторлар жан-жақты: тұлғалық қасиеттер (сана-сезім деңгейі, моральдық бағдар), отбасылық тәрбие, білім беру ортасы, қоғамның мәдени құндылықтары, цифрлық медиамәдениет ықпалы. Осы факторлардың өзара әрекеті тәрбиелік тиімділіктен көрінеді. Психологиялық аспектіде рухани дүниетанымды дамыту процесі субъективті тәжірибе және рефлексиямен жүзеге асады. Процесс оқытудың белсенді, проблемалық және интерактивті формаларын орындауға шақырады.

Тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы рухани дүниетанымды дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жүйелік сипатқа ие. Модельге функционалды-мақсаттылық, тұжырымдамалық-теориялық, мазмұндық-тәжірибелік және қорытынды-бағалау блоктары енгізіледі. Модельдің теориялық негізінде тұлғалық-бағдарлы оқыту теориясы, рухани-адамгершілік тәрбиенің тұжырымдамалық қағидалары, педагогикалық модельдеу әдіснамасы, когнитивтік даму теориялары, мәдениетаралық және ұлттық құндылықтарға сүйенген білім беру идеялары қисынды саналады. Бағыттар рухани құндылықтарды білім, тәжірибе және рефлексиямен үйлестіреді. Модель принциптері (тұлғалық-бағдарлылық; аксиологиялық (құндылықтық); ізгілікті бағыттылық; диалогтық қарым-қатынас) рухани дүниетанымды дамытуға бағыттайтын әдіснамалық негіз. Модель компоненттері келесідей түрде құрылуы керек: (а) тұлғалық-мазмұндық; (ә) операциялық-іс-әрекеттік; (б) рефлексивті-бағалаушылық. Компоненттер тұтастығы модельдің функциясын қолдайды.

«Технология» ұғымы рухани дүниетанымның дамуы контекстінде мақсатты, құрылымдалған педагогикалық әрекеттер шеңберінде қарастырылады және технологиялар міндеттерге жетудегі процедуралар мен құралдарды анықтайды. Педагогикалық технологиялар әдістемелік жүйе, оқу-тәрбие процесінің алгоритмі және бағалау тетіктерін қамтиды. Тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиялары жоғарыда сипатталған модель компоненттерін жүзеге асыратын құралдар жиынтығымен анықталады. Тұлғалық-бағдарлы оқыту технологияларының мазмұнына дербестендірілген оқу траекториялары, құндылықтық-құзіреттілік тапсырмалары, рефлексивті тәжірибе мен портфолио кіреді. Әдістер болашақ мұғалімдердің субъектілік белсенділігі, құндылықтарды таңдауы және кәсіби-этикалық қалыптасуын ынталандырады. Диалогтық оқыту технологиясы рухани дүниетанымды дамытуда болашақ мұғалімдердің құндылықтық ұстанымдары мен моральдық дәлелдеулерін ілгерілетеді. Сондай-ақ эмоционалдық күй мен ұжымдық рефлексияны күшейтеді. Өзін-өзі дамыту технологиялары тұлғаның дербестігін арттырып, құндылықтар трансформациясын орнықтырады, кәсіби-рухани өсуін тұрақтандырады.

3 БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ РУХАНИ ДҮНИЕТАНЫМЫН ТҰЛҒАЛЫҚ-БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ БОЙЫНША ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫС БАРЫСЫ

3.1 Тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуға бағытталған тәжірибелік-эксперименттік жұмысты ұйымдастыру

Бұл бөлімде болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамыту мақсатында ұйымдастырылған эксперименттік-тәжірибелік жұмыстың мазмұны, мақсаты, міндеттері және жүзеге асырылу барысы сипатталады. Аталған зерттеу жұмысы теориялық бөлімде ұсынылған рухани дүниетанымның құрылымдық-мазмұндық моделінің тиімділігін тексеру және педагогикалық тәжірибедегі қолдану мүмкіндігін айқындауға бағытталды.

Эксперименттік жұмыстың негізгі мақсаты - болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту негізінде дамытудың педагогикалық шарттарын анықтап, даму деңгейін сипаттайтын компоненттерге кешенді диагностика жүргізу.

Осы мақсатқа қол жеткізуде зерттеуде келесі міндеттер қойылды:

- болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымының даму деңгейін анықтайтын өлшемдер мен көрсеткіштерді нақтылау;
- эксперименттік және бақылау топтарының бастапқы даярлық деңгейін салыстырмалы түрде анықтау;
- рухани дүниетанымның тұлғалық-мазмұндық, операциялық-іс-әрекеттік және рефлексивті-бағалаушылық компоненттерінің даму ерекшеліктерін саралау.

Эксперименттік жұмыс Қызылорда «Болашақ» университетінің базасында жүзеге асырылды. Зерттеу жұмысына аталмыш университеттің «6В01303 - Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі», «6В01101 - Педагогика және психология», «6В01403 - Бастапқы әскери дайындық» және «6В01601 - Тарих» білім беру бағдарламаларында білім алып жатқан студенттер қамтылды. Жалпы зерттеуге қатысқан студенттер саны 282 болса, олардың ішінде 134-і эксперименттік топқа (ЭТ), ал 148-і бақылау тобына (БТ) енді.

Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуға бағытталған диагностикалық кезең құрылымдық-мазмұндық модельде көрсетілген үш негізгі компонент тұлғалық-мазмұндық, операциялық-іс-әрекеттік және рефлексивті-бағалаушылық компоненттер негізінде алдын ала таңдалған әдістемелермен жүзеге асырылады. Әрбір компонентке сәйкес өлшемдер мен көрсеткіштер нақты айқындалып, студенттердің рухани дүниетаным деңгейі анықталады. Зерттеу нәтижесінде даму көрсеткіштері жоғары, орта және төмен деңгейде сипатталып, қалыптастырушы кезеңге әдістемелік бағдар алынды.

Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамытуды диагностикалау құрылымы зерттеудің теориялық моделіне

сәйкес үш негізгі компонентпен ұйымдастырылды. Әр компонент студенттердің жеке тұлғалық қасиеттері мен рухани-адамгершілік бағдарын анықтауға бағытталған психодиагностикалық әдістемелер таңдалып алынды. Әдістемелер студенттердің рухани құндылықтарды қабылдауы, іс-әрекетке дайындығы және рефлексия жасау қабілеттері сияқты өлшемдерді кешенді бағалауға мүмкіндік береді.

10-кесте. Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамытудың компоненттері мен диагностикалық әдістемелері

Компоненттер	**Диагностикалық әдістемелер**
Тұлғалық-мазмұндық	– М. Рокич «Құндылықтық бағдарлар сауалнамасы»; – Ш.Х. Шварц «Құндылықтық бағдарлар әдістемесі»
Операциялық-іс-әрекеттік	– Ю.М. Орлов «Мақсатқа жетуге қажеттілік» сауалнамасы
Рефлексивті-бағалаушылық	– А.В. Карпов «Рефлексия деңгейін анықтау» сауалнамасы; – А. Меграбян мен Н. Эпштейн «Эмпатияны бағалау шкаласы»

Тұлғалық-мазмұндық компонент бойынша болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымының даму деңгейін диагностикалау мақсатында М. Рокичтің «Құндылықтық бағдарлар сауалнамасы» (Қосымша Ғ) қолданылды. Сауалнама адамның тұлғалық қасиеттері, өмірлік бағыттары және құндылықтар иерархиясын анықтауға арналған классикалық психодиагностикалық әдістеме. Әдістеме тұлғаның ішкі рухани бағдары, өмірлік маңыздылық жүйесі, кәсіби қызметтегі адамгершілік ұстанымдарын зерттеуге негіз қалайды.

М. Рокичтің құндылықтар теориясы адам өміріндегі негізгі құндылықтарды екі топқа бөледі. Терминалды құндылықтар тұлғаның өмірлік мақсаттарын білдіреді (мысалы, «бақытты өмір», «рухани қанағаттану», «еркіндік», «ақиқат» және т.б.). Инструменталды құндылықтар осы мақсаттарға жетуге көмектесетін мінез-құлық нормалары мен тәсілдер (мысалы, «адалдық», «жауапкершілік», «қайырымдылық», «тәртіптілік», «білімпаздық» және т.б.).

Сауалнамада әрбір қатысушыға ұсынылған құндылықтарды өзінің жеке ұстанымдары мен маңыздылығына 1-ден 18-ге дейін ранжирлеу тапсырылды, мұнда 1 - ең маңызды, 18 - ең аз маңызды дегенді білдіреді. Ранжирлеу әдісі студенттің қандай құндылықтарды өмірінде басшылыққа алатынын, тұлғаның рухани және адамгершілік бағдарын анықтауға алғышарт тудырады.

Сауалнама нәтижелерімен:

- рухани-адамгершілік құндылықтардың тұлғалық маңыздылығы;
- тұлғаның ішкі құндылықтық үйлесімі мен жүйелілігі;
- болашақ маманның кәсіби-рухани бағыты айқындалды.

М. Рокичтің «Құндылықтық бағдарлар сауалнамасы» анықтаушы эксперимент кезеңінде студенттердің тұлғалық-мазмұндық компонентінің рухани дүниетанымдық деңгейін бағалау мақсатында жүргізілді. Сауалнама


студенттердің ерікті қатысуымен, стандартталған нұсқаулық негізінде өткізіліп, ұсынылған терминалды және инструменталды құндылықтарды өз маңыздылығы бағытында 1-18 аралығында ранжирлеп орналастырды.

Нәтижелерді өңдеуде құндылықтардың рухани, адамгершілік мазмұнына басымдық берілуі жоғары деңгей дәрежесінде бағаланды. Құндылықтарды прагматикалық немесе материалдық тұрғыдан бағалау төмен деңгей көрсеткішінде есептелді. Әрбір қатысушының таңдауына сәйкес пайыздық үлестегі көрсеткіштер есептеліп, нәтижелер үш деңгейге топтастырылды: жоғары, орта және төмен.

11-кесте. Болашақ мұғалімдердің тұлғалық-мазмұндық компоненті бойынша даму деңгейі (М. Рокич сауалнамасы негізінде (%))

Топтар	Жоғары деңгей	Орта деңгей	Төмен деңгей
Эксперименттік топ (n=134)	28%	53%	19%
Бақылау тобы (n=148)	26%	51%	23%

6-сурет. Болашақ мұғалімдердің тұлғалық-мазмұндық компоненті бойынша даму деңгейі (М. Рокич сауалнамасы негізінде (%))



Кесте нәтижелері болашақ мұғалімдердің тұлғалық-мазмұндық компоненті бойынша рухани дүниетанымының даму деңгейінде екі топ арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ екенін көрсетеді. Эксперименттік топта студенттердің 28%-ы жоғары деңгей көрсетсе, бақылау тобында көрсеткіш 26%-ды құрады. Орта деңгей шамамен тең болғанымен, бақылау тобында төмен деңгейдегі көрсеткіш сәл жоғары (23%) болғаны байқалды. Деректер екі топтың да бастапқы рухани дүниетанымдық деңгейінің ұқсас

екенін көрсетіп, қалыптастырушы кезең нәтижелерін әділ салыстыруға жағдай жасайды.

Диагностика нәтижелері студенттердің жеке құндылықтар жүйесінде рухани (адамгершілік, өзін-өзі жетілдіру, ізгілік) және материалдық (табыс, беделі, мансап) бағыттар ара-қатынасына талдау жасауға негіз болды. Осылайша, тұлғалық-мазмұндық компонент бойынша болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымының даму деңгейі жүйелі түрде бағаланды және компоненттің түрлі деңгейдегі көріністері сандық көрсеткіштермен нақтыланды.

Жүргізілген сауалнама нәтижелері студенттердің тұлғалық-мазмұндық компоненті аясындағы рухани дүниетаным деңгейін сандық тұрғыда бағалауда сипаттамалық статистика әдісі (descriptive statistics) қолданылды. Әдіс студенттердің әр деңгейдегі (жоғары, орта, төмен) үлестірімін анықтауға мүмкіндік берді. Алынған нәтижелер арнайы формуламен пайыздық үлеске айналдырылды:

$$P=(nN)\times 100\%$$

мұндағы n – белгілі деңгейге сәйкес келетін студенттер саны, N - топтағы жалпы студенттер саны, P - пайыздық көрсеткіш.

Алынған деректер әрбір топтағы студенттердің рухани дүниетанымының даму деңгейі анықтап, салыстырмалы түрде бағалауға мүмкіндік туды. Бұл кезеңде алынған нәтижелер зерттеудің қалыптастырушы кезеңіне негіз болатын бастапқы көрсеткіштер түрінде қарастырылды.

Келесі әдістемеде болашақ мұғалімдердің тұлғалық-мазмұндық компоненті бойынша рухани дүниетанымының деңгейін анықтау мақсатында Шалом Х. Шварцтың (Shalom H. Schwartz) құндылықтық бағдарлар әдістемесі қолданылды (Қосымша Д). Әдістеме құндылықтар құрылымы, арасындағы өзара байланысты және тұлғаның мінез-құлқындағы рөлін зерттеуге арналған әмбебап құрал қызметінде әлемдік зерттеулерде кеңінен қолданылады.

Шварцтың құндылықтар теориясы адам бойындағы құндылықтар он негізгі категорияға біріктіріледі. Олар:

1) Өзіндік бағыттылық (Self-Direction).
2) Қауіпсіздік (Security).
3) Конформизм (Conformity).
4) Дәстүр (Tradition).
5) Қамқорлық (Benevolence).
6) Әмбебаптылық (Universalism).
7) Табыс (Achievement).
8) Қуаныш (Hedonism).
9) Билік (Power).
10) Ынталылық (Stimulation).

Ш.Х. Шварцтың құндылықтық бағдарлар әдістемесі портреттік сауалнама (Portrait Values Questionnaire – PVQ) түрінде ұсынылады. Сауалнамада әрбір құндылықты бейнелейтін адам портреті сипатталады. Студенттер ұсынылған сипаттама олардың тұлғалық болмысына қаншалықты сәйкес келетінін 6

балдық шкаламен бағалайды (1 - мүлдем сәйкес келмейді, 6 - толықтай сәйкес келеді). Осы арқылы респонденттің құндылықтар жүйесі анықталып, рухани дүниетанымдық бағыты сипатталады.

Зерттеуде шкалалардан алынған жауаптар өңделіп, әрбір құндылыққа берілген маңыз деңгейі анықталды. Рухани дүниетанымға қатысты әмбебаптылық, дәстүр, қамқорлық, өзіндік бағыттылық секілді құндылықтарға берілген озық ұпайлар жоғары тұлғалық-рухани бағдар көрсеткіші есебінде қабылданды. Ал табыс, билік, қуаныш сияқты құндылықтарға басымдық тұлғалық бағдардың материалистік сипатын танытады. Алынған нәтижелер студенттердің рухани дүниетанымын сипаттайтын басым құндылықтарды анықтап, үш деңгейге (жоғары, орта, төмен) бөлу арқылы тұлғалық-мазмұндық компоненттің даму деңгейі бағаланды.


Ш.Х. Шварцтың құндылықтық бағдарлар әдістемесі нәтижелері сандық өңдеуге негізделген. Әр студенттің жауаптары әрбір құндылыққа берілген баллдар жиынтығында есептеліп, көрсеткіштер студенттің рухани бағдарындағы басым бағыттары анықталды. Атап айтқанда, рухани-адамгершілік құндылықтарға (әмбебаптылық, қамқорлық, дәстүр, өзіндік бағыттылық) берілген жетекші ұпайлар студенттің рухани дүниетаным деңгейінің жоғары екенін көрсетті.

Зерттеу нәтижелері сипаттамалық статистика әдісімен (descriptive statistics) өңделді. Әдіс әрбір деңгейді (жоғары, орта, төмен) қамтитын студенттер санының жалпы қатысушылар санына пайыздық қатынасын есептеуге бағытталған. Алынған деректер пайыздық үлеске айналдырылып, эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелері салыстырмалы түрде кесте және диаграммамен берілді.

12-кесте. Ш.Х. Шварц әдістемесі бойынша пайыздық нәтижелер

Топтар	Жоғары деңгей	Орта деңгей	Төмен деңгей
Эксперименттік топ (n=134)	31%	50%	19%
Бақылау тобы (n=148)	29%	49%	22%

7-сурет. Ш.Х. Шварц әдістемесі бойынша пайыздық нәтижелер



Сауалнама нәтижелері болашақ мұғалімдердің тұлғалық-рухани бағдарында айтарлықтай ұқсастық бар екенін көрсетті. Екі топтағы студенттердің жартысынан көбі орта деңгейде, яғни рухани және әлеуметтік құндылықтар арасында теңгерімді ұстанатындығын көрсетті (ЭТ - 50%, БТ - 49%).

Жоғары деңгейдегі студенттер үлесі де салыстырмалы түрде тең: эксперименттік топта - 31%, бақылау тобында - 29%. Бұл болашақ мұғалімдердің басым бөлігі рухани құндылықтарға маңыз беретіндігін көрсетеді.

Ал төмен деңгей бақылау тобында сәл жоғары (22%), бұл студенттердің бір бөлігінде материалдық және прагматикалық құндылықтарға көбірек мән беретінін аңғартады. Эксперименттік топта бұл көрсеткіш – 19%.

Нәтижелер тұлғалық-мазмұндық компоненттің бастапқы даму деңгейін бағалап, қалыптастырушы кезеңде педагогикалық әсердің тиімділігін дәлелдеуге негіз қалыптастырады.

Операциялық-іс-әрекеттік компонент болашақ мұғалімдердің кәсіби әрекетке бағыттылығы мен мақсатқа жетуге ішкі қажеттілігін анықтауға бағытталды. Компонентті зерттеуде Ю.М. Орловтың «Мақсатқа жетуге қажеттілік» тест-сауалнамасы қолданылды (Қосымша Е).

Тест 23 тұжырымнан тұрады. Респонденттер әрбір тұжырыммен келісу-келіспеуін «иә» немесе «жоқ» деп белгілейді. Сауалнама кілтіне сәйкес, белгілі бір сұрақтарға «иә» немесе «жоқ» деп жауап беру 1 ұпаймен есептеледі. Барлығы 23 ұпай жинауға болады.

Бағалау шкаласы:

0–6 балл – төмен қажеттілік;

7–9 балл – төмендеген қажеттілік;

10–15 балл – орта деңгей;

16–18 балл – жоғары деңгей;


19–23 балл – өте жоғары деңгей.

Деректер SPSS Statistics 26.0 бағдарламасында өңделді. Сауалнама нәтижелері алдымен балл түрінде кодталып, әрбір респонденттің жеке нәтижелері енгізілді. Descriptive Statistics → Frequencies және Crosstabs функцияларымен әр деңгейге сәйкес келетін қатысушылар саны мен пайыздық үлесі анықталды. Сонымен қатар, гистограммалар мен пайыздық диаграммалар көмегімен визуализация жасалды. Талдау студенттердің кәсіби-іс-әрекеттік мотивациясының жалпы деңгейін және топаралық айырмашылықтарды көрсетуге жол ашты.

13-кесте. Ю.М. Орловтың «Мақсатқа жетуге қажеттілік» сауалнамасы бойынша көрсеткіштер

Топтар	Жоғары деңгей	Орта деңгей	Төмен деңгей
Эксперименттік топ (n=134)	34%	48%	18%
Бақылау тобы (n=148)	32%	47%	21%

8-сурет. Ю.М. Орловтың «Мақсатқа жетуге қажеттілік» сауалнамасы бойынша көрсеткіштер



SPSS бағдарламасында алынған нәтижелер болашақ мұғалімдердің кәсіби мақсатқа бағыттылығы мен әрекетке дайындық деңгейінің екі топта да ұқсас сипатқа ие екенін көрсетті.

Эксперименттік топтың 34%-ы жоғары деңгейде, 48%-ы орта, 18%-ы төмен деңгейде орналасқан. Бақылау тобында бұл көрсеткіштер сәйкесінше, 32%, 47% және 21%. Айырмашылықтар аса үлкен болмағанымен, эксперименттік топта жоғары деңгей көрсеткіші сәл артық, ал төмен деңгейдегі респонденттер үлесі аз.

Деректер екі топтың да кәсіби-іс-әрекеттік мотивациясы орта деңгейде екендігін, ал жеке студенттерде бұл қасиеттің дамығанын айғақтайды. Төмен деңгейдегі студенттер үлесінің бақылау тобында көбірек болуы кейбірінің кәсіби мақсатқа жеткізер әрекетке сенімсіздікпен қарайтынын немесе сыртқы мотивацияға тәуелділігін білдіруі ықтимал.

Орта деңгей басымдығы (ЭТ - 48%, БТ - 47%) студенттердің көпшілігінің кәсіби дайындықты қалыптастыру сатысында тұрғанын көрсетеді. Бұл педагогикалық ықпал ету арқылы дамуға қолайлы кезең екенін аңғартады.

Жалпы бұл компонент бойынша алынған деректер болашақ мұғалімдердің кәсіби мотивациялық әлеуеті бар екенін, бірақ оның толық іске асуында арнайы бағытталған педагогикалық әсер қажет екенін дәлелдейді. Қалыптастырушы кезеңде кәсіби-іс-әрекеттік ұстанымды дамытуға бағытталған әдістер қолдану мотивация деңгейін көтеруге қолайлы орта қалыптастырады.

Зерттеуде қолданылған Ю.М. Орловтың «Мақсатқа жетуге қажеттілік» сауалнамасы болашақ мұғалімдердің кәсіби-іс-әрекетке дайындығын бағалауға арналған диагностикалық құрал аясында тиімді нәтиже берді. Аталған әдістеме

ерекшелігі сандық нәтиже ғана емес, тұлғалық ерекшеліктерді сипаттауға мүмкіндік беретін сапалық сипаттамаларға да негізделуі. Жоғары нәтижеге ие болған студенттерң бойында кәсіби және тұлғалық дамудың өзіндік көрсеткіштері байқалады.

Ю.М. Орлов әдістемесінде жоғары қажеттілік деңгейі бар адамдар келесідей сипаттамалармен ерекшеленеді:

- ✓ мақсатқа жетуде табандылық;
- ✓ қол жеткізген нәтижемен шектелмеу;
- ✓ істі үнемі жақсартуға ұмтылу;
- ✓ жұмысқа бар ынтасымен берілу;
- ✓ табысқа жетуден ләззат алу;
- ✓ сапасыз жұмыс істеуге бейім еместік;
- ✓ ең қарапайым әрекетті де жаңаша тәсілмен орындау;
- ✓ бәсекелестікке емес, ұжымдық табысқа ұмтылу;
- ✓ жеңіл жетістіктерден қанағаттанбау;
- ✓ көмек сұрау мен ұсынуға ашықтық.

Сипаттамалар тұлғаның күрделі ішкі мотивациялық құрылымын түйіндейді. Тек кәсіптік табысқа жетуге ұмтылумен шектелмей, терең психологиялық ерекшеліктерді де қамтиды. Сипаттарды ғылыми негізде мотивациялық, танымдық және тұлғалық қасиеттер деп үш бағытқа жүйелеуге болады.

Мотивациялық қасиеттер: мотивациялық бағытқа табандылық, жетістікке ұмтылыс, жоғары жауапкершілік, ішкі мотивация тұрақтылығы, ұжымдық нәтижеге бағытталу кіреді. Қасиеттер болашақ мұғалімдердің кәсіби әрекетке ниеттілігі мен тұрақты ішкі стимулын сипаттайды. Мұғалім мамандығы үздіксіз мақсат қою мен оны жүзеге асыруды талап ететін сала. Сондықтан мотивациялық қасиеттер кәсіби жетілудің негізі.

Танымдық қасиеттер: шығармашылық, күрделі мәселелерді шешуге қызығушылық, істе жаңалық ашуға ұмтылу болашақ мұғалімдердің танымдық белсенділігін көрсетеді. Білім беру процесінде стандарттан тыс ойлау, өз пәнін түрлі әдіспен түсіндіру, оқушыларды қызықтыру сияқты міндеттерді тиімді шешуде танымдық икемділік пен креативтілік аса маңызды. Бұл қасиеттер мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттырады.

Тұлғалық қасиеттер: жоғары деңгейде жұмыс істеу ниеті, көмек көрсетуге дайындығы, серіктестікке бейімділік, өз еңбегіне сын көзбен қарау мұғалімнің адамгершілік, этикалық және тұлғалық сапаларын сипаттайды. Мұндай қасиеттер оқушыға үлгі болуға лайықты ұстаздың ішкі мәдениеті мен қарым-қатынас стилін айқындайды.

М.Ю. Орлов әдістемесі нәтижесінде алынған сипаттамалар дербес тұлғаның мотивация деңгейін анықтап қана қоймай, мамандыққа дайындық, іс-әрекетке көзқарас және ұжыммен жұмыс істеу әлеуеті секілді кәсіби көрсеткіштерін сипаттайды. Бұл болашақ мұғалімдердің тұлғалық моделін қалыптастыруға мүмкіндік беретін маңызды база.

Зерттеу жұмысының айқындаушы кезеңінде болашақ мұғалімдердің рефлексивтік және бағалаушылық қабілеттерін диагностикалау мақсатында А.В. Карповтың «Рефлексия деңгейін анықтау» әдістемесі (Қосымша Ж) мен А. Меграбян мен Н. Эпштейннің «Эмпатияны бағалау шкаласы» (Қосымша З) қолданылды.

Зерттеу жұмысының рефлексивті-бағалаушылық компонентін анықтауда А.В. Карповтың рефлексия деңгейін анықтау сауалнамасы қолданылды. Әдістеме тұлғаның өзіндік танымы, ішкі психикалық үдерістерді пайымдауы, ойлау және мінез-құлық әрекеттерін сараптауға қабілеттілігін өлшеуге бағытталған.

А.В. Карповтың ғылыми тұжырымдамасына сәйкес, рефлексия тұлғаның өз іс-әрекеттері мен ойлау үрдісін саналы түрде талдауы, түсінуі және қажет болған жағдайда реттеп, қайта ұйымдастыруы. Рефлексия адамның ішкі психикалық кеңістігіне бағытталған, өз «Меніне» қараумен жүзеге асатын когнитивтік және метатану деңгейіндегі күрделі психологиялық тетік.

А.В. Карпов ұсынған сауалнама бастапқыда 50 тұжырымнан тұратын құрылымда дайындалған. Арнайы статистикалық өңдеуден соң оның ең мазмұнды және сенімді 27 тұжырымы таңдалып алынған. Сауалнамада респонденттер әрбір тұжырыммен қаншалықты келісетіндігін 7 балдық Лайкерт шкаласымен бағалайды (1 - мүлдем келіспеймін, 7 - толықтай келісемін). Сұрақтар арасында тікелей және кері тұжырымдар енгізілген, бұл әдістеменің ішкі сенімділігін арттырады.

Диагностикалық нәтижелерді интерпретациялауда қатысушылар жинаған ұпайлар жиынтығы арнайы конверсиялық кестемен «стендік шкалаға» аударылып, келесі деңгейлік бағалар анықталады:

- төмен деңгей (1-3 стен): рефлексия үрдісінің әлсіздігі, өзіндік талдау дағдысының қалыптаспағандығы;
- орта деңгей (4-6 стен): қалыптасу үстіндегі рефлексия, кәсіби дамуға алғышарттардың болуы;
- жоғары деңгей (7-10 стен): дамыған рефлексия, кәсіби-шығармашылық қызметке бейімділік және өзін-өзі жетілдіру әлеуеті.

Әдістеме жеке тұлғаның өзіндік рефлексияға бейімділігінен бөлек, педагогикалық қызметте жинақталған тәжірибені саралау, әрекет пен шешім қабылдаудың ішкі логикасын түсіну қабілетін бағалайды. Зерттеуде алынған нәтижелер студенттердің өз тәжірибесіне талдау жасауға қаншалықты қабілетті, өз әрекетінің нәтижесін саналы түрде бағалап, түзету жүргізуге дайындық деңгейін айқындауға негіз болды. Көрсеткіштер педагогикалық мамандықтарға тән кәсіби рефлексивтік дағдылардың қалыптасуын айқындайтын маңызды өлшемде қабылданады.


Сауалнама стандартталған нұсқаулықпен өткізілді. Әрбір қатысушы 27 тұжырымнан тұратын А.В. Карпов сауалнамасына жауап беріп, өз пікірін 7 балдық шкалада бағалады. Жауап парақтары шифрленіп, респонденттердің дербес деректері құпия сақталды. Сауалнама нәтижелері SPSS Statistics 26.0 бағдарламасында өңделіп, процестің объективтілігін қамтамасыз етті.

Нәтижелерді өңдеуде студенттердің жинаған баллдары арнайы стендік шкалаға аударылып, рефлексия деңгейі төмен, орта немесе жоғары деңгейде жіктелді. Деректерді пайыздық үлеске айналдырып, ЭТ мен БТ арасындағы айырмашылықтар салыстырмалы кесте және диаграммамен көрсетілді.

Диагностикалық кезең болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығының құрамдас бөлігі болып табылатын рефлексиялық қабілеттілік деңгейін объективті бағалауға мүмкіндік берді. Мәліметтер қалыптастырушы кезеңде педагогикалық әсер тиімділігін дәлелдеуге негіз болды.

14-кесте. А.В. Карпов әдістемесімен болашақ мұғалімдердің рефлексия деңгейі (% көрсеткішпен)

Топтар	Жоғары деңгей	Орта деңгей	Төмен деңгей
Эксперименттік топ (n=134)	30%	51%	19%
Бақылау тобы (n=148)	28%	50%	22%



9-сурет. А.В. Карпов әдістемесімен болашақ мұғалімдердің рефлексия деңгейі (% көрсеткішпен)

Кесте мен суретте көрсетілгендей, болашақ мұғалімдердің рефлексия деңгейінің эксперименттік және бақылау топтарында ұқсастықтар байқалады. Эксперименттік топта жоғары рефлексия деңгейін көрсеткен студенттер үлесі - 30%, бақылау тобында көрсеткіш - 28%. Орта деңгейдегі қатысушылар да шамалас үлесте: ЭТ - 51%, БТ - 50%. Алайда төмен деңгейде рефлексия көрсеткен студенттер бақылау тобында көбірек (22%). Көрсеткіш олардың кәсіби іс-әрекетке саналы рефлексия жүргізуге дайындық деңгейінің жеткіліксіздігін көрсетеді. Эксперименттік топта көрсеткіш 19% құрады. Нәтижелер болашақ мұғалімдердің өзін-өзі бағалау, кәсіби шешімдерді талдау

және түзетуге бейімділігінің қалыптасу сатысында екенін көрсетеді. Сонымен қатар, екі топ арасындағы айырмашылықтың шамалы болуы бастапқы кезеңде студенттердің рефлексивті дайындығының салыстырмалы екенін дәлелдейді.

Келесі әдістеме А. Меграбян мен Н. Эпштейннің «Эмпатияны бағалау шкаласы». Аталған әдістеме тұлғаның эмоционалдық сезімталдығы мен өзге адамдардың психоэмоционалдық күйін қабылдау қабілетін бағалауға бағытталған. Эмпатия педагогикалық іс-әрекетте маңызды кәсіби-этикалық қасиет. Себебі мұғалім оқушының ішкі күйін түсіне алуы және эмоционалды қолдау көрсетуге қабілетті болуы тиіс.

Шкала 33 тұжырымнан тұрады. Респондент әрбір тұжырымға өзінің келісу деңгейін 5 балдық шкалада бағалайды (1 - мүлдем келіспеймін, 5 - толықтай келісемін). Жинақталған ұпай саны эмпатия деңгейін көрсетеді.

Бағалау деңгейлері:

80 баллдан төмен - төмен эмпатия;


81-105 балл - орташа деңгей;

106 және одан жоғары - жоғары эмпатиялық қабілет.

А. Меграбян мен Н. Эпштейн әдістемесінің ерекшелігі эмоциялық қабылдауды ғана емес, коммуникативтік икемділік, ішкі жанашырлық пен тұлғааралық өзара әрекеттестікке бейімділікті кешенді бағалайды.

15-кесте. А. Меграбян мен Н. Эпштейн әдістемесімен болашақ мұғалімдердің эмпатия деңгейі (% көрсеткішпен)

Топтар	Жоғары деңгей	Орта деңгей	Төмен деңгей
Эксперименттік топ (n=134)	33%	49%	18%
Бақылау тобы (n=148)	30%	50%	20%



10-сурет. А. Меграбян мен Н. Эпштейн әдістемесімен болашақ мұғалімдердің эмпатия деңгейі (% көрсеткішпен)

Ұсынылған кесте мен сурет болашақ мұғалімдердің эмпатиялық қабілетінің даму деңгейін сипаттайды. А. Меграбян мен Н. Эпштейн әдістемесінің нәтижелері студенттердің басқа адамдардың эмоциялық күйін түсіну, қабылдау және оған жауап беру бейімділігін кешенді бағалауға мүмкіндік берді.

Эксперименттік топтағы студенттердің 33%-ы жоғары деңгейде эмпатиялық қабілетке ие екенін көрсетсе, бұл көрсеткіш бақылау тобында 30% деңгейінде болды. Көрсеткіш болашақ мұғалімдердің үштен бір бөлігінің жоғары эмоциялық сезімталдыққа ие екенін және тұлғааралық қарым-қатынаста серіктес сезіміне бейім екенін білдіреді.

Орта деңгейдегі студенттер саны екі топта да басым: ЭТ - 49%, БТ - 50%. Бұл студенттердің көпшілігі эмпатияның негізгі көріністеріне ие екенін, алайда қабілеттердің тұрақты кәсіби әрекетте қолданылуын қамтамасыз етуде арнайы педагогикалық қолдау қажеттілігін білдіреді.

Төмен деңгейдегі студенттер саны бақылау тобында сәл көбірек - 20%, эксперименттік топта - 18%. Мұндай студенттерде эмоциялық қатысу мен серіктестікке бейімділік әлсіздігі байқалуы мүмкін және педагогикалық үдерісте қиындық туғызуы ықтимал.

Нәтижелер болашақ мұғалімдердің эмпатиялық қабілеті қалыптасу үдерісінде екенін, эмпатияны дамытуды көздейтін арнайы бағдарланған әдістемелік жұмыс қажеттілігін көрсетеді. Анықтаушы кезең нәтижелері қалыптастырушы кезеңнің мазмұнын жоспарлауға негіз болады.

Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамытуға бағытталған зерттеудің анықтаушы кезеңінде алынған нәтижелерді өңдеу және олардың сенімділігін тексеру мақсатында математикалық және статистикалық талдау әдістері қолданылды.

Экспериментте тұлғалық-мазмұндық, операциялық-іс-әрекеттік және рефлексивті-бағалаушылық үш негізгі құрылымдық компоненті студенттердің даму деңгейін (жоғары, орта, төмен) пайыздық және салыстырмалы жиіліктерде анықтады.

Алғашқы өңдеу кезеңінде студенттердің даму деңгейлерін сандық дәйектеуде сипаттамалық статистика әдісі қолданылды.

Бұл кезеңде әрбір компонент студенттердің жоғары, орта және төмен деңгейдегі үлестері пайыздық қатынаспен есептелді. Есептеу келесі формуламен жүргізілді:

Есептеу формуласы:

$$P = \frac{n}{N} \times 100\%$$

Мұндағы:

(P) – пайыздық көрсеткіш;

(n) – белгілі деңгейге сәйкес студенттер саны;

(N) – топтағы жалпы қатысушылар саны.

Әдіс әр компоненттің эксперименттік (ЭТ) және бақылау (БТ) топтарының бастапқы деңгейін сипаттауға мүмкіндік берді және нәтижелерді кесте мен диаграмма түрінде ұсынуға негіз болды.

Зерттеуде үш компоненттің (тұлғалық-мазмұндық, операциялық-іс-әрекеттік және рефлексивті-бағалаушылық) жиынтық көрсеткішін бір жүйеге біріктіруге интегралды даму индексі (I) есептелді.

Әр компоненттің көрсеткіштері бірдей салмақпен алынып, орташа арифметикалық формула қолданылды:

$$I = \frac{x_1 + x_2 + x_3}{3}$$

Мұндағы:

(x_1) – тұлғалық-мазмұндық компонент ұпайы;

(x_2) – операциялық-іс-әрекеттік компонент ұпайы;

(x_3) – рефлексивті-бағалаушылық компонент ұпайы.

Индекс мәндері үш деңгейге бөлінді:

0,00-0,33 – төмен деңгей;

0,34-0,66 – орта деңгей;

0,67-1,00 – жоғары деңгей.

Тәсіл болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымының даму деңгейін интегративті тұрғыда, яғни барлық психологиялық-педагогикалық аспектілерді біріктіріп бағалауға мүмкіндік береді.

Анықтаушы эксперименттің ғылыми дәлдігін қамтамасыз ету мақсатында эксперименттік және бақылау топтарының бастапқы деңгейіндегі айырмашылықтың статистикалық тұрғыдан мәнділігін тексеруде Пирсонның x^2 (хи-квадрат) критерийі қолданылды. Критерий екі топтағы жиілік үлестірімдерінің айырмашылығы кездейсоқ па, әлде жүйелі ме, соны анықтауға мүмкіндік береді.

Есептеу формуласы:

$$x^2 = \sum_{i=1}^{k} \frac{(O_i - E_i)}{E_i}$$

Мұндағы:

(O_i) – бақылаудағы нақты жиілік (observed frequency);

(E_i) – күтілетін жиілік (expected frequency).

Статистикалық өңдеу SPSS Statistics 26.0 бағдарламасында жүргізілді. Егер есептелген (p)-мәні 0,05-тен жоғары ($p > 0,05$) болса, екі топ арасындағы айырмашылық статистикалық тұрғыдан мәнді емес саналады, яғни бастапқы деңгейде ЭТ мен БТ ұқсас.

Нәтижелер зерттеу жүргізудің дұрыстығын және кейінгі қалыптастырушы кезеңдегі өзгерістердің педагогикалық ықпал нәтижесінде болғанын дәлелдейді.

Қолданылған диагностикалық әдістемелердің ішкі үйлесімділігі мен сенімділігін анықтауда Кронбах альфа коэффициенті (Cronbach’s Alpha)

есептелді. Нәтижелердің орташа мәні (M) және стандарттық ауытқуы (SD) шығарып, студенттердің жауаптарының біркелкілігі мен таралу сипаты бағаланды.

$$\alpha = \frac{k}{k-1}\left(1 - \frac{\sum S_i^2}{S_t^2}\right)$$

Мұндағы:

(k) – тесттегі сұрақтар саны;

(S_i^2) – әр сұрақтың дисперсиясы;

(S_t^2) – жалпы тест ұпайларының дисперсиясы.

Кронбах альфа мәні 0,7–0,9 аралығында болса, әдістеменің ішкі келісімділігі жоғары деп есептеледі.

Сонымен, анықтаушы эксперименттің нәтижелерін өңдеуде қолданылған математикалық және статистикалық әдістер сипаттамалық статистика, интегралды даму индексі, Пирсонның x^2 критерийі және Кронбах альфа сенімділік коэффициентімен алынған мәліметтер объективтілігі, дәлдігі және ғылыми сенімділігін қамтамасыз етті.

Әдістердің кешенді түрде қолданылуы зерттеу нәтижелерін салыстырмалы талдау мен педагогикалық ықпалдың тиімділігін дәлелдейді.

Есептеу нәтижесі:

$$\chi эмп^2 = 0.48, p = 0.785$$

Алынған нәтижелер бойынша p>0.05p > 0.05p>0.05, яғни эксперименттік және бақылау топтарының арасындағы айырмашылық статистикалық тұрғыда мәнді емес. Дерек екі топтың бастапқы деңгейде бірдей болғаны және рухани дүниетанымдық, кәсіби және рефлексивтік қабілеттерінің даму деңгейі тең шамада екенін көрсетеді.

Сондықтан кейінгі қалыптастырушы кезеңде байқалатын кез келген оң өзгерістер себебінде педагогикалық ықпалдың нәтижесі деп сенімді түрде айтуға негіз бар.

Анықтаушы эксперименттің жиынтық нәтижелері болашақ мұғалімдердің тұлғалық, кәсіби және рефлексивті сапаларының даму деңгейінің орташа екенін көрсетті. Үш компоненттің жиынтық көрсеткіштері педагогикалық әсер етуге қолайлы бастапқы жағдай қалыптасқанын айғақтайды.

Статистикалық тұрғыда ЭТ мен БТ арасындағы айырмашылық мәнді емес болғандықтан (p>0.05p>0.05p>0.05), қалыптастырушы эксперименттің нәтижелерін салыстыру кезіндегі деректер объективті негізде алынды.

Төмендегі кесте мен диаграммада үш деңгей бойынша эксперименттік және бақылау топтарының үлестері көрсетілген. Мәліметтер болашақ мұғалімдердің даму деңгейін салыстырмалы түрде көруге мүмкіндік береді.

16-кесте. А. Меграбян мен Н. Эпштейн әдістемесі бойынша болашақ мұғалімдердің эмпатия деңгейі (% көрсеткішпен)

Деңгей	Эксперименттік топ (ЭТ), %	Бақылау тобы (БТ), %
Жоғары	31%	29%
Орта	49%	49%
Төмен	20%	22%

11-сурет. А. Меграбян мен Н. Эпштейн әдістемесі бойынша болашақ мұғалімдердің эмпатия деңгейі (% көрсеткішпен)




Диаграмма мен кестеде көрініп тұрғандай, эксперименттік және бақылау топтарының бастапқы көрсеткіштері шамалас, яғни анықтаушы кезеңдегі айырмашылық статистикалық тұрғыда мәнді емес ($p > 0.05$).

Кестеде көрсетілген мәліметтерге сәйкес, эксперименттік және бақылау топтарындағы студенттердің рухани дүниетанымының даму деңгейлері шамалас.

Эксперименттік топта жоғары деңгей көрсеткен студенттер үлесі 31%, бақылау тобында 29%. Көрсеткіштер студенттердің шамамен үштен бірінің рухани-адамгершілік, кәсіби және рефлексиялық қасиеттері жеткілікті деңгейде дамығанын аңғартады.

Орта деңгейдегі студенттер екі топта да басым, ЭТ - 49%, БТ - 49%. Бұл болашақ мұғалімдердің көпшілігі рухани және кәсіби қасиеттерін дамыту кезеңінде тұрғанын білдіреді. Яғни, құндылық бағдарлары қалыптасқанымен, саналы іс-әрекетке айналдыру тұрақты сипат ала қойған жоқ.

Төмен деңгейдегі студенттер үлесі бақылау тобында сәл жоғары (22%), эксперименттік топта 20%. Мұндай көрсеткіш рухани-адамгершілік

құндылықтар жүйесінің әлсіз қалыптасқанын, өзін-өзі талдау мен кәсіби рефлексия қабілеттерінің жеткіліксіздігін көрсетеді.

Жалпы нәтижелер болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымының дамуында бірқалыпты, орта деңгейдің басым екенін дәлелдейді. Бұл педагогикалық әсер етуде тиімді бастапқы база бар екенін білдіреді.

Анықтаушы эксперимент нәтижелері болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымының даму деңгейі жалпы алғанда орташа деңгейде екенін көрсетті. Бұл студенттердің кәсіби өзін-өзі тану, рефлексия, құндылықтық бағдар және педагогикалық-адамгершілік ұстанымдарын дамытуға әлеуеті бар екенін білдіреді.

Эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелерінің ұқсастығы зерттеу жұмысының бастапқы кезеңінің объективті және әділ ұйымдастырылғанын дәлелдейді. Сонымен бірге, алынған нәтижелер қалыптастырушы эксперимент кезеңінде педагогикалық ықпал тиімділігін бағалауға негіз болды

Жалпы, анықтаушы кезең болашақ педагогтардың рухани дүниетанымдық дамуын қамтамасыз ететін факторларды айқындап, тұлғалық-бағдарлы оқыту моделін тәжірибеде сынақтан өткізу үшін ғылыми-әдістемелік база қалыптастырды. Ол туралы біз келесі бөлімде тоқталамыз.

3.2 Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуға арналған әдістеме

Педагогикалық зерттеудің қалыптастырушы кезеңінде ғылыми гипотеза тәжірибемен тексеріліп, ұсынылған теориялық үлгі немесе модельдің педагогикалық шынайылық жағдайында қаншалықты нәтижелі әрі тиімді екенін айқындайды. Кезең зерттеуде жасалған құрылымдық-мазмұндық модельдің мазмұны мен әдістемелік негіздерін педагогикалық үдерісте жүзеге асырады.

Зерттеу жұмысында ұсынылған модель болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастыруға бағытталған тұлғалық-бағдарлы оқытудың мазмұны мен әдістерін қамтиды. Мұнда жеке тұлғаның рухани даму үдерісі жай ғана білім беру мазмұнын игерумен шектелмейді. Ол ең алдымен студенттің өзін-өзі тануы, ішкі дүниесіне үңілуі, рухани-адамгершілік бағдарлары мен құндылықтарын қалыптастыру арқылы жүзеге асады. Осы тұрғыдан алғанда, рухани дүниетанымды қалыптастыру болашақ педагогтің кәсіби-психологиялық дайындығының өзекті құрамдас бөлігі аясында қарастырылады.

Қалыптастырушы эксперименттің басты мақсатына болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуға бағытталған тұлғалық-бағдарлы оқытуға негізделген құрылымдық-мазмұндық модельдің тиімділігін педагогикалық тәжірибе жағдайында сынақтан өткізу жатады. Аталмыш мақсат тұлғаның ішкі рухани әлеуетін жандандыру, кәсіби-рухани рефлексияны

тереңдету және жеке өмірлік бағдарын айқындау бағытында жүргізілетін мақсатты педагогикалық әрекеттер кешенін қамтиды.

Мақсатқа қол жеткізуде төмендегідей міндеттер айқындалды:

- тұлғалық-бағдарлы оқыту негізінде жасалған құрылымдық-мазмұндық модель идеялық құрамын тәжірибеде қолдану жолдарын анықтау;
- болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуға арналған әдістемелік жүйені оқу үдерісіне ендіру;
- респонеденттердің рухани даму деңгейін айқындайтын өлшемдер мен көрсеткіштерді қолданып, эксперимент нәтижелерін бағалау;
- бақылау және эксперименттік топтар көрсеткіштерін салыстырып, модель тиімділігін дәлелдеу.

Эксперименттік жұмыс төмендегі құрылымдық компоненттерге сүйеніп жүргізілді:

1. Мотивациялық-мақсаттық блок

Кезең студенттердің рухани дүниетанымға қызығушылығы мен ішкі уәждерін анықтап, тұлғалық даму жолындағы жеке мақсаттарын айқындады. Арнайы рефлексиялық сұхбаттар мен сауалнамалар рухани сезімталдық деңгейлерін анықтады.

2. Гностикалық-мазмұндық блок

Экспериментте студенттерге ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік білім мазмұны ұсынылды. Арнайы элективті курс, тақырыптық дәрістер мен семинарлармен білім мазмұны тереңдетілді.

3. Процестік-іс-әрекеттік блок

Тұлғалық-бағдарлы оқыту технологияларын қолданып, студенттердің белсенді оқу іс-әрекеті ұйымдастырылды: жобалар қорғау, жағдаяттық тапсырмаларды шешу, шығармашылық жұмыстар мен топтық пікірталастар жүргізілді.

4. Бағалау-рефлексиялық блок

Студенттердің рухани даму деңгейін өлшеуде бақылау-критериалды жүйе қолданылды. Эссе, күнделік, өзін-өзі бағалау парақтары, сапалық және сандық диагностика әдістері (Рокич шкаласы) қолданылды. Бөлімде студенттердің өз-өзіне көзқарасы мен рухани ізденісінің динамикасы бағаланды.

Қалыптастырушы эксперимент болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамыту мақсатында жүргізіліп, зерттеудің теориялық моделіне негізделген үш кезеңнен тұрды: дайындық кезеңі, негізгі (іске асыру) кезеңі және қорытынды (бағалау) кезеңі. Әрбір кезең өзіндік мақсат-міндеттері мен мазмұндық ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылды.

1. Дайындық кезеңі

Кезеңде экспериментке қатысатын топтар іріктеліп, бастапқы рухани дүниетаным деңгейі анықталды. Анықтаушы эксперимент нәтижелері талданып, болашақ мұғалімдердің рухани дамуындағы қиындықтар мен қажеттіліктер айқындалды. Сонымен қатар, тұлғалық-бағдарлы оқытуға

сүйенетін құрылымдық-мазмұндық модель мазмұны нақтыланып, әдістемелік материалдар дайындалды.

Осы кезеңде келесі іс-шаралар жүзеге асырылды:

- «6В01101 - Педагогика және психология», «6В01403 - Бастапқы әскери дайындық», «6В01601 – Тарих» ББББ студенттеріне арналған «Рухани дүниетанымның мазмұны мен технологиясы» атты элективті курс бағдарламасы жасақталды;
- оқытушылармен әдістемелік семинарлар ұйымдастырылып, модельдің құрылымы мен мазмұны түсіндірілді.

2. Негізгі (іске асыру) кезеңі

Эксперименттің осы кезеңі тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясына сүйеніп, болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуға бағытталған оқу-тәрбие жұмыстары жүргізілді. Арнайы элективті курс шеңберінде рухани-адамгершілік мазмұндағы дәрістер, интерактивті сабақтар, шығармашылық жобалар, пікірталас алаңдары, эссе мен рефлексиялық күнделіктер ұйымдастырылды.

Кезеңде студенттер рухани құндылықтарды талдау, өмірлік мағыналарды іздеу, өзін-өзі тану, моральдық-этикалық мәселелерді шешу секілді іс-әрекеттерге белсенді тартылды. Сабақтарда рухани-танымдық сұхбат, кейс-әдіс, жағдаяттық тапсырмалар, құндылықтар иерархиясын құру әдістері пайдаланылды.

3. Қорытынды (бағалау) кезеңі

Қорытынды кезеңде студенттердің рухани дүниетанымындағы өзгерістерді анықтау мақсатында қайта диагностика жүргізілді. Эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелері салыстырылып, құрылымдық-мазмұндық модельдің тиімділігі статистикалық деректермен дәлелденді. Сонымен қатар, студенттердің өзіндік пікірлері, рефлексиялық жазбалары мен сапалық көрсеткіштері сараланып, эксперименттің жалпы педагогикалық ықпалы бағаланды.

Кезең нәтижесінде:

- рухани дүниетанымның даму деңгейлеріндегі айырмашылықтар айқындалды;
- тұлғалық-бағдарлы оқытудың рухани дамуға әсер ету дәрежесі анықталды;
- зерттеу нәтижелерін қорытындылау арқылы ұсыныстар мен тұжырымдар жасалды.

Қалыптастырушы эксперимент мазмұнын жобалауда болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудың педагогикалық шарттары мен құралдарын айқындау өзекті міндеттер қатарында қарастырылды. Бағытта зерттеудің теориялық негізінде ұсынылған құрылымдық-мазмұндық модель тұлғалық-бағдарлы оқыту қағидаттарымен расталып, оқу пәндерінің мазмұнына әдістемелік өзгерістер енгізу жүзеге асырылды.

Эксперимент шеңберінде болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамыту мақсатында келесі оқу пәндерінің мазмұнына тұлғалық-бағдарлы оқыту негізінде өзгерістер енгізілді:

«Рухани дүниетанымның мазмұны мен технологиясы» элективті курсы;

«Мәдениеттану» пәнінің мазмұнына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

«Педагогика» пәнінің мазмұнына өзгерістер мен толықтырулар енгізу.

Аталған пәндер мазмұны студенттің когнитивтік саласынан бөлек, рухани-адамгершілік, аксиологиялық және рефлексивтік даму аймақтарын қамтитын тапсырмалар, сұхбаттық-талдамалық әрекеттер, құндылықтарға бағытталған жобалармен толықтырылды.

Қалыптастырушы экспериментте басты мазмұндық құрал аясында арнайы әзірленген «Рухани дүниетанымның мазмұны мен технологиясы» атты элективті курс енгізілді (Қосымша И). Курс «6В01101 - Педагогика және психология», «6В01601-Тарих» және «6В01403 - Бастапқы әскери дайындық», білім беру бағдарламасының 2 және 3 курс студенттеріне арналған және оқу жоспарына енгізілді (Қосымша К). Курсқа оқу-әдістемелік кешен жасақталып, рухани дүниетаным ұғымының педагогикалық мәселелерін түсіндіретін теориялық және практикалық материалдармен қамтамасыз етілді.

Курстың мақсаты – студенттердің рухани көзқарастарын жүйелеу, құндылықтық бағдарларымен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, өзіндік сана мен рефлексияны дамыту арқылы тұлғалық даму ресурстарын жетілдіру. Мақсатты жүзеге асыруда курс мазмұны арнайы 15 лекциялық тақырыппен қамтылды.

Курстық мазмұн мен тақырыптық негіздеме (Педагогика және психология бағытындағы бейімделуі)

Курс тақырыптары болашақ педагог-психологтардың рухани дүниетанымын ғылыми-педагогикалық және психологиялық өлшемде дамытуға бағытталған. Әрбір дәріс тұлғаның ішкі жан дүниесін түсіну, рухани-адамгершілік қасиеттерді дамыту, кәсіби әрекетке рухани негіздерді енгізу мәселелерін қарастырады. Мазмұн өзегінде ұлттық рух, жалпыадамзаттық құндылықтар, тұлғалық даму мен рухани тәрбие идеялары тоғыстырылған.

Элективті курстың модульдік құрылымы. 1 модуль «Рухани дүниетанымның теориялық-әдіснамалық негіздері» (1–8 дәрістер). Модульде рухани дүниетанымның мәні, құрылымы, тарихи-философиялық және психологиялық негіздері қарастырылады. Болашақ мұғалімдердің кәсіби көзқарасында руханилықтың алатын орны теориялық жағынан талданады.

1. Педагогика және психология ғылымдарындағы дүниетаным түсінігі.
2. Рух және руханилық.
3. Рухани дүниетаным тұжырымдамасына кіріспе.
4. Рухани дүниетанымның негізгі компоненттері.
5. Рухани дүниетанымның философиялық негіздері.
6. Рухани дүниетаным ұғымының педагогикалық түсініктері.
7. Білім беру контекстіндегі руханилық.
8. Рухани дүниетанымның психологиялық аспектілері.

2 модуль «Рухани дүниетанымды қалыптастырудың технологиялары мен практикалық аспектілері» (9–15 дәрістер). Модульде рухани дүниетанымды дамытудағы педагогикалық әдістер, тәрбиелік ықпалдар, технологиялық мүмкіндіктер мен ұлттық рухани бағдарлар қарастырылады.

9. Рухани-адамгершілік тәрбие беру рухани дүниетанымды қалыптастырудың негізі ретінде

10. Рухани дүниетаным және құндылық бағдарларының ерекшеліктері

11. Рухани дүниетанымды дамытудағы педагогикалық тәсілдер

12. Қазіргі әлемдегі технологиялар және руханилық

13. Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастыруға ықпал жасайтын факторлар

14. Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытатын мәдени әлеуметтік факторлар

15. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының рухани дүниетанымды дамытудағы рөлі

Курс тақырыптарының сипаттамасы төмендегідей:

1-тақырып. Педагогика және психология ғылымдарындағы дүниетаным түсінігі – Дүниетаным ұғымының тарихи қалыптасуы, мифологиялық, діни, философиялық, ғылыми және гуманистік түрлеріне сипаттама беріледі. Психологиялық өлшемде адам дүниетанымының қалыптасу кезеңдері мен құрылымы қарастырылады. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби сана-сезіміне әсер ететін дүниетанымдық бағдарлар талданады.

2-тақырып. Рух және руханилық – «Рух» ұғымының мәні мен тұлғаның ішкі дамуындағы маңызы ашылады. Руханилықтың күрделілігі, көпқырлылығы, адам болмысына әсері мен кәсіби дүниетанымдағы орны сипатталады. Психологиялық аспектіде адамның рухани өмірінің құрамдастары саналатын ар-ождан, сенім, үміт, жауапкершілік, махаббат секілді ұғымдар талқыланады.

3-тақырып. Рухани дүниетаным тұжырымдамасына кіріспе – Рухани дүниетаным ұғымының ғылыми анықтамалары мен эволюциясы беріліп, қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайдағы мәні қарастырылады. Студенттердің рухани бағдарлары мен кәсіби ұстанымдарын қалыптастырудағы ұғымның рөлі сипатталады.

4-тақырып. Рухани дүниетанымның негізгі компоненттері – Құндылықтар, сенім жүйесі, өмірлік мағына, ар-ождан және этика рухани дүниетанымның өзегі түрінде зерттеледі. Тұлғаның рухани дамуындағы бұл компоненттердің өзара байланысы мен педагогикалық ықпалы түсіндіріледі.

5-тақырып. Рухани дүниетанымның философиялық негіздері – Ежелгі Грек, Үнді, Қытай философиясы және қазіргі заман философиялық ағымдарының рухани құндылықтарға көзқарасы талданады. Рухани тәрбие мен адамгершілік идеяларының педагогикалық үрдіске әсері көрсетіледі.

6-тақырып. Рухани дүниетаным ұғымының педагогикалық түсініктері – Тұлғалық даму, тәрбиелік ықпал, өзіндік сана және кәсіби өзін-өзі анықтау ұғымдары аясында рухани дүниетаным мазмұны талданады.

7-тақырып. Білім беру контекстіндегі руханилық – Білім беруде руханилықты енгізудің тарихи даму жолдары мен заманауи тәсілдері сипатталады. Оқытушы мен студенттер арасындағы рухани өзара әрекет тетіктері көрсетіледі.

8-тақырып. Рухани дүниетанымның психологиялық аспектілері – Эмоционалды интеллект, өзіндік реттеу, ішкі мотивация және рухани рефлексияның студент психологиясына ықпалы зерттеледі.

9-тақырып. Рухани-адамгершілік тәрбие беру рухани дүниетанымды қалыптастырудың негізі ретінде – Моральдық-этикалық құндылықтар, тәрбиенің мазмұндық және әдіснамалық ерекшеліктері талданады. Азаматтық қоғам және рухани тәрбие сабақтастығы көрсетіледі.

10-тақырып. Рухани дүниетаным және құндылық бағдарларының ерекшеліктері – Педагог-психологтың кәсіби дамуында рухани және кәсіби құндылықтардың алатын орны мен қалыптасу жолдары анықталады.

11-тақырып. Рухани дүниетанымды дамытудағы педагогикалық тәсілдер – Оқытуда қолданылатын әдістер: интерактивті оқыту, жобалық жұмыс, кейс әдісі, арт-терапия элементтері, тренингтер және рефлексиялық жаттығулар сипатталады.

12-тақырып. Қазіргі әлемдегі технологиялар және руханилық – Ақпараттық қоғам жағдайында рухани тәрбие трансформациясы, цифрлық орта ықпалы, технология көмегімен рухани даму мүмкіндіктері мен қауіптері талданады.

13-тақырып. Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастыруға ықпал жасайтын факторлар – Рухани кеңістік, адамгершілік күш, тұлғаның ішкі әлеуеті, рухани орта әсерінің педагогикалық және психологиялық салдары сипатталады.

14-тақырып. Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытатын мәдени әлеуметтік факторлар – Ұлттық құндылықтар, рухани мұралар, тарихи сана, халықтық рух пен тәрбиелік әлеует мәселелері қарастырылады.

15-тақырып. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының рухани дүниетанымды дамытудағы рөлі – Тарихи жадыны жаңғырту, ұлттық сана мен заманауи дүниетанымды сабақтастыру жолымен студенттердің рухани көзқарасын қалыптастыру тетіктері көрсетіледі.

17-кесте. Элективті курстың модульдік құрылымы мен мазмұны

Модуль	**Дәріс тақырыптары**	**Негізгі мазмұн**	**Қолданылатын әдістер**
1-модуль	1-8 дәрістер	Рухани дүниетанымның ұғымдық негіздері, теориялық-психологиялық құрылымы, білім берудегі маңызы	Лекция, рефлексия, дискуссия, мини-зерттеу
2-модуль	9-15 дәрістер	Рухани дамуды жүзеге асыратын педагогикалық технологиялар, құндылықтар жүйесі, ұлттық рух пен жаңғыру идеялары	Тренинг, практикалық тапсырма, жағдаяттық талдау, эссе

18-кесте. Курс мазмұнындағы сабақ жоспарының үлгісі

№	Дәріс тақырыбы	Мақсаты	Негізгі ұғымдар	Оқыту әдістері	БӨЖ түрлері
1	Педагогика және психология ғылымдарындағы дүниетаным түсінігі	Болашақ мұғалімдердің дүниетаным құрылымын түсіндіру	Дүниетаным, көзқарас, құрылым	Түсіндіру, талдау	Эссе, көзқарас кестесі
2	Рух және руханилық	Рух пен руханилық мәнін ашу	Рух, руханилық, тұлғалық даму	Дискуссия, мысал келтіру	Мәтінмен жұмыс, рефлексия
3	Рухани дүниетаным тұжырымдамасына кіріспе	Руханилықтың эволюциясын сипаттау	Рухани даму, концепт	Лекция, сұрақ-жауап	Презентация жасау
4	Рухани дүниетанымның негізгі компоненттері	Рухани құндылықтардың мәнін ұғыну	Құндылық, мораль, сенім	Талдау, топтық жұмыс	Кейс талдау
5	Рухани дүниетанымның философиялық негіздері	Философиялық бағыттарды қарастыру	Антикалық және заманауи ойлар	Салыстыру, пікірталас	Философиялық эссе
6	Рухани дүниетаным ұғымының педагогикалық түсініктері	Педагогикалық ұстанымдарды тану	Педагогикалық көзқарас	Тренинг, SWOT талдау	Оқулықпен жұмыс
7	Білім беру контексі	Білім беру мен руханилық байланысын анықтау	Мектеп руханилығы	Жағдаят шешу	Рөлдік ойын
8	Психологиялық аспектілер	Эмоционалды интеллект байланысын түсіну	Эмоция, тұрақтылық	Рефлексия, жаттығу	Эмпатиялық күнделік
9	Рухани-адамгершілік тәрбие	Адамгершілік тәрбиенің рөлін көрсету	Гуманизм, тәрбие	Ситуациялық сұрақтар	Мәнжазба
10	Құндылық бағдарлар	Педагогикалық құндылықтарды талдау	Бағдар, ұстаным	Анализ, дебат	Эссе
11	Педагогикалық тәсілдер	Интерактивті әдістерді меңгеру	Интерактив, рухани өсу	Презентация, тренинг	Жобалық жұмыс
12	Технология және руханилық	Цифрлық және рухани тепе-теңдікті бағалау	Кибермәдениет, қауіп	Талдау, диалог	Сын тұрғысынан эссе

18-кестенің жалғасы

13	Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастыруға ықпал жасайтын факторлар	Жеке рухани тәжірибені анықтау	Ішкі рух, құндылықтар	Сауалнама, тест	Рухани тәжірибе жазбасы
14	Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытатын мәдени әлеуметтік факторлар	Ұлттық рух пен мәдениетті байланыстыру	Ұлт, рухани мұра	Топтық талдау	Мәдени эссе
15	«Рухани жаңғыру» бағдарламасының рухани дүниетанымды дамытудағы рөлі	Қоғамдық сана мен тарихтың байланысын ұғыну	Сана, жаңғыру	Видеоанализ, талдау	«Менің жаңғыру жолым» жобасы

19-кесте. Практикалық сабақтардың мазмұны мен құрылымы

№	Практикалық сабақ тақырыбы	Мазмұны
1	Дүниетанымның педагогикалық аспектілері	Дүниетаным құрылымы. Адам дүниетанымының мәні, мазмұны мен құрылымы. Мұғалім дүниетанымының құрылымы және мәселенің негізгі қағидалары.
2	Тұлға дамуындағы рух пен руханилықтың маңызы	Рух ұғымының философиялық және психологиялық көзқарастары. Көрнекті тұлғалар өмірбаяны негізінде жеке дамудағы рухтың рөлін анықтау. Ғылым мен мәдениеттегі руханилықтың түрлі анықтамалары.
3	Рухани дүниетаным тұжырымдамасын зерттеу	Рухани дүниетаным дегеніміз не? Студенттер тәжірибесі. Айқын рухани ұстанымы бар танымал тұлғалар өмірбаяны. Тұлғаның рухани құндылықтарының картасын қалыптастыру.
4	Рухани дүниетанымның іргелі элементтері	Тестілеу және өзін-өзі талдау арқылы жеке құндылықтарды анықтау. Рухани дүниетанымның этикалық дилеммалары. «Менің рухани даму жолым» тақырыбында эссе жазу.
5	Рухани дүниетанымның философиялық негіздері	Антикалық философтардың руханилық туралы көзқарастары. Қазіргі білім беруде қолданылатын философиялық идеялар ізденісі.
6	Рухани дүниетанымның педагогикалық және психологиялық негіздері	Мұғалімнің дүниетанымы мен рухани дүниетанымының ара-қатынасы. Педагогиканың жалпы негіздерін оқыту барысындағы болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастыру мен дамыту.
7	Білім беру ортасындағы руханилық	Рухани білім берудің тарихи алғы-шарттары. Мұғалім оқушылардың рухани дүниетанымын дамытатын тәлімгер. Әдістемелік шағын жоба әзірлеу: «Рухани дамыған оқушыны қалай тәрбиелеу керек».

19-кестенің жалғасы

8	Психологиядағы рухани дүниетаным аспектілері	Рухани және эмоционалды интеллект тестілері. Руханилықтың психикалық денсаулыққа әсері. Эмоционалды тұрақтылық техникасы.
9	Рухани-адамгершілік тәрбие берудің мақсаты мен міндеттері	Педагогика мен психологиядағы рухани-адамгершілік тәрбие берудің негізгі мақсаттарын талдау. Рухани-адамгершілік тәрбие берудің отандық және шетелдік тәсілдерін салыстырмалы талдау. Гуманизм ұғымы және оның оқу-тәрбие процесіндегі көріністері.
10	Педагогика және психологиядағы аксиологиялық тәсіл	Құндылық өлшемдерінің ғылымда қарастырылуы. Педагогикалық аксиологияның пәні. Рухани құндылықтар және педагогикалық құндылықтардың ара-қатынасы.
11	Рухани дүниетанымды дамытудағы педагогикалық тәсілдер	Рухани тәрбие элементтерін пайдаланатын сабақтар. Рухани оқыту әдістемесін әзірлеу. Рухани тәрбиедегі қиындықтар.
12	Қазіргі әлемдегі технологиялар және руханилық	Онлайн білім беру платформалары мен рухани дамуға арналған қосымшалар. Цифрлық руханилық: миф пе, әлде шындық па? Рухани өсу шарттарындағы цифрлық кеңістік тұжырымдамасы.
13	Рухани дүниетанымды қалыптастыратын факторлар	Рухани дамудың бастаулары мен қайнар көздері. Рухани қажеттіліктердің қалыптасуы және дамуы. Рухани кеңістік, абсолюттік рух, адами рух пен рухани азықтың тұлға дамуына ықпалы. Рухани күш пен рухани көмектің адамның тұлғалық қалыптасуына әсері. Рухани байлықты сақтау және дамыту жолдары. Рухани ортаның адамға ықпалы. Рухани тазару мен рухани бейне қалыптастыру әдістері.
14	Рухани дүниетанымды дамытатын факторлар	Рухани жүйенің мәні мен маңызы: ұлттық рух, отаншылдық рух, халықтық рухтың адам тұлғасының қалыптасуындағы рөлі. Рухани болмыстың адам өміріндегі рөлі. Жеке тұлғаның рухани тазалығы мен рухани жоғарылығы. Өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетілдіру тәжірибелері. Қазақ халқының рухани мұрасы: фольклор, әдебиет, өнер, музыка. Ұлттық дәстүрлер мен рухани тәрбиенің өзара байланысы. Заманауи қоғамда рухани денсаулықты сақтау жолдары.
15	«Рухани жаңғыру» бағдарламасы және рухани дүниетаным	«Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі бағыттары және оның рухани дүниетанымды дамытудағы рөлі. Қоғамдық сананы жаңғыртудың жобалары мен олардың жастарға ықпалы. «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының маңызы және тарихи сананы жаңғыртудағы рөлі. Заманауи қазақстандық қоғамдағы рухани құндылықтар және олардың дамуы. «Рухани жаңғыру» аясында жүзеге асырылып жатқан әлеуметтік және мәдени жобалар.

Курс мазмұны теориялық дәрістер мен практикалық сабақтар, тұлғалық дамуға бағытталған білім алушының оқытушымен өзіндік жұмысы сабақтарының жәрдемімен студенттердің алған білімдерін өмірлік жағдаяттарда қолдану, педагогикалық қызметтегі рухани-адамгершілік бағдарын нақтылау және өзінің ішкі рухани әлеміне үңілуге мүмкіндік береді. Тәсіл болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамыту, кәсіби бағыттылығын

құндылықтар негізінде қалыптастыру және рефлексиялық қабілеттерін жетілдіреді. Сонымен қатар, БАОӨЖ білім алушылардың өздігінен ой қорыту, рухани категорияларды күнделікті өмірмен байланыстырып түсіндіру және кәсіби іс-әрекетінде қолдана алу дағдыларын дамытады. Сабақта студенттер шығармашылық ізденіс, топтық өзара әрекет, пікір алмасу және жағдаятты шешу құралымен педагогикалық процестегі руханилықтың мәнін түсінеді.

БАОӨЖ сабақтар тақырыптары курс мазмұнын меңгеруге бағытталған және болашақ мұғалімдердің рухани дамуына жетекші рөл атқаратын құндылықтық, дүниетанымдық мәселелерді қамтиды. Әрбір сабақта студенттің рухани рефлексиясы, құндылықтармен жұмыс жасау дағдысы, моральдық-этикалық пайымдауы дамиды. Сабақтар мазмұны іріктеліп, студенттердің тұлғалық және кәсіби дамуына қызмет ететін нәтижеге бағытталған әрекеттерге жұмылдырылады. Осы орайда, төменде элективті курстың БАОӨЖ бөлімін жүзеге асыруға арналған сабақтардың құрылымы мен мазмұны ұсынылған.

20-кесте. БАОӨЖ сабақтарының мазмұны мен құрылымы

Тақырыптары	**Мақсаты**	**Негізгі тапсырмалар**	**Нәтижелер**
Дүниетанымдық портрет құрастыру	Жеке дүниетанымды талдау	Сауалнама, автопортрет	Өзіндік сана, рефлексия
Рухани күнделік жүргізу	Ішкі рухани тәжірибені тану	Жетістік және сын сәттерімен жұмыс	Эмоциялық тұрақтылық
Рухани ситуацияларды шешу	Моральдық-этикалық шешім қабылдау	Кейс-тапсырма, талдау	Құндылық таңдауы
Құндылықтар пирамидасын құрастыру	Жеке басым құндылықтарды анықтау	Топтық жұмыс, диаграмма	Құндылықтар иерархиясы
«Мен – болашақ мұғалім» жобасы	Рухани-педагогикалық болмысты анықтау	Презентация, рефлексия	Кәсіби бағдар
Ұлттық рухани мұрамен танысу	Мәдени мұра және руханилық байланысы	Этнографиялық зерттеу, коллаж	Ұлттық сана
Кітап-рухани қазына	Кітап оқу мәдениеті арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби-адамгершілік құндылықтарын тереңдету, рухани дүниетанымды дамыту	Менің сүйікті кітабым тақырыбында таңдауындағы кітабы туралы рухани әсерін, ой толғамын жазбаша түрде баяндау	Болашақ мұғалім үшін кітаптың рухани қазына екенін ұғынады.

20-кестенің жалғасы

Рухани дамуға ықпал ететін Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы	«100 жаңа оқулық» жобасы негізінде аударылған әлемдік оқулықтардың әлемдік білім кеңістігіне жол ашатын алтын білім көпірі екенінің маңызын түсіндіру арқылы, білімнің құндылығын ашу.	Гуманитарлық бағыттағы әлемдік оқулықтардың біреуіне таңдау жасап, талдау.	Әлемдік ғылыми жетістіктермен танысу арқылы ойлау мәдениеті, сыни көзқарас, салыстырмалы талдау пайымын дамыту.
«Менің дүниеге көзқарасым» эссе	Болашақ мұғалімдердің өзіндік дүниетанымын пайымдауға, рухани адамгершілік құндылықтары негізінде өзіндік көзқарасын қалыптастыруға, тұлғалық дамуына ықпал ету	Эссе жазу	Өзін - өзі тану және кәсіби жауапкершілігін сезіну
«Рухани жаңғыру» жобаларын талдау	Қоғамдық сана мен ұлттық идеяны түсіну	Видео, дискуссия	Азаматтық ұстаным

Курстың тиімділігін арттыруда студенттердің оқу жетістіктері өлшенетін критерийлермен бағаланады. Жоғары оқу орны тәжірибесіне сай бағалау ағымдық (формативті) және қорытынды (суммативті) түрде жүзеге асырылды.

Ағымдық бағалау оқу үдерісіндегі студенттің белсенділігі, пікірталасқа қатысуы, практикалық тапсырмаларды орындауы, өзіндік жұмысты тапсырумен жүргізіледі. Қорытынды бағалау межелік бақылаулар, қорытынды жоба, емтихан нәтижелерімен жүзеге асырылды.

Бағалау студенттердің теориялық білімді меңгеруімен қатар, практикалық дағдылары мен тұлғалық-рухани дамуына да басымдық береді. Әрбір тапсырма рухани дүниетанымды бағалауға бағытталған құндылықтық және әрекеттік өлшемдерге сүйеніп бағаланады.

21-кесте. Бағалау критерийлері мен жетістікті бақылау әдістері

Бағалау компоненті	**Критерийлер**	**Балл**	**Бақылау түрі**
Теориялық білім	Лекция мазмұнын меңгеру, ұғымдарды түсіну	20	Ауызша жауап, тест
Практикалық тапсырма	Шығармашылық, дәлелділік, құндылықтарға сүйену	30	Тапсырма қорғау
Рефлексия және эссе	Өзіндік көзқарас, рухани ой тұжырымдары	20	Жазбаша жұмыс
Топтық жұмыс	Ынтымақтастық, идеяны бөлісу, талдау	10	Презентация, пікірталас
БӨЖ	Белсенділік, дербестік, уақытылы орындау	20	Онлайн немесе жазбаша

Элективті курс болашақ педагог-психологтардың тұлғалық дамуы, рухани дүниетанымын қалыптастыру, кәсіби құндылықтарын нығайтады. Пән мазмұнына енгізілген тұлғалық-бағдарлы және құндылықтар бағыттары студенттердің ішкі рефлексиясын күшейтіп, кәсіби қызметке рухани тұтастықпен келуін қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, зерттеуде болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастыруда «Мәдениеттану» пәнінің мазмұндық әлеуеті ескеріліп, мазмұнына толықтырулар мен өзгерістер енгізуді жөн санадық (Қосымша Қ). Себебі, пән мәдени ақпараттан бөлек, тұлғаның ішкі рухани әлеміне әсер ететін, тарихи-мәдени мұраларды ұлттық және адамзаттық шеңберде пайымдайтын білім саласы. Осыған байланысты пән мазмұнын жаңарту қажеттілігі туындады.

Жүргізілген алдын ала талдаулар мен анықтаушы эксперимент нәтижелері көрсеткендей, пәннің дәстүрлі құрылымында рухани құндылықтарды зерделеуге бағытталған мазмұн жеткіліксіз болды. Сонымен қатар, студенттердің рефлексиялық ойлауы, рухани-адамгершілік ұстанымдары мен кәсіби-этикалық жауапкершілігін дамытуға ықпал ететін әдістемелік құралдар жеткіліксіз пайдаланылды. Ахуал «Мәдениеттану» пәнінің мазмұнын рухани дүниетанымды дамыту бағытымен толықтыру сұранысын туындатты.

Пәнге жаңа тақырыптар мен мазмұн элементтерін енгізу болашақ мұғалімдерге:

- рухани құндылықтар мен ұлттық дүниетанымның маңызын түсіндіру;
- мәдениет көмегімен адамның рухани болмысын тану;
- педагогикалық қызметте мәдени және рухани бағытты ұштастырып қолдануға жол ашады. Пән мазмұны ақпарат беретін сипаттан шығып, болашақ мұғалімдердің кәсіби тұлғалық дамуына ықпал ететін рухани-педагогикалық ортаға айналады тұжырымына келдік.

22-кесте. «Мәдениеттану» пәнінің мазмұнын толықтыруда таңдалған тақырыптар

№	Тақырып атауы	Мақсаты	Негізгі мазмұны	Практикалық тапсырмалар	Оқыту әдістері	Бағалау өлшемдері	Күтілетін нәтиже
1	Ұлттық құндылықтар болашақ педагог тұлғасының рухани негізі	Ұлттық құндылықтардың болашақ мұғалім тұлғасын қалыптастырудағы рөлін түсіндіру	Қазақы дүниетаным мен рухани құндылықтардың мәдени көрінісі	Эссе жазу, ұлттық құндылықтарды талдау	Әңгіме, талқылау	Рефлексия тереңдігі, құндылықтарды анықтау	Ұлттық рухты ұғыну, кәсіби бағдарға қосу

22-кестенің жалғасы

2	Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы және оның педагогикалық әлеуеті	Дәстүрлі дүниетанымның тәрбиелік маңызын ашу	Жаратылысқа көзқарас, адам мен қоғам байланысы	Дәстүрлерге қатысты жағдаятты шешу	Интерактивті дәріс	Құндылықтық талдау	Дәстүрлік бағдарларды кәсіби іске қолдану
3	Рухани-мәдени мұралар және олардың тәрбиелік мәні	Мәдени мұралардың рухани маңызын түсіндіру	Фольклор, салт-дәстүр, ауызша/жазба мұра	Мәтінмен жұмыс, фольклор талдауы	Жоба әдісі, презентация	Тәрбиелік идеяларды меңгеру	Мәдени мұраны кәсіби қызметке біріктіру
4	Педагогикалық идеал және рухани кемелдену мәселелері	Мұғалімнің рухани бейнесін талдау	Педагогикалық идеал ұғымы, мәдени модельдер	Мұғалім бейнесін сипаттау	Кейс-стади, пікірталас	Кәсіби-рухани модель қалыптастыру	Рухани кемелдену бағыттарын тану
5	Қазіргі білім беру кеңістігіндегі руханилық мәселелері	Заманауи рухани дағдарысты түсіну	Құндылықтық вакуум, ізгілендіру	Мақала талдау, пікірталас	Дөңгелек үстел	Жаңашыл идеялар енгізу	Қоғамдық сана мен рухани лық байланысын тану
6	Оқу мазмұнына рухани құндылықтарды кіріктіру жолдары	Интеграция мүмкіндіктерін көрсету	Интеграцияланған сабақ, рухани контекст	Интеграция үлгісін құрастыру	Практикалық талдау	Құндылықтық мазмұн енгізу қабілеті	Креативті әдістер арқылы кіріктіру
7	Тұлғаның рухани рефлексиясын дамыту: тәсілдер мен құралдар	Рефлексиялық дағдыларды дамыту	Рефлексиялық күнделік, эссе, пікірталас	Эссе жазу, рефлексия жүргізу	Жобалық жұмыс, өзіндік талдау	Сапалы рефлексия, рухани тереңдік	Өзін-өзі тану мен кәсіби бағдарағы прогресс

«6В01101 – Педагогика және психология», «6В01403 – Бастапқы әскери дайындық», «6В01601 – Тарих» білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларына талдау жүргізуде біз «Педагогика» пәнін іріктеп алдық. Себебі, пәннің мазмұнын жаңарту болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын

тұлғалық-бағдарлы оқыту тәсілдерімен дамыту әлеуеті айқын көрінді. Осы негізде «Педагогика» пәнінің мазмұнына рухани дүниетанымды дамытуды көздейтін арнайы әдістемелік өзгерістер енгізілді (Қосымша Қ). Пән болашақ мұғалімдердің кәсіби әрекетін ізгілендіру, оқу-тәрбие процесінде рухани-адамгершілік бағытты басшылыққа алудың құралы деңгейінде қарастырылды. Пәннің жаңартылған мазмұны болашақ педагогтің оқу іс-әрекетін ұйымдастыру, тұлға дамуын ескеріп оқыту мазмұнын жобалау және оқу ортасын құру іскерліктерін қалыптастыруға бағытталған. Сонымен қатар, пән мазмұны зерттеу тақырыбымыз, болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамыту бағытымен тікелей сабақтас. Педагогика пәніне рухани-адамгершілік мазмұнмен кіріктіру пәннің студенттің ішкі құндылықтарын тәрбиелеу, кәсіби-рухани рефлексия жасау және гуманистік педагогикалық ұстанымдарды қалыптастырады.

Жаңа мазмұнда келесі тақырыптар мен бағыттар қамтылды:

Педагогика пәнінің дидактикалық бөліміне енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тезис түрінде ұсынамыз:

Тақырып 1: Тұлғалық-бағдарлы оқыту - білім берудің жаңа парадигмасы

Тұлғалық-бағдарлы оқыту білім берудің сыныптық-сағаттық, білімді-орталықты үлгісінен түбегейлі ауытқитын заманауи педагогикалық парадигма. Оның негізгі идеясы - білім алу процесінің орталығына оқушының жеке тұлғасын, оның бірегейлігін, ішкі әлемін, субъективтік тәжірибесін, қажеттіліктері мен даму әлеуетін қою. Бұл парадигманың басты мақсаты білімді меңгерту ғана емес, оқушының толыққанды тұлға ретінде дамуына, өзін-өзі ашуына және өз тағдырын өзі шеше алу қабілетін (автономиясын) қалыптастыруға қолайлы жағдай жасау. Оның негізгі сипаттамаларына мыналар жатады: білім беруді жекелеңдіру мен диференциациялау, оқу процесінде таңдау еркіндігін қамтамасыз ету, диалог пен ынтымақтастық ортасын құру, оқушының рефлексиясы мен өзін-өзі бағалауын арттыру, ал мұғалімнің рөлін транслятордан фасилитаторға (процесті жеңілдетуші) және жеке дамудың көмекшісіне өзгерту.

Тақырып 2: Тұлғалық-бағдарлы оқыту ортасы

Бұл тақырып тұлғалық-бағдарлы оқытуды іс жүзінде қалай ұйымдастыру керектігін, яғни оның педагогикалық процесі мен ортасын қарастырады. Негізгі мақсат – дәстүрлі сабақ форматы мен мұғалім-оқушы қатынасының ерекшеліктерін түсіндіру. Бірінші: сабақтың технологиялық картасы мен сценарийі (белсенді әдістер, жобалық жұмыс, зерттеу, топтық пікірталас). Екінші: диалог пен ынтымақтастыққа негізделген психологиялық-педагогикалық ортаны құру шарттары (сенім, қабылдау, өзара құрмет). Үшінші: мұғалімнің рөлі мен кәсіби құралдарының эволюциясы (фасилитатор, әдіснамалық кеңесші ретіндегі іс-әрекеттері).

Тақырып 3: Тұлғалық-бағдарлы оқытудағы танымдық бағалау және рефлексия

Тақырып тұлғалық-бағдарлы парадигманың ажырамас бөлігі – жетістіктерді бағалаудың жаңа жүйесін талдауға арналған. Негізгі мақсат –

бағалаудың мазмұны мен функцияларының (тек білімді тексеруден тұлғалық өсу мен ішкі мотивацияны қолдауға дейін) қалай өзгеретінін көрсету.

1. Бағалаудың формативті (үдерістік) және сомативті (қорытынды) түрлерінің мәні мен арақатынасы.

2. Өзін-өзі бағалау, портфолио (тұлғалық оқу картасы), диагностикалық күнделік сияқты рефлексиялық бағалау әдістері.

3. Бағалау критерийдерінің жекелендіруі (жеке табыстың өсуін өлшеу) және оның оқушының автономиясы мен жауапкершілігін дамытудағы ролі.

Педагогика пәнінің тәрбие теориясы мен технологиясы бөліміне енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тезис түрінде ұсынамыз:

Тақырып 1: Рухани-дүниетанымдық тәрбие түсінігі және маңызы

Рухани-дүниетанымдық тәрбие – бұл білім беру жүйесінің ажырамас міндеті, өйткені ол адамның жеке басын қалыптастыруға бағытталған және жалпыадамзаттық құндылықтарды, сыни ойлауды және өзін-өзі аңғаруды дамытуға әкеледі.

Қазіргі ақпараттық қоғамның шынайы мәселесі – жастардың құндылықтық бағдарсыздығы, бұл рухани-дүниетанымдық тәрбиені тек дәстүрлі қажеттік емес, сонымен қатар заман талабына айналдырады.

Рухани тәрбиені діни тәрбиемен теңестіруге болмайды; ол кеңірек, адамгершіліктік-гуманистік негізге ие және кез келген мәдени-әлеуметтік контексте қолданылатын педагогикалық стратегия болып табылады.

Тақырып 2: Рухани құндылықтарды қалыптастырудың педагогикалық технологиялары

1. Рухани-этикалық құндылықтарды игерудің педагогикалық механизмдері (әдеби-көркем әдістер, дилеммаларды талдау, рөлдік ойындар) оқушының субъективті тәжірибесін қалыптастыруға ықпал ететін эмоционалды-көңіл күйлік әсер ету тетіктері ретінде қызмет етеді.

2. Жобалық-іс-әрекеттік әдістер (әлеуметтік жобалар, волонтерлік қызмет, тарихи-мәдени зерттеулер) оқушының белсенді позициясын қамтамасыз етеді және рухани құндылықтарды іс-тәжірибеге енгізу арқылы оларды ішкі нанымға айналдыруға әкеледі.

3. Тәрбие процесіндегі рефлексиялық-талдау технологиялары (өзін-өзі талдау, пікірталас, портфолио) оқушының құндылықтар иерархиясын саналы түрде құруына және өз іс-әрекетінің моральдық негіздерін түсінуіне мүмкіндік береді.

Тақырып 3: Рухани тәрбие процесіндегі мұғалім субъектілігі: Тұлғалық даму

1. Мұғалімнің тұлғалық-кәсіби қасиеттері және оның субъективтік құндылықтар жүйесі рухани тәрбие үдерісінің басты мазмұндық ресурсы болып табылады және оқушы үшін транслицияланбайтын, бірақ тікелей қабылданатын үлгі ретінде әрекет етеді.

2. Тәрбиелеуші кеңістіктің психологиялық-педагогикалық ахуалын қалыптастыру (сенім, диалог, құрмет, көтермелеу ортасы) мұғалімнің

коммуникативтік-гуманистік құзыреттілігінің көрінісі болып табылады және құндылықтардың еркін қабылдануының негізгі алғышартын жасайды.

3. Мұғалімнің рефлексивтік-дамытушылық позициясы, оның өзін-өзі тануы мен кәсіби өсуі рухани тәрбиені ұйымдастыру қабілетінің ажырамас шарты болып табылады, өйткені тек ішкі дамыған тұлға ғана басқа тұлғаның дамуын тиімді қолдай алады.

Тақырыптар курс мазмұнындағы болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігімен қатар, рухани-адамгершілік болмысын қалыптастыруға бағытталған біртұтас білім беру ортасын құруды көздейді. Қалыптастырушы эксперимент болашақ мұғалімдердің рухани-адамгершілік дамуын тереңдетіп, тұлғалық кемелденуін қолдау мақсатында қосымша педагогикалық құрал студенттердің жеке рефлексиялық портфолиосын жүргізу тәжірибеге енгізілді. Бағыт студенттердің теориялық білімімен бірге, өзін-өзі тану, құндылықтық бағдарын айқындау, ішкі рухани болмысына талдау жасау қабілеттерін қалыптастыруға бағытталды.

Портфолио жүргізудің мақсаты: студенттердің рухани өсуінің динамикасын бақылау, өзіндік санасын жетілдіру, тұлғалық даму ресурстарын белсендіру. Міндеттеріне студенттердің рухани ұстанымдарын жүйелеу, рухани-адамгершілік тақырыптарда рефлексия жасау дағдыларын дамыту, педагогикалық әрекеттегі құндылықтарға сай шешім қабылдау қабілетін қалыптастыру белгіленді.

23-кесте. Жеке рефлексиялық портфолио құрылымының мазмұны

Компонент атауы	**Мазмұны мен мақсаты**
Рухани тақырыптағы эсселер	Студенттер өздерінің ішкі сенімдері мен құндылықтары ой-толғауларын эссе түрінде баяндады. Шығармалар олардың рухани-адамгершілік ұстанымдарын жүйелеу, рефлексиялық ойлауды дамытуға мүмкіндік берді.
Апталық рухани күнделік жазбалары	Студенттер апта сайын рухани әсер алған жағдайлар, оқиғалар мен ішкі күйзелістер жайлы күнделік жазды. Тәжірибе бақылау, эмоциялық тұрақтылық пен саналы өзін-өзі тануға негіз болды.
Жағдаяттық тапсырмалар мен кейс-талдаулар	Болашақ педагогтар студенттер кәсіби өмірінде кездесуі ықтимал рухани-адамгершілік мазмұндағы жағдайларды талдап, шешім қабылдау тетіктерін сипаттады.
Көркемдік-шығармашылық жұмыстар	Өлең, сурет, эссе, миниатюралармен студент өзінің ішкі әлемін көркемдік тілмен жеткізді. Бағыт эстетикалық қабылдау, тұлғалық тереңдікті арттырды.
Өзіндік бақылау және рефлексия парақтары	Студент әрбір апта немесе модуль соңында өзінің рухани даму деңгейі, күйі, құндылықтар өзгерістерін сипаттап отырды. Рефлексия позитивті трансформацияны бақылауға мүмкіндік берді.

Компоненттердің әрқайсысы студенттің тұлғалық-рухани даму деңгейі, ішкі рефлексия қабілеті және кәсіби көзқарасының қалыптасуын кешенді бағалайды. Портфолио материалдары студенттердің оқу үдерісіне белсенді қатысуымен қатар, рухани әлеміне үңілуі, өз тәжірибесін саналы пайымдап, құндылықтарды қайта қарау дағдыларын дамытты.

Төменде аталмыш компоненттердің тәжірибеде қалай іске асырылғаны мысалдармен ұсынылады. Мысалдар портфолио мазмұнының студенттер дүниетанымына әсері, ішкі рухани ізденістер мен кәсіби қалыптасудағы рефлексиясын тереңдеткенін айқын көрсетеді.

1. Рухани тақырыптағы эсселер. «Мен үшін руханилық дегеніміз не?» тақырыбындағы эсселер студенттердің рухани құндылықтарға көзқарасы, ішкі рефлексия қабілеті, тұлғалық даму деңгейін байқатты. Бір респондент өзінің балалық шағындағы отбасылық тәрбие мен ұлттық салт-дәстүрлердің ықпалы жайлы жазып, ата-анасының адамгершілікке негізделген қарым-қатынасы мен үйдегі рухани атмосферасының болашақ мұғалім мәнінде көзқарасының қалыптасуына қалай әсер еткенін талдады. Эсседе ол ұстаздық кәсібін ішкі сеніммен байланыстырды.

Екінші респондент эсседе жеке өмірінде бастан кешкен рухани дағдарыс сәтін сипаттап, үдерістің құндылықтарды қайта қарауына себеп болғанын баяндады. Бұл кезеңде жалғыздық сезімі мен мағынасыздықпен бетпе-бет келіп, өзін іздеу жолында рухани әдебиеттер, психологиялық өзін-өзі тану жаттығуларына жүгінгенін атап өтті. Нәтижесінде мейірімділік, кешірімділік және адамға қызмет ету секілді құндылықтарды өзінің өмірлік қағидаттарына айналдырғанын жазды.

Сонымен қатар, бірқатар студенттер жаһандану жағдайындағы құндылықтар өзгерістері, жастар арасында рухани құндылықтардың көмескіленуі және әлеуметтік желілердің рухани дамуға әсері сияқты тақырыптарға талдау жасап, процестердің болашақ мұғалімдердің жауапкершілігімен ұштасатынын көрсетті. Эсселер студенттердің өз өмірлік тәжірибесіне сүйеніп, рухани категорияларды кәсіби қызметпен байланыстырғанын және рефлексиялық ойлауға бейімділігін айқындады.

2. Апталық рухани күнделік жазбалары. Болашақ мұғалімдерге әр аптаның соңында өздерінің жеке рухани тәжірибелері мен ішкі күйзелістерін сипаттайтын күнделік жазбаларын жүргізу тапсырылды. Жазбалар олардың кәсіби-педагогикалық болмысын қалыптастырудағы рухани серпілістері мен ішкі құндылықтарын түсінуге мүмкіндік берді.

Мәселен, бір болашақ бастауыш сынып мұғалімі мектептегі практикалық сабақ кезінде оқушымен болған шағын тілдесуден ерекше әсер алғанын сипаттап жазды. Оқушының шынайы ықыласы мен сенімі бойындағы жауапкершілік пен адамгершілікке ішкі қажеттілікті оятқан. Тәжірибе күнделік жазбасында ұстаздық мамандықтың рухани қырларын сезінуге түрткі болған жағдайда талданған.

Тағы бір студент күнделігінде қарттар үйіне барған волонтерлік іс-шарада қарияның өмір туралы ойларын тыңдап, шынайы ризашылықты сезінген сәтін сипаттады. Оқиға болашақ мұғалім миссиясының білім берумен шектелмейтінін, ізгілік, қамқорлық, жан жылуын жеткізу екенін ұғынуға сеп болғанын жазды.

Апталық күнделік болашақ мұғалімдердің өзіндік сана мен рефлексия дағдыларын дамытып, кәсіби дүниетанымының рухани компоненттерін жүйелеуге ықпал етті.

3. Жағдаяттық тапсырмалар мен кейс-талдаулар нәтижелері. Студенттерге кәсіби қызметте жиі кездесетін рухани-адамгершілік мазмұндағы жағдаяттар ұсынылып, сол жағдайға қатысты шешім қабылдау, өз ұстанымын дәлелдеу және баламалы әрекеттерді сипаттау тапсырылды. Тапсырмалар болашақ педагогтердің құндылықтық бағдары, кәсіби-этикалық жауапкершілігі, тұлғалық рефлексиясын дамытуға бағытталды.

1 жағдаят. Сыныпта белсенді оқушы басқа балалардан үнемі озат екенін білдіріп, өзін жоғары қойғанды ұнатады. Бұл өзге оқушылардың өз-өзіне сенімсіздігін арттырып, сынып ішінде алауыздық тудырып жүр. Мұғалім қандай шешім қабылдауы керек? Студенттер бұл жағдаятта мұғалім мақсаты оқушының өзін-өзі бағалауын түзету емес, ұжымда қарым-қатынастың рухани негіздерін қалыптастыруды ұсынды. Топтық жұмыс ұйымдастыру, бір-бірін қолдау мәдениетін қалыптастыру арқылы бәсекелестікті серіктестікке айналдыру жолын таңдады. Сонымен қатар, дарынды оқушыны сыныптың эмоционалдық көшбасшысы түрінде жұмылдырып, өзге оқушыларға үлгі болуға тәрбиелеу ұсынылды.

2 жағдаят. Бастауыш сынып оқушысы сыныптастарымен ашық сөйлеспейді, үнемі оқшау жүреді, сабаққа белсенді қатыспайды. Мұғалім қандай әрекет жасауы керек? Студенттер өз шешімінде оқушыны психологиялық жағынан қолдап, алдымен сенімді қарым-қатынас орнату қажет екенін жазды. Баламен жеке сұхбат жүргізу, тыныштық орнатылған ортада сурет салу, еркін жазу әдістерімен ішкі жан күйін анықтауды ұсынды. Сонымен бірге, ата-ана және мектеп психологымен бірлесіп оқушыны әлеуметтік бейімдеуге бағытталған кешенді шаралар жүргізу қажет екенін атап өтті. Ұсынылған кейстер болашақ мұғалімдердің кәсіби-психологиялық және рухани дайындығын дамытуға ықпал етті. Студенттер өз шешімдерінде этикалық, тұлғалық, рухани құндылықтарды үйлестіретін әрекет етуді үйренді.

Тапсырмалар болашақ мұғалімдердің шынайы кәсіби өмірге енуге дайындық деңгейін арттырып, педагогикалық шешімдерінде руханилық пен адамгершілік құндылықтарды басшылыққа алу дағдысын қалыптастырды.

4. Көркемдік-шығармашылық жұмыстар. Болашақ мұғалімдерге рухани мазмұндағы шығармашылық тапсырмалар ұсынылды. Тапсырмалар ішкі жан дүниесі, рухани-адамгершілік ұстанымдарын көркемдік құралдармен жеткізуге бағытталды. Студенттер өлең, сурет, мини-эссе, графикалық иллюстрация, рухани образдармен өз тәжірибесі, құндылықтық көзқарастарын бейнеледі.

Мәселен, бір студент «Ұстаз жүрегі» атты авторлық өлең жазып, рухани күш, ізгілік пен төзімділік, шәкіртке шексіз махаббаттың мұғалім бейнесінде тоғысатынын әсерлі жеткізген. Өлең оқырманға болашақ мұғалімдердің өз миссиясын рухани тұрғыда қабылдап, жүрекпен түсінетінін көрсетті.

Тағы бір респондент «Менің рухани әлемім» тақырыбында акварельмен салынған символдық сурет ұсынды. Суреттегі жүрек, тамырлар мен гүлдер

үйлесімділігімен адамның рухани өсуі мен ішкі үндестігі идеясы бейнеленген. Тапсырманы орындауда студент рух пен сезімнің жарасымдылығы, тыныштық пен шүкіршілікті жазбаша түсіндіріп, көркемдік жұмысын рефлексиямен толықтырды.

Шығармашылық тапсырмалар студенттердің рухани рефлексиясын арттырып, болашақ педагогтың эстетикалық сезіну, бейнелі ойлау, эмоционалдық интеллект және ішкі келісімділік сапаларын дамытуға бағытталды.

5. Өзіндік бақылау және рефлексия парақтары. Қалыптастырушы экспериментте болашақ мұғалімдерге арнайы құрылымдалған өзіндік бақылау және рефлексия парақтарын толтыру ұсынылды. Құрал рухани дамудағы алға ілгерілеу, құндылықтар жүйесіндегі өзгерістер, кәсіби өзін-өзі тану деңгейін бақылауға мүмкіндік берді.

Әр апта соңында студенттер «Менің осы аптадағы рухани тәжірибем», «Мен не сезіндім, нені түсіндім, қандай ой түйдім?» бағытындағы сұрақтарға жауап берді. Бір студент жазбасында: «Биылғы алғашқы педагогикалық практикадан соң мен өзімнің шыдамдылық пен сабыр сақтау қабілетімді бағалай бастадым. Бір оқушының тәртібі мені қатты сынға алды, бірақ мен оны ұрыспай, отбасылық жағдайын ескеріп, жай сөйлесу арқылы шешуге тырыстым. Бұл менің ішкі әлеміме әсер етіп, кәсіби рухани жауапкершілік сезімімді нығайтты», – деп жазды.

Тағы бір студент рухани құндылықтардағы өзгерістерді былай сипаттады: «Курс басында маған руханилық абстракт ұғым еді. Қазір мен оны өзіме, басқаларға, кәсіби міндетіме адал болу, кез келген жағдайға шүкіршілікпен қарау, үнемі өзін дамыту деп түсінемін». Жазбалар студенттерде рефлексия мәдениеті, саналы кәсіби даму мен тұлғалық-рухани тепе-теңдікті сақтау қабілеті қалыптасқанын байқатады.

Қалыптастырушы эксперимент нәтижелері болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуда тұлғалық-бағдарлы оқытудың тиімділігін анықтады. Зерттеуде енгізілген элективті курс, базалық пәндердің мазмұнын жаңарту және рухани портфолио жүргізу педагогикалық құралдары студенттердің ішкі рухани әлеуетін ашу, өзін-өзі тану мен құндылықтарды анықтауға мүмкіндік берді.

Жоғарыда сипатталған қалыптастырушы эксперимент мазмұны негізінде жүргізілген жұмыстардың нәтижесі 12-суретте жүйеленді. Визуалды материал болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуға бағытталған кешенді іс-шаралар құрылымы, қолданылған әдістер тиімділігі және қол жеткізілген нәтижелер бағыттарын көрсетеді. Суретте экспериментте орын алған кәсіби және тұлғалық өзгерістер, пән мазмұнын жаңартудың ықпалы, рухани портфолионың нәтижелілігі көрініс табады.



12-сурет. Элективті курс, пәндік мазмұн және рефлексиялық портфолио негізіндегі рухани дамудың кешенді нәтижелері

Жоғарыда көрсетілген бағыттар болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамытуда тиімді педагогикалық шарттар мен мазмұндық құралдардың іске асырылғанын дәлелдейді. Қалыптастырушы эксперимент нәтижелері білім алушылардың рухани-адамгершілік қасиеттері мен кәсіби көзқарастарының тереңдеуі, оқу үдерісінде рефлексивті ойлаудың орнығуы, оқу мазмұнының тәрбиелік әлеуетін кеңейтуге септігін тигізгенін айғақтайды. Тәжірибе болашақ мұғалімдерді даярлау үдерісіне рухани-педагогикалық бағдар енгізудің өзектілігі мен қажеттілігін айқындай түседі.

1. Рухани және кәсіби өзгерістер нәтижелері

Респонденттердің көпшілігі тұлғалық тұтастық, кәсіби жауапкершілік және рухани тепе-теңдік ұғымдарын өз педагогикалық қызметінің негізгі тіректеріне айналдырғанын атап көрсетті. Өзгерістер тұлғалық-бағдарлы оқытудың дербес тұлға және кәсіби бірегейлікті трансформациялау қабілетін эмпирикалық дәрежеде дәлелдейді. Нәтижелер білім беру бағдарламаларына рухани-кәсіби компоненттерді енгізудің практикалық негізін құрайды. Рефлексия мен құндылықтық өзіндік саралау рухани дамытудағы медиаторлық рөлін растайды. Сондықтан рефлексивті жаттығулар мен рухани портфолиоларды оқу процесіне енгізу тиімді. Сонымен қатар, рухани көшбасшылықты дамытатын жаттығулар тәлімгерлік пен аудитория практикасында қолданылуға лайық.

2. Тұлғалық-рухани дамуға ықпал ететін факторлар

Эксперимент мазмұнында қолданылған барлық әдіс-тәсілдер тұлғалық-бағдарлы оқыту ұстанымдарына негізделіп, студенттердің ішкі уәжі, субъективті ұстанымы, шығармашылық белсенділігін арттыруға бағытталды. Әсіресе, шығармашылық тапсырмалар, рухани эсселер, кейс-талдаулар және апталық рефлексиялар студенттердің ой-өрісін кеңейтіп, дүниетанымдық көзқарастарын қалыптастырды. Элективті курс пен пәндік мазмұнға енгізілген рухани-педагогикалық бағыттар студенттердің кәсіби және тұлғалық дамуын өзара біртұтас үдерісте қарастырылуына ықпал етті.

3. Пәндер мазмұнын жаңартудың тиімділігі

Элективті курс, пәндердің мазмұндық өзгерістері оқу мазмұнын жаңартудағы рухани-педагогикалық тиімділігін көрсетіп, білім беру мазмұны теориясының практикалық трансформациясын дәлелдеді. Пәндер болашақ мұғалімдердің рухани әлемін байыту, кәсіби болмысын қалыптастыру және құндылықтар ұстанымдарын жүйелеуге ықпал ететін тиімді педагогикалық құралдарға айналды. Жаңартылған мазмұн студенттердің өзін-өзі тану үдерісін арттырып, педагогикалық әрекеттің әлеуметтік және адамгершілік маңызын түсінуді тереңдетті.

4. Рухани портфолио мен шығармашылық рефлексияның нәтижелілігі

Рухани портфолио жүргізу рухани дамуды бағалауда сапалық рефлексиялық әдістер валидтілігін дәлелдеп, рухани дүниетанымды зерттеудің әдіснамалық негізін кеңейтеді. Эсселер, күнделік жазбалары, шығармашылық тапсырмалар мен өзіндік бақылау парақтары болашақ мұғалімдердің ішкі сезімі, құндылықтық бағдары, кәсіби жауапкершілік деңгейін тануға жағдай жасады. Тәсілдер студенттердің білімді меңгеруін емес, өзін-өзі тану, өмірлік мағына мен кәсіби миссияны саналы түсіну қабілетін дамытты.

Жалпылама алғанда, қалыптастырушы эксперимент нәтижесі болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуда тұлғалық-бағдарлы оқытудың жоғары әлеуетке ие екенін дәлелдейді. Нәтижелер педагогикалық білім берудің рухани-компетенттілік ұстанымын интеграциялау мұқтаждығын көрсетеді және болашақ мұғалімдердің кәсіби-тұлғалық қалыптасуында руханилықтың шешуші рөлін айғақтайды.

3.3 Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері

Параграфта болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамытуға бағытталған әдістемелік жүйенің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстармен тексеріледі. Параграф маңыздылығы 3.2 параграфта ұсынылған педагогикалық шарттар мен құрылымдық-мазмұндық модельдің практикалық жағынан қаншалықты нәтижелі екенін дәлелдеп, зерттеудің ғылыми гипотезасының растығын айқындау.

Эксперимент нәтижелері болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымының даму ерекшеліктері, өзгеріс динамикасы және тұлғалық-бағдарлы оқытудың рухани-адамгершілік құндылықтарды меңгеруге ықпалын көрсететін негізгі эмпирикалық дәлелдемелер. Осыған байланысты параграф зерттеу жұмысының тәжірибелік негізі, педагогикалық модельдің практикалық жарамдылығы және тиімділігін айқындайтын басты кезең.

Эксперимент екі кезең, қалыптастырушы және бақылау кезеңдерінен тұрады. Әр кезең зерттеудің түпкі мақсатына сай құрылып, диагностикалық материалдар, педагогикалық ықпалдар жүйесі және нәтижелерді талдау алгоритмімен қамтамасыз етілді.

Мақсатқа сәйкес тәжірибелік-эксперимент жұмысының қалыптастыру және бақылау кезеңдерінде келесі міндеттер жүзеге асырылды:

Қалыптастыру кезеңінде тұлғалық-бағдарлы оқытуға негізделген құрылымдық-мазмұндық модельді оқу процесіне енгізу және рухани дүниетанымды дамытуға бағытталған әдістемелік жұмысты ұйымдастыру.

Бақылау кезеңінде анықтаушы кезеңде қолданылған диагностикалық әдістемелерді қайта жүргізіп, эксперименттік және бақылау топтарындағы өзгерістерді анықтап, студенттердің рухани дүниетанымының даму деңгейін салыстырмалы талдау.

Зерттеу нәтижелерін бағалау кезеңінде алынған сандық және сапалық көрсеткіштерді статистикалық тәсілдермен өңдеп, тұлғалық-бағдарлы оқыту моделінің тиімділігін ғылыми дәлелдеу және зерттеу гипотезасын растау.

Зерттеудің 3.1 параграфында болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымының бастапқы деңгейі диагностикаланып, тұлғалық-мазмұндық, операциялық-іс-әрекеттік және рефлексивті-бағалаушылық компоненттерімен даму ерекшеліктері айқындалған болатын. Эксперименттің анықтаушы кезеңі Қызылорда «Болашақ» университетінің базасында «6В01303 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі», «6В01101 – Педагогика және психология», «6В01403 - Бастапқы әскери дайындық» және «6В01601 – Тарих» білім беру бағдарламаларында оқитын студенттермен жүргізілді. Зерттеуге 282 студент қатысып, олардың 134-і эксперименттік топқа (ЭТ), 148-і бақылау тобына (БТ) енгізілді.

Диссертациямыздың 3.2 параграфында болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамытуға арналған құрылымдық-мазмұндық модель, мотивациялық-мақсаттық, гностикалық-мазмұндық, процестік-іс-әрекеттік және бағалау-рефлексиялық блоктар, «Рухани дүниетанымның мазмұны мен технологиясы» элективті курсы, «Мәдениеттану» және «Педагогика» пәндерінің жаңартылған мазмұны, жеке рефлексиялық портфолио сияқты педагогикалық құралдар негізінде қалыптастырушы эксперимент мазмұны сипатталған. Осыған сәйкес бақылау кезеңінде (эксперимент соңында) анықтаушы кезеңде пайдаланылған диагностикалық әдістемелер қайта қолданылды:

- тұлғалық-мазмұндық компонентке – М. Рокичтің құндылықтық бағдарлар сауалнамасы мен Ш.Х. Шварцтың құндылықтық бағдарлар әдістемесі;
- операциялық-іс-әрекеттік компонентке – Ю.М. Орловтың «Мақсатқа жетуге қажеттілік» сауалнамасы;
- рефлексивті-бағалаушылық компонентке – А.В. Карповтың рефлексия деңгейін анықтау сауалнамасы мен А. Меграбян мен Н. Эпштейннің эмпатия шкаласы.

Эксперименттік топта 3.2 параграфта ұсынылған тұлғалық-бағдарлы оқытуға негізделген оқу-тәрбие жүйесі толық көлемде жүзеге асырылды, ал бақылау тобында дәстүрлі оқу үдерісі сақталды. Жағдай екі топ айырмашылықтарын салыстырмалы талдау және ұсынылған модельдің тиімділігін тәжірибелік жолмен тексеруге мүмкіндік берді.

Алғашқы компоненттің тұлғалық-мазмұндық компоненті болашақ мұғалімдердің рухани-адамгершілік құндылықтарға бағдары, өмірлік мағыналар жүйесі, кәсіби-рухани ұстанымдарын сипаттайды. Анықтаушы кезеңде алынған нәтижелер ЭТ мен БТ студенттерінің құндылықтық бағдарлары деңгейлерінде айырмашылықтар болмағаны, екі топта да жоғары және орта деңгей үлестерінің шамалас екені анықталған еді.

Қалыптастырушы эксперимент аяқталғаннан соң М. Рокич пен Ш.Х. Шварц әдістемелері қайта жүргізіліп, нәтижелер кестелер мен диаграммалармен жүйеленді (Кесте 24; Сурет 13, 14).

Алынған нәтижелер студенттердің құндылықтық бағдарларында айтарлықтай оң өзгерістер орын алғанын байқатады. Өзгерістер ұсынылған тұлғалық-бағдарлы оқыту моделінің болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымына бағытталған педагогикалық ықпалдарын тиімді жүзеге асырғанын дәлелдейді.


24-кесте. Рокич және Шварц әдістемелері бойынша нәтижелердің салыстырмалы кестесі

Компонент / Деңгей	**Экспериментке дейін**	**Эксперименттен кейін**	**Өзгеріс (%)**
Терминалдық құндылықтар (Рокич)			
Жоғары деңгей	24 %	58 %	+34 %
Орташа деңгей	57 %	37 %	–20 %
Төмен деңгей	18 %	5 %	–13 %
Инструменталдық құндылықтар (Рокич)			
Жоғары деңгей	25 %	58 %	+33 %
Орташа деңгей	56 %	37 %	–19 %
Төмен деңгей	20 %	18 %	–2 %
Шварц құндылықтық бағдарлары			
Рухани-адамгершілік құндылықтар (әмбебаптылық, қамқорлық, дәстүр)	Орташа	Жоғары	Айтарлықтай өсу
Материалдық-бағдарлық құндылықтар (табыс, билік, ләззат)	Орташа	Төмендеу тенденциясы	–
Жалпы орташа балл	Орташа деңгей	Жоғары деңгей	Оң динамика

Анықтау кезеңінде алынған деректер студенттердің басым бөлігінің құндылықтық жүйесі аралас сипатта екенін көрсетті: терминалдық және инструменталдық құндылықтардың орташа деңгейде болуы, рухани-адамгершілік бағдарлардың жеткілікті тұрақтанбағаны байқалды.

Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі нәтижелер жағдайдың айтарлықтай өзгергенін дәлелдеді: терминалдық құндылықтар бойынша жоғары деңгейге өткен студенттер саны 34%-ға артты. Көрсеткіш олардың өмірлік

мақсаттар жүйесінде рухани-адамгершілік бағыттардың басымдық ала бастағанын көрсетеді.



13-сурет. Рокич және Шварц әдістемелері бойынша нәтижелер диаграммасы (эксперименттік топ)


Инструменталдық құндылықтардың жоғары деңгейінің 33%-ға өсуі студенттердің мінез-құлықтық қасиеттері мен кәсіби этикалық ұстанымдарының нығайғанын білдіреді. Төмен деңгейлердің қысқаруы (13% және 2%) педагогикалық ықпалдың тұлғалық дамуға нәтижелі болғанын дәлелдейді. Шварцтың құндылықтық моделіне сәйкес әмбебаптылық, қамқорлық, дәстүр, адамгершілік ұстанымдар сияқты рухани құндылықтардың өсімі күмәнсіз байқалды.

Материалдық-бағдарлық құндылықтар (билік, табыс, әлеуметтік мәртебе) едәуір маңызын жоғалта бастады, бұл болашақ мұғалімдердің кәсіби-адамгершілік құндылықтар басымдығына сәйкес келеді. Алынған сандық және сапалық көрсеткіштер тұлғалық-бағдарлы оқыту моделінің ғылыми негізділігін, рухани дүниетанымды дамытуға бағытталған арнайы педагогикалық әсердің жоғары тиімділік көрсеткенін дәлелдейді.

Кесте мен диаграммадағы мәліметтерді талдау төмендегідей үрдістерді анықтады: эксперименттік топта рухани-адамгершілік мазмұндағы терминалдық және инструменталдық құндылықтарға (әмбебаптылық, қамқорлық, дәстүр, өзіндік бағыттылық, әділдік, жауапкершілік, адалдық т.б.) басымдық беретін студенттер үлесі елеулі артқан; құндылықтық жүйесінде материалдық, прагматикалық бағдарлары басым студенттер үлесі азайған.

Жоғары деңгейдегі студенттер саны өсіп, орта деңгей тұрақтанып, төмен деңгей көрсеткіші едәуір қысқарғаны байқалады. Көрсеткіш студенттердің кәсіби дүниетанымында рухани мағыналар, адамгершілік бағдарлардың күшейгені, рухани құндылықтарды саналы түрде таңдауға бейімделгенін білдіреді.

Бақылау тобында анықтау және бақылау кезеңдеріндегі көрсеткіштер бірқалыпты сақталған: деңгейлердің пайыздық арақатынасы елеулі өзгерістерге ұшырамаған. БТ-да арнайы тұлғалық-бағдарлы ықпалдың болмауынан студенттердің құндылықтық жүйесінің тұрақты күйінде қалғанын көрсетеді.



14-сурет. Рокич және Шварц әдістемелері бойынша нәтижелер диаграммасы (бақылау тобы)

Сипаттамалық статистика (орташа мән, стандартты ауытқу) нәтижелері де эксперименттік топта рухани бағыттағы құндылықтарға берілген ұпайлардың артқанын, ал бақылау тобында шамалы ғана өзгергенін көрсетеді. χ^2–критерий бойынша жүргізілген есептеулер ЭТ-дағы деңгейлік қайта бөліністің статистикалық тұрғыдан мәнді екенін, ал БТ-дағы өзгерістердің мәнді еместігін дәлелдейді (χ^2эмп > χ^2кр, $p<0,05$ деңгейінде).

Жалпы тұлғалық-мазмұндық компонент бойынша алынған нәтижелер тұлғалық-бағдарлы оқытуға негізделген элективті курс пен жаңартылған пән мазмұны болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын құндылықтық тұрғыда қайта құруға оң ықпал еткенін айғақтайды.


Операциялық-іс-әрекеттік компонент болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын кәсіби іс-әрекетте жүзеге асыруға бағытталған ішкі қажеттілігі, мақсатқа ұмтылысы, рухани-адамгершілік мазмұндағы педагогикалық жағдаяттарды шешуге дайындық деңгейін сипаттайды.

Компонентті анықтауда Ю.М. Орловтың «Мақсатқа жетуге қажеттілік» сауалнамасы қолданылды. Анықтаушы кезеңде ЭТ мен БТ студенттерінің басым бөлігі орта деңгейде орналасқаны, жоғары деңгей үлесінің жеткілікті, төмен деңгей үлесінің салыстырмалы түрде жоғары екені байқалған.

Қалыптастырушы эксперименттен кейін алынған нәтижелер (Кесте 25, Сурет 15) төмендегідей қорытындылар жасауға мүмкіндік береді:

25-кесте. Эксперименттік топ (ЭТ) және бақылау тобы (БТ) студенттерінің ЭД және ЭК деңгейлік көрсеткіштері

Топ түрі	Кезең	Жоғары деңгей (%)	Орта деңгей (%)	Төмен деңгей (%)
ЭТ	Экспериментке дейін	28	54	18
ЭТ	Эксперименттен кейін	41	46	13
БТ	Экспериментке дейін	25	56	19
БТ	Эксперименттен кейін	26	55	19



15-сурет. Эксперименттік топ (ЭТ) және бақылау тобы (БТ) студенттерінің ЭД және ЭК деңгейлік көрсеткіштерінің динамикасы

Эксперименттік топта жоғары деңгейдегі студенттер үлесі артқан, ал орта және төмен деңгейдегі студенттер үлесі азайған. Дерек тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиялары, рухани мазмұндағы практикалық тапсырмалар, жобалық жұмыстар студенттердің кәсіби-іс-әрекеттік мотивациясын күшейтіп, рухани мазмұнды мақсаттарды саналы таңдауға жетелегенін көрсетеді.

Студенттер күрделі рухани-адамгершілік мазмұндағы педагогикалық жағдаяттарды талдау, шешім қабылдау, өз әрекетін құндылықтық критерий негізінде бағалауға көбірек бейімделген.

Бақылау тобында деңгейлік үлестірімде аздаған ауытқулар болғанымен, жалпы динамика айтарлықтай өзгерісті көрсетпейді. Демек, БТ студенттерінің кәсіби-іс-әрекеттік мотивациясы қалыпты деңгейде сақталған, арнайы рухани-бағдарлы ықпал болмағанын аңғартады.

Эксперимент нәтижелерінің сенімділігін сандық және сапалық тұрғыдан бағалау мақсатында математикалық-статистикалық өңдеу жүргізілді. Алынған деректердің сипатына сәйкес Пирсонның χ^2-критерийі және Стьюденттің t-критерийі қолданылды. Статистикалық әдістерді таңдау зерттеу

айнымалыларының өлшем деңгейіне (категориялық және сандық деректер) негізделді.

Студенттердің рухани дүниетанымының даму деңгейлері (жоғары, орта, төмен) категориялық сипатқа ие болғандықтан, олардың экспериментке дейінгі және кейінгі қайта бөлінуінің мәнділігін анықтау үшін Пирсонның χ^2-критерийі пайдаланылды. Атап айтқанда, тұлғалық-мазмұндық компонент (М. Рокичтің терминалдық құндылықтары) бойынша эксперименттік топта (n = 134) алынған деректерді талдау нәтижесінде χ^2 эмпирикалық мәні χ^2эмп = 35,8 болды. Еркіндік дәрежесі df = 2, ал $p < 0,05$ маңыздылық деңгейі үшін критикалық мән χ^2кр = 5,99. χ^2эмп > χ^2кр болғандықтан, эксперименттік топтағы деңгейлік өзгерістер $p < 0,05$ деңгейінде статистикалық тұрғыдан мәнді деп танылды.

Ал бақылау тобында (n = 148) осы компонент бойынша алынған деректерді талдау нәтижесінде χ^2эмп = 0,85, бұл критикалық мәннен төмен (χ^2кр = 5,99), сондықтан бақылау тобындағы өзгерістер $p \geq 0,05$ деңгейінде статистикалық тұрғыдан мәнсіз екені анықталды.

Сандық көрсеткіштердің (орташа ұпайлар, интегралды баллдар) экспериментке дейінгі және кейінгі айырмашылығын бағалау үшін Стьюденттің t-критерийі қолданылды. Мысалы, операциялық-іс-әрекеттік компонент (Ю.М. Орловтың «Мақсатқа жетуге қажеттілік» әдістемесі) бойынша эксперименттік топта экспериментке дейінгі орташа мән M_1 = 65,2 (SD = 8,1), ал эксперименттен кейінгі орташа мән M_2 = 72,8 (SD = 7,3) болды. Жұптасқан өлшемдер үшін жүргізілген t-тест нәтижесінде tэмп = 5,42, еркіндік дәрежесі df = 133, ал $p < 0,05$ деңгейі үшін критикалық мән tкр ≈ 1,98 құрады. tэмп > tкр болғандықтан, көрсеткіштердің өсуі $p < 0,001$ деңгейінде статистикалық тұрғыдан өте мәнді деп анықталды.

Бақылау тобында осы көрсеткіш бойынша алынған нәтижелер айтарлықтай өзгерісті көрсетпеді: t-тест нәтижесі tэмп = 0,92, бұл критикалық мәннен төмен (tкр ≈ 1,98), сәйкесінше айырмашылық $p \geq 0,05$ деңгейінде статистикалық тұрғыдан мәнсіз деп танылды.

Осылайша, статистикалық талдау нәтижелері эксперименттік топта орын алған оң өзгерістердің кездейсоқ емес, арнайы ұйымдастырылған тұлғалық-бағдарлы педагогикалық ықпалдың нақты нәтижесі екенін дәлелдеді. Ал бақылау тобында мәнді өзгерістердің болмауы қолданылған әдістемелік жүйенің тиімділігін салыстырмалы түрде айқын көрсетті.

Ю.М. Орловтың «Мақсатқа жетуге қажеттілік» әдістемесі болашақ мұғалімдердің мақсат қою, жетуге ұмтылыс, еңбектену мотивтері мен ерік-жігер компоненттерін анықтауға бағытталған. Әдістеме зерттеуіміздің мотивациялық-мақсаттылық компонентін өлшеудің негізгі құралы аясында қолданылды. Экспериментке дейін (ЭД) және эксперименттен кейін (ЭК) алынған деректер эксперименттік топ (ЭТ) студенттерінде қомақты оң динамика байқалғанын, ал бақылау тобында (БТ) көрсеткіштердің тұрақты күйінде қалғанын көрсетті.

Экспериментке дейін ЭТ студенттерінің көпшілігі мақсатқа жетуге бағытталған қажеттіліктің орта деңгейінде (54%) орналасқан. Өлшем болашақ

мұғалімдер ішкі кәсіби мотивациясының қалыптасқанын, бірақ мақсатқа жетудегі ерік-жігер сапаларының жеткілікті дәрежеде нығаймағанын белгіледі.

Эксперименттен кейін көрсеткіш 46%-ға төмендеді, бұл орта деңгейден жоғары деңгейге ауысудың күшеюін білдіреді.

Жоғары деңгей айтарлықтай өсіп, 28%-дан 41%-ға артқан. Параметр тұлғалық-бағдарлы оқыту моделінің болашақ мұғалімдерде табандылық, мақсаттылық, жауапкершілік сияқты қасиеттерді дамытуға ықпал еткенін дәлелдейді.

Төмен деңгей 18%-дан 13%-ға дейін азайып, студенттердің ішкі уәжі күшейгенін, оқуға жауапкершілік пен мақсаттылықтың артқанын көрсетті.

Жалпы ЭТ студенттерінің мақсатқа жетуге қажеттілігі эксперименттік жұмыстан кейін сапалық жағынан жақсарып, кәсіби бағыттылығы мен ішкі мотивациясында позитивті өзгеріс орын алды.

Бақылау тобының (БТ) көрсеткіштері

Бақылау тобының нәтижелері екі кезеңде айтарлықтай өзгермеген:

Жоғары деңгей: 25% → 26%

Орта деңгей: 56% → 55%

Төмен деңгей: 19% → 19%

Көрсеткіштер тұрақтылығы БТ-да арнайы тұлғалық-бағдарлы педагогикалық ықпал болмағанын, студенттердің мақсатқа жетуге қажеттілік деңгейі өзгеріссіз қалғанын көрсетеді. Бұл педагогикалық шарттардың болмауы мотивациялық-мақсаттылық компоненттің өздігінен дамымайтынын дәлелдейді.

ЭТ және БТ нәтижелерін салыстыру тұлғалық-бағдарлы оқыту технологияларының тиімділігін айқындайды:

- ЭТ-та жоғары деңгейдің 13%-ға артуы;
- орта деңгейдің төмендеуі;
- төмен деңгейдің қысқаруы студенттердің кәсіби мақсаттылық сапаларының күшейгенін дәлелдейді.

Ал БТ-дағы көрсеткіштердің өзгермеуі арнайы педагогикалық әсердің қажеттілігі және әдістемелік жүйенің тиімділігін жанама түрде растайды.

Сонымен Ю.М. Орлов әдістемесі эксперименттік жұмыстың мотивациялық нәтижелерін сенімді айқындап, тұлғалық-бағдарлы оқытудың болашақ мұғалімдердің мақсатқа жету қажеттілігін дамытудағы маңызын дәлелдеді.

Рефлексивті-бағалаушылық компонент болашақ мұғалімдердің өз рухани тәжірибесі, кәсіби-педагогикалық шешімдері, мәдени-адамгершілік жағдаяттарға ұстанымын талдау, бағалау және түзету қабілетін қамтиды.

Бұл компонент А.В. Карповтың рефлексия деңгейін анықтау әдістемесі мен А. Меграбян мен Н. Эпштейннің эмпатия шкаласымен диагностикаланды. Анықтаушы кезеңде ЭТ және БТ студенттерінің көпшілігі орта деңгейде шоғырланғаны, жоғары деңгей көрсеткіштері жеткілікті болғанымен, төмен деңгей үлесінің де едәуір екені анықталған.


Қалыптастырушы эксперименттен кейін алынған нәтижелер (Кесте 26, 27, Сурет 16, 17) келесі өзгерістерді көрсетеді:

26-кесте. А.В. Карпов әдістемесі, Меграбян-Эпштейн эмпатия шкаласы бойынша рефлексивті-бағалаушылық компонент көрсеткіштері (ЭТ)

Деңгейлер	**ЭД (анықтау кезеңі), %**	**ЭК (қалыптастыру кезеңі), %**	**Өзгеріс**
Жоғары	22%	48%	+26%
Орта	55%	42%	–13%
Төмен	23%	10%	–13%
Барлығы	100%	100%	—

Кестеде берілген мәліметтер мен төмендегі диаграмма бір ғана эмпирикалық деректерді бейнелейді. Кестеде болашақ мұғалімдердің рефлексивті-бағалаушылық компонентін анықтау (ЭД) және бақылау (ЭК) кезеңдеріндегі деңгейлік үлестірімі пайыздық көрсеткіштермен сызықтық түрде ұсынылса, диаграммадағы көрсеткіштер көрнекі, графикалық форматта көрсетілген.

Кесте мен диаграмма көрсеткіштері бірдей болғанымен, кесте сандық талдау, диаграмма нәтижелерді визуалды салыстырып, ЭД мен ЭК арасындағы айырмашылықты жылдам қабылдауға мүмкіндік береді. Екі түрлі тәсіл бірін-бірі толықтырып, рефлексивті-бағалаушылық компоненттің даму динамикасын жан-жақты сипаттауға жағдай жасайды.



16-сурет. А.В. Карпов әдістемесі, Меграбян-Эпштейн эмпатия шкаласы бойынша көрсеткіштер диаграммасы (ЭТ)


27-кесте. А.В. Карпов әдістемесі, Меграбян-Эпштейн эмпатия шкаласы бойынша рефлексивті-бағалаушылық компонент көрсеткіштері (БТ)

Деңгейлер	ЭД (анықтау кезеңі), %	ЭК (бақылау кезеңі), %	Өзгеріс
Жоғары	20%	21%	+1%
Орта	56%	55%	–1%
Төмен	24%	24%	0%
Барлығы	100%	100%	-

Эксперименттік топта жоғары рефлексия деңгейіндегі және эмпатия деңгейі жоғары студенттер үлесі артқан. Нәтиже «Рухани дүниетанымның мазмұны мен технологиясы» элективті курсы шеңберінде жүргізілген рефлексиялық күнделік, эссе, портфолио, өзін-өзі бағалау парақтары, жағдаяттық талдау жұмыстарының тиімділігін дәлелдейді.

Орта деңгейдегі студенттер үлесі біртіндеп жоғары деңгейге ығысқан, ал төмен деңгейдегі студенттер саны анағұрлым азайған. Мәлімет болашақ мұғалімдердің өзіндік ойлау, өзінің ішкі рухани күйіне талдау жасау, кәсіби және рухани шешімдеріне сыни қарау дағдыларының күшейгенін көрсетеді.

Эмпатия шкаласы бойынша ЭТ студенттерінің басым бөлігінде өзге адамның эмоционалдық күйін түсіну, қолдау көрсетуге дайындық, тұлғааралық қарым-қатынаста жанашырлық таныту қабілеттері жоғары деңгейге жақындаған.



17-сурет. А.В. Карпов әдістемесі, Меграбян-Эпштейн эмпатия шкаласы бойынша рефлексивті-бағалаушылық компонент көрсеткіштері (БТ)

Бақылау тобында рефлексия мен эмпатия деңгейлерінің көрсеткіштері елеулі өзгеріске ұшырамаған: орта деңгей басым болып, төмен және жоғары деңгейлердің үлесі бастапқыға жақын шамада сақталған.

Статистикалық өңдеу нәтижесінде рефлексивті-бағалаушылық компонент бойынша ЭТ-дағы динамиканың мәнді екені, ал БТ-дағы өзгерістердің статистикалық тұрғыдан сенімді емес екені анықталды (χ^2эмп > χ^2кр, tэмп > tкр, p<0,05).

Зерттеуде тұлғалық-мазмұндық, операциялық-іс-әрекеттік және рефлексивті-бағалаушылық компоненттер болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымының интегралды деңгейін сипаттайтын жиынтық көрсеткіш есептелді. Көрсеткіш әрбір компоненттен алынған деңгейлік нәтижелерді біріктіріп, студенттердің рухани дүниетанымының қалыптасу деңгейін айқындауға мүмкіндік берді.

Эксперимент соңында жүргізілген қорытынды диагностика нәтижелері мынадай: эксперименттік топта рухани дүниетанымның жоғары интегралды деңгейіне жеткен студенттер үлесі айтарлықтай артты; орта деңгей студенттерінің үлесі тұрақталғанымен, сапалық жағынан рухани-адамгершілік бағдарлары тереңдей түсті; төмен деңгейдегі студенттер саны едәуір қысқарды. Бақылау тобындағы интегралды көрсеткіштерде айтарлықтай өзгеріс байқалмады, бұл дәстүрлі оқу үдерісінің болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын жеткілікті деңгейде қамтымайтынын көрсетеді.

Компоненттердің өзара байланыстарын анықтауда Пирсонның корреляция коэффициенттері есептелді (Кесте 28). Алынған нәтижелер мынадай заңдылықтарды көрсетті:

- мотивациялық-мақсаттық (операциялық-іс-әрекеттік мазмұндағы) көрсеткіштер мен рефлексивті-бағалаушылық көрсеткіштер арасында орта деңгейлі оң корреляция анықталды;
- тұлғалық-мазмұндық компонент пен интегралды рухани дүниетаным көрсеткіші арасында да оң бағыттағы байланыс байқалды;
- рефлексия мен эмпатия деңгейлері жоғарылаған сайын, студенттердің рухани құндылықтарды саналы түрде таңдау, оларды кәсіби іс-әрекетте басшылыққа алу бейімділігі күшейгені айқындалды;
- кейбір жағдайларда құндылықтық бағдарлардың жекелеген прагматикалық аспектілері кәсіби мотивациямен әлсіз теріс байланыста болғанымен, байланыстар статистикалық жағынан мәнді деңгейге жетпеді. Демек, тұлғаның құндылықтық құрылымы салыстырмалы түрде дербес, ішкі факторлармен көбірек реттеледі.

28-кесте. Компоненттер арасындағы Пирсон корреляция коэффициенттері

Компоненттер	**Мотивациялық-мақсаттық**	**Рефлексивті-бағалаушылық**	**Тұлғалық-мазмұндық**	**Интегралды рухани дүниетаным**
Мотивациялық-мақсаттық	1.00	0.42*	–0.12	0.38*
Рефлексивті-бағалаушылық	0.42*	1.00	–0.18	0.45*
Тұлғалық-мазмұндық компонент	–0.12	–0.18	1.00	–0.23
Интегралды рухани дүниетаным	0.38*	0.45*	–0.23	1.00

Жалпы алғанда, мотивациялық-мақсаттық және рефлексивті-бағалаушылық компоненттердің интегралды рухани дүниетаным деңгейімен оң байланыста болуы болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуда дәл осы екі компонентке арнайы назар аударудың қажеттілігін айғақтайды. Жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту технологияларымен дамытуға бағытталған әдістемелік жүйенің тиімділігін эмпирикалық нәтижелермен дәлелдеді. Эксперименттік топта жүзеге асырылған арнайы педагогикалық ықпал болашақ мұғалімдердің рухани құндылықтарды түсінуі, кәсіби іс-әрекетте басшылыққа алуы, өз ісіне рефлексивті көзқарас танытуы және тұлғалық жауапкершілікті сезіну деңгейінің артқанын көрсетті.

Анықтау кезеңінде ЭТ және БТ студенттерінің көпшілігі рухани дүниетанымның орта деңгейінде шоғырланғаны, жоғары деңгейдегі көрсеткіштердің жеткіліксіздігі және төмен деңгей үлесінің айтарлықтай болғаны анықталды. Нәтижелер болашақ мұғалімдердің ішкі рухани бағдарлары, моральдық-этикалық пайымдары, мәдени-адамгершілік жауапкершілігінің жүйелі дамуға мұқтаж екенін дәлелдеді.

Қалыптастыру кезеңінде ЭТ студенттері арасында:

- рухани құндылықтарға бағдарлану, адамгершілік ұстанымдардың тұрақтануы, кәсіби-этикалық нормаларды түсіну нығайды;
- рефлексивті-бағалаушылық қабілеттері күшейіп, студенттердің өз әрекеті, шешімдері, рухани таңдауларына сыни қарау белсенділігі артты;
- эмпатиялық сезімталдық, рухани ашықтық, мәдени қабылдау деңгейі өсті;
- рухани дүниетанымның жоғары деңгейіне өткен студенттердің үлесі бірнеше есеге артты, тұлғалық-бағдарлы ықпалдың нәтижесін көрсетті.

Бақылау тобында мұндай өзгерістердің байқалмауы эксперименттік бағдарламаның шынайы әсері мен тиімділігінің объективтілігін дәлелдейді.

Пирсонның корреляциялық талдауы мотивациялық-мақсаттық, тұлғалық-мазмұндық және рефлексивті-бағалаушылық компоненттердің рухани дүниетаныммен тығыз байланыста екенін көрсетті. Рухани дүниетаным деңгейі артқан сайын студенттердің ішкі уәжі, кәсіби жауапкершілігі, адамгершілік бағдарлары, өзіндік рефлексиясы жоғарылайтыны эмпирикалық нәтижелермен расталды.

Жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту негізінде дамытуға бағытталған әдістемелік жүйенің тиімділігін дәлелдеді. Эксперименттің анықтау, қалыптастыру және бақылау кезеңдері зерттеу гипотезасын эмпирикалық тұрғыдан тексеру және ұсынылған педагогикалық модельдің практикалық жарамдылығын бағалауға мүмкіндік берді.

Эксперименттік топта тұлғалық-мазмұндық, операциялық-іс-әрекеттік және рефлексивті-бағалаушылық компоненттер бойынша оң өзгерістер байқалды. Рокич пен Шварц әдістемелерінің нәтижелері студенттердің рухани-адамгершілік құндылықтарға бағдарлану деңгейінің өскенін, терминалдық және

инструменталдық құндылықтардың жоғары деңгейге көшу үлесінің күрт артқанын көрсетті. Әмбебаптылық, қамқорлық, дәстүр секілді рухани құндылықтардың маңызын түсіну күшейіп, материалдық бағыттағы бағдарлардың салыстырмалы түрде төмендегені анықталды.

Операциялық-іс-әрекеттік компоненттің де оң динамикасы айқындалды: мақсатқа жетуге қажеттілік жоғары деңгейге көтерілген студенттер саны көбейді, төмен деңгей көрсеткіші азайды. Бұл тұлғалық-бағдарлы тапсырмалар, рефлексиялық талдау, рухани-адамгершілік мазмұндағы жағдаяттарды шешу жұмыстарының студенттердің кәсіби-іс-әрекеттік уәжін күшейткенін дәлелдейді.

Рефлексивті-бағалаушылық компоненттегі өзгерістер де эксперименттік жүйенің тиімділігін растады. Рефлексия деңгейі жоғары студенттер санының өсуі, төмен деңгейлі үлестің азаюы, эмпатия көрсеткіштерінің артуы болашақ мұғалімдердің өзінің кәсіби және рухани әрекетіне сыни талдау жасай алу қабілетінің қалыптасқанын көрсетті. Рефлексиялық күнделік, портфолио, эссе, жағдаяттық тапсырмалар компоненттің дамуына ықпал етті.

Интегралды рухани дүниетаным көрсеткішінің эксперименттік топта жоғары деңгейге жеткен студенттер санының біршама артуы тұлғалық-бағдарлы оқытудың рухани дамуды қамтамасыз ете алатынын дәлелдеді. Ал бақылау тобында бұл өзгерістердің байқалмауы қолданылған педагогикалық ықпалдың нәтижелілігін объективті түрде айқындады.

Пирсон корреляция коэффициенттері мотивациялық-мақсаттық және рефлексивті-бағалаушылық компоненттердің интегралды рухани дүниетанымммен оң байланыста екенін көрсетті. Байланыс болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуда дәл осы компоненттерге бағытталған әдістемелік ықпалдың маңызын растайды.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері ұсынылған тұлғалық-бағдарлы оқытуға негізделген әдістемелік жүйе болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуда жоғары тиімділікке ие екенін дәлелдеді. Эксперименттік топта рухани-адамгершілік құндылықтарға бағдарлану, мақсаттылық, кәсіби жауапкершілік, рефлексия және эмпатия деңгейлері артты. Әдістемелік жүйе болашақ мұғалімдердің тұлғалық әрі кәсіби дамуына ықпал ететін тиімді педагогикалық құрал екенін ғылыми тұрғыдан негіздейді.

Үшінші тарау тұжырымы

Тәжірибелік-эксперименттің ұйымдастырылуы мақсаттық сипатқа ие, зерттеліп отырған құбылыстың дамуына бағытталған және анықталған талпыныстар мен міндеттер шеңберінде жүргізілді. Эксперимент дизайны диагностикалық, қалыптастырушы және бақылау кезеңдерінен құралған кезеңділік қағидасына сүйенді. Тәсіл нәтижелер динамикасын бағалауға жәрдемдесті. Зерттеуге таңдалған мамандықтар студенттері мен бақылау тобы салыстырмалы сипатта құрылып, этикалық стандарттар мен қатысушылардың ерікті қатысуы қамтамасыз етілді. Тәжірибелік жұмыстың ұйымдастырылуында

студент белсенділігі, өзіндік ізденіс және рефлексия сияқты тұлғалық-бағдарлы оқытудың қағидалары басшылыққа алынды. Жұмысты ұйымдастыру барысында оқу-әдістемелік материалдар, критерийлік бағалау құралдары және рефлексивтік тіркеу құралдары (журналдар, портфолиолар, эсселер) әзірленіп, қолдануға енгізілді.

Ұсынылған әдістеме теориялық негіздер мен практикалық іс-әрекет элементтерін қалыптастыратын кешенде жүйелендірілді, әдістемелік құрылымда мақсаттар, мазмұндық блоктар және оқыту-бағалау процедуралары көрсетілді. Әдістемеде тұлғалық-бағдарлы оқыту қағидалары негізгі әдістер және технологиялар ретінде дәйектелді. Әдістеме болашақ мұғалімдердің өздігінен мән іздеуге және рухани құндылықтарды жандандыруға жағдай жасайды. Педагогикалық технологиялар қатарында проблемалық оқыту, жобалық әдіс, дискуссиялар, кейс-талдау, рефлексивтік күнделік және тәлімгерлік енгізілді, технологиялар болашақ мұғалімдердің құндылықтық-мағына ізденісін күшейтті. Әдістеме түрлі оқу формаларына бейімделіп, оқу бағдарламасына енгізуге ұсыныстар берілді. Әдістемені сараптауда оның мазмұны мен құралдарының педагогикалық жарамдылығы расталды.

Тәжірибелік кезеңде эксперименттік топ қатысушыларының рухани дүниетанымының дамуында оң динамика байқалды. Эксперименттік қатысушылардың рухани-мәдени білімінің көлемі мен мазмұндық түрленуі арта түсті. Құндылықтар бағдарлары мен эмоционалдық-моралдық бағалау деңгейінде тұрақты оң өзгерістер байқалды, қатысушылардың ішкі мотивациясы мен жауапкершілік сезімі күшейді. Тұлғалық-бағдарлы әдістеме болашақ мұғалімдердің кәсіби-тәрбие мақсаттарына сәйкес рухани компонентті меңгеруін жүзеге асырды. Алдын ала және кейінгі диагностикалық құралдар нәтижелері арасындағы айырмашылық эксперименттік топта бақылау тобына қарағанда айқынырақ көрінді. Қатысушылардың пікірлері мен өзін-өзі бағалау материалдары әдістеменің тиімділігін аңғартты, рухани-мәдени құзыреттіліктерінің өскенін байқатты.

Тарауда ұсынылған тәжірибелік-эксперименттік жұмыс тұлғалық-бағдарлы оқытудың болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытудағы тәжірибелік ұтымдылығын көрсетті. Алынған нәтижелер әдістемелік құралдарды дамытып, педагогикалық білім берудің мазмұнын байыту және оқу-тәрбие процесінде рухани құндылықтар ықпалдастығын күшейтуге негіз бола алады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу жұмысы болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамытудың теориялық-әдіснамалық, тұжырымдамалық негіздерін айқындау, құрылымдық-мазмұндық моделін жасау және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тиімді әдістемесін әзірлеуге бағытталды. Қазіргі білім беруде рухани-адамгершілік құндылықтарды жаңғырту, болашақ мұғалімдердің кәсіби және тұлғалық қалыптасуына енгізу қажеттілігі ғылыми дәлелденді. Зерттеуде рухани дүниетанымның педагогикалық процесте алатын орны анықталып, болашақ мұғалімдерді даярлаудағы мүмкіндіктері мен тәрбиелік әлеуеті айқындалды. Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамытуды зерттеуге арналған жұмыстың алынған ғылыми нәтижелеріне сай келесі қорытындыларды ұсынамыз.

Орнатылғандай, тұлғалық-бағдарлы оқыту тұжырымдамаларына сүйеніп, болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастырудың теориялық және әдіснамалық қағидалары тиянақталды. «Рухани дүниетаным» ұғымы және «болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамыту» түсінігінің ғылыми мәні ашылып, категориялық ерекшеліктері жүйеленді.

Дәлелденгендей, болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастыру және дамытуға ықпал жасайтын факторлар ұсынылды. Бірінші кезекте болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастырып, кейін дамытуға көңіл бөлу қажет. Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастыруға ықпал жасайтын 18, дамытуға ықпал жасайтын 13 факторларды оқу-тәрбие процесінде кешенді қолданудың маңызы зор екені дәлелденді. Факторлардың үйлесімді әрекеттестігі болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымының іргетасын қалап, тұрақты даму үдерісін қолдайды. Осылайша, болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы қалыптастыру және дамытудың тиімді әдістемелік мүмкіндіктері дәлелденіп, білім беру мазмұнын жаңғыртудың ғылыми-тәжірибелік нәтижелерін алуға үлес қосады.

Айқындалғандай, «рухани дүниетаным» және «тұлғалық-бағдарлы оқыту» анықтамаларына авторлық түсіндірмелер беріліп, теориялық-тәжірибелік және құрылымдық құрамдас бөліктері анықталды, ғылыми айналымға енгізілді, келешек педагогикалық зерттеулер мен тәжірибеде қолдануға ұсынылды. Түсіндірмелер зерттеудің концептуалдық-теориялық базисін құрайтын тұжырымдамалық құрылымды нақтылады. Сонымен қатар, жоғары оқу орындарындағы білім беру бағдарламаларын жетілдіру, мұғалімдерді кәсіби-педагогикалық даярлау мазмұнын байыту және болашақ мұғалімдердің рухани-адамгершілік дамуын бағалауға теориялық-әдістемелік арқау болады.

Анықталғандай, болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамыту әдіснамалық негізді талап етеді. Нәтижелер философиялық, педагогикалық және психологиялық ұстанымдарда болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытатын жүйелік, тұлғалық, мәдениет-танымдық,

аксиологиялық, акмеологиялық, герменевтикалық және философиялық-антропологиялық әдіснамалық тұғырларын айқындады. Жүйелік тұғыр оқу процесінің біртұтас, жоспарлы ұйымдастырылуы; тұлғалық тұғыр дербес тұлғаның ынталылығы мен өзін-өзі жетілдіру тетіктері; мәдениет-танымдық тұғыр ұлттық және әлемдік құндылықтарды меңгеруді орнықтырады. Аксиологиялық тұғыр құндылықтар бағдарларын қалыптастырып, акмеологиялық тұғыр кәсіби және тұлғалық жетілудің жоғары деңгейіне ілгерілеуге бағыттайды. Герменевтикалық тұғыр мағыналық түсіндіру мен рефлексияны қамтиды. Философиялық-антропологиялық тұғыр педагогикалық әрекетті адам мәні, моральдық-этикалық жауапкершілігін ескеріп құрады. Әдіснамалық тұғырлар білім беру мазмұны, әдістемелік құралдар, бағалау және рефлексияға педагогикалық шарттар аясында ендірілсе, рухани дүниетанымның дамуына ықпал жасайды.

Орнатылғандай, болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды. Модель компоненттері тұлғалық-мазмұндық, операциялық-іс-әрекеттік және рефлексивті-бағалаушылық бағыттарға жіктеліп, әрқайсысына сәйкес көрсеткіштер мен бағалау деңгейлері (жоғары, орта, төмен) белгіленді. Ұсынылған модель педагогикалық тәжірибеге енгізуге лайықты практикалық құрал шеңберінде қарастырылады. Бірінші компонент рухани дүниетаным мазмұны мен адамгершілік түсініктерін меңгеруді көздейді; екінші компонент оқу-тәрбие процесі мен практикалық іс-әрекеттермен рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыруды ұйымдастырады; үшінші компонент өзін-өзі түсіну, тұлғалық дамуына рефлексия және бағалау тетіктерін қамтиды. Анықталған әр бағыт индикаторлары модельдің диагностикалық және түзетуші мүмкіндіктеріне кепілдік береді. Модель өндірістік (практикалық) дайындық сапасын арттыру және болашақ мұғалімдердің кәсіби-этикалық тұрақтылығын қалыптастырады.

Айқындалғандай, зерттеуде болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуға арналған әдістемелік жүйе дайындалды. Әдістеме тұлғалық-бағдарлы оқытуды жүзеге асыратын оқу тапсырмалары, рухани-танымдық дамыту жаттығулары, арнайы ұйымдастырылған рефлексиялық жұмыстар, студенттің жеке кәсіби-рухани жетілуін көрсететін портфолио жүргізу сияқты практикалық тетіктермен жүзеге асырылды. «Рухани дүниетанымның мазмұны мен технологиясы» элективті курс енгізілді. «Мәдениеттану» және «Педагогика» пәндерінің жаңартылған мазмұнына рухани құндылықтарды дамытуға бағытталған арнайы модульдер енгізілді.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмысында жасалған әдістеменің тиімділігі дәлелденді. Эксперимент нәтижелері болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымы құрылымдық дамығаны, рефлексиялық қабілеті, құндылықтық бағдарлары және рухани-адамгершілік ұстанымдары нығайғанын көрсетті. Бұл тұлғалық-бағдарлы оқыту тәсілдерінің болашақ мұғалімдердің кәсіби-тұлғалық дамуын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратынын дәлелдейді.

Зерттеу нәтижелеріне сүйеніп, бірқатар ғылыми-практикалық ұсыныстар жасаймыз:

Біріншіден, болашақ мұғалімдерді даярлау бағдарламаларына рухани дүниетанымды дамытуға бағытталған арнайы пәндер мен модульдерді енгізу. Тұлғалық-бағдарлы оқыту болашақ мұғалімдердің рухани құндылықтары мен кәсіби құзыреттілігін арттырады және пәндер арасындағы ықпалдастыққа тиімді. Осыған орай, рухани дүниетанымды дамытуға бағытталған әдістемелік құралдар ұзақмерзімді қалыптасуына ұмтылады.

Екіншіден, «Рухани дүниетанымның мазмұны мен технологиясы» элективті курсы, «Мәдениеттану», «Педагогика» пәндерінің мазмұнын рухани-адамгершілік құндылықтар мен рефлексиялық дамыту тапсырмаларымен толықтыру қажет. Процесс болашақ мұғалімдердің моральдық рефлексиясы, мәдени құзыреттілігі және кәсіби-этикалық шешім қабылдау қабілеттерін нығайтады. Сондықтан аталмыш пәндерге енгізілген толықтырулар болашақ мұғалімдердің теориялық білімін практикалық құндылықтық дағдылармен ұштастырып, оқу процесінде рухани дүниетанымын жетілдіреді.

Үшіншіден, оқыту процесінде тұлғалық-бағдарлы әдістер, рефлексиялық жұмыс түрлері, жобалық және шығармашылық тапсырмаларды жүйелі қолдану ұсынылады. Тәсілдерді енгізу болашақ мұғалімдердің оқу белсенділігі, танымдық рефлексиясы және мәселелерді шығармашылық жолмен шешу бейімділігін шыңдап, кәсіби-педагогикалық құзыреттілігін жүйелейді. Ішкі мотивацияны оятуда тапсырмалар өмірмен байланысты, практикалық мәні бар болғаны дұрыс.

Төртіншіден, болашақ мұғалімдерге арналған рухани дүниетанымды дамытуға бағытталған әдістемелік құралдар, портфолио үлгілері және диагностикалық материалдар әзірлеу орынды. Аталған жұмыстар болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамыту деңгейін бақылау, өзіндік даму траекториясын айқындау және педагогикалық жетістіктерін дәлелдеуге көмектеседі. Сонымен қатар, әдістемелік және диагностикалық материалдардың кешенді қолданылуы білім алушылардың дербес ерекшеліктерін ескеретін саралап оқытуды жүзеге асырып, оқу-тәрбие процесінің нәтижелілігін арттыруға ғылыми-тәжірибелік негіз қалайды.

Бесіншіден, педагогтердің біліктілігін арттыру курстарында рухани-адамгершілік құндылықтарды оқыту әдістерін қарастыру өзекті мәселе. Бұл бағыттағы мазмұнды курстар педагогтердің құндылықтық-бағдарлы педагогикалық ұстанымын нығайтып, рухани-адамгершілік әлеуетін кәсіби қызметінде жүзеге асыруына жағдай жасайды. Біліктілік арттыру бағдарламаларына аталған әдістерді енгізу мұғалімдердің рефлексивтік мәдениетін жетілдіріп, білім беру кеңістігінде тұлғалық-дамытушы ортаны қалыптастырудың тиімді тетіктерін ұсынады.

Алтыншыдан, аудиторияларда тұлғалық-бағдарлы әдістерді жүйелі қолдану және белсенді оқыту технологияларын кеңейту керек. Тұлғалық-бағдарлы оқыту инновациялық ойлау мен өзіндік оқу мотивациясын күшейтіп, жоғары білім берудегі тәсіл технологиялары студенттердің рухани тәжірибесін

қалыптастырады. Педагогикалық тәсілдер білім алушылардың оқу процесіне белсенді қатысуын күшейтіп, өзіндік білім алудағы кәсіби және тұлғалық өсуін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, жоғары білім берудегі тұлғалық-бағдарлы оқыту технологияларын кеңейту оқу ортасын интерактивті және рефлексивті кеңістікке айналдырып, болашақ мұғалімдердің рухани тәжірибесін педагогикалық іс-әрекетпен кіріктіре дамытудың тиімді моделін түзеді.

Жетіншіден, зерттеу этнопедагогикалық және этнопсихологиялық дәстүрлердің болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуда маңызды екенін көрсетті. Сондықтан этнопедагогикалық және этнопсихологиялық компоненттерді оқыту процесіне енгізу қажет. Аталмыш компоненттерді білім беру мазмұнына енгізу болашақ мұғалімдердің ұлттық-мәдени бірегейлігін сақтап, құндылықтар бағдарларын кәсіби қызметпен ұштастырады. Демек, этнопедагогикалық және этнопсихологиялық базаларға сүйенген оқыту білім алушылардың рухани дүниетанымындағы әлеуметтік-мәдени әралуандылықты түсінуіне жағдай жасап, педагогикалық ықпалдың тәрбиелік әлеуетін арттырады.

Берілген жұмыстың ғылыми өзектілігі мен маңыздылығы, мақсаты, міндеттері, зерттеу пәні мен нысанында жатыр:

- болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамыту мәселесін теориялық-әдіснамалық негіздерін кеңейтіп, қалыптастыру және дамытуға ықпал жасайтын факторларын зерттеп, тұлғалық-бағдарлы оқытуда пайдалану мүмкіндіктерін анықтау саланы әрі қарай ғылыми дамытуға негіз береді;

- «рухани дүниетаным», «тұлғалық-бағдарлы оқыту» және «болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымының дамуы» ұғымдарының жаңа мазмұны мен құрылымдық компоненттерін академиялық ортада таратуға болады;

- болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі және дамытуға арналған әдістемені еліміздің барлық жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие процесіне енгізуге болатындығы баяндалады.

Диссертациялық жұмыста алғаш рет болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамытудың теориялық және практикалық тиімділігі дәлелденіп, педагогика және психология ғылымдары мен білім беру тәжірибесіне маңызды үлес қосады. Жұмыс нәтижелері болашақ мұғалімдерді даярлау жүйесін жетілдіру, кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту және рухани-адамгершілік әлеуетін арттыруға бағытталған жаңа мүмкіндіктер ашады.

Зерттеу тақырыбы ауқымды және көпқырлы болғандықтан, мәселені толық шешілді деп түйіндеу мүмкін емес. Алдағы уақытта рухани дүниетанымның цифрлық білім беру мен жасанды интеллект дәуірі шарттарындағы дамуы, рухани-адамгершілік құндылықтардың оқу процесіне интеграциялану жолдары, студенттердің рухани рефлексиясын диагностикалау әдістері бағытында қосымша зерттеулер жүргізу қажеттілігі анықталды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Education 2030: Incheon Declaration and Framework for Action for the implementation of Sustainable Development Goal 4: Ensure inclusive and equitable quality education and promote lifelong learning opportunities for all. – UNESCO, 2016. – 86 p.

2 TALIS 2018 Results (Volume I): Teachers and school leaders as lifelong learners. - Paris: OECD Publishing, 2019. – 218 p. https://doi.org/10.1787/1d0bc92a-en

3 Every Child Learns: UNICEF Education Strategy 2019-2030. - New York: UNICEF, 2019. – 61 p.

4 2026 Global Education Monitoring Report. Countdown to 2030: Access and equity. – UNESCO, 2025. – 8 p.

5 OECD Teaching Compass Concept Note. Section 5: Teacher competencies for navigating complexities. - Paris: OECD Publishing, 2025. – 47 p.

6 Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу: Мемлекет басшысы Қ-Ж.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Egemen Qazaqstan. – 2025. – 9 қыркүйек.

7 Bowman N.A., Rockenbach A.N., Mayhew M.J., Riggers-Piehl T.A., Hudson T.D. College students' appreciative attitudes toward atheists // Research in Higher Education. – 2017. - №58 (1). – P. 98-118. https://doi.org/10.1007/s11162-016-9417-z

8 Andree M., Domsel M.M. Die paradigmen der compassion und freiheit als bindeglieder zwischen theologie und ethik?: Möglichkeiten spirituell-reflexiver praxis im schulischen kontext // Osterreichisches Religionspadagogisches Forum. – 2022. - №30 (1). – P. 110-127. https://doi.org/10.25364/10.30:2022.1.7

9 Balzer K.M. Manifesting: New thought takes on new life among adolescents in the COVID-Era United States // Religion Compass. – 2025. - №19 (9). - e70029. https://doi.org/10.1111/rec3.70029

10 Burritt A., Handasyde K., McLean Davies L., Janfada M., Ziebell N. Religion and worldviews education: Curriculum and Pedagogical Approaches in Victorian schools // Religion & Education. - 2025. – P. 1-20. https://doi.org/10.1080/15507394.2025.2560765

11 Cooling T. Knowledge in a religion and worldviews approach in English schools // British Journal of Religious Education. - 2025. - №47 (2). – P. 130-139. https://doi.org/10.1080/01416200.2024.2304693

12 Gaebelein F.E. The pattern of God's truth: The integration of faith and learning. - BMH Books, 1985. – 118 p.

13 Hadot P. Philosophy as a way of life: Spiritual exercises from Socrates to Foucault. - Wiley-Blackwell, 1995. – 320 p.

14 Ryoo J.J., Crawford J., Moreno D., Mclaren P. Critical spiritual pedagogy: Reclaiming humanity through a pedagogy of integrity, community, and love // Power

and Education. – 2009. - №1 (1). – P. 132-146. https://doi.org/10.2304/power.2009.1.1.132

15 Nash R.H. Worldviews in conflict: Choosing Christianity in a world of ideas. - Michigan: Zondervan Publishing House, 1992. – 176 p.

16 Liebert E., Dreitcer A.D. The spirituality of the teacher // The Way Supplement. – 1995. - №84. – P. 38-46.

17 Paridinova B., Sapartayeva L., Tungatova N., Tulepbergenova A., Kassymbekova M. Future teachers' spiritual worldview formation factors // Education Research International. – 2023. - №2023. - Article ID 9972903. - 17 pages. https://doi.org/10.1155/2023/9972903

18 Alzhanov G., Smanova A., Zor A., Rabilova Z., Ryssymbetov Y., Karabalin U. Formation of a spiritual worldview in students of art education specialties with the help of ethno-design technology // World Journal on Educational Technology: Current Issues. - 2022. - №14 (1). – P. 189-199. https://doi.org/10.18844/wjet.v14i1.6715

19 Yekimov S., Ospanova B., Dosbenbetova A., Oripov Kh., Kabulova Z., Yangibayeva N., Mamatkulova S. Axiological significance of axiological education for the preparation of students of technical specialties // E3S Web of Conferences. – 2024. - №531. – 05006. https://doi.org/10.1051/e3sconf/202453105006

20 Конфуций: Беседы и суждения. – Москва: Lingua, 2023. – 400 с.

21 In his «Meditationes Sacrae» Francis Bacon writes «Ipsa Scientia Potestas Est» (knowledge is power) [Electronic resource] // Jeremy Norman's HistoryofInformation.com. Exploring the History of Information and Media through Timelines. - Accessibility mode: https://www.historyofinformation.com/detail.php?id=5253

22 Руссо Ж-Ж. Эмиль, или О воспитании. – Москва: RUGRAM, 2025. – 491 с.

23 Иассауи Қожа Ахмет. Диуани хикмет: Ақыл кітабы. – Алматы: Өнер, 2007. – 312 б.

24 Йүгінеки А. Ақиқат сыйы: Түпнұсқаның фотокөшірмесі, транскрипциясы, прозалық және поэтикалық аудармасы. – Алматы: Ғылым, 1985. – 152 б.

25 Абай. Қара сөз. – Алматы: Көшпенділер, 2011. – 184 б.

26 Кант И. Критика способности суждения. – Москва: Neoclassic, 2020. – 448 с.

27 Гегель Г.В.Ф. Феноменология духа. - Москва: Neoclassic, 2021. – 768 с.

28 Palmer R.E. Hermeneutics: Interpretation theory in Schleiermacher, Dilthey, Heidegger, and Gadamer. - Evanston: Northwestern University Press, 1969. – 283 p.

29 Bulhof I.N. Wilhelm Dilthey: A hermeneutic approach to the study of history and culture. - Springer Dordrecht, 1980. – 233 p. https://doi.org/10.1007/978-94-009-8869-9

30 Dewey J. Democracy and education: An introduction to the philosophy of education. - Free Press, 1997. - 384 p.

31 Dewey J. Human nature and conduct: An introduction to social psychology. - Cosimo Classics, 2007. – 348 p.

32 Maslow A.H. Motivation and personality. - Prabhat Prakashan, 2023. – 379 p.

33 Rogers C.R. Freedom to learn: A view of what education might become. - Macmillan Publishing Company, 1986. - 358 p.

34 Gray A., Woods K. Person-centred practices in education: A systematic review of research // Support for Learning. - 2022. - №37 (2). – P. 309-335. https://doi.org/10.1111/1467-9604.12410

35 Yao L., Kabir R. Person-centered therapy (Rogerian therapy) // StatPearls [Internet]. Treasure Island (FL). - StatPearls Publishing, 2025. https://www.ncbi.nlm.nih.gov/books/NBK589708/

36 Селевко Г.К. Энциклопедия образовательных технологий. В 2-х т. Т. 1. – Москва: Народное образование, 2005. – 556 с.

37 Погодин Н. Что такое система Занкова и как по ней учиться [Электронный ресурс] // Фоксфорд. – Режим доступа: https://externat.foxford.ru/polezno-znat/razvivayushchaya-didakticheskaya-sistema-zankova

38 Рубцов В.В., Эльконин Б.Д., Цукерман Г.А., Улановская И.М. Школа Д.Б.Эльконина-В.В.Давыдова: от истории к перспективам // Культурно-историческая психология. - 2024. - №20 (1). – С. 16-26. https://doi.org/10.17759/chp.2024200104

39 Алексеев Н.А. Личностно-ориентированное обучение: вопросы теории и практики. - Тюмень: ТОГИРРО, 1996. - 216 с.

40 Сериков В.В. Личностно ориентированное образование: поиск новой парадигмы. – Москва, 1998. – 180 с.

41 Бондаревская Е.В. Теория и практика личностно-ориентированного образования. – Ростов на Дону: Булат, 2000. – 351 с.

42 Bermus A.G. E.V. Bondarevskaya (01.01.1931 – 28.05.2017): Experiments of reconstruction of biography // Science Almanac of Black Sea Region Countries. – 2019. - №20 (4). – P. 55-63. https://doi.org/10.23947/2414-1143-2019-20-4-55-63

43 Якиманская И.С. Личностно-ориентированное обучение в современной школе. – Москва: Сентябрь, 2000. – 112 с.

44 Кузнецов М.Е. Педагогические основы личностно ориентированного образовательного процесса в школе. – Новокузнецк, 2000. – 342 с.

45 Степанов Е.Н. Личностно-ориентированный подход в работе педагога: разработка и использование. – Москва: ТЦ Сфера, 2003. – 128 с.

46 Сластенин В.А., Беловолов В.А., Ильенко Е.В. Личностно ориентированное обучение в процессе профессиональной подготовки специалиста // Сибирский педагогический журнал. – 2008. - №11. – С. 117-129.

47 Кирьякова А.В. Взаимосвязь аксиологии и инноватики в образовательных системах // Вестник Московского государственного

областного университета. Серия: Педагогика. – 2021. - №2. – С. 6-14. https://doi.org/10.18384/2310-7219-2021-2-6-14

48 Добротворская С.Г., Муравьева Е.В., Горина Л.Н. Изучение связи между функциональным состоянием студентов на занятиях и профессионально-личностными качествами преподавателей // Перспективы науки и образования. - 2024. - № 4 (70). - С. 84-100. https://doi.org/10.32744/pse.2024.4.6

49 Напсо М. Личностно ориентированное обучение в контексте цифровизации образования // Челябинский гуманитарий. - 2024. - №4 (69). - С. 71-76. https://doi.org/10.47475/1999-5407-2024-69-4-71-76

50 Цепкова А.Н. Идеи личностно ориентированного образования в высшей школе // Самарский научный вестник. - 2024. - Т. 13. - №2. - С. 228-231. https://doi.org/10.55355/snv2024132312

51 Карамян И.Р., Минигалеев И.Х., Коназенко А.А. Особенности личностноориентированного подхода при управлении процессом образования // Педагогический журнал. - 2024. - Т. 14. - № 11А. - С. 66-72.

52 Тиханова Н.Е., Сергеева М.Г. Методическая компетентность преподавателя при реализации личностно ориентированного обучения в современном вузе: содержательный аспект // Концепт. – 2025. - №7. – С. 88-101. https://doi.org/10.24412/2304-120X-2025-11131

53 Таубаева Ш.Т. Педагогика әдіснамасы. - Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 432 б.

54 Таубаева Ш.Т. Исследовательская культура учителя: от теории к практике. - Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 423 с.

55 Мадалиева З.Б. Эмоциональное состояние учителя. - LAP LAMBERT Academic Publishing, 2016. – 300 с.

56 Әлқожаева Н.С. Білім беру парадигмалары контексінде тұлғаның рухани дүниесін қалыптастыру. – 2-бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 230 б.

57 Әлқожаева Н.С. Ғылыми педагогикалық зерттеулердің негіздері. - Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 128 б.

58 Иманбаева С.Т., Майғаранова Ш.М. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі. – Алматы, 2018. - 253 б.

59 Магауова А.С. Этнопедагогические аспекты профессиональной подготовки будущих специалистов в вузе // Вестник Западно-Казахстанского инновационно-технологического университета. – 2021. - №1 (17). – С. 32-37.

60 Кусаинов Г.М., Мнайдарова С.С. Педагогическая технология и принципы ее организации // Национальная Ассоциация Ученых. - 2022. – №82-2. - С. 39-44.

61 Дүйсенбаев А.К. Дәстүрлі түркілік тәрбие тағылымдары. - Алматы: Эверо, 2020. – 264 б.

62 Бейсенова Ж.Ж., Қулымбаева А.К. Тұлғаның танымдық бірлескен іс-әрекетіндегі сыни ойлаудың дамуы // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2020. - №11/2 (145). – 175-179 бб.

63 Библер В.С. От наукоучения - к логике культуры. Два философских введения в двадцать первый век. - Москва, 1991. – 414 с.

64 Дубровский Д.И. Психические явления и мозг. Философский анализ проблемы в связи с некоторыми актуальными задачами нейрофизиологии, психологии, кибернетики. - Едиториал УРСС, 2021. – 400 с.

65 Залевский Г.В. Личность и фиксированные формы поведения. - Москва: Институт психологии РАН, 2007. - 336 с.

66 Залесский Г.Е. Психология мировоззрения и убеждений личности. - Москва: издательство Московского университета, 1994. - 144 с.

67 Знаков В.В. Психология понимания: Проблемы и перспективы. - Москва: Институт психологии РАН, 2005. - 448 с.

68 Ильин И.А. Аксиомы религиозного опыта. - Академический проект, 2022. – 639 с.

69 Каган М.С. Философская теория ценности. – Санкт-Петербург: Петрополис, 1997. – 204 с.

70 Лихачев Б.Т. Простые истины воспитания. - Москва: Педагогика, 1983. - 192 с.

71 Лихачев Д.С. Письма о добром и прекрасном. - Москва: АСТ, 2018. – 192 с.

72 Свидерский В.И., Кармин А.С. Конечное и бесконечное: философский аспект проблемы. - Москва: Наука, 1966. – 319 с.

73 Яценко А.И. Целеполагание и идеалы. - Киев: Наукова думка, 1977. – 210 с.

74 Амонашвили Ш.А. Размышления о гуманной педагогике. – Москва: Издательский Дом Шалвы Амонашвили, 1995. – 496 с.

75 Исаев Е.А. Личностно-профессиональное самоопределение будущего педагога в истории экзистенциальной мысли. – Воронеж: Воронежский государственный педагогический университет, 2025. – 196 с.

76 Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. Алматы, 2003. – 280 б.

77 Кожахметова К.Ж. Поликультурное образование в условиях многоэтнического Казахстана: проблемы и перспективы // Вестник Челябинского государственного университета. Образование и здравоохранение. – 2015. - №1. – С. 93-96.

78 Орынбасарова Э.А. Педагог этикасы және қарым-қатынас мәдениеті. - Алматы: Бастау, 2017. - 216 б.

79 Романенко Н.М. Научно-исследовательская деятельность студентов вуза: современные требования. – Москва: Перспектива, 2025. – 130 с.

80 Сейдина М.З., Бекбаева Ж.С., Махамбетова Ж.Т. Толеранттылық болашақ педагогтердің сыни ойлауын қалыптастырудың тәсілдемесі ретінде // әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Хабаршысы. «Педагогикалық ғылымдар» сериясы. – 2025. - №1 (82). – 28-40 бб. https://doi.org/10.26577/JES20258213

81 Төлеубекова Р.К., Мугауина Г.О. Болашақ педагог маманның кәсіби мәдениетін қалыптастырудағы педагогикалық мәдениеттің ерекшелігі // Торайғыров университетінің Хабаршысы. Педагогикалық сериясы. – 2021. - №1. - 166-177 бб. https://doi.org/10.48081/SZFM4786

82 Ұзақбаева С.А. Тамыры терең тәрбие. – Алматы: Білім, 1995. – 232 б.

83 Альчимбаева А., Ташкеева Ж. Болашақ мектеп мұғалімдерінің медиамәдениетін қалыптастыру технологиялары // әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Педагогикалық ғылымдар сериясы. – 2022. - №4 (73). – 41-51 бб. https://doi.org/10.26577/JES.2022.v73.i4.04

84 Бейсенбаева А.А Теория и практика гуманизации школьного образования. – Алматы: Ғылым, 1998. – 225 с.

85 Булатбаева А.А. Организация овладения школьниками основ схематизации и моделирования // Вестник Академии Педагогических Наук Казахстана. – 2014. - №4. – С. 46-52.

86 Бұлақбаева М.К. Педагогикалық шеберлік негіздері. – Алматы: Отан, 2018. – 128 б.

87 Зимняя И.А. Педагогическая психология. - Москва: Издательство Московского психолого-социального института; Воронеж: МОДЭК, 2010. - 447 с.

88 Искакова А.Т., Тайтелиева Л.Р. Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамыту // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Хабаршысы. «Педагогика ғылымдары» сериясы. – 2020. - №4 (68). - 120-125 бб.

89 Каримов А.Н. Педагогикалық қызмет және педагогикалық шеберлік негіздері. – Алматы: Дарын, 2023. – 225 б.

90 Менлибекова Г.Ж. Формирование профессионализма будущего социального педагога в эпоху перемен // Педагогическое образование и наука. – 2021. - №2. – С. 38-42.

91 Мұханбетжанова Ә., Бахишева С., Кемешова А. Педагогикалық жүйетану негіздері. – Алматы, 2015. – 320 б.

92 Amirova A.S. Creativity is basis of the teaching professional. - Almaty, 2020. – 134 p.

93 Жанадилова Қ.Б., Жумабаева А.Е. Орта мектеп оқушыларының бойына қазақстандық патриотизм мен ұлттық құндылықтарды қалыптастыру // Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының Хабаршысы. – 2017. - №2. - 8-12 бб.

94 Жүзеев С.Ә., Мошқалов А.Қ., Жайлауова М.К. Қазақстандық студенттердің дәстүрлі және инновациялық құндылықтар трансформациясы: этнопедагогикалық талдау // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Педагогика сериясы. – 2024. - №4 (149). -142-159 бб. https://doi.org/10.32523/2616-6895-2024-149-4-142-159

95 Кенжебеков Б.Т. Университет студенттерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориясы мен практикасы. – Астана, 2001. - 275 б.

96 Кузьмина Н.В., Паутова Л.Е., Жаринова Е.Н. Акмеологические основы формирования профессиональной компетентности преподавателя // Известия Саратовского университета. Новая серия. Серия Акмеология образования. Психология развития. - 2020. - Т. 9. - Вып. 1. - С. 4-12. https://doi.org/10.18500/2304-9790-2020-9-1-4-12

97 Қоңырбаева С.С. Этномәдени құндылықтар негізінде отбасылық өмірге даярлау. – Алматы: Отан, 2022. -180 б.

98 Майгельдиева Ш.М. О духовности и нравственности в современных реалиях // Цивилизационные изменения современного мира, образования и человека: сборник материалов международной научно-практической конференции. - Оренбург, 2024. – С. 251-257.

99 Сейтешев А.П. Профессиональная направленность личности. – Алматы: Наука, 1990. – 336 с.

100 Аймағамбетова Қ. Бастауыш сыныптарда дүниетануды оқытудың теориялық негізі. - Алматы: Балауса, 2003. – 144 б.

101 Қайыңбаев Ж.Т. Блум таксономиясы // Білім берудегі менеджмент. – 2013. - №1 (68). - 84-88 бб.

102 Оспанов Т., Құрманалина Ш., Құрманалина С. Бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесі. - Астана, 2010. - 468 б.

103 Рахметова С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Өлке, 2003. – 130 б.

104 Сарбасова Қ.А. Инновациялық педагогикалық технологиялар. – Алматы: Атлас баспасы-2001, 2006. - 176 б.

105 Туралбаева А.Т., Асемжанова З.З. Педагог мамандардың рефлексиялық қабілеттерін арттырудың кейбір мәселелері // Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Хабаршысы. «Педагогика ғылымдары» сериясы. – 2018. – №3 (59). – 214-218 бб.

106 Medeshova A.B., Amanturlina G., Sumyanova E. Development of training skills in students as the precondition for educational competencies // International Journal of Environmental and Science Education. – 2016. - №11 (17). – P. 9649-9656.

107 Makhambetova A., Zhiyenbayeva N., Ergesheva E. Personalized learning strategy as a tool to improve academic performance and motivation of students // International Journal of Web-Based Learning and Teaching Technologies. – 2021. - №16 (6). https://doi.org/10.4018/IJWLTT.286743

108 Sapargaliyeva A.Zh., Shynybekova A.S., Molbassynova Z.M., Tasbolatova R., Nurzhanova T.T. Innovative educational technologies and competencies in higher education // Higher Education for the Future. - 2023. - №10 (1). – P. 110-122. https://doi.org/10.1177/23476311231155523

109 Abdigapbarova U., Zhiyenbayeva N. Organization of student-centered learning within the professional training of a future teacher in a digital environment // Education and Information Technologies. - 2023. - №28. – P. 647-661. https://doi.org/10.1007/s10639-022-11159-5

110 Birrell G. Education movies and the promotion of one dimensional thinking: A marcusean examination of films made between 2005 and 2017: Prof Doc Thesis Canterbury Christ Church University School of Education. – 2019. – 204 p.

111 Wason H. Learning to teach critical thinking in Higher Education: Doctor of Education (EdD) thesis / The Open University. – 2023. – 399 p.

112 Ахметова А.И. Психолого-педагогическая подготовка будущих учителей к духовно-нравственному развитию старшеклассников (на примере предмета Самопознание): диссертация на соискание степени доктор философии (PhD): 6D010300 – Педагогика и психология / Казахский национальный педагогический университет имени Абая. – Алматы, 2017. - 218 с.

113 Әлжанов Ғ.М. Жоғары көркем білім беруде студенттердің рухани дүниетанымын этнодизайн құралдары арқылы қалыптастыру: философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация: 6D010700 – Бейнелеу өнері және сызу / Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. – Алматы, 2025. – 189 б.

114 Булшекбаева Ә.И. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру: философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация: 6D010300 – Педагогика және психология / Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. – Алматы, 2014. – 184 б.

115 Джегутанова Н.И. Развитие духовно-нравственного потенциала будущего учителя в процессе профессиональной подготовки в вузе на основе интегративного подхода: диссертация кандидата педагогических наук: 13. 00.08. - теория и методика профессионального образования / Московский городской педагогический университет. – Москва, 2010. – 241 с.

116 Касенова С.А. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін тұлғалық-бағдарлы технологиялар негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеу: философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация: 6D010200 - Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі / Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. – Алматы, 2014. – 164 б.

117 Макарова В.А. Формирование и развитие духовности будущего учителя в процессе профессиональной подготовки в вузе: диссертация доктора педагогических наук: 13. 00.08. - теория и методика профессионального образования / Калужский государственный педагогический университет имени К.Э. Циолковского. – Калуга, 2001. – 373 с.

118 Миронова А.Н. Подготовка будущих педагогов к реализации субъектно-ориентированных технологий в профессиональной деятельности: автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата педагогических наук: 5.8.7. Методология и технология профессионального образования (педагогические науки) / Ярославский государственный педагогический университет им. К.Д. Ушинского. – Ярославль, 2014. – 23 с.

119 Jenkins S. Adults with learning disabilities navigating the transition from school to work: A dissertation presented in partial fulfillment of the requirements for the degree Doctor of Philosophy / Liberty University. – 2025. – 124 p.

120 Engelbrecht-Aldworth E. The role of spiritual awareness in the well-being of secondary school educators: Submitted in partial fulfillment of the requirements for the degree Master of Philosophy in Personal and Professional Leadership / College of Business and Economics at the School of Management. – 146 p.

121 Нұрышева Г.Ж., Аккулиева А.Е. Гуманитарлық деректерді талдау саласында бағдарламалық құралдардың философиялық маңызы // Dulaty University Хабаршысы. – 2025. - №1. - 83-90 бб. https://doi.org/10.55956/LGCU4666

122 Аккулиева А.Е., Нұрышева Г.Ж. Цифрлық гуманитаристика: Қазақстандағы қалыптасуы мен даму мүмкіндіктері // Торайғыров университетінің Хабаршысы. Гуманитарлық сериясы. – 2025. - №2. – 4-18 бб. https://doi.org/10.48081/WCTA9395

123 Өмірбекова Ә.Ө. Эстетика. - Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 226 б.

124 Религиозность/духовность, идентичность и благополучие: социологическая реконструкция в молодежном возрасте / Под общ. ред. Г.С. Абдирайымовой. – Алматы: Қазақ университеті, 2024. - 296 с.

125 Зарубежная образовательная траектория казахстанцев: между стереотипами и прагматизмом / Под ред. Г.О. Насимовой, Г.Т. Илеуовой, Б.К. Рахимбековой. - Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 176 с.

126 Paridinova B., Kaldybay K. Importance of spiritual worldview for future teachers // Bulletin of National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. – 2020. - №3 (385). – P. 211-218. https://doi.org/10.32014/2020.2518–1467.87

127 Әрінова Б.А. Ұлы дала ойшылдары еңбектерінің студент жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесіндегі орны // әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Педагогикалық ғылымдар сериясы. – 2019. - №3 (60). – 4-11 бб. https://doi.org/10.26577/JES-2019-3-p1

128 Таубаева Ш.Т. Әл-Фарабидің педагогикалық тұжырымдамасы // әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Педагогикалық ғылымдар сериясы. – 2020. - №1 (62). – 4-20 бб. https://doi.org/10.26577/JES.2020.v62.i1.01

129 Taubayeva Sh.T., Malayeva D.K. Comparative analysis methodology for measuring the spiritual and moral values of Kazakhstan and Finland // Journal of Educational Sciences. – 2020. - №2 (63). – P. 4-11. https://doi.org/10.26577/JES.2020.v63.i2.01

130 Білім туралы Қазақстан Республикасының Заңы [Электрондық ресурс] // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – Қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_

131 Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы [Электрондық ресурс] // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – Қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293

132 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы

Ғылым және жоғары білім министрінің бұйрығы [Электрондық ресурс] // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – Қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916

133 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бұйрығы [Электрондық ресурс] // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – Қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031

134 «Мәдени мұра» стратегиялық ұлттық жобасының 2009-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы [Электрондық ресурс] // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – Қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P080001016_

135 Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы [Электрондық ресурс] // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – Қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000247

136 Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы [Электрондық ресурс] // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – Қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249

137 «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы [Электрондық ресурс] // Мәдени мұра. – Қолжетімділік режимі: https://web.archive.org/web/20161231115925/http://www.madenimura.kz/kk/government-program-madenimura/legal-acts-madenimura/legal-act-1277

138 Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. - 2017. – 12 сәуір.

		мұғалімдердің рухани күші дүниеге көзқарастардан туындайтын құндылықтармен жүйеленеді. К. Цзэн зерттеуі (Zeng K. Prayer, luck, and spiritual strength: the desecularization of entrance examination systems in East Asia // Comparative Education Review. – 1996. - №40 (3). – P. 264–279. https://doi.org/10.1086/447385) Шығыс Азиядағы құндылықтар жүйесіндегі дұға, сәттілік және рухани күштің өзара тоғысуын анықтады. Жапония, Тайвань және Оңтүстік Кореядағы орта мектеп пен университетке түсу емтихандарына білім алушылар мен ата-аналарының дұға және діни рәсімдермен рухани қолдау іздеуге ынталанды. Т. Гриффин-Пирс (Griffin-Pierce T. “When I am lonely the mountains call me”: the impact of sacred geography on Navajo psychological well being // American Indian and Alaska Native Mental Health Research. – 1997. - №7 (3). – P. 1–10. https://doi.org/10.5820/aian.0703.1997.1) киелі таулар мен басқа да жер бедері рухани күштерінің қызметі сауалына жауап іздеп көрді. Д.Р. Хоудж (Hodge D.R. Spiritual assessment: a review of major qualitative methods and a new framework for assessing spirituality // Social Work. – 2001. - №46 (3). – P. 203–214. https://doi.org/10.1093/sw/46.3.203) рухани бағалаудың ортақ рухани күштерін талқылап, құрылым сергітуге арналған және рухани күштерге негізделген бірқатар араласулар ұсынылатындығына сенді. Х. Хансен (Hansen H. Addicted to Christ: Remaking men in Puerto Rican pentecostal drug ministries. - Berkeley: University of California Press, 2018. - 228 p.) зерттеуінде «Рухани күш пен өзін-өзі өзгерту көше қызметтерінде қалай таратылады?» сауалына жауап беріледі. Кітапта ғалым рухани күшке ие болудың трансформациялық әдістерін дамытады. Сонымен бірге, ғалымдар рухани күш пен әлеуметтік қарым-қатынастар тұтастық пен интеграциямен жүзеге асатынын зерттейді (Shaw R., Stevens B., Bewert P., Salt M. Differential influences of the facets of religious and spiritual beliefs on Salvation Army officers’ quality of life // Journal for the Study of Spirituality. – 2018. - №8 (1). – P. 65–76. https://doi.org/10.1080/20440243.2018.1431174). М.А. Месионо (Mesiono M.A. Management of corruption prevention in an islamic education to build superior human resources // International Journal of Psychosocial Rehabilitation. – 2020. - №24 (8). – P. 1332–1340.) айтқандай, студенттерге исламдық білім беру рухани күш-қуат, өзін-өзі ұстай білу, кісілік, парасаттылық, асыл мінез және өзіндік, қоғамдық және ұлттық дағдылар қалайды. Студенттерді дұрыс дамыту физикалық, психикалық, әлеуметтік, эмоционалдық және рухани аспектілердің дамуын қамтамасыз етеді. Оқытушылар студенттердің мұқтаждықтарын қолдау және тұлғааралық қабілеттері мен дағдыларын дамытады. Ұстаздың психологиялық күшінің жағымды компоненттері білім алушылардың ойлауы, сезімі, мінез-құлқын түзейді. Респонденттер өз мінез-құлқының күшті жақтарын анықтауда келесі қасиеттерді жиі иеленеді: «Facebook» әлеуметтік желісімен жүргізілген сапалы сауалнамадағы даналық пен білім, адамгершілік және трансценденттілік (Majid R.A., Ali M.M., Alias A. Teacher character strengths and talent development // International Education Studies. – 2014. - №7 (13). – P. 175–183.

		https://doi.org/10.5539/ies.v7n13p175). Демек, адамның жақсы қасиеттері рухани күшті құрайды. Өз күшін нығайтқан адам заттар мен құбылыстарды тану қабілетін жоғарылатады. Дүниені басқару адам күшінің деңгейі (Sadat Hoseini A.S., Razaghi N., Khosro Panah A.H., Nayeri N.D. A concept analysis of spiritual health // Journal of Religion and Health. – 2019. - №58. – P. 1025–1046. https://doi.org/10.1007/s10943-017-0522-x). Автор зерттеуде тақуа адам мысалына сүйеніп, пойызды тоқтату, судың үстімен жүру немесе тамақ пен сусын, ауасы жоқ жерде ұзақ өмір сүруге болатынын айтады.
4	**Адами рух**	Адами рух тұжырымдамасы объективті шынайылық емес. Түсінік әр жағдайда адам рухының кез келген құбылысқа қайшы келетінінің дәлелі. Адами рух бостандыққа ұмтылу белгісі. Ұрыс даласындағы рухани жауынгер өзін-өзі тану мен қоғамдық сананың күшімен дүниені өзгертуде физикалық зорлық-зомбылықты пайдаланбайды (Kovel J. History and spirit: An inquiry into the philosophy of Liberation. - Boston: Beacon Press, 1991. – 301 p.). Дж. Э. Беллоус пен Д.М. Чинос (Bellous J.E., Csinos D. M. Spiritual styles: creating an environment to nurture spiritual wholeness // International Journal of Children's Spirituality. – 2009. - №14 (3). – P. 213–224. https://doi.org/10.1080/13644360903086471) адам әл-ауқатының мәні өмір жолы, қабілеттілік тұжырымдамасына негізделетінін түсіндіреді. Адам рухы өзгелермен ішкі тыныштық, табиғат және Құдаймен бірлікті қалыптастырады. Ғалымдар зерттеулерде сөз, эмоция, таңба және ым-ишарамен берілетін дүниетаным стильдерін сипаттайды. Ғалымдар адам рухының мақсатын зерттеуде «білім беру рухының» қатысушыларды, «мұғалім мен оқушыны» білім беруге тартатынын анықтайды (Van der Walt J.L., Wolhuter C.C., Potgieter F.J. The purpose of educating the human spirit // Journal for Christian Scholarship. – 2015. - №51 (1). - 1–20.). Білім беру түрі дербес біртұтастық, креативтілікке бейімделу және мәселелерді шешудің шығармашылық тәсіліне әкеледі. Білім жаһандану және космополиттік мәселелерді шешудің алғышарты. Адами рух әділдік пен ізгілік фабуласы. Егер біз белгілі бір дүниеге сенетін болсақ, рухымыздағы жанға назар аударамыз. Біздің бостандығымыз - сенімде. Адам рухы тіршілік иесі жанының көзқарасын қолдайды (McGaughey D.R., Cochrane J.R. The human spirit: Groundwork. - Stellenbosch: SUN Press, 2019. – 267 p.). Р. Штайнер (Steiner R. Practical advice to teachers. - Great Barrington: Anthroposophic Press, 2000.) көзқарасында адам рухы мен жаны жоғары адам (адамның рухы мен жаны) физикалық денесінің (біздің төменгі болмысымыз) бейнесі. Адами рух адамзат тәнінде қалыптасатын тұлғаның денесіз бөлігі. Адами рухпен қоғам мүшелері дүниені таниды. Адамның жаны, ниеті мен ықыласы түгелдей әрекеттер бастауы. Міне, болашақ мұғалімдердің өз қызметіне көзқарасынан туындайтын ықылас-ниеті адами рухты арттырады. Гуманизм мен адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру нәтижелі жетістіктерге әкеледі.
5	**Рухани тазару**	Рухани тазару адам баласының рухани түсініктерге жат қасиеттерден арылу үрдісі. Рухани өмірдегі тұлғаның жаны шартты түрде айтсақ, ешқандай затпен ластанбаған. Д. Микахарич

		идеялары рухани тазаруды бейнелейді (Mickaharic D. Spiritual cleansing: A handbook of psychic protections. - San Francisco: Weiser Books, 2012. – 128 p.): «Рухани тазару теріс энергиядан арылудың оңай жолы. Әр адам белгілі бір уақытта немесе үйде, жұмыста, сіз қайда болсаңыз да, рухын көрсететін басқа адамды кездестіреді...» Рухани тазару адамға өз үйінде, жұмыс орнында және кез келген жағдайда рухани атмосфераны жақсарту мүмкіндігін ұсынады. Рухани тазару адамның рухани табиғатын түзейді. Сәйкесінше, болашақ мұғалімдердің рухани табиғаты рухани тазаруды көздейді. Біздің көзқарасымызда, болашақ мұғалімдер адам құрылымының физикалық және рухани аспектілерін түсінгенде, рухани тазаруды сезінеді. Сондықтан бақытсыздықтан қорғау рухани тазаруды қамтамасыз етеді. Д. Аполлин (Apolline D. The spiritual teacher’s handbook. - New Alresford: John Hunt Publishing, 2012. – 247 p.) адамдар рухани дамуына ықпал жасайтын мұғалімдердің әлеуетін анықтауға бағытталған практикалық ұсыныстар береді. Зерттеуші оқу ортасын өз жұмысының рухани тазару энергиясымен ұштастырады. Ғалым жоғарыда айтылған пікірлерге сүйеніп, қоршаған ортадағы жағымсыз энергияны тазарту әдістерін ұсынады. Адамның рухани қасиеттерді жеңуге бейімділігі рухани тазаруды астарлайды. Дегенмен, материалды дүниедегі тұлға тұрмыс санасын билейді ұстанымымен өз санасын түрлі ойлармен кірлетеді. Сананың ластығы құмарлық, ашу, қызғаныш, жек көрушілік, өшпенділік, ашкөздік, дүниеқоңыздықтан көрінеді. Өз эмоциялары мен сезімдері, ойларын бақылауға алу рухани тазарудың бастауы. Адам денесінің ластығын сумен тазартуға болса, адам санасы білімнен қуат алады. Сондықтан болашақ мұғалімдердің рухани тазаруы білімділікпен жүреді. Шәкірттерге білім жолындағы ізденістерді үдету қажеттілігін түсіндіреміз. Студенттерге білім салмақтылығын түсіндіру әрқашан тәжірибелік іс-әрекеттердің пайдасын көрсетеді. Алынған білім маңыздылығын хабарлау, сабақтың тәжірибелік бағыттылығын үнемі еске салады. Жоғары оқу орындарының оқытушылары студенттер түсініктемелерін университетте бұрыннан алынған білімінің призмасында қарастырады. Сондықтан болашақ мұғалімдердің жеке оқу стилін анықтаймыз. Өйткені, процесс адамның қалай тиімді оқуына болатынын анықтайды. Оқытудың жеке стильдері әр түрлі: визуалды, аудиалды және кинестетикалық. Мұғалім оқушылармен жұмыс жасағанда стильдерді ескереді. Біз студенттердің қажеттіліктеріне шынайы қамқорлық көрсетіп, түрлі оқу стильдері мен жұмыс тәсілдерінде тиімді әдістемелерге жүгінеміз. Стильдер айырмашылықтарын ескермеу студенттің білім алу бастамасын бұзып, сабақтарды жалықтыратын және қызықсыз етеді. Нәтижелі жұмыс істеуде мұғалім өз білімі құрамдасындағы стилін дұрыс анықтаудан бастайды. Сонымен қатар, студенттерге жақсы оқу, болашақ мамандықтары мен кәсіптеріне мақсат қоюдан тартынбауға кеңес берген дұрыс. Осы уақытта студенттер білім маңыздылығындағы қайта бағалау қиындықтарын түсініп, көп жұмыс атқаруға ұмтылады.
В тобы. Бастаулар мен ресурстар (дамуды қамтамасыз етеді және азықтандырады:		

		мағына бастаулары, көмек, «капитал»)
6	**Рухани көмек**	Рухани көмек әрбір адам мұқтаждығы. Әрбір тұлғада қайрат пен жігер, сенім мен наным, рух күштілігінде болашақ мұғалімдер кәсіби даярлығына сенеміз. Қазіргі қоғамда ұсақ әңгімелер, біреудің аяғын шалуға айтылатын өсең-аяңдар кеңінен таралған. Жалған әңгімелерге төтеп беруде әрбірімізге рухани көмекке жүгінеміз. Рухани көмекті ұстаздар қауымы ұйымдастыра алады. Электрондық пошта, блогтар және виртуалды мектеп қауымдастығы технологиялары мұғалімдерге құралдық көмек рөлін атқарады (Shernoff E.S., Maríñez-Lora A.M., Frazier S.L., Jakobsons L.J., Atkins M.S., Bonner D. Teachers supporting teachers in urban schools: what iterative research designs can teach us // School Psychology Review. – 2011. - №40 (4). – P. 465–485. https://doi.org/10.1080/02796015.2011.1208752). Қазіргі қоғам мұғалімдердің ақпараттық көмегіне мұқтаж. Бүкіл ақпарат Интернет және әлеуметтік желілерде қолжетімді. Ақпараттың ақиқаттығы мен бұрыстығын анықтап, білім алушыларға жеткізу ұстаздардың рухани көмегі. Мұғалімдер әлеуметтік және әкімшілік қатысуды қолдауда әріптестері және басшыларымен тиімді жұмыс қатынастарын дамытып, қолдайды (Shatery K., Hayat A.A., Jayervand H. The relationship between mental health and spiritual intelligence among primary school teachers // International Journal of School Health. – 2019. - №6 (1). - e74031. https://doi.org/10.5812/intjsh.74031). Мұғалімнің рухани көмегі студенттерінің дамуына жәрдемдесу, өмірлік мақсаттарында туындайтын мәселелерді шешу және жетістіктерін қолдаумен ұштасады. Мұғалім студенттерінің мінез-құлқына барынша ықпал жасап, кәсіби дамуы мен тағдырын өзгертеді. Мұғалімнің рухани көмегі шәкірттерінің жолын ашып, сұрақтарға берілген жауаптарымен лайықты өсуін қолдайды.
7	**Рухани азық**	Қалыпты жұмыс істеуде адам ағзасы қоректенеді. Тән азығымен қатар, рухани азық бар екенін ұмытып кетеміз. Мысалы, материалдық байлықтың ессіз жарысы жанды күйретеді және түйткіл артында адамның психикалық бұзылулары жасырылады. Өмірлік мәселелерге ой жүгірту – рухани азық тірегі. Рухани өсуде әрбір адамның ішкі қадір-қасиетін руханилық орнықтырады. Білім, ғылым, өнер – әр адамның рухани азығы. Ғылыми және әдеби кітаптар оқу, мұражайлар мен галереялар аралау, театр мен киноға бару, музыка тыңдау әрекеттері рухани азық береді. Августин «Тәубеге келу» (Augustine S. The Confessions of St. Augustine. - New York: Image Books, 1960. – 429 p.) еңбегінде рухани аштық пен интеллектуалды қанықтылықты сипаттауда тағамдық метафоралар мен бейнелер қолданды. Философ өзінің моральдық кемшіліктері мен рухани ұмтылыстарын айқындап, дене аштығы ешқашан толық қанағаттандырылмайды әмбебап тәжірибесіне жақын келетіндігін баяндайды (Nabergoj I.A. Biblical and anthropological foundations of Augustine’s food metaphors // Bogoslovni Vestnik. – 2017. - №77 (2). – P. 405–421.). Д. Макканан (McKanan D. Salad, lard, and everything between: food and freedom in the anthroposophical movement // Nova Religio. – 2019. - №23 (1). – P. 14–37. https://doi.org/10.1525/nr.2019.23.1.14) Рудольф Штайнер ғасыр басында әзірлеген «рухани ғылым»

		антропософиясының рухани қозғалыстар бос желісіндегі рухани азық тәжірибесін зерттеді. О. Руйсян және әріптестерінің (Ruixiang O., Yao H., Feng P., Hui P. Research on the ecological environment layout and space reconstruction of library buildings // Ekoloji. – 2019. - №28 (107). – P. 3007–3014.) пікірінше, қоғамдық кітапханалар қаланың рухани бекіністері және оқырмандар рухани азық алатын орын. Рухани азықтан максималды табыс табу бағалау, иемдену, содан кейін игерумен өлшенеді (Bennett R.A. Food for faith. - Nairobi: Cross Currents International Ministries, 2008. – 160 p.). Рухани азықты бағалау адамның қабылдауынан тұрады. Рухани диетаның орындылығы рухани талаптар мен құндылықтарды ұтымды пайдаланудан туындайды. Бірақ, ассимиляциялану адамның қоршаған ортаны бағалауы мен иеленуінен өріледі. Рухани азықты бұқаралық ақпарат құралдары ұсынады. Мәселен, Кеңес Одағында жасөспірімдер бұқаралық ақпарат құралдарында туындаған күрделі мәселелерден рухани азық табуға мәжбүр болды. Жасөспірімдер өзге нұсқалардың жоқтығынан хард-рокқа ұмтылды (Dobrotvorskaja E. Soviet teens of the 1970s: rock generation, rock refusal, rock context // The Journal of Popular Culture. – 1992. - №26 (3). – P. 145–150. https://doi.org/10.1111/j.0022-3840.1992.2603_145.x). Д. Керец (Kerec D. The situation of the civilian population in Prekmurje at the end of the war // Studia Historica Slovenica. – 2016. - №16 (2). – P. 437–448.) зерттеуінде үкімет рухани азықты елдің кез келген жерінде ұйымдастырылатын саяси астарлы мәдени іс-шаралар мен оқиғалармен алмастырғанын мәлімдеді. Газеттер мен журналдардағы үгіт-насихат бағытындағы саяси материалдар, концерттер рухани азық болғанын дәйектеді. Әрине, заманауи шарттарда бұрынғы кезеңге қайта келмейміз. Бүгінде Интернетте берілетін ақпарат жеткілікті. Дегенмен, рухани азыққа пайдалы және тиімді Интернетті әлеуметтік бақылауда ұстаған жөн. Өйткені желідегі ақпараттың пайдасынан бөлек, адам психологиясына кері ықпалшылдығы да аз емес. Манипуляциялық технологиялар қолданылады. Сондықтан тиімді рухани азық құндылықтарды рухқа жеткізетін білім және ақпараттан тұрады. Бірнеше рухани азық түрлерін біріктіру әлдеқайда тиімдірек. Рухани азық алудың саналы тәжірибесінің тиімділігі шыдамдылық, жүйелілік және табандылыққа тәрбиелейді. Рухани азық болмысты түсінуге ұмтылыс жасайтын нәр. Адам ағзасының дұрыс жұмыс жасауына қорек қажет болса, адам рухына да азық үлкен сұраныстардың бірі. Материалдық игіліктерге жасалатын ойсыз әрекеттер адам жаны мен тәніндегі бекершілік пен мағынасыздық туындатып, психикалық ауытқуларға әкелуі ықтимал. Рухани дамудағы руханилық ішкі абырой өлшемі. Өнер туындылары халықтың рухани азығы. Мәселен, бір адамдар өз тәні мен ақылына азықты мұражайлар мен көрмелерден іздесе, екіншілері театр мен киноға барады, үшіншілері әуен тыңдайды.
8	**Рухани капитал**	Рухани капитал анықтамалары мен қолданылуынан бөлек, жаңа шекараларын білген абзал (Finke R. Spiritual capital: definitions, applications, and new frontiers. – Cambridge: Spiritual Capital Planning Meeting, 2003.

		https://www.metanexus.net/archive/spiritualcapitalresearchprogram/pdf/finke.pdf). Л.Р. Иакконе және Дж. Клик (Iannaccone L.R., Klick J. Spiritual capital: an introduction and literature review. – Cambridge: Spiritual Capital Planning Meeting, 2003. https://www.metanexus.net/archive/spiritualcapitalresearchprogram/pdf/review.pdf) рухани капиталды зерттеуде кең көлемді әдебиеттерге шолу жасайды. Жанымызға үңіліп, «рухани капиталды» таба алсақ, материалдық және рухани игілік әрқайсымызға қолжетімді (Chu E.D. Soul currency: Investing your inner wealth for fulfillment and abundance. - Novato: New World Library, 2009. – 272 p.). Рухани капитал мен тәжірибелік даналық қатынасын әлеуметтік капитал және ізгіліктердің практикалық мысалдарымен түсіндіреміз (Roosevelt Malloch T. Spiritual capital and practical wisdom // Journal of Management Development. – 2010. - №29 (7/8). – P. 755–759. https://doi.org/10.1108/02621711011059194). Рухани капитал мен берекелік экономикасы әл-ауқаттық сенім мен руханилықтың діни ұстанымдарымен үйлеседі (Baker C. Spiritual capital and economies of grace: refining the relationship between religion and the welfare state // Social Policy and Society. – 2012. - №11 (4). – P. 565–576. https://doi.org/10.1017/S1474746412000279). М. Мас-Мачука мен Ф. Маримон (Mas-Machuca M., Marimon F. Holistic spiritual capital: definition and its measurement // International Journal of Organization Theory & Behavior. – 2019. - №22 (1). – P. 96–110. https://doi.org/10.1108/IJOTB-05-2018-0057) біртұтас рухани капиталды анықтап, денсаулық, шығармашылық, мораль және діндарлық өлшемдерін ерекшеледі. Діни әдет-ғұрыптар мен жеке рухани нанымдардан тұратын рухани капитал қоршаған ортаға әлеуметтік жауапкершілік міндеттемесімен қоғамның әл-ауқатын түзейді (Saxena G., Mowla M.M., Chowdhury S. Spiritual capital (Adhyatmik Shompatti) - a key driver of community well-being and sustainable tourism in cox's bazar Bangladesh // Journal of Sustainable Tourism. 2020. - №28 (10). – P. 1576–1602. https://doi.org/10.1080/09669582.2020.174521). Дін, руханилық және рухани капитал қауымдастықтың мәдени байлығы көздерімен қызмет атқарады және студенттердің білім алуына қозғау салады (Park J.J., Dizon J.P.M., Malcolm M. Spiritual capital in communities of color: religion and spirituality as sources of community cultural wealth // The Urban Review. – 2020. - №52. – P. 127–150. https://doi.org/10.1007/s11256-019-00515-4). Рухани капитал діни дәстүрлерді ұстану және тәрбиемен берілетін сенім мен құндылықтар ресурсы (Aristimuño A. Challenges for Catholic schools in contemporary Uruguay // International Studies in Catholic Education. – 2020. - №12 (1). – P. 51–61. https://doi.org/10.1080/19422539.2020.170567). Рухани капитал көшбасшылық теориясымен астасып жатыр (Noghiu A.A. Spiritual capital: a framework for spirituality-infused leadership education and organizational spirituality // New Directions for Student Leadership. – 2020. - №2020 (166). – P. 45–59. https://doi.org/10.1002/yd.20382). Мектеп ұйымдарындағы ізгілікті ажыратын болашақ мұғалімдерге жақсы білім беруде адам көрегендігіндегі рухани капиталмен өседі (Hermans C.A.M., Anthony F.V. On the high sea of spirituality. Antecedents and determinants of discernment among

		school leaders in India // Acta Theologica. – 2020. - №40 (Suppl. 30). – P. 34–59. https://doi.org/10.18820/23099089/actat.Sup30.2). Рухани капиталдың наным-сенімдері мен философиясы әлеуметтік контексте символдық капитал қызметін атқарады (151–158 бб. Jun A., Collins C.S. Higher education and belief systems in the Asia Pacific region: Knowledge, spirituality, religion, and structures of faith. - Springer Singapore, 2019. – 158 p. https://doi.org/10.1007/978-981-13-6532-4). Демек, әлеуметтік, адами, интеллектуалдық және мәдени капиталдың рухани капиталдағы шарттылығы бар. Рухани капитал әлеуметтік, адами, зияткерлік және мәдени капиталдың құрылымдық бөлігінде әрекет жасайды және дүниетаным аумағын қамтиды. Рухани капитал оқу процесіндегі тәуекелдерді азайтады. Рухани инвестициясыз рухани капиталдың өсуі шындыққа жанаспайды.
9	**Рухани байлық**	Үйлесімді дамыған адам рухани байлық иеленіп, моральдық және физикалық жағынан өседі. Ю.-Ч. Пэн (Peng Y.-Z. Santiago's spiritual wealth // Proceedings of the 2014 2nd International Conference on Advances in Social Science, Humanities and Management, December 2014. - Atlantis Press, 414–416.) Хемингуэй романындағы кейіпкер Сантьяго өмірін баяндайды. Сантьяго материалдық жағынан бай болмаса да, рухани бай адам. Ғалым Хемингуэйдің рухани байлығын қарттың адамдар, оқиғалар, теңіз және балаға қарым-қатынасымен көрсеткісі келеді. Оның пікірінше, Сантьяго басшылық пен күшті рухтың жоқтығынан қарапайым әлемнен оқшауланған. Кейіпкер адамдар әлеміндегі байланыс қызметін атқарды. Зерттеуші балалық кезеңде шынайы әлеммен үндестік орнатылатынын түсінді. Рухани өркениет бөліктеріндегі оқу мен зерделеу рухани қазына иелену белгісі (Huang Y. Experience and immersion: experimental design of the university reading space in digital context // Proceedings of the 2017 International Conference on Art Studies: Science, Experience, Education (ICASSEE 2017), December 2017. - Atlantis Press, 291–293.). Транстұлғалық психология психологиялық идеяларды рухани байлық теориялары мен тәжірибесімен біріктіреді (Pasiska P. Konsep manusia dan komunikasi dalam persepektif psikologi transpersonal dan Islam // INJECT (Interdisciplinary Journal of Communication). – 2018. - №3 (2). – P. 273–292. https://doi.org/10.18326/inject.v3i2.273-292). Сондықтан рухани байлық тұлғаның ішкі дүниесі және адамгершілік құндылықтарының жиынтығы. Қазіргі нарықтық қатынастар дамыған заманда адамдардың басым бөлігі бай болуды аңсап, қалтасы қалың және құнды заттар мен дүниелерді иеленуді қалайды. Мақсатты жүзеге асыруда көп жұмыстар жасап, тіпті кейбіреулері көлеңкелі істер жасауға әрекеттенеді. Руханилық жағынан қарасақ, қаржының көптігі өмірдегі мақсат емес. Өйткені, байлыққа молынан кенелген адам өзін рухани байлыққа жеткіздім деп айта алмайды. Әрине, рухани байлық кез келген тұлғаға тиесілі құбылыс емес. Рухани байлығы мол тұлғаларға мынадай қасиеттер тән: өз ішкі дүниесі байлығымен баршамен бөлісу; өзгелерге сыйластық қатынас, ізгі ниеттілік пен адалдық, шындық пен жауапкершілік ұштасқан өнегелілік; мінез-құлық

		сыпайылығы мен өткен өкпелерді кешіру және т.б. Демек, болашақ мұғалімдер бойында дене қажеттілігін емес, жан тәуелділігін қалыптастырған дұрыс. Сонымен қатар, жаңа білімдерді танымал өнер, ғылым мен шығармашылық өкілдерінің еңбектерімен танысуды толықтыру студенттерді кемелдендіреді.
10	**Рухани бастау, руханилықтың қайнар көзі**	Рухани бастау, руханилықтың қайнар көзі өмір сүрудің негізі. Адам руханияты айтылғанда, діни руханилыққа соқпай кетпейміз. Тұлға жақындық, теистік болмыс пен қарым-қатынас, трансценденттілікті (кеңістік пен уақыттан тыс құбылыс) өздерінен немесе табиғаттан сезінеді. Түрлі рухани элементтерді пайдаланып, руханилық шкалалар қайнар көздері жасалады (Davis D.E., Rice K., Hook J.N., Van Tongeren D.R., DeBlaere C., Choe E., Worthington E.L.Jr. Development of the sources of spirituality scale // Journal of Counseling Psychology. – 2015. - №62 (3). – P. 503–513. https://doi.org/10.1037/cou0000082). Руханилықтың қайнар көзін дамыту діни дәстүрлердің қасиетті жақындығы, ішкі және сыртқы тәжірибелеріне негізделеді. Шкала нақты талдау және руханилықтың бес моделіне сүйенеді (Westbrook C.J., Davis D.E., McElroy S.E., Brubaker K., Choe E., Karaga S., Dooley M., O'Bryant B.L., Van Tongeren D.R., Hook J. Trait sources of spirituality scale: assessing trait spirituality more inclusively // Measurement and Evaluation in Counseling and Development. – 2018. - №51 (2). – P. 125–138. https://doi.org/10.1080/07481756.2017.1358059). Руханилық қайнар көзіне отбасы, қарым-қатынас, табиғат, дін, махаббат, музыка, өнер, өмірлік миссия және мақсат енеді. Ауырсыну мен қайғы-қасірет сенім мен құндылық жүйесі зақымдалғанда байқалады. Сезім адам өмірінде және қарым-қатынасында өмір мәні, үміті, сүйіспеншілігі, жайлылығы мен күш-қуатын таба алмағанда жүзеге асады (Gasser R. Spiritual distress // Leidfaden. – 2016. - №5 (1). – P. 63–64. https://doi.org/10.13109/leid.2016.5.1.63). Сондықтан әркім өз руханилығының қайнар көздерін зерттеуге мүмкіндік алады. Р.А. Бухгольц (150–191 бб. Buchholz R.A. Secular sources of spirituality, restructuring capitalism: Materialism and spiritualism in business. - New York: Routledge, 2017. – 572 p.) табиғат және руханилықтың кейбір зайырлы түрлерін баяндайды. Қиындықтарды жеңуде түрлі деректердегі кейбір идеялар ғылыми және объективті түрде беріледі. Рухани бастау, руханилықтың қайнар көзін қасиетті қайта елестету, руханилықты қалпына келтіруде қолданамыз. Рухани бастау, руханилықтың қайнар көзіне тұлға руханилығын арттыратын, білімін ұлғайтатын жан дүниесі байлығының көрсеткіштерін танимыз. Рухани бастауға адам баласы ойынан туындаған өнер мен әдебиет туындылары, ғылыми-зерттеу жұмыстары нәтижелеріндегі материалды заттар енеді. Нәтижесінде руханилық қайнар көзіне тұлғаның ішкі тәжірибесі елеулі орынға ие. Болашақ мұғалімдерге табиғи құбылыстар, шығармашылық сұлулық, адами қатынастар құндылықтарын дарытқан жөн. Қасиеттерге жетуде кітап пен еңбек рөлінің ерекшелігін түсіндіреміз.
С тобы. Әлеуметтік-мәдени контекст (сыртқы орта, кеңістік және мәдени шарттар)		
11	**Рухани кеңістік**	Физикалық кеңістіктен тыс және өмірдің мәнін адам

		дүниетанымымен өлшейді. Өзгелерге алаңдаушылық осы салада да бар (Louw D.J. Icons-imaging the unseen: On beauty and healing of life, body and soul. - Stellenbosch: Sun Press, 2014. – 338 p.). Физикалық кеңістікте географиялық кеңістік болмайды. Физикалық кеңістіктің реляциялық және абсолютті теориялары адам қиялы және сезімдік тәжірибесін түсінуге бағытталған «делдал құралдары» мәртебесін иеленеді. Кеңістіктегі адам рухы көне заманнан бүгінгі күнге дейін меңгерілген (Raffestin C., Butler S.A. Space, territory, and territoriality // Environment and Planning D: Society and Space. – 2012. - №30 (1). - P. 121–141, https://doi.org/10.1068/d21311). Ф. Шунмейкер (Schoonmaker F. Only those who see take off their shoes: seeing the classroom as a spiritual space // Teachers College Record. – 2009. - №111 (12). – P. 2713–2731. https://doi.org/10.1177/016146810911101203) өзінің ұстаздық тәжірибесіне құрылған еңбегінде аудиторияны рухани кеңістік санайды. Автор ұстаз күнделікті білім беру процесінде руханилықты көруге үйреніп, сыныптағы рухани кеңістікті танып, құрады. Рухани кеңістік адам мен қоршаған орта қатынастарынан туындайтын құбылыс. Әрбір адамның кеңістік түсініктері әр түрлі және көзқарастар уақыт өткен сайын өзгереді. Рухани кеңістік құрылымында мәдени, саяси, әлеуметтік кеңістік белгілері бар. Демек, адам өз рухани кеңістігін қалыптастыратын шарттарды жасайды. Шарттар қозғалыс, әрекеттермен шығармашылыққа итермелейді. Шығармашылық болса, адамның рухани әлеуетін арттырады. Болашақ мұғалімдердің рухани кеңістігінде қоғамның тіршілік әрекетіндегі салалар дамиды. Қоғамның рухани кеңістігін қабылдамау жағымсыз үрдістер мен адамның әлеуметтік өміріне немқұрайлы қарауға әкеледі, елдің мәдениетіне сай емес өзге құндылықтарға ауысуға ұрындырады. Болашақ мұғалімдердің рухани тәжірибесі білім алушының рухани дүниетанымын қалыптастырып, рухани кеңістігін анықтайды.
12	**Рухани әлем**	Адам тұлғалылығын рухани әлем өрбітеді. Адамзат табиғатынан бірегей жаратылыс. Рухани әлемді қоғам мүшелері, отбасы, туыстары мен достары, қызметтестері, жұмысы мен хоббиі жетілдіреді. Ұғым діни-философиялық, теологиялық ілімдерде көбірек талданады (Larkin C. The spirit world. - Philadelphia: Moyer and Lotter, 1921. – 158 p.; Moon S.M. Earthly life and the spirit world II. – Washington: Family federation for world peace and unification international, 1998. – 181 p.; Kelly T.R. Reality of the spiritual world. - Whitefish: Kessinger Publishing, 2010. – 68 p.). Кішкентай балалар рухани әлем шындықтары мен көзқарастарын түсіндіре алмайды. Ересектер осы жәйтті елемесе, баланың рухани дамуы мүлдем тоқтайды. Т. Харт (Hart T. The secret spiritual world of children: The breakthrough discovery that profoundly alters our conventional view of children's mystical experiences. – Novato: New World Library, 2003. – 256 p.) өз еңбегінде балалардың рухани қарым-қатынастарды тануы мен анықтауын терең түсіндірді. Балалар руханилығы бірегейлік пен өзін-өзі дамыту бөлігі. Тану және тәрбиелеу ата-аналар мен мұғалімдер әрекеті. Зерттеуде балалардың рухани өмірінің құпиялары, балалық шақтағы қобалжулардағы ересектердің ұмытып кеткен естеліктері

		ашылады. Макс Шелердің махаббат эпистемологиясы ойшыл көзқарастарын дәйектейді. Шелердің «Әлеуметтік дүниенің қалыптасуы» теориясы рухани әлем, эмоционалды сәйкестендіру, ұнату және махаббатты қамтиды (Vandenberghe F. Sociology of the heart: Max Scheler's epistemology of love // Theory Culture & Society. – 2008. - №25 (3). – P. 17–51. https://doi.org/10.1177/0263276408090656). Философиядағы рухани әлемді айқындауда материалистік және идеалистік көзқарастар қалыптасқан. Материалдық шегіндегі рухани әлем адамның ішкі психикалық қасиетімен танылып, ми қызметінің көрінісін сипаттайды. Идеалистік көзқарастарда материалдық әлем, адам миынан тәуелсіз әрі тыс өмір сүретін сананың дербес әрекетімен түсіндіріледі. Демек, мәселенің психологиялық жағы адам рухани әлемінің материалдық факторларын сабақтастырады. Өз рухани әлеміңді байытуда материалдық игіліктерді түзеп алу зәрулігі байқалып отыр. Сондықтан рухани әлемді физиологиялық және психикалық үдерістер жиынтығында қарастырамыз. Болашақ мұғалімдердің рухани әлемін қалыптастыруға Жаратушы, өзіне және өзгелерге сенімі, дамуына қойылған талпыныстары, педагогикалық қызметтегі қабілеттілігі мен алғырлығы, жұмыс қорытындыларын түсінуі, нәтижеге ұмтылуға қойылған мақсат-міндеттер, пікірлерін қорғауы, ерік-жігерінің беріктігі, есте сақтау қабілетінің жоғарылығы, пайым-парасатының тазалығы әсерін береді.
13	**Рухани орта**	Рухани орта пікірлері мен көзқарастары, жан дүниесінің рухани әлемі, қажеттіліктері мен құндылықтары ортақ тұлғалар тобы. Топ тұлғаның өмір-салты, өсуі мен дамуы, әрекеттерін үйлестіреді. Әр кезеңнің өз рухани ортасы бар. Қазіргі шарттардағы технологиялардың қарқынды дамуы рухани ортамен бірге, қоршаған ортаның кейбір бөлшектерін өзгерістерге ұшыратты. Рухани орта өмір сұраныстарына жауап беретін фактор. Тұжырым адамзат, қауымдастықтар мен ұлттар мәселелерінде ұшырасады (Fatubarin A. Understanding the spiritual environment and accessing it for sustainable development in life // European Journal of Training and Development. – 2014. - №1 (1). - 1–12.). Әлеуметтік-гуманитарлық сала зерттеушілері тұлға, руханилық, рухани ортаның түрлі ұғымдары ұсынады. С.Н. Бурнаев (Burnaev S.N. Concepts of identity, spirituality and spiritual environment // Dialogue and Universalism. – 2014. - №24 (3). – P. 183–185. https://doi.org/10.5840/du201424380) зерттеуінде ұғымдарға жаңаша түсініктемелер берілген. Дж. Беллоус (Bellous J. Five classroom activities for sustaining a spiritual environment // International Journal of Children's Spirituality. – 2006. - №11 (1). P. 99–111. https://doi.org/10.1080/13644360500504389) рухани оқу іс-әрекетінің қатысу, қабылдау, құшақтау, босату және келу түрлерін сипаттайды. Болашақ мұғалімдер аталған бес іс-әрекетпен оқушыларына рухани бай орта жасайды. Ересектердің бес іс-әрекетті орындауы рухани өсуді дамытады. Ғалымдар (Barrera-Hernandez L.F., Corral-Verdugo V., Tapia-Fonllem C.O., Fraijo-Sing B.S. Psychological meanings of "Positive spiritual environment" and "Places to communicate with God" // European Scientific Journal, ESJ. – 2015. - №11 (26). – P. 357–369.)

		рухани орта тұжырымдамасын зерттеуде жағымды рухани орта идеясын қолдайды. Демек, позитивті рухани орта моделін жағымды рухани ортаны қалыптастыратын материалдық және материалдық емес аспектілер (трансценденттік идеалдар мен руханилыққа қолайлы материалдық элементтер) мен жеке әл-ауқат (физикалық және психологиялық), бақыт, тұрақты мінез-құлық (әлеуметтік және экологиялық тәжірибелер), факторлардан тұратын қоршаған орта сапасы (физикалық және әлеуметтік сақтау көрсеткіштері) құрайды. Рухани ортадағы тыныштық, татулық, үйлесімділік, тазалық және табиғат элементтерінің өзіндік орындары бар. Мәселен, мұғалімнің қиын жағдайда тыныштықпен сабырлық сақтауы кәсіби қызметте табысқа жетелейді. Мұғалімнің татулық орнатуы қоғамдағы келеңсіз жағдайларды алдын алады. Мұғалім мен оқушының үйлесімділігі шынайы білім кілті. Біздің пайымдауымызша, ұстаз тәлім-тәрбиесінің тазалығы оқушы бойындағы екіжүзділіктің болмауымен өлшенеді. Студенттің оқытушысыз кім болатынын білуі, білім алушының сезімін көрсетуі мұғалім тұлғасын қалыптастырады. Сонымен қатар, тұлғаның рухани ортасына мына салалардың орны ерекше: дін: нанымға сүйенген дүниетаным; мораль: адамгершілік нормалары, әрекеттер жүйесі; өнер: дүниені көркем шығармалармен таныту; әдебиет: жазба мәтіндерінің жиынтығы; ғылым: дүниенің пайда болуы және даму заңдылықтарын айқындайтын ізденістер жүйесі; құқық: мемлекет және мүшелері қолданатын ережелер жиынтығы; білім: оқыту мен тәрбие берудің тұлғаға бағытталған үрдісі. Демек, болашақ мұғалімдердің рухани ортасын жоғарыда аталған салалар ынталандырады. Ынта педагогикалық қызметтегі әріптестермен байланыстардың үзілмеуін білдіреді.
14	**Рухани өмір**	Рухани өмірді зерттеу XIX ғасырдың соңы (Murray A. The spiritual life. – Philadelphia: George W. Jacobs & Co., 1897. – 243 p.), XX ғасырдың басында (Besant A. The spiritual life - Essays and addresses. – London: The Theosophical Publishing Society, 1912. – 296 p.) басталды. Бірнеше жыл бойы балалардың психологиялық әлемін зерттеген ғалым Р. Коулз (Coles R. The Spiritual Life of Children. – Boston: Houghton Mifflin, 1990. -358 p.) «дағдарыс жағдайындағы балалар өмірін» сипаттайды. Автор қоғамдағы мифтер мен стереотиптердегі балалық шақ бейнесін ұсынады. Автор 9 бен 12 жас аралығындағы балалар оқиғаларындағы заңдылықтарды анықтайды. Нәтижелерді болашақ мұғалімдер өз жұмыстарында пайдалануы тиімді болар еді. Д.Р. Хоудж (Hodge D.R. Spiritual lifemaps: a client-centered pictorial instrument for spiritual assessment, planning, and intervention // Social Work. – 2005. - №50 (1). – P. 77–87. https://doi.org/10.1093/sw/50.1.77) рухани бағалаудағы жаңа құралмен рухани өмір картасын жасайды. Құрылғыны клиникалық тәжірибеде пайдалану ұсынылса да, рухани өмірде қолданылуын талдау қызықты. Автор өмірдің рухани картасының философиясы мен басымдықтарын жинақтайды. Өмірдің рухани картасы келесі сұрақтарға жауап береді: біз қайдан келдік, қазір қайдамыз және қайда бара жатырмыз. Сауалдарды мұғалімдер оқушыларынан сұрағанда шәкірттердің өмірлік ұстанымдарын түсінеді. Ғалым

		ұсынған тәсілдердің кейбірін болашақ мұғалімдердің рухани өмірін анықтауда пайдаланғанды дұрыс көреміз. Сонымен қатар, педагогика ғылымдарында ұқсас жүйені әзірлеу оң бастама. Психо-рухани тәсілмен оңалту мәселесін зерттеген М.Ю. Халид (Khalid M.Y. Psycho-spiritual therapy approach for drug addiction rehabilitation // Malaysian Anti-Drugs Journal. – 2008. - №3-4. - 143–151.), нашақорлыққа тәуелділік күшті рухани өмірдің болмауынан жалғасады. Автордың айтуынша, күшті рухани өмір нашақорлықты алдын алу және ауруды тиімді емдеуге көмектеседі. Көзқарас адамдар кез келген теріс ниеттен аулақ болуда рухани өмір құдіретіне сенімділікпен жалғасатынын көрсетеді. Сондықтан рухани өмірді құндылықтарға негізделген, тұлға рухани қажеттіліктерін қанағаттандырған әлеуметтік ортада қарастырамыз. Тұлғаның рухани өмірі бүкіл адамзат өмірінің тірегі. Қоғам мүшелерінде түсінікке түрлі пікірлер қалыптасқан. Бірі рухани өмірді діндарлықпен, бірі білімділікпен жалғайды. Рухани өмір көрсеткіштеріне білім, сенім, сезім, күйзеліс, мұқтаждық, қабілеттілік, талаптанушылық, адамдар мақсаттары жатады. Көрсеткіштердің барлығы тұлғаның рухани әлемін құрайды. Демек, болашақ мұғалімдердің рухани өмірі тәжірибелік әрекеттерден пайда болады.
D тобы. Даму процестері, құндылықтар негіздері және мағына (бастапқы элементтерді тұрақты мағыналар жүйесіне айналдырады)		
15	**Рухани даму**	Рухани дамудың ғалымдар ұсынатын теориялардағы көзқарастар өзара ұқсас (Fowler J.W. Stages of faith: The psychology of human development and the quest for meaning. - New York: Harper Collins, 1981. – 332 p.; Oser F.K., Gmunder P. Religious judgement: A developmental approach. – Birmingham: Religious Education Press, 1991. – 235 p.). Ғалымдар адамның өмір сүру ұзақтығымен рухани дамуындағы өзгерістер кезеңдерін ұсынады. Теориялар адамзат пен жоғары күш қатынастарына назар аударады. К.Б. Картрайт (Cartwright K.B. Cognitive developmental theory and spiritual development // Journal of Adult Development. – 2001. - №8. – P. 213–220. https://doi.org/10.1023/A:1011386427919) зерттеуінде когнитивті және рухани дамуды дәлелдеуде қалыптасқан теориялар қарастырылады. Автор когнитивтік дамудың субъективті адами аспектісіндегі руханилықтың потенциалды интеграциясын ұсынады. Ғалым пайымдауынша, рухани дамуды терең зерттеу адам дамуын толық түсіндіреді. Ғылыми зерттеулерде рухани дамудың түрлі модельдерін қарастырғанда, тұжырымдама түбінде жатқан философиялық дилеммалар талданады. Кейін байырғы, Шығыс және Батыс мәдениеттеріндегі рухани дамудың дәстүрлі модельдері қарастырылады. Сонымен қатар, рухани дамудың интеграцияланған философиялық және ғылыми модельдері де ұсынылады. Рухани даму модельдері аңыздар және теориялар, математикалық нумерология немесе қазіргі заманғы динамикалық жүйе тәсілдері, карталар мен картографияларда графикалық түрде жеке сипатталады. Басқа модельдерде адамның рухани дамуының нақты нәтижелері жоқ. Құбылыс адамның үздіксіз өлімі және кейбір дәстүрлерде рухани даму өлгеннен кейін де жалғасады түсінігімен беріледі. Рухани дамудың кез келген моделі

		өзгерістерге ұшырайды. Сондықтан адамның рухани дамуын түсіну қиын (Friedman H., Krippner S., Riebel L., Johnson C. Transpersonal and other models of spiritual development // International Journal of Transpersonal Studies. – 2010. - №29 (1). – P. 79–94. https://doi.org/10.24972/ijts.2010.29.1.79). С. Швебель (Schwebel S. Spirituality and wellbeing: primary teacher and school counsellor perspectives // Journal of Student Engagement: Education Matters. – 2017. - №7 (1). – P. 2–27.) руханилық пен әл-ауқат категорияларын талдаған зерттеуінде рухани дамуды елемейді. Автор руханилық пен әл-ауқат арақатынасын ескеріп, білім берудегі басым бағыттарды анықтайды. Ғалым пікірінше, рухани даму көп жұмыс істеуге тура келетін адам өміріндегі процесс. Тұлға өз өмірінің соңына дейін рухани дамиды. Адам дүниеге келгеннен бастап руханилығын дамытуды үйрету алдағы өмірін қолдауға көмектеседі. Сондықтан тұлғаның рухани дамуы адамгершілік, ішкі дүние мен тәлімінің көрсеткіші.
16	**Рухани қажеттіліктер**	Дж. Седен (Seden J. The spiritual needs of children // Practice Social Work in Action. – 1998. - №10 (4). – P. 57–67. https://doi.org/10.1080/09503159808411504) әлеуметтік қызметкерлер пациенттерінің әлеуметтік, психологиялық, эмоционалдық, когнитивті, мәдени және рухани қажеттіліктерін ескеретінін алға тартты. Жас жеткіншіктер руханилығының дамуын ғалымдар балалар, жастар, отбасылар қауымдастықтарының құқықтары мен қажеттіліктері бөлігінде қарастырады. Ғалымдардың басым бөлігі рухани қажеттіліктер тұжырымдамасында өзге әріптестерінің көзқарастарына мән береді (Jackson D., Doyle C., Capon H., Pringle E. Spirituality, spiritual need, and spiritual care in aged care: what the literature says // Journal of Religion, Spirituality & Aging. – 2016. - №28 (4). – P. 281–295. https://doi.org/10.1080/15528030.2016.11930). Мәселен, Нараянасамидің рухани қажеттіліктері мыналар: «Сүйіспеншілік ұсыну және алу; түсіну; адам ретінде бағалану; кешірім, үміт пен сенім; нанымдар мен құндылықтарды зерделеу; сезімдерін шынайы білдіру; сенімін білдіру; өмірдің мәні мен мақсатын табу». Рухани қажеттіліктер қатарына қоршаған дүниемен байланыстарды тану, өмір мағынасы ізденістері, адамгершілік кемелдікке ұмтылу секілді т.б. түсініктер жатады. Шынайы мұқтаждықтарда рухани бастау кездеседі. Бастаулар тұлғаның рухани қажеттіліктерімен ұштасады. Қоғам мен тұлға рухани қажеттіліктерінің тоғысуы заңды құбылыс. Тұлғаның рухани қажеттіліктеріндегі жақсылық, сұлулық пен ақиқат көріністерінің орны бөлек.
17	**Рухани құндылықтар**	150-ден астам зерттеулер рухани құндылықтар, тәжірибе және тиімді көшбасшылықтың байланысын дәлелдейді. Біртұтастық, адалдық және кішіпейілділік құндылықтары табысты басқарудың кілті (Reave L. Spiritual values and practices related to leadership effectiveness // The Leadership Quarterly. – 2005. - №16 (5). – P. 655–687. https://doi.org/10.1016/j.leaqua.2005.07.003). Құндылықтар адам өміріне басшылық жасайтын қағидалардан құрылады. Зерттеулер көрсеткендей, рухани құндылықтар әл-ауқат, өмірдің

		мәні мен мақсатын табуға көмектеседі (Zhang K.C., Hui C.H., Lam J., Lau E.Y.Y., Cheung S.-F., Mok D.S.Y. Personal spiritual values and quality of life: evidence from Chinese college students // Journal of Religion and Health. – 2014. - №53. – P. 986–1002. https://doi.org/10.1007/s10943-013-9686-1). Д. Планкетт (Plunkett D. Secular and Spiritual Values: Grounds for Hope in Education. – London: Routledge, 1990. – 156 p.) білім берудегі 25 жылдық тәжірибесіне сүйеніп, білім құндылығына алаңдады. Адамдар білім беру мекемелеріндегі және қоғамдағы құндылықтар дағдарысына назар аударуы керек. Автордың пайымдауынша, білім рухани өлшемде өмір сүргісі келетін қоғам мүшелеріне қолжетімді. Руханилықты қалыптастыратын ұстаздар үгітші емес; қоғамның жас мүшелерінің құқықтарын қорғаушылар және өмірдің рухани өлшемдерін қалыптастырушылар. Ф. Назам мен А. Хусейн (Nazam F., Husain A. Exploring spiritual values among school children // International Journal of School and Cognitive Psychology. – 2016. - №3 (2). -1000175. https://doi.org/10.4172/2469-9837.1000175) студенттерді қалыптастыратын рухани құндылықтарды анықтады: батылдық, қайырымдылық, креативтілік, жарқын жүзділік, қамқорлық, тәртіп, теңдік, адалдық, мейірімділік, ұждандылық, бой ұсынушылық, бақыт, жәрдем, еңбекқорлық, әзіл-оспақты түсіну, мейірбандылық, әдептілік, тыңдай білу, ұқыптылық, бейбітшілік, көргенділік, көпшілдік, құрбандық, шынайылық, кішіпейілділік, турашылдық және түсіну. Біздің ойымызша, рухани құндылықтар болашақ мұғалімдердің рухани дамуы мен жеке жауапкершілігіне әсер етеді. Рухани құндылықтар адамның даму межесі, тұлғалық кемелденуін тұғырлайды. Құбылыс тұлғаның ұстанымы және көзқарастарын қорғайтын түсініктер мен қағидалар жиынтығы. Құндылықтар материалды мұқтаждықтармен шектелген тұлғаны оқшауланудынан құтқарады. Махаббат, сыйластық, достық, шығармашылық, адалдық, татулықты жақтаушылық, өзара түсінушіліктің адамгершілік пен этикалық түсініктері тұлғаның рухани құндылықтарын арттырады. Болашақ мұғалімдерді адамгершілікке үйрету өмір мәнін түсіну, эстетикалық көзқарастарын дамытады. Адалдық, отаншылдық, ұжымшылдық, еңбекқорлық, әдептілік, өнегелілік қасиеттерімен шектелген рухани құндылықтар негіздерін үйретеміз. Болашақ мұғалімдердің әлеуетті рухани құндылықтары тұлғааралық даму және әлеуметтік қарым-қатынасты жоғарылатады.
18	**Рухани бейне**	Рухани бейне жоғарыда аталған факторлар жиынтығы. Факторлар негізінде болашақ мұғалімдердің рухани бейнесін айтқымыз келеді. К.Г. Юнг (Jung C.G. Aion: Researches Into the Phenomonology of the Self. – London: Routledge, 2014. – 360 p. https://doi.org/10.4324/9781315725543) рухани бейне ұғымын пайдалануда, «Мен» интеграциясына назар аударады. Кейбір ғалымдар рухани процесс қайғы-қасірет, трансценденттік қарым-қатынас, даналық бейнелерінің руханилықты зерделеудегі ішкі ортаны түрлендірумен түсіндіреді (Gottheil E.A., Groth-Marnat G. A grounded theory study of spirituality: using personal narratives suggested by spiritual images // Journal of Religion and Health. – 2011.

		- №50. – P. 452–463. https://doi.org/10.1007/s10943-010-9366-3). Рухани бейне тұлғаның күнделікті өмір-салтында рухани дамуына жағдай туғызатын үрдіс. Рухани бейне тұлғаның адамгершілік пен парасаттылық бітімінің деңгейі.

ҚОСЫМША Г

Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамытуға ықпал жасайтын факторлар - 13 (автор құрастырды)

№	Факторлар	Түсіндірмелері мен дереккөздері
А тобы. Жүйелік-институционалдық және мәдени-тарихи шарттар (институционализация мен мәдениет деңгейінде дамуды тереңдету және қолдауға орта жасайды)		
1	**Рухани жүйе**	Рухани жүйе адам руханилығы, танымы, қабілеті мен дағдыларын түзеді. Қисындар қатарын тұлғаның руханилық қасиеттерін қалыптастыру, дамыту мен сақтау нұсқайды. Рухани жүйенің жаңа талаптары мен тенденциялары материалдық, руханилық, жүйелік, мінез-құлықтық және экологиялық өлшемдерді біріктіреді (Qiu M., Fan M.Employability enhancement network construction based on multimedia technology // Lecture Notes on Data Engineering and Communications Technologies. – 2022. - №97. – P. 566–572. https://doi.org/10.1007/978-3-030-89508-2_73). Нәтиже адам әрекетіндегі рухани жүйе өмір сүретін қоғаммен сабақтастығын анықтайды. Сондықтан қоғамның рухани жүйесі адамзат дамуындағы өзіндік орны бар дүниетаным, адам мен қоғам санасымен үйлеседі. Болашақ мұғалімдердің рухани жүйесін қалыптастыруда мына түйткілдерге мән береміз: ұстаздың мінез-құлқы мен әрекеттерін тану; мұғалім мәдениетін рухани құндылықтардың жүйесінде қарастыру; білім мен қабілет үйлесімділігін бақылау; сана-сезімнің даму деңгейін анықтау және т.б. Әрекеттер болашақ мұғалімдердің рухани жүйесін арттыруға серпін береді.
2	**Ұлттық рух**	Ұлттық рух жетілу айырмашылықтарындағы халықтың көңіл-күйі. Барлық ұлт дүниеге көзқарастардың дербес пайымдауларының тасымалдаушысы. Ұлттық рух тарихи жадыны қалыптастырып, халықтың құндылықтар жүйесін жасақтайды. Ұлттық мәдениеттің нышанын құрып, қоғамдық консолидация үдерісін қамтамасыз етеді. Ұлттық рух қоғамның мәдени көрсеткіші, эстетикалық межесі мен материалдық құндылықтарын қалыптастырады. Дәстүрлі білім беру жүйесінде ұлттық рухты сіңіру және таратуда азаматтық оқу бағдарламасына сүйенуде айқын шектеулер бар. Жаңа медиа контекстінде идеологиялық және саяси білім берудің ауқымды белсенді моделін қалыптастыру, инновацияларды ынталандыру және оңтайландыру микродеңгейде үш өлшемді дамудың жаңа тұжырымдамаларын ұсынады және ұлттық рухта тәрбиелеу ауқымын кеңейтеді. Жасырын және эксплицитті білім беру, оқытудың ойлауға бағдарланған оқу жоспарларының үйлесімі жоғары білім берудегі ұлттық рухты тарататын модель жасауға мүмкіндік береді (Ding X. The construction of civics in university english courses in the new media environment // Journal of Environmental and Public Health. – 2022. - 7737504. https://doi.org/10.1155/2022/7737504). Сондықтан болашақ мұғалімдер санасында ұлттық рухты бекітетін ұғымдар мен құбылыстарға қалыптастыру артықтық етпейді. Ұлттық рухтың адамзаттық бірегейліктегі айбындылығын ескеріп, жоғары

		деңгейлі белгілеріне мән беру ұсынылады.
3	**Рухани мәдениет**	Қоғамның рухани өмірінің өзегіндегі философиялық, дүниетанымдық, педагогикалық, психологиялық, ғылыми, құқықтық, экономикалық және адамгершілік мәдениеттің ұштасуы рухани мәдениетті құрайды. Қоғамдық өмірде рухани мәдениет адам өмірінің түрлі салаларына ықпал етіп, жеке тұлға мен қауымның тұрмыс ерекшеліктерін өзгертеді. Рухани мәдениеттің инновациялық моделін қалыптастыру ғылыми-техникалық әзірлемелер және серпінді жоғары технологияларды енгізумен қатар жүреді. Ахуал объективті түрде жоғары білім, ғылым мен инновацияның өзара әрекеттесуін күшейту, әлеуметтік-экономикалық, мәдени өсудің қозғаушы күшінде зияткерлік әлеуетті тиімді пайдалану міндеттерін қояды. Әр елдің зияткерлік әлеуетінің дамуын бәсекеге қабілетті білім, озық ғылым, инновациялық технологиялар және рухани мәдениет қамтамасыз ететіні дәлелденді (Ostrovska H., Andrushkiv B., Tsikh H., Boichyk I., Stavnycha N. Formation of priorities for the development of intellectual potential in the conditions of establishing a knowledge-based economy // Financial and Credit Activity - Problems of Theory and Practice. 2022. – №1 (42). – P. 415-427.). Ұғымды материалдық, рухани, саяси және әлеуметтік-экономикалық табыстардың кешенді топтамасында қарастырамыз. Болашақ мұғалімдердің рухани мәдениетін дамытуда білім мен тәрбие берудегі тәсілдер мен қарым-қатынас құралдарына назар аударамыз. Рухани құндылықтарды меңгеруде өзіндік білім алу мен өзін-өзі жетілдіру рухани мәдениетті нығайтады.
4	**Рухани мұра**	Атақты бабалардан мирас болған рухани мұра рухани байлық жиынтығы. Рухани мұра әр дәуірдің қоғамдық өмірін бейнелеп, қоғам дамуының барлық кезеңдерінде заман талаптарына сай жаңғырды. Рухани дүниетаным аспектілері әдеттен тыс ойлардан тұрады. Өткен ғасырдың 1966 жылы жасалған Білім беру комиссиясының есебінде (Котари Баяндамасы) жоғары білім беру және ғылыми-зерттеу саласында ұлттық дәстүрлерге басымдық беріледі. Баяндамадағы бай мәдени және рухани мұра ғылыми темпераменттегі құндылықтар жүйесін өзгерту мәлімдемесі XXI ғасырда да өзектілігін жоғалтпайды. Ғылым мәдени және рухани мұраға тірек етіп, қорек алады (Mukhopadhyay D. Revisiting the Kothari Commission (1964-66) Report from the perspective of strengthening our science education and research enterprise // Current Science. – 2017. - №113 (12). – P. 2258-2261. https://doi.org/10.18520/cs/v113/i12/2258-2261). Көзқарас рухани мұра қоғамдағы өзгерістерге қарамастан жойылмай, ұрпақтан ұрпаққа жалғасатынын білдіреді. Әр тарихи кезеңнің өкілдері рухани мұра арқауында жаңашылдық, рақымдылық және шыншылдықты дамытуға ұмтылады. Сол себепті, болашақ мұғалімдердің рухани мұрасын меңгеруіне жол ашатын қажетті құралдармен қамтамасыз ету біздің маңызды міндетіміз.
В тобы. Бірегейлік, мағына және түрткілер (болашақ мұғалімдердің өзін-өзі тануы, бірегейлігі және мотивациясын нығайтатын факторлар)		
5	**Рухани бірегейлік**	Рухани бірегейлік адамның өмір сүретін қоғамда орнын табуы және құндылықтар жүйесінде дербес мінез-құлқы мен дүниеге көзқарастарынан құрылады. Қоғаммен тұрақты өзін-өзі

